

«Торайғыров Университеті» КеАҚ

ӘОЖ: 82:398(=512.122)

Қолжазба құқығында

ТАШЕКОВА АЙГЕРИМ ТАРБИНОВНА

Бекмұрат Уахатов – фольклортанушы ғалым

6D020500 – Филология

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші
филол. ғыл. док., проф.
Жүсіпов Н.Қ.

Шетелдік кеңесші
филол. ғыл. док., проф.
Миннгазова Л.И.
(Ресей, Татарстан)

Қазақстан Республикасы
Павлодар, 2025

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
1 Б.УАХАТОВ – ҚАЗАҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ ҮЛГІЛЕРІН ЖИНАУШЫ ЖӘНЕ ЖАРИЯЛАУШЫ	11
1.1 Б.Уахатовтың өмірі мен қоғамдық-ғылыми қызмет жолы	11
1.2 Б.Уахатовтың қазақ фольклорын жинау және жариялау жолындағы қызметі	18
Бірінші бөлім бойынша тұжырым	33
2 Б. УАХАТОВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТҰРМЫС-САЛТ ЖЫРЛАРЫНЫҢ ЖІКТЕЛУІ	37
2.1 Тұрмыс-салт жырларын тарихи-салыстырмалы аспектіде зерттеу ерекшеліктері	37
2.2 Тұрмыс-салт жырларының типологиясы мен поэтикасы	53
Екінші бөлім бойынша тұжырым	68
3 Б. УАХАТОВТЫҢ ХАЛЫҚ ӨЛЕҢДЕРІН ЗЕРТТЕУДЕГІ ӘДІСНАМАЛЫҚ ПРИНЦИПТЕРІ	71
3.1 Б.Уахатов зерттеулеріндегі халық өлеңдерінің жанрлық мәселелері	71
3.2 Б.Уахатовтың халық өлеңдерін зерттеудегі ғылыми ұстанымдары	82
Үшінші бөлім бойынша тұжырым	100
ҚОРЫТЫНДЫ	104
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	109
ҚОСЫМШАЛАР	115

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Фольклор – ұйысқан ұлт пен ұлыстың ойлау санасының көркемдігі, діні мен ділінің ұстаным мазмұны, тарихы мен салт – дәстүрінің шежіресі. Қазақ ауыз әдебиеті – қазақ ұлтының сөз өнерінің күш – қуатын танытатын, бояуы қанық, мазмұны терең, тәрбиелік тағылымы күшті кеңістік ортасы. Бүгінгі қазақ әдебиетінің қайнар көзі ұлттық фольклордан бастау алатыны сөзсіз. Бағзы заманнан келе жатқан ұлттық сөз өнерінің тарихы мен генеологиялық негізі, қалыптасуы мен даму кезеңдері, жиналуы мен жетуі, ұқсастықтары мен көркемдік айырмашылықтары сияқты сипаттарын зерделеуде, бүгінгі ұрпаққа жаңғыртып танытуда зерттеушілерге, фольклортанушыларға үлкен зор міндет жүктеліп отыр. Бұл ретте қазақтың халық өнерінің проблемалары мен табиғатына қатысты аса терең зерттеулер жүргізіп, мәдени мұрамызды жаңғыртып, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, азаттыққа жету жолындағы сан қилы тарихымызды өскелең ұрпаққа жеткізуді мақсат еткен, халық ауыз әдебиеті жауһарының күш – қуатын танытуда ерекше еңбек еткен фольклортанушы ғалым Бекмұрат Уахатовтың есімі ерекше аталуы тиіс.

Бекмұрат Уахатов – қазақ фольклорын сан салаларға саралап, олардың әрқайсысының туу тарихына, гинезисіне, даму үрдісіне, кемелдену сатыларына ғылыми пікірлер айтып, талдаулар жасады. Сондай-ақ ғұрып фольклорын түркі тілдес халықтардың ауыз әдебиетімен кешенді түрде алғаш салыстыра зерттеген ғалым.

Бекмұрат Уахатовтың ғұрып фольклорынан бөлек аса ден қоя зерттеген басты тақырыбы – халық ауыз әдебиетіндегі қазақтың халық өлеңдері. Фольклоршы ғалым халық өлеңдерінің алғашқы шығу тарихына зер салып, оның жанрлық, функционалдық ерекшеліктерін ашты. Тұтас бір жалпы жанрдың даму үрдісін анықтады. Ол үшін автор көптеген тарихи этнографиялық, фольклорлық, тіпті, археологиялық материалдарға сүйенді. Ғылыми жұмыста Бекмұрат Уахатовтың қазақ халық өлеңдері, қазақтың тұрмыс-салт жырлары мен балалар ертегілері және эпостық жырлар турасында жасаған тұжырымдамаларына талдау жасалынады. Ең бастысы, қазақтың халық өлеңдерінің поэтикалық ерекшеліктері мен жанрлық сипаты, классификацияға жіктелу мазмұнына қатысты теориялық принциптері мен мәселелері Бекмұрат Уахатовтың ғылыми пікірлерімен қорытындыланады. Халық өлеңдері туралы зерттеулері фольклортану ғылымына қосылған ғылыми жаңалық ретінде түйінделеді. Бекмұрат Уахатовтың фольклорлық зерттеулері бүгінгі фольклортану ғылымына қосылған зор үлес екені дәлелденіп, ұлттық сөз өнері үшін мән мазмұнының маңыздылығы кешенді түрде сараланады.

Зерттеудің өзектілігі. Қазақ Елінің әлемдік кеңістікте мемлекет ретінде ерекше орын алады. Әр ғасырдың тоғысында әдебиеті мен мәдениеті, тарихы мен пәлсафасында тың өзгерістер мен дамудың жаңа қарқынды бағыттары белгіленді. Осы ретте қазақ әдебиеті де көп жанрлық деңгейде өрістеп қалыптасып, тың зерттеулер жасалынып, жаңалықтар көші молынан болды. Әйтсе де, ұлттық әдебиетіміздің қайнар көзі болған халық ауыз әдебиеті тәу

етер Тәуелсіздігімізді алғаннан кейін кең зерттелім айналымына түсіп, зерделене бастады. Ұлттық әдебиет пен мәдениеттің тынысы кеңейіп, зерттеушілеріміздің ғылыми тұжырымдары мен ізденістері, ғылыми пікірлері мен ой – пайымдары жаңғырып, бүгінгі заман әдебиетінің қайнар көзіне, ғылыми зерттеулердің негізгі қуатына айналды. Бұл ретте қазақ фольклористикасының соны зерттеулеріне Бекмұрат Уахатовтың фольклор туралы ғылыми көзқарасы, анығырақ айтқанда фольклор табиғатының күрделі ерекшелігі, фольклор мен әдебиеттің айырмашылығы, фольклордың халықтың тұрмыс-тіршілігі, салты, тарихымен тікелей қабысып тұратындығымен ерекшеленеді. Әдебиет пен фольклорлық мәтіндерді ел аузынан қатар жинап, ешқандай өзгертпей ұқыптылықпен жариялай алуы да ауыз әдебиетінің негізгі зерттелу заңдылықтарын тануға мүмкіндік береді.

Бекмұрат Уахатов – қазақ фольклортану ғылымында өзіндік қолтаңбасы бар көрнекті ғалым. Ол халық өлеңдерін жинау, жүйелеу және классификациялау арқылы қазақтың рухани мұрасының жан-жақты қырларын ашып, оның әдеби-тарихи заңдылықтарын саралады. Сондай-ақ Бекмұрат Уахатов қазақ тұрмыс-салт жырларының типологиялық ерекшеліктері мен құрылымдық сипаттарын, поэтикалық ерекшеліктерін, тарихын терең қарастырды.

Осы тұрғыда фольклортанушы ғалым Бекмұрат Уахатовтың ғылыми еңбектеріне әлі де лайықты бағасы берілген жоқ. Қазіргі фольклортану ғылымында Бекмұрат Уахатовтың зерттеулері мен ғылыми тұжырымдары толыққанды әрі кешенді ғылыми түрде қарастырылмаған. Осыған орай Бекмұрат Уахатовтың ғылыми мұрасын зерттеп, ғалымның фольклорлық мәтіндерді жинау, жүйелеу, жанрлық тұрғыдан жіктеу және типологиялық тұрғыдан талдау бағытындағы тұжырымдары қазіргі заманауи фольклортанудағы ғылыми-теориялық ізденістермен тығыз байланысты. Ғалым негіздеген әдіснамалық ұстанымдар мен категориялар бүгінгі таңда ұлттық фольклорды жаңаша зерделеу, оның көпқырлы құрылымын кешенді түрде талдау бағытында маңызды рөл атқарады. Бекмұрат Уахатов еңбектері фольклорлық деректерді ғылыми негізде зерттеу мен құрылымдаудың теориялық-методологиялық іргетасын қалыптастырып, қазіргі фольклортанудағы типологиялық және поэтикалық бағыттардың өрістеуіне ықпал етіп отыр. Сонымен қатар бүгінгі цифрлық дәуірдегі фольклорлық материалдарды жинау ісінде интеграцияланған, дәлелді әрі контекстуалды үлгі ретінде бағалануға тиіс. Бұл тәсіл фольклорды тек мұра ретінде емес, тірі мәдени процесс ретінде қарастыруға жол ашады. Осы ретте ғалымның мұрасын жүйелі түрде зерттеу — қазақ ауыз әдебиетін жан-жақты зерделеуде өзекті ғылыми қажеттілік болып саналады.

Зерттеудің мақсаты. Бекмұрат Уахатовтың қазақ фольклортану ғылымына қосқан үлесін кешенді түрде зерделеп, оның тұрмыс-салт жырларын жүйелеу, халық өлеңдерін классификациялау және фольклорлық жанрлардың поэтикалық ерекшеліктерін анықтаудағы ғылыми тұжырымдарын айқындау.

Зерттеудің міндеттері

1. Бекмұрат Уахатовтың ғылыми мұрасын зерделеу, ғалымның өмірі мен қоғамдық-ғылыми қызметінің ерекшеліктерін анықтау, қазақ фольклортану ғылымындағы орны мен рөлін сипаттау.

2. Халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинау мен жариялау ісіндегі Бекмұрат Уахатовтың қызметін талдау, зерттеушінің халық шығармашылығын жинау, жүйелеу және жариялау бағытындағы әдістемелік ұстанымдарын анықтау.

3. Тұрмыс-салт жырларын тарихи-салыстырмалы аспектіде қарастыру – олардың генезисін, таралу ерекшеліктерін және фольклорлық дәстүрлермен байланысын айқындау.

4. Тұрмыс-салт жырларының типологиясын анықтау, олардың құрылымдық, мазмұндық және поэтикалық ерекшеліктерін талдап, Б.Уахатов енгізген ғылыми тұжырымдарды жүйелеу.

5. Халық өлеңдерінің жанрлық мазмұнын зерттеу, олардың тақырыптық жіктелімін, семантикалық ерекшеліктерін және стильдік сипаттарын сараптау.

6. Халық өлеңдерін классификациялау принциптерін зерделеу, ғалымның қазақ өлеңдерін жүйелеудегі негізгі ғылыми ұстанымдарын айқындау және олардың ғылыми негіздемесін жасау.

7. Зерттеу нәтижелерін фольклортанудың қазіргі бағыттарымен сабақтастыру арқылы Бекмұрат Уахатов еңбектерінің қазақ фольклортану ғылымындағы орнын айқындап, олардың бүгінгі ғылымға қосқан үлесін көрсету.

Зерттеудің нысаны – фольклортанушы ғалым Бекмұрат Уахатовтың ғылыми зерттеу еңбектері, мақалалары және оның қазақ фольклортану ғылымының дамуына қосқан үлесі.

Зерттеудің пәні. Бекмұрат Уахатовтың қазақ фольклортануындағы ғылыми тұжырымдары, оның зерттеу әдістері, сондай-ақ ғалымның фольклорлық жанрларды талдау тәсілдері.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізі. Зерттеу жұмысын жазу барысында фольклортану ғылымында маңызды зерттеулер жүргізген шетелдік ғалымдардың теориялық еңбектері басшылыққа алынды. Атап айтсақ, В.Радлов [1], Г.Потанин [2], А.Васильев [3], А.Алекторов [4], Ә.Диваев [5], Н.Ильминский [6], П.Мелиоранский [7], Е.Бертельс [8], Я.Пропп [9], Х.Ярми [10] және т.б. Сондай-ақ қазақ фольклортанушы ғалымдарының да аталмыш салаға қатысты еңбектері негізге алынып, жан-жақты қарастырылды: Ш.Уәлиханов [11], А.Байтұрсынов [12], Х.Досмұхамедов [13], М.Әуезов [14], С.Сейфуллин [15], Б.Кенжебаев [16], М.Сильченко [17], С.Қасқабасов [18], К.Матыжанов [19], Б.Абылқасымов [20], Н.Жүсіпов [21] және т.б.

Зерттеу әдістері. Зерттеу жұмысының мақсат-міндеттеріне сәйкес кешенді сараптау, сипаттама, тарихи-салыстырмалы, жүйелі талдау, жинақтау, текстологиялық талдау әдістері қолданылды.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Зерттеу барысында Бекмұрат Уахатовтың ғылыми еңбектері мен мұрасына негізінен ғылыми пайымдаулар, талдаулар мен дәйексөздер түріндегі дереккөздер ғана кездесетіні анықталды. Бекмұрат Уахатовтың ғылыми зерттеулеріне Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі З. Ахметов: «Филология ғылымдарының докторы Бекмұрат

Уахатовтың монографиясында қазақтың тұрмыс-салт өлеңдеріне неғұрлым дәл де дәлелді зерттеулер жүргізу мақсатымен, оны туыстық тарихы тереңде жатқан қырғыз, қарақалпақ, ноғай, татар, башқұрт, қарашай, алтай халықтарының жырларымен салыстырған. Бұл ретте автор советтік фольклортану ғылымында кең қолданылып жүрген ұқсастықтың үш түрлі типін таратып, оны қалай түсініп, қалай іске асырудың нақты мысалдарын ұсынған. Сюжеттік ситуацияның рөлі, композициясы, оның жасалу жолдары мен түрлері...көркемдік ерекшеліктері анықталған. Қысқасы, тұрмыс-салт жанрының поэтикасын тарихи-салыстырмалы тұрғыда зерттеудің нәтижесінде, бұл жанрдың шығу тегіне, оның көне үлгілері мен даму стадияларына арнаулы талдаулар жасалады» деп жоғары бағасын берді [22].

Сондай-ақ фольклортанушы ғалымның зерттеу еңбектеріне Т.Нұртазин, М.Қаратаев, Н.Төрекұлов, Р.Бердібаев, М.Базарбаев, Ә.Ыдырысов, С.Садырбаев [23] сынды қазақ әдебиетінің зерттеушілері публицистикалық, естелік тұрғысында ғана жазған.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар

1. Қазақ фольклортану ғылымының дамуында Бекмұрат Уахатовтың ғылыми еңбектері маңызды рөл атқарады. Ол қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинау, жүйелеу және зерттеу арқылы фольклорлық мұраны ғылыми айналымға енгізіп, оның теориялық-методологиялық негіздерін қалыптастырды. Ғалымның еңбектері қазақ фольклорының құрылымдық, мазмұндық және жанрлық ерекшеліктерін саралауға, фольклортанудың тарихи-салыстырмалы әдістерін жетілдіруге негіз болды.

2. Бекмұрат Уахатов қазақ халық ауыз әдебиетін жинау, жүйелеу және жариялау барысында деректерді ғылыми негізде сұрыптау, мәтіндерді түпнұсқалық нұсқада сақтау, ауызша дәстүрдегі варианттық құбылыстарды ескеру сынды маңызды әдістемелік қағидаларды ұсынды. Оның әдістемелік ұстанымдары қазақ фольклорын зерттеудің заманауи талаптарына сай келіп, фольклорлық материалдарды жүйелеу мен талдау ісінде басшылыққа алынатын ғылыми бағдарды қалыптастырды.

3. Бекмұрат Уахатов фольклорлық мұраларды жинастыру барысында экспедициялық әдісті белсенді қолдана отырып, қазақ ауыз әдебиетінің бай мұрасын жүйелі түрде тіркеп, фольклортану ғылымының эмпирикалық базасын қалыптастыруға айрықша үлес қосты.

4. Қазақ тұрмыс-салт жырлары – халықтың этномәдени және тарихи-әлеуметтік өмірімен тығыз байланысты фольклорлық мұра. Олардың генезисін, таралу ерекшеліктерін және фольклорлық дәстүрлермен байланысын тарихи-салыстырмалы аспектіде қарастыру тұрмыс-салт жырларының эволюциялық дамуын айқындауға мүмкіндік береді. Бекмұрат Уахатов зерттеулерінде қазақ тұрмыс-салт жырларының халық дүниетанымындағы орны мен фольклорлық сабақтастығы жан-жақты ашылған.

5. Бекмұрат Уахатов қазақ тұрмыс-салт жырларының типологиялық құрылымын жүйелеуге негізделген жіктелік принциптерді ұсынды. Оның зерттеулерінде жырлардың құрылымдық, мазмұндық және поэтикалық ерекшеліктері сараланып, олардың жанрлық белгілері айқындалды. Ғалымның

қазақ тұрмыс-салт жырларына жасаған типологиялық талдауы фольклорлық жанрлардың ерекшеліктерін айқындауға ықпал етті және олардың дәстүрлі орындаушылық жүйемен байланысын ашып көрсетеді.

6. Қазақ халық өлеңдері құрылымдық-функционалдық ерекшеліктеріне қарай түрлі тақырыптық бағытта дамыған. Бекмұрат Уахатов халық өлеңдерінің тақырыптық, семантикалық, шығу тарихын және стильдік ерекшеліктерін зерделей келе, олардың жанрлық мазмұнын анықтап, саралады. Оның зерттеулерінде халық өлеңдерінің поэтикалық құрылысы, бейнелеу құралдары, көркемдік сипаттары жан-жақты талданып, олардың фольклорлық жүйедегі орны белгіленді.

7. Қазақ халық өлеңдерінің жанрлық ерекшеліктерін жіктеу мәселесінде Бекмұрат Уахатовтың ғылыми тұжырымдары маңызды болып табылады. Ол халық өлеңдерін құрылымдық, мазмұндық және орындаушылық ерекшеліктеріне қарай саралап, қазақ фольклорындағы өлең жанрының ішкі жіктемесін айқындауға мүмкіндік берді. Ғалымның ұсынған классификациялары қазақ халық өлеңдерін ғылыми жүйелеуге негіз болды.

8. Бекмұрат Уахатовтың ғылыми мұрасы қазақ фольклортану ғылымының заманауи зерттеу бағыттарымен тығыз байланысты. Ғалым еңбектерінің методологиялық негіздері бүгінгі фольклортанудағы көпқырлы талдау әдістерін жетілдіруге ықпал етеді. Оның фольклорлық мәтіндерді жүйелеу, типологиясын анықтау және жанрлық ерекшеліктерін зерттеу жөніндегі тұжырымдары фольклортанудың қазіргі ғылыми бағыттарымен сабақтасып, қазақ ауыз әдебиетінің зерттелуіне маңызды үлес қосады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы

1. Бекмұрат Уахатовтың қазақ фольклортану ғылымындағы орны алғаш рет кешенді түрде қарастырылды. Ғалымның ғылыми мұрасы мен оның халық ауыз әдебиетін зерттеудегі теориялық-методологиялық үлесі жүйелі түрде сараланып, оның қазақ фольклортану ғылымының дамуына қосқан үлесі жаңа методологиялық тұрғыдан пайымдалды.

2. Бекмұрат Уахатовтың қазақ фольклорын жинау, жүйелеу және жариялау әдістері алғаш рет жеке ғылыми талдау нысаны ретінде қарастырылды. Зерттеу барысында ғалымның экспедициялық жұмыстары, деректерді жинақтау принциптері және оларды ғылыми айналымға енгізу тәсілдері сараланып, оның фольклортануда қолданған әдіснамалық ұстанымдарының маңыздылығы айқындалды.

3. Қазақ тұрмыс-салт жырларының генезисі мен таралу ерекшеліктері тарихи-салыстырмалы аспектіде қарастырылып, олардың этнографиялық және фольклорлық сабақтастығы анықталды. Бекмұрат Уахатов зерттеулеріндегі тұрмыс-салт жырларының тарихи негіздері, олардың қазақ фольклорындағы орны мен құрылымдық ерекшеліктері жүйелі түрде талданды.

4. Қазақ тұрмыс-салт жырларының типологиясы мен поэтикалық ерекшеліктері алғаш рет Бекмұрат Уахатов ұсынған жіктеме негізінде ғылыми тұрғыдан жүйеленді. Ғалым зерттеулеріндегі тұрмыс-салт жырларының жанрлық, мазмұндық және құрылымдық белгілері жаңа фольклортанулық

әдістер негізінде сарапталып, олардың ұлттық фольклорлық дәстүрмен байланысы айқындалды.

5. Қазақ халық өлеңдерінің жанрлық табиғаты, тақырыптық жіктелімі және поэтикалық ерекшеліктері Бекмұрат Уахатовтың ғылыми ұстанымдары негізінде талданып, олардың фольклорлық жүйедегі орны анықталды. Халық өлеңдерінің көркемдік құралдары, бейнелеу әдістері және стильдік сипаттары сараланып, олардың қазақ фольклортануындағы поэтикалық заңдылықтары айқындалды.

6. Қазақ халық өлеңдерін классификациялау принциптері алғаш рет Бекмұрат Уахатовтың теориялық тұжырымдары негізінде жүйеленіп, оның ғылыми негіздемесі жасалды. Ғалымның халық өлеңдерін жүйелеу мен типологиясын анықтау тәсілдері қазіргі фольклортану ғылымының талаптарына сай талданып, олардың ғылыми негіздері нақты көрсетілді.

7. Бекмұрат Уахатов еңбектерінің қазақ фольклортану ғылымының қазіргі бағыттарымен сабақтастығы анықталды. Оның зерттеулері фольклортанудың жаңа әдіснамалық ұстанымдары тұрғысынан қарастырылып, ғалым еңбектерінің қазіргі ғылымға қосқан үлесі айқындалды.

8. Бекмұрат Уахатов балалар өлеңдерін поэтикалық тұрғыдан алғаш рет жан-жақты талдаған ғалым ретінде танылып, эпикалық таным жүйесін саралаған тұжырымдары отбасылық ғұрып фольклорының кешенді бір тармағы ретінде сипаттама берілді.

9. Бекмұрат Уахатов алғаш рет тарихи-салыстырмалы әдіс негізінде ғұрып фольклорын түркі тілдес халықтарының ауыз әдебиетіне кешенді түрде салыстыра зерттеп, фольклортануда жаңа ғылыми бағыттың негізін қалады.

Осылайша, диссертациялық зерттеу қазақ фольклортану ғылымының дамуы мен қалыптасуында Бекмұрат Уахатов еңбектерінің маңызын айқындай отырып, оның ғылыми мұрасын жүйелеуге, теориялық және әдістемелік негіздерін саралауға, қазақ фольклорының жанрлық құрылымын талдауға бағытталған. Бұл зерттеу қазақ фольклортану ғылымындағы өзекті мәселелерді шешуге ықпал етеді.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы. Зерттеу нәтижелері халық қазақ тілі мен әдебиеті, халық ауыз әдебиеті, мәдениет салаларында келешекте жүргізілетін ғылыми зерттеулер мен ғылыми жобалар үшін маңызды болып табылады.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы. Зерттеу нәтижелері Жоғарғы оқу орындарының студенттеріне халық ауыз әдебиеті бойынша оқылатын дәрістерде, сондай-ақ фольклортану саласы бойынша арнайы курстар мен семинарлар жүргізгенде пайладануға болады.

Зерттеу кезеңінде әдістемелік бағытта алынған нәтижелер қорытындысы ретінде «Бекмұрат Уахатов зерттеулеріндегі фольклорлық әдеби байланыс үрдісі» атты оқулық жазылып, оқу үдерісіне енгізілді.

Зерттеу нәтижелерін апробациялау және енгізу. Зерттеу тақырыбы бойынша – 17 мақала мен 1 оқулық жарияланды және оқу үдерісіне енгізілді («Қосымша А» қараңыз), шетел және отандық, халықаралық басылымдарда - 7;

ҚР ҒЖБ ҒЖБССҚЕК ұсынатын ғылыми басылымдар - 8; Scopus мәліметтер базасында тіркелген шетел журналында жарыққа шыққан ғылыми мақала – 2.

Scopus базасында

1. Tashekova, A., Zhussupov, N., Zeinulina, A., Rustemova, R., Kadyrova, B., (2025). Artistic and Linguistic Features of Turmys-Salt Jyrlary in the Works of Bekmurat Uakhatov. Forum for Linguistic Studies (процентиль – 55). 7(2): 477–486. DOI: <https://doi.org/10.30564/fls.v7i2.8116>

2. Minnegalieva, A.I., Mingazova, L.I., Ibrayeva, A.T., & Kayumova, G.F. (2022). Turkish World and Literary Relations of the East. International Journal of Criminology and Sociology, 9, 2514–2520. <https://doi.org/10.6000/1929-4409.2020.09.306>

ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚЕК базасында

1. Ибраева А.Т., Зейнулина А.Ф., Ұлы Дала фольклорындағы Арқалық батыр бейнесі // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2018. - №4(125). – 145 б. – 94-102 б.

2. Ибраева А.Т., Жүсіпов Н.Қ., Бекмұрат Уахатов зерттеулеріндегі халық өлеңдерінің жанрлық ерекшелігі // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2019. – №1(126). – 191 б. – 61-69 б.

3. Ибраева А.Т., Жүсіпов Н.Қ., Дәстүрлі халық өлеңдерін жүйелеудегі Бекмұрат Уахатовтың ғылыми – көркемдік ұстанымы // ПМУ Хабаршысы. Филологиялық сериясы. – 2019. - №2. - 380 Б. – 192-202 б.

4. Ибраева А.Т., Жүсіпов Н.Қ., Бекмұрат Уахатов зерттеулеріндегі фольклорлық жанрлар жүйесі мен сипаты // Торайғыров университетінің Хабаршысы. Филологиялық сериясы. – 2020. - №3. – 500 б. – 251-264 б.

5. Ташекова А.Т., Мингазова Л.И., Бекмұрат Уахатов – фольклорлық мұралар генезисінің негізін салушы ғалым // Торайғыров университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2022. - №3.– 313 б. – 223-237 бб.

6. Tashekova A.T., Zhussipov N.K., The role of Bekmurat Uakhatov in revealing the artistic nature of folk songs // Bulletin of Karaganda University. “Philology” series. – 2023. - №3(111). – 147 P. – 114-120 pp.

7. Ташекова А.Т. Бекмұрат Уахатовтың фольклорлық зерттеулеріндегі наным-сенімнен туған өлеңдер табиғаты // Торайғыров университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2024. - №2. – 471 б. – 380-392 б.

8. Ташекова А.Т. Бекмұрат Уахатовтың фольклорлық зерттеулеріндегі балалар фольклорының поэтикасы // Торайғыров университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2024. - №3. – 527 б. – 376-389 б.

Халықаралық конференциялар мен симпозиумдарда, шетелдік басылымдарда жарияларған мақалалар тізімі

1. Ибраева А.Т., Зейнулина А.Ф., Фольклорлық мұрағат негізінде ұлттық құндылықтың сақталу мәні // «Сұлтанмәмет сұлтан: тарихи сананы жаңғырту мен ұлттық кодты сақтаудағы ұлттық рух пен тәуелсіздіктің бастауларына» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары, С.Торайғыров атындағы ПМУ. – 2018. – 216 Б. – 142-148 бб.

2. Ибраева А.Т., Бекмұрат Уақатовтың шығармашылық әлеміндегі ғылыми тізгін // С.Торайғыровтың 125 – жылдығына арналған «Х Торайғыров оқулары» атты Халықаралық ғылыми – практикалық конференция материалдары. Павлодар. С.Торайғыров атындағы ПМУ. – 2018. – 247 Б. – 83-89 бб.

3. Ибраева А.Т., Зейнулина А.Ф., Фольклористика как духовная ценность нации // Фольклортанушы, ф.ғ.д., профессор Берік Серікбайұлы Рахымовтың 60 жылдығына арналған «Рухани мұраны зерттеу мен оқытудың маңызды мәселелері» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Қарағанды, Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ. – 2019. – 345 Б. – 61-66 бб.

4. Ибраева А.Т., Жүсіпов Н.Қ., Бекмұрат Уахатов және тарихи өлең табиғаты // Академик Қ.И.Сәтбаевтың 120 жылдығына арналған Жас ғалымдар, магистранттар, студенттер мен мектеп оқушыларының «ХІХ Сәтбаев оқулары» атты Халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. С.Торайғыров атындағы ПМУ. – 2019. – 413 Б. – 88-93 бб.

5. Ибраева А.Т., Минһажева Л.И. Казакъ әдәбияты һәм Шәрәк әдәби бағланышлары // Фәнни Татарстан. Татарстан. Қазан. – 2019. - №2. – 183 Б. – 124-133 бб.

6. Ташекова А.Т. Жастардың ғылыми әлеуетін дамытудағы фольклорлық құндылықтар мазмұны // «Жастар, ғылым және инновация» атты ХХ халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. - Ақтөбе : Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, - 2024. - 1131 Б. – 194-196 бет.

7. Ташекова А.Т. Бекмұрат Уахатовтың фольклорлық зерттеулеріндегі түркі халықтарының ауыз әдебиеті ерекшеліктері // XI Beynəlxalq Türk Dünyası Araşdırmaları Si mpozii umunun məruzələr kitabı. Cild I - Bakı: Bakı Avrasiya Universiteti, 2024. – 866 səhifə. Azərbaycan, Türkiyə, Qazaxıstan. – 309-318 səhifə. XI Халықаралық Түрік әлемі зерттеу симпозиумының материалдары. I том – Баку: Баку Еуразия университеті, 2024. – 866 бет. Әзірбайжан, Түркия, Қазақстан. – 309-318 бет.

Оқулық

1. Ташекова А.Т. Бекмұрат Уахатов зерттеулеріндегі фольклорлық әдеби байланыс үрдісі. Оқулық. – Павлодар : «Toraighyrov University», 2025. – 127 б.

Диссертацияның құрылымы. Диссертация кіріспеден, негізгі үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.

1 Б.УАХАТОВ – ҚАЗАҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ ҮЛГІЛЕРІН ЖИНАУШЫ ЖӘНЕ ЖАРИЯЛАУШЫ

1.1 Б.Уахатовтың өмірі мен қоғамдық-ғылыми қызмет жолы

Қазақ халқының рухани қазыналарының арасындағы ең көне әрі ең құнды мұралардың бірі – халық ауыз әдебиеті. Бұл әдебиет ұлттың дүниетанымын, тарихи санасын, тұрмыс-тіршілігін және эстетикалық құндылықтарын тұтастай бейнелейтін сарқылмас рухани қазына. Фольклор бұл тек ауыздан-ауызға көшіп, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен шығармалар жиынтығы ғана емес, сонымен халықтың түп тамырын танып, ұлттық келбетін айқындап, келешекке бағдарын анықтауда ұстанатын темірқазақ болып табылады.

Халық ауыз әдебиеті – бұл тек өткеннің куәсі ғана емес, ол қазіргі заманда да өзектілігін жоғалтпаған, ұлт рухын қалыптастыратын ерекше күш. Сондықтан оның әрбір үлгісі, әрбір жанры қазақ халқының рухани тарихын түсіну үшін аса маңызды. Халық ауыз әдебиетін зерттеу кеше де, бүгін де, болашақта да өзекті мәселе болып қала береді. Осы ретте өткен ғасырдың алпысыншы жылдары ғұрып фольклоры мен қазақ халық өлеңдерін зерделеген ғалымдарының бірегейі филология ғылымдарының докторы Бекмұрат Уахатов болды.

Бекмұрат Уахатов – қазақ тұрмыс-салт жырларының ерекшеліктерін зерттеген және ғылыми айналымға енгізген көрнекті фольклортанушы. Ол өз еңбектерінде халық шығармашылығының жанрлық, құрылымдық-стильдік ерекшеліктерін, сондай-ақ фольклордың тарихи тамырлары мен ұлттық мазмұнын терең талдаған. Оның зерттеулері халықтың мәдени мұрасын сақтап, оны болашақ ұрпаққа жеткізуде баға жетпес рөл атқарды.

Бекмұрат Уахатов – қазақ әдебиеттану ғылымы мен фольклортанудың дамуында терең із қалдырған көрнекті ғалым. Ол 1932 жылдың 29 қарашасында Павлодар облысының Аққулы ауданына қарасты Қорт ауылында дүниеге келді. Бекмұрат Уахатов Жаңаауыл жеті жылдық мектебінде, кейіннен С.Сатыбалдин атындағы орта мектебінде білім алып, осы мектеп қабырғасында тіл мен әдебиетке деген қызығушылығы оянды. Ғалымның ерте жастан білім мен әдебиетке деген құштарлығы қазақ әдебиеті мен тілінің байлығын терең зерттеп, өзінің ғылыми қолтаңбасын қалдыруға негіз болды.

1949 жылы Алматы қаласының Жамбыл атындағы №18 ер балалар қазақ орта мектебін аяқтап, қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің (С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті) филология факультетіне түсіп, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша жоғары білім алды. Бекмұрат Уахатов университетте біліп алып жүріп, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысына белсене араласып, ғылымға деген қызығушылығы артты. 1954 жылы 1-4 сәуірде «Университеттің құрылғанына – 20 жыл» деген тақырыпта өткен студенттердің ғылыми-теориялық конференциясында баяндама жасайды [24].

1954 жылы университетті аяқтап, араға көп уақыт салмай осы жылы аспирантураға түседі. Оның ғылымдағы ізденіс бағыты айқындалып, ғылыми жетекшісі Мұхтар Әуезов болды.

Бекмұрат Уахатовтың еңбек жолы әртүрлі салаларда өрбіді. 1957-1958 жылдары ол «Қазақ әдебиеті» газетінде қызмет етіп, әдебиет саласындағы көкейкесті мәселелерге арналған мақалалар жариялады. Сондай-ақ осы кезде Бекмұрат Уахатовтың әдеби сынға деген бетбұрысын байқауға болады.

Әдебиет тарихы мен сынына қабілеті бар жас ғалым 1959 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институтының қазақ ауыз әдебиеті бөліміне кіші ғылыми қызметкер болып жұмысқа қабылданады. Бекмұрат Уахатов ғылыми жетекшісі М.Әуезов бастаған бір топ ғалымдардың алты томдық әдебиет тарихын қолға алып жатқан кезеңге тап болады. Ғалымның қаламынан «Абай жолы» романының көркемдік ерекшеліктері [25], «Характер жасау шеберлігі» [26], «Портрет жасау шеберлігі» [27], атты ғылыми зерделі, теориялық толғамды мақалалары да жас әдебиетшінің салиқалы сыншылық дарындылығын айқын танытты. Ғалым Бекмұрат Уахатов өзінің «Романдағы характер» [28], «Лирические песни» [29], «Абай жолы» - шеберлік жолы» [30], «Халық ақындарының импровизаторлық өнері» [31] деп аталатын көлемді кітаптық ғылыми-зерттеу еңбектерінде одан әрі жетілдіре түсті. Осы аталған кітаптық мақала-зерттеулерде қойылған, көтерілген, түйінделген теориялық тұжырымдар мен ғылыми ойлар, пікірлер, қағидалар күні бүгінге дейін өз мән-маңызын жойған жоқ.

1959 жылы 15 маусымда Алматы қаласында Қазақ КСР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының ұйымдастыруымен өткен «Қазақ әдебиетінің проблемалық мәселелері» атты ғылыми-теориялық конференцияда Бекмұрат Уахатов белсенділік танытып, ғылыми баяндамасымен қатысушылардың назарын аударады. Ғалым өз баяндамасында қазақ әдебиетінің өзекті мәселелерін жаңа қырынан қарастырып, ұлттық ауыз әдебиетін зерттеудің теориялық негіздерін терең пайымдауға үлес қосады. Бұған қоса, 1960 жылы Мәскеу қаласында өткен Шығыстану ғалымдарының Халықаралық XV конгресінде фольклор мәселелеріне арналған баяндамасымен халықаралық ғылыми қауымдастық алдында сөз сөйлеп, қазақ халық шығармашылығының ерекшеліктерін әлемдік деңгейде таныстыруға өз үлесін қосты. Бұл ғылыми белсенділік оның тек отандық ғана емес, халықаралық фольклортану ғылымында да беделінің артуына ықпал етеді [24,б. 432].

Университетте оқыған студенттік-шәкірттік кезден-ақ әдебиетті терең зерттеуге бейім болған Бекмұрат Уахатов өзінің бұл орайда шын қабілетін С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің қазақ филологиясы кафедрасының аспирантурасында оқып жүрген жылдарда айқын танытты. 1950-жылдардың аяқ кезінде ол төл әдебиетіміздің әлі де терең зерттелмеген әдебиет теориясының проблемаларымен түбегейлі айналысты. Әсіресе, әдебиетіміздің көркемдік қыр-сырларына: мінездеу, портреттеу, сюжет, композиция, лирикалық шегініс, өмір шындығын бейнелеу, типтендіру, саралау, авторлық сипаттау, шегініс, диалог, монолог мәселелеріне ерекше ден қойды.

1961 жылы қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің (С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті) филология факультеті жанындағы ғылыми кеңесте қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстан

ғылым академиясының тұңғыш академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Мұхтар Әуезовтің жетекшілігімен «Қазақ совет прозасындағы характер жасау шеберлігі» атты кандидаттық диссертациясын сәтті қорғайды. Бекмұрат Уахатов өзінің аталмыш кандидаттық диссертациясында сол кезеңнің өзекті тақырыбы болып табылған мәселелерді қозғап, терең зерттеді. Ғылыми зерттеу жұмысының аясында М.Әуезовтің, С.Мұқановтың, Ғ.Мүсіреповтің, Ғ.Мұстафинның прозалық туындыларындағы көркемдік ерекшеліктері мен әдеби құралдарды қолдану шеберлігі туралы бірнеше мақалалар ғылыми журналдарда жарық көреді. Ғалымның ғылыми жұмысында түйіндеген теориялық тұжырымдары бүгінгі күні де әдебиеттану саласында өзінің мәнін жоғалтқан жоқ. Аталмыш ғылыми зерттеу жұмысына Ә.Ыдырысов «Әуезовке іңкәрлік немесе ұлылықтан үзік сыр» деген естелігінде оң бағасын береді [32].

Бекмұрат Уахатов ғылым жолында ғана емес, сондай-ақ ұйымдастырушылық қызметімен де белсенді болды. Оған дәлел тарих ғылымдарының кандидаты, профессор Ә.Ыдырысовтың естеліктерінен көруімізге болады: «Б. Уахатов қазақ әдебиетінің проблемалық мәселелерін зерттеу ісімен бірыңғай және түбегейлі айналысты. 1961 жылы тамыз айында Қазақ ССР Ғылым академиясының Әдебиет және өнер институты ұйымдастырған халық ақындарының республикалық мәслихатын өткізу жұмыстарына белсене араласты» деп жоғары баға береді [24,б. 432].

Бекмұрат Уахатов 1960-жылдары қазақ әдебиеті проблемаларын теориялық-танымдық жағынан тереңдей зерттеумен қоса, қазақ әдебиетінің жеке өкілдерінің шығармашылық қыр-сырларын саралай қарастыруға, сол әдебиет өкілдерінің таланттарын зерделеуге көп көңіл бөлді. Бұл орайда оның мына зерттеу, сын еңбектерін атай аламыз: «Б. Кенжебаев» [33], «К. Азербайев» [34], «Ж. Тілеков» [35], «З.М. Бабур» [36], «Жамбыл мен Мұхтар» [37]. Сөйтіп, ол әдебиет саласына белсене араласқан сыншы ғалымдар легіне қосылды.

Бекмұрат Уахатовтың әдеби-сын зерттеу еңбектері тұтас жинақталып, 1969 жылы «Таланттар, туындылар» деген тақырыппен жеке монографиялық еңбек болып жарық көрді [38]. Бұл еңбегінде ол қазақ әдебиетінің классигі, кемеңгер жазушы М.О. Әуезовтен бастап, кейінгі буын аға ақын-жазушыларымыз Т. Аханов, С. Мәуленов, М. Әлімбаев, А. Шамкенов, М. Сүндетов, Р. Тоқтаров, С. Жүнісов және басқа да қаламгерлер туралы және олардың шығармаларының көркемдік ерекшеліктері туралы ғылыми пікірлерін білдірді. Бекмұрат Уахатов ғылыми пікірлерінде олардың жазушылық және шығармашылық табиғатын талдай білді.

1962-1981 жылдары Қазақ КСР Ғылым академиясы М.Әуезов атындағы атындағы Әдебиет және өнер институтының фольклор бөлімінде аға ғылыми қызметкер болып қызмет атқарады. Бекмұрат Уахатов фольклортану саласына айрықша ден қойып, қалған ғұмырын халық ауыз әдебиетін кеңінен зерттеуге арнады. 1967 жылы 5-7 маусым аралығында Алматы қаласында өткізілген Ұлы Қазан Социалистік революциясының 50 жылдығына арналған «СССР халықтары әдебиетінің өзара байланысы және олардың бір-біріне ықпалы» деген тақырыптағы конференцияға қатысады [24,б. 432].

КСРО Ғылым академиясының қоғамдық ғылымдар бөлімшесінің фольклор жөніндегі кеңесі мен Украина Ғылым академиясының М.Рыльский атындағы Фольклор өнері мен этнография институты бірігіп ұйымдастыруымен 1968 жылы Киев қаласында Бүкілодақтық симпозиумы өтеді. Аталмыш ісшарада Бекмұрат Уахатов «Фольклордағы сөз бен саз туралы» атты баяндамамен сөз сөйлейді. Осы жылдың қазан айында Душанбе қаласында С.Айнидің 90 жылдық мерейтойы қарсаңында ғылыми конференция ұйымдастырылады. Аталмыш іс-шараға Қазақстаннан барған делегаттардың тізімінде Бекмұрат Уахатов та болды. Ол конференция «Орта Азия мен Қазақстан халықтарының әдебиеті және олардың ауыз әдебиеттерінің бір-біріне ықпалы» атты баяндамасын жасайды [24,б. 432].

Бекмұрат Уахатовтың еңбек жолына арналған «Асыл азамат» атты естелік еңбекте ғалымның қызметтік және шығармашылық болмысы жан-жақты бейнеленеді. Бұл еңбектегі әріптестерінің, өмірдегі достарының естелік новеллалары Бекмұрат Уахатовтың ғылыми қауымдастықтағы белсенді қызметін айқын сипаттайды. Естеліктерде оның түрлі ғылыми-теориялық конференцияларға, ірі халықаралық форумдар мен симпозиумдарға, сондай-ақ республикалық және халықаралық деңгейдегі ғылыми жиындарға өмірінің соңына дейін белсене қатысқаны ерекше атап өтіледі. Ғалымның мұндай тұрақты ғылыми белсенділігі оның фольклортану ғылымына деген адалдығы мен кәсіби жауапкершілігінің көрінісі ретінде бағаланады. Сонымен бірге, Бекмұрат Уахатовтың ғылыми форумдардағы баяндамалары ұлттық мәдени мұраны халықаралық деңгейде насихаттауға елеулі үлес қосқан маңызды миссия ретінде айқындалады [39].

1976 жылы 27-29 қыркүйекте Алматы қаласында өткен II Бүкілодақтық тюркология конференциясына қатысты. 1980 жылы 10-12 қыркүйекте Ташкент қаласында болған III Бүкілодақтық тюркологиялық конференцияға делегат болып қатысып, онда «Қазақ халық өлеңдерінің типологиялық ерекшелігі» деген тақырыпта баяндама жасайды.

1981 жылы 20 маусымда өткізілген «Сібір халықтарының тұрмыс-салт жырлары» деген тақырыптағы ғылыми-теориялық конференцияның делегаты болды. 1984 жылы 30 маусымда Жамбыл (Тараз) қаласында зор салтанатпен өткізілген Кенен Әзірбаевтың туғанына 100 жыл толу мерейтойының құрметті қонағы болып, халық ақындарының шығармашылық көркемдігі туралы баяндама жасайды [39,б. 287].

Бекмұрат Уахатов өмірінің соңғы жиырма жылын қазақ фольклорының жинақталуы, жариялануы және заманауи ғылыми талаптар тұрғысынан зерттелуіне арнаған көрнекті ғалымдардың бірі болды. Ғалымның фольклор саласындағы еңбектерінде тұрмыс-салт жырлары мен халық өлеңдеріне басымдық беріліп, бұл тақырыптар оның негізгі зерттеу объектісіне айналды. 1974 жылы «Ғылым» баспасында «Қазақ халық өлеңдері» атты көлемді монографиялық еңбегі жарық көрді [40]. Осы еңбектің негізінде 1975 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының филология ғылымдары жөніндегі Біріккен ғылыми кеңесінде Бекмұрат Уахатов «Қазақтың халық өлеңдері» атты тақырыпта докторлық диссертациясын қорғап, 1976 жылы филология

ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін иеленді. Бұл зерттеу жұмысы негізінде халық ауыз әдебиетінің теориялық және практикалық мәселелерін шешуге сүбелі үлес қосты.

Фольклорлық мәтіндер мен әдеби мәселелерді зерттеуде ерен еңбегімен белгілі болған, әрі ғылыми ұйымдастырушылығын жоғары деңгейде көрсете білген Бекмұрат Уахатовты Қазақ КСР Ғылым академиясының басшылығы өз сенімдерін білдіріп, 1980-1984 жылдары М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Орта Азия мамандандырылған орталығы ғылыми кеңесінің хатшысы етіп тағайындайды. 1982-1984 жылдары бұл қызметпен қатар Қазақ КСР Ғылым академиясының М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба және текстология бөлімінің меңгерушісі болып жұмыс жасайды. Талантты да, білгір ғалым Бекмұрат Уахатов өмірінің соңына дейін ғылыми-зерттеу және ғылыми ұйымдастыру жұмыстарын ұштастыра жүргізеді.

1967–1969 жылдар аралығында Бекмұрат Уахатов қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, әдебиет зерттеушісі Мұхтар Әуезовтің он екі томдық шығармалар жинағын дайындау және баспаға ұсыну жұмыстарына тікелей қатысқан. Кейіннен ғалым жазушының жиырма томдық толық шығармалар жинағын әзірлеушілер құрамына енеді. Осы көптомдықтың алғашқы үш томының (I, II, III) жарық көру үдерісіне белсенді араласып, мәтіндерді текстологиялық тұрғыда өңдеу ісімен айналысқан тұлғалардың бірі болып, жарыққа шығуына мұрындық болады.

Ғалым Бекмұрат Уахатов қазақ әдебиетінің мәселерімен жан-жақты айналысқан ғалым болды. Ол қазақ әдебиетінің алты томдық тарихын жазысуға белсене ат салысты. Оның үш томына автор ретінде қатысып, бірінші томының екінші кітабына жауапты шығарушы болады. Сондай-ақ, ол өмірінің көп уақытын қазақ фольклорын жинастыруға, жинастырылған туындыларды жарыққа шығаруға, жинақталған фольклорлық туындыларды заман талабына сай зерттеп-саралауға көп көңіл бөледі. Оның тікелей қатысуы және басшылық етуімен қазақ ертегілері мен қазақ эпосының алты томдығы жарық көрді. Бұл белгілі фольклортанушы ғалымның қазақ ауыз әдебиетінің ең озық, ең үздік үлгілерін жарыққа шығаруға – көптомдықты дайындауға қосқан алғашқы салмақты үлесі еді. Осы негізде ол өзінің көзі тірісінде «Ақындар жыры» [41], «Пернедегі термелер» [42], «Казахский фольклор» [43], «Қазақ фольклористикасы» [44], «Жар-жар» [45], «Қазақ тарихи жырларының мәселелері» [46], «Қазақ салт өлеңдерінің типологиясы» [47] атты ұжымдық еңбектерді шығаруды ұйымдастырады. Бекмұрат Уахатовтың бұл кешенді зерттеуі халық өлеңдерінің алғашқы шығу тарихына, яғни генезисіне талдау жасай отырып, оның жанрлық, функционалдық ерекшеліктерін ашуға, сөйтіп, тұтас бір жанрдың жалпы даму тенденциясын, яғни қалыптасу, жетілдіру сатыларын айқындап, анықтауға арналады. Ол үшін ғалым көптеген тарихи, этнографиялық, фольклорлық және археологиялық материалдарға жүгінеді.

Бекмұрат Уахатовтың ғылыми қызметі тек зерттеу жұмыстарымен ғана шектелген жоқ. Ол қазақ ауыз әдебиетінің үздік үлгілерін жинақтап, оларды баспа бетінде жарыққа шығару ісінде де аса үлкен рөл атқарды. Оның жетекшілігімен құрастырылған «Батырлар жыры» [48], «Қазақ ертегілері» [49]

сияқты жинақтар қазақ әдебиетінің алтын қорына айналды. Бұл еңбектер бұрын жарық көрген алғашқы алты томдықтың негізі ғана емес, кейінгі көптомдықтардың мазмұнын толықтырған өшпес мұра болды.

Бекмұрат Уахатов фольклортану ғылымының өзекті мәселелерінің бірі ретінде қарастырылатын қазақтың тұрмыс-салт жырларының, яғни ғұрып фольклорының типологиясына қатысты көпжылдық зерттеуін аяқтап, оны баспаға тапсырады. 1983 жылы «Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы» атты еңбегі Алматы қаласының «Ғылым» баспасында жарық көреді [50]. Бұл еңбегінде ол қазақтың тұрмыс-салт жырларының пайда болуы мен даму ерекшеліктерін жан-жақты талдап, оларды орыс, түркімен, қырғыз, қарақалпақ, алтай, ноғай, татар, қарашай, балқар халықтарының жырларымен тарихи туыстық тұрғысынан салыстырады. Сонымен бірге, олардың өзара ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айқындап, типологиялық және поэтикалық ерекшеліктерін анықтайды.

Бекмұрат Уахатов қазақтың ауыз әдебиетінің негізгі мазмұндық тірегі – халық өлеңдері жөнінде өткен ғасырдың 70-жылдардың аяғына таман ондаған дербес ғылыми-зерттеу мақалалар жазған бірегей ғалым. Ол мақалаларда Бекмұрат Уахатов халық өлеңдерін сан салаларға бөліп саралап, олардың әрқайсысының туу тарихына, генезисіне, даму үрдісіне, кемелдену сатыларына ғылыми пікірлер айтып, талдаулар жасайды, ғылыми тұжырымдамалар шығарады.

Бекмұрат Уахатов ғылым жолына жаңа түскен шәкірттеріне нақты бағыт-бағдар көрсетіп, зерттеу тақырыптарының өзектілігіне бағыттай білген ғылыми жетекші болды. Ғалымның жетекшілігімен екі докторлық және бес кандидаттық диссертация қорғалды.

Осылайша Бекмұрат Уахатов қазақ фольклористикасы мен әдебиеттану ғылымын жаңа деңгейге көтеріп, оның негізін нығайтуда өлшеусіз еңбек етті. Ғалымның қаламынан туған әрбір еңбек – халықтың бай мұрасын ғылыми тұрғыдан тануға арналған алтын көпір.

Бекмұрат Уахатов тек өлең жанрын зерттеумен ғана шектелген жоқ, ол қазақ фольклорының тұтас тарихын жүйелі түрде зерделеуге ден қойды. Ғалымның зерттеу жұмысы типологиялық талдаудың негізін қалап, қазақ фольклорының ғылыми айналымға енгізілуіне айтарлықтай ықпал етті.

Ғалымның ғылыми ізденістері қазақ пен өзбек халықтарының ауыз әдебиеті арасындағы тарихи байланыстарды зерттеумен де ерекшеленді. Ол Ташкент қаласында өткен ғылыми конференциялар мен құрылтайларға белсенді қатысып, өз еңбектерінің Өзбекстан аумағында да танымал болуына ықпал етті. Оның зерттеулері Халықтар достығы орденді мемлекеттік педагогика институты мен Низами атындағы педагогикалық институттың оқу бағдарламаларына енгізіліп, студенттер мен оқытушылар тарапынан қолданыс тапты. Бұл жағдай екі ел арасындағы ғылыми-теориялық байланыстың нығаюына негіз болды.

Бекмұрат Уахатов өз зерттеулерінде халық шығармашылығын жаңа әдіснамалық негізде зерттеуді ұсынды. Бұрынғы фольклорды жазба әдебиет үлгісінде талдау дәстүрін өзгертіп, ғалым фольклорды дербес мәдени құбылыс

ретінде қарастырды. Оның зерттеу әдістері фольклордың ішкі құрылымын, жанрлық ерекшеліктерін, тарихи байланыстарын тереңінен саралауға бағытталды. Ғалымның жаңашыл тәсілі қазақ фольклорының өзіндік ерекшелігін сақтай отырып, оның мазмұнын заманауи талаптарға сәйкес ғылыми тұрғыда түсіндіруге жол ашты.

Бекмұрат Уахатовтың қазақ эпосына арналған зерттеулері де ерекше орын алады. Ол эпостық шығармаларды мифтік, ертегілік, әпсаналық кезеңдерден бастап, қаһармандық эпос пен ғашықтық жырларға дейін жүйелеп, олардың даму заңдылықтарын анықтады. Ғалым эпостарды архаикалық (көне), классикалық (қаһармандық), ғашықтық (романдық) және нақты тарихи жырлар сияқты топтарға бөліп, олардың тарихи-мәдени мәнін тереңнен ашып көрсетті. Бұл талдаулар эпостық дәстүрдің тек қазақ халқының ғана емес, жалпы түркі халықтарының мәдениеті мен рухани өміріндегі рөлін анықтауға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, ғалым қазақ фольклорының ұмыт қалған мұраларын қайта жаңғырту ісіне ерекше мән берді. Ол «Арқалық батыр» [51], «Едіге батыр», «Орақ-Мамай», «Қарасай-Қазі», «Шора батыр», «Ер Сайын», «Ералы батыр» [52], «Ағыбай батыр» [53] сияқты эпикалық жырларды зерттеп, олардың ғылыми тұрғыда қайта жариялануына күш салды. Мұндай зерттеулер қазақ фольклорының бай мұрасын заманауи ғылыми ойдың айналымына енгізіп, оны жаңғыртуға бағытталды [48,б. 404].

Ғалым Бекмұрат Уахатов 1984 жылы 19 желтоқсанда қайтыс болды.

Бекмұрат Уахатов өзінің көзі тірісінде қазақтың тұрмыс-салт жырлары жайлы зерттеп, көлемді ғылыми еңбекті жарыққа шығаруды жоспарлаған. Оны тек жоспарлап қана қоймай, зерттеп, жинаған материалдарын бес салаға бөліп дайындаған. Ғалым болашақ зерттеу еңбегін: «Өмір өрнектері», «Сөз өнерінің сиқырлы күші», «Ата-бабалар салты», «Халық лирикасы» және «Жаңарған жыр табиғаты» деген тарауларға бөлген екен [24,б. 432]. Ғалымның бұл материалдарын «Рауан» баспасы қызметкерлері зерттеушінің жұбайы Дыбыс Қазбекованың көмегімен, 1991 жылы «Жазушы» баспасынан «Көркемдік ізденістер» [54] (әдеби сын мақалалар жинағы) және 1993 жылы «Алтын бастау» [22,б. 158] деген атпен монографиялық еңбек ретінде жарық көреді. Кейін ғалымның қолжазбаларын зерттей отырып, «Өмір өрнектері», «Сөз өнерінің сиқырлы күші», «Ата дәстүрі, ата салты», «Халық лирикасы» деп аталатын төрт тараулы кітап етіп шығарды.

Бекмұрат Уахатовтың ғылыми мұрасы – қазақ фольклортануының дамуына қосылған баға жетпес үлес. Оның зерттеулері халық шығармашылығының тарихи, мәдени және поэтикалық ерекшеліктерін ашуға бағытталған кешенді тәсілдің үлгісін көрсетті.

Бекмұрат Уахатов өзінен бұрынғы ғалымдардың еңбектеріне сыни көзқараспен қарап, оларды қайта зерделеу арқылы фольклорлық мұралардың ұлттық болмысы мен рухани құндылықтарын тереңірек ашып көрсетті. Ол дәстүрлі зерттеулерге тек сүйеніп қана қоймай, оларды жаңаша пайымдап, қазақ халық шығармашылығының көркемдік табиғаты мен мәдени мәнін кең контексте қарастыруға ұмтылды. Ғалымның еңбектері тек қазақ фольклортану

ғылымының ішкі дамуына үлес қосып қана қоймай, ұлттық әдебиет пен мәдениеттің өзіндік ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар оның ғылыми тұжырымдары қазақ фольклорының әлемдік мәдени кеңістіктегі орнын анықтауға, жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесіндегі маңызын танытуға бағытталған іргелі ізденістер қатарына жатады.

Бекмұрат Уахатовтың ғылыми мұрасы тек қазақ фольклортану ғылымының ішкі дамуына ғана емес, сонымен қатар ұлттық руханияттың әдеби, мәдени кеңістігіндегі орнын айқындауға елеулі үлес қосқан іргелі зерттеулер кешені болып табылады. Оның зерттеулері фольклорлық мұраға тән жанрлық жүйені, көркемдік құрылымды және мәдени семантиканы тереңінен ашып көрсеткен, әрі қазақтың рухани байлығының әлемдік ғылыми қауымдастық тарапынан мойындалуына негіз қалаған ғылыми жетістіктер қатарына жатады. Осы тұрғыдан алғанда, Бекмұрат Уахатов еңбектерінің мазмұны мен мәні ұлттық дүниетанымның поэтикалық бейнесін жаһандық ғылыми дискурста танытуға бағытталған мәдени-академиялық миссия ретінде бағалануға тиіс.

1.2 Б.Уахатовтың қазақ фольклорын жинау және жариялау жолындағы қызметі

Қазақ фольклортану ғылымының қалыптасу тарихы – күрделі, көпқырлы процесс. XIX ғасырдан бастап Шоқан Уәлиханов, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Халел Досмұхамедов сынды ағартушы-ғалымдар халық әдебиетінің үлгілерін жинау мен жариялауда зор еңбек сіңіргені белгілі. Алайда фольклорды ғылыми негізде жүйелі түрде жинау және теориялық тұрғыда пайымдау ісі кеңестік кезеңде ғана институционалдық сипатқа ие болды. Қазақ фольклортану ғылымының дамуы тек деректерді жинау ғана емес, халық жадының терең құрылымдарын зерттеудің методологиялық жолы болып табылады. Бұл ретте Халел Досмұхамедов: «Халықтың тұрмыс-салты мен рухын білмей, фольклорды түсіну мүмкін емес» - деп жазғанындай, фольклорды жинау халықты танудың кілті ретінде бағаланады [13,б. 22].

XX ғасырдың бірінші жартысындағы елде болып жатқан әртүрлі көзқарастардың тоғысында фольклорды жинау, жариялау және зерттеу мақсаты айқындалды. XX ғасырдың алғашқы жартысында фольклор үлгілерін жинау ісі XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басындағы дәстүрлерді негізге ала отырып, жаңа сапалық сипатқа ие болғаны анықталды. Бұл кезеңнің алғашқы 15-20 жылында фольклорды жинау сырттай қарағанда жүйесіздік пен стихиялылық көрініс бергенімен, нақты талдаулар оның ғылыми мақсатпен ұйымдастырылғанын көрсетеді [55].

Фольклорды жинаудың үш жолы бар. Атап айтсақ, біріншісі – тікелей жинау, екіншісі – тұрғылықты жинау жолы, үшіншісі – экспедициялық зерттеу жолы [56]. Фольклорды жинау әр уақытта әр зерттеушінің тыңғылықты іздестіру жұмыстарына байланысты болды. Олардың халық мұрасына жанашырлықпен қарап, зерттеп жариялап, еңбек етуі қазақ фольклортану ғылымы үшін ең қажетті материалдық негіз болды. Осы тұстағы ірі ғалымдардың бірі ретінде Бекмұрат Уахатовтың есімі ерекше аталуға лайық.

Осы үш тәсілдің ішінде фольклортанушы ғалым Бекмұрат Уахатов үшінші бағытты, яғни экспедициялық тәсілді белсенді түрде қолданды.

Ғалым Бекмұрат Уахатов алдыңғы қатарлы фольклортанушы ғалымдардың ұстанымын ұстанғанын ашық көруге болады. Мысалы, Бекмұрат Уахатов та Ә. Диваев сияқты фольклорлық мәтінді тек жазып алып қоймай, оның түпнұсқалық сақталуын да маңызды санаған. Егер қолжазба иесі жазбаны беруге келіспесе, ғалым көшіріп жазып алған. Мұндай жағдайда мәтіннің қайнар көзін көрсету мақсатында «қолжазба», «көшірме», «газеттен» деген белгі қойған. Бұл әдіс оның мәтіндердің шынайылығына, түпнұсқаға деген адалдығына айрықша мән бергенін аңғартады. Мысалы, 1958 жылғы Шығыс Қазақстан экспедициясында жинастырған материалдарынан көруге болады. Аталмыш экспедицияда Бекмұрат Уахатов Шығыс Қазақстан аудандарындағы көркемөнерпаздар үйірмелері жөніндегі материалдардың жартысын қолжазба ретінде көшіріп, газетте жарық көрген кейбір материалдарды алу үшін газеттің өзін жинастырғанын байқауға болады. «Қосымша Б-да» көрсетілгендей, 201-папканың 1-дәптеріндегі жазбалары бұл ойды нақты дәлелдейді.

Бекмұрат Уахатов фольклор үлгілерін этнографиялық деректермен сабақтастыра жинауымен де ерекшеленді. Оның көзқарасында халық поэзиясы халықтың тұрмыс-тіршілігінен, күнделікті әдет-ғұрпынан бөлініп қарастырылмайды. Ғалым фольклорлық мәтіндердің шығу тегіне де, семантикалық ерекшеліктеріне де мән берген. Сондықтан да ғалым әдет-ғұрып жырларын жазып алу барысында сол рәсімнің өзін де толық сипаттап отырған. Бұл – өлең-жырдың қоғамдық қызметін нақтылай түсетін фактор ретінде қарастырылған тың тәсіл болатын.

Бекмұрат Уахатов материал жинау әдістерінің ішінде ең маңыздысы – контакттілік, яғни жүзбе-жүз қарым-қатынасқа негізделген тәсілді пайдаланған. Сонымен қатар, оның халық поэзиясын жинаудағы кең ауқымды географиясы, ғылыми байыптауларының тереңдігі мен еңбек адамына деген құрметі де шынайы гуманистік және ғылыми ұстанымдардың көрінісі болып табылады. Ол халық шығармашылығын – ұжымдық сана мен көркемдік танымның жиынтығы деп бағалаған. Бұл жайында ғалымның мына пікірі айқын дәлел болады: «Қазақтың көне дәуірлерінен келе жатқан рухани мол мұра байлығының бірі – халық шығармашылығы» [40,б. 3].

Фольклор үлгілерін жинау ісінде Бекмұрат Уахатовтың атқарған жұмысы ауқымды. Ол Шығыс Қазақстан, Семей, Іле, Павлодар, Баянауыл, Қостанай, Ақтөбе, Орынбор, Қарақалпақ және Сырдария аймағын аралап, халық поэзиясының түрлі жанрлық үлгілерін: ертегілер, тарихи жырлар, батырлар жыры, эпостық жырлар, аңшылық пен төрт түлікке қатысты өлеңдер, тұрмыс-салт жырларын жинақтаған. Бұл сапарларында ол халық арасынан шыққан өнер иелерін, яғни суырыпсалма ақындар мен жыршыларды, әншілерді арнайы іздеп тауып, немесе сол кісінің көзін көрген адамдарды тауып, солардан фольклорлық үлгілерді жазып алған. Мысалы, атақты әнші Мәди Бәпиұлы [57] секілді дарынды тұлғалардың орындауындағы өлеңдерді, лирикалық өлеңдерді, ғашықтық жырларды, сондай-ақ Ералы батыр [52,б. 10], Қыз Жібек [58] туралы кең тараған нұсқаларды жазып алған. Сол секілді ғалым барған

экспедицияларда ауыз әдебиетін жақсы білетін, әңгімеші әрі жыршылардан жар-жар, ау-жар, мақал-мәтел, өлеңдер, эпостық жырлар басқа да фольклорлық үлгілерді хатқа түсірген.

Ғалым Бекмұрат Уахатов экспедициялар кезінде үнемі күнделік жүргізіп, сапар барысында кездескен жайттарды, орын алған оқиғалар мен зерттеу барысындағы ерекшеліктерді жүйелі түрде жазып отырған. Мысалы, 1959 жылы Павлодар облысындағы экспедициялық сапарындағы күнделігінде Бекмұрат Уахатов былай деп жазады: «26/VII-59. Облыстық «Қызыл ту» газетіне бардым. Газеттің бас редакторы Құдышев О. деген жолдаспен біраз әңгіме құрып, облыстың әдеби өмірінен біраз мағлұмат алдым. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезінде өмір сүрген Александр Сорокин мен Владимир Сорокин туралы біраз әңгімелер айтты. Александр Сорокин үлкен ғалым, жинаушы адам болған. Ол қазақ тіліне судай ағып туратын дейді. Қазақтың аңыз, ертегілері мен мақал-мәтелдері таза қазақ тілінде жиналып, әр нақышын, сөз саптауларын мұқият сақтап отырған» [59]. Сонымен қатар ғалым фольклорлық үлгілерді жинастыру барысында айтушының есімін, тұрғылықты мекен-жайын, болысын, уездік мәліметтерін де жазылып алынған. 1958 жылғы Шығыс Қазақстан экспедициясында Биғожа Нұрымжанов туралы жазылған деректерді мысалға келтіруге болады. Биғожа Нұрымжанов – 1878 жылы туған, Павлодар қаласы, 2 май көшесі, 40 үй [60].

Бекмұрат Уахатов мәтінді жинау барысында тек қана шығарманы жазып алумен шектелмей, оның шығарманың пайда болуын, фольклорлық үлгі айтып берушінің тұратын ортасын, әлеуметтік және мәдени контекстін де қамтуға ұмтылады. Бұл ғылыми көзқарас фольклорды тек мәтін ретінде емес, тірі дәстүр ретінде зерделеудің жаңа мүмкіндіктерін ашты.

Бекмұрат Уахатов осы үрдісте кеңестік дәуірдің шектеулі идеологиялық кеңістігіне қарамастан, ұлттық фольклорды жинауда терең теориялық-методологиялық негіз қалыптастырды. Ол М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында фольклор бөлімінде қызмет атқара отырып, халық ауыз әдебиетінің жанрлық табиғатын, мәтіндік инварианттарын, өңірлік және диалектілік ерекшеліктерін ескеріп жинақтауға ден қойды.

Бекмұрат Уахатовтың «Қазақтың халық өлеңдері» атты монографиялық еңбегінде келтірілген мәліметтерге сүйенсек, ол фольклорды жинау барысында ең алдымен мәтінді тудырған жағдай мен оны жеткізушінің дүниетанымын қоса зерттеген [40, б. 14]. Бұл бүгінгі гуманитарлық ғылымдағы перформативтік парадигманың талаптарына сай келеді.

Фольклортанушы Бекмұрат Уахатовтың ғылыми-тәжірибелік қызметінің маңызды қырының бірі – фольклорлық мәтіндерді жинау ісінде этнографиялық материалдармен тығыз байланысты сақтау принципін жүйелі түрде ұстануы. Ол халық өлеңдерін жеке лексикалық немесе поэтикалық мәтін ретінде емес, халықтың тұрмыс-салты, дүниетанымы және этномәдени тәжірибесімен бірлікте қарастыруға ұмтылды. Мұндай тәсіл фольклорлық деректердің табиғи ортасымен бірге зерделенуіне, олардың өмір сүру контекстін нақты сипаттауға мүмкіндік берді.

Зерттеуші әрбір өлең нұсқасын жазып алу барысында оның айтылған географиялық ортасы, әлеуметтік-функционалдық жағдайы мен рәсімдік қолданылу ерекшеліктерін де мұқият сипаттап отырған. Бұл мәтіннің ішкі мазмұны мен құрылымын ғана емес, оның орындалу мезеті мен фольклорлық міндетін түсіндіруге де жол ашты. Сонымен қатар, әр аймақтың салт-дәстүрлік өзгешеліктерін ескере отырып, Бекмұрат Уахатов жинаған материалдар тек фольклор үлгілерін қамтып қана қоймай, сонымен қатар қазақ этнографиясының маңызды компоненттерін де ғылыми айналымға енгізді. Осы бағытта жүргізілген жүйелі жұмыс нәтижесінде жиналған мәліметтер әрі фольклорлық, әрі этнографиялық деректер ретінде құндылығын арттыра түсті. Атап айтқанда, өлеңнің мазмұны мен құрылымы сол өңірдегі наным-сенім, ырым-тиым, тұрмыс салты секілді этнографиялық сипаттармен қабаттаса талданып отырды. Бұл Бекмұрат Уахатовтың фольклор жинаушылық тәжірибесінің кең ауқымды ғылыми-методологиялық негізге құрылғанын дәлелдейді.

Мысалы, 1959 жылы Павлодар облысында жүргізілген экспедиция кезінде Боранбай Ғаббасовтан «Ералы батыр» жырын жазып алған кезде, Бекмұрат Уахатов жырдың орындалу барысындағы жыршының дауыс ырғағын, үн көтеру мен кідіріс жасау тәсілдерін, тындаушының ішкі қабылдауын да арнайы сипаттап өткен [52,б. 6].

Сол сияқты 1958 жылғы Шығыс Қазақстанда экспедициясында Көтбай ақыннан жазып алған фольклорлық үлгілердің өлең тек тұрмыстық жанр емес, ритуалды функция атқарып, белгілі бір әлеуметтік рәсіммен байланысты айтылғаны байқалады [61].

«Аймақтық фольклорды типологиясыз зерттеу құрылымдық шектеумен тең келеді. Әр өлең өз топырағының, өз диалектикасының өнімі» - деп жазады Бекмұрат Уахатов [40,б. 132]. Бекмұрат Уахатовтың пікірінде фольклордың кеңістіктік-мәдени ерекшеліктерін ескерудің маңыздылығы айқын көрінеді. Бұл ой әрбір аймақтың өзіндік тілдік, поэтикалық, ритуалдық ерекшеліктері бар екенін көрсетіп қана қоймай, сол аймақтық ерекшеліктерді типологиялық жүйелеусіз зерттеу фольклордың табиғатын бұрмалауы мүмкін деген ескерту десек те болады. Демек, аймақтық фольклорды типологиялық негізде қарастыру халық поэзиясының ішкі логикасын дұрыс ұғынудың басты алғышарты болып табылады.

Ғалымның жинастырған фольклорлық мәтіндерінің нақты саны жөнінде бірыңғай көрсеткіш болмаса да, әртүрлі дереккөздер бойынша 3000-нан астам үлгіні қамтитыны анықталды. Бұл мәтіндерге халық өлеңдері, ақын-жыраулар шығармалары, аңыз-әңгімелер, ертегілер және ғұрып жырлары, батырлар жыры, эпостық жырлар сияқты жанрлар жатады.

Бекмұрат Уахатовтың фольклорлық мұраларды жүйелеу жұмысы «Ақындар жыры» [41,б. 234], «Қазақтың халық өлеңдері» [40,б. 386], «Қазақтың тұрмыс-салт өлеңдерінің типологиясы» [50,б. 158], «Алтын бастау» [22,б. 158], «Батырлар жыры» [48,б. 404], «Қазақ ертегілері» [49,б. 494] атты еңбектерінде кеңінен көрініс тапқан. Аталған еңбектерінде жүздеген өлең үлгілері тақырыптық-типологиялық тұрғыда сұрыпталып, ғылыми

түсініктемелермен және мәтіндік сипаттамалармен бірге ұсынылған. Сонымен қатар ғалымның экспедициялық жазбалары мен қолжазбалары М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының архивтерінде сақталған. Бұл мұралар қазақ фольклортану ғылымының дереккөздік базасын толықтырып, зерттеушілер үшін құнды материал ретінде қызмет етеді.

Фольклортанушы ғалым Бекмұрат Уахатовтың жинаушылық қызметіндегі бір бағыт – эпостық жырлар. Ғалым Бекмұрат Уахатовтың еңбектерінде эпосқа жататын шығармалар үш топқа бөлінеді. Бірінші топқа ел арасында кеңінен таралып, бұрын қағаз бетіне түсіріліп, азды-көпті баспа жүзін көрген шығармалар жатады. Екінші топқа халық арасында тек ауызша тараған, бірақ баспаға шықпаған нұсқалар кіреді. Ал үшінші топ – Шығыс әдебиетінен келген қиссалар.

Бұл жіктеудің негізіне шығарманың жарыққа шығуы немесе шықпауы алынса да, жанрдың белгілеріне сүйенбегені байқалады. Сонымен қатар, зерттеушінің «Шығыс әдебиетінен келген қиссалар» деп, қазақтың төл туындыларынан бөлек шығармаларды нақты ажыратып көрсетуі – аса маңызды тұжырымдардың бірі болды.

Сонымен қатар Бекмұрат Уахатов атап өткен «баспа жүзін көре алмаған нұсқалар» қазіргі таңда «әлеуметтік-сүйіспеншілік» дастан жанрына жатқызылып келеді. Мысалы, «Бабалар сөзі» топтамасының бірінші томында жарияланған «Қазақ дастандары» мақаласында С. Қасқабасов пен Б. Әзібаева былай деп жазады: «Шығыс сюжетіне негізделген дастандармен қатар қазақтың әлеуметтік-сүйіспеншілік және ертегілік дастандары да жеке бір топты құрайды. Бұл дастандар ежелгі сюжеттерді, діни-кітаби хикаяттарды ғана қолданбай, шынайы өмірде болған оқиғаларды да суреттейді. XVIII–XIX ғасырларда қазақ даласының әр аймағында орын алған тарихи оқиғалар мен әлеуметтік-сүйіспеншілік мәселелері осындай дастандардың мазмұнын байыта түсті» деген пікір білдірілген [62].

Мұндай дастандардың қатарына «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек», «Айман-Шолпан», «Ақбөпе-Сауытбек» сияқты шығармаларды жатқызуға болады. Бұлардың біразы белгілі авторларға тиесілі, алайда олар ел арасында кеңінен тарап, біртіндеп фольклорлық сипатқа ие болған. Нәтижесінде, олардың халықтық нұсқалары пайда болды. Әсіресе, «Құл мен қыз», «Назымбек пен Күлше», «Талайлы мен Айымқыз» секілді шығармалар халық арасында кеңінен танымал болып отыр. Бұл дастандарда екі жастың махаббаты әлеуметтік контексте баяндалады [62, б. 18–19].

Бекмұрат Уахатов осы шығармаларды алғаш болып қысқаша мазмұндап, архив қорларында сақталған дастандардың сюжеттерін әдебиетші қауым мен қалың оқырманға таныстыруды мақсат еткен. Қарастырылған шығармалар қатарына «Күлше қыз» (көлемі 448 жол), «Құл мен қыз» (көлемі 1543 жол), «Мақпал қыз» (көлемі 742 жол) және «Есім-Зылиха» (көлемі 942 жол) жатады [63].

Көңіл аударарлық жайт, ғалым бұл шығармаларды «дастан» деп дұрыс атап, алайда 1973 жылғы еңбегінде оларды «жыр» ретінде қарастырған. Дегенмен, аталған кітапта ол шығармалардың мазмұнын ғана емес, сонымен

қатар олардың пайда болуы мен ауызша дәстүрде өмір сүруіне байланысты өзгерістеріне де талдау жасаған.

«Бұлардың түп негізі, – деп жазады Бекмұрат Уахатов, – халық аңыздарына байланысты болса да, кейбіреулерінің авторлары белгілі. Шамасы, ел арасында танымал болған ақындар осы сюжеттерді қайта жырлап, өңдеп, толықтырған. Демек, бұл нұсқалардың әрқайсысы фольклордың тікелей әсерін сезінумен қатар, жазба әдебиеттің де ықпалына ие болғанын аңғару қиын емес» [40,б. 10].

Зерттеуші жоғарыда аталған төрт дастанды жеке-жеке қарастырып, олардың әрқайсысына терең талдау жүргізеді. Мысалы, «Күлше қыз» дастаны туралы қорытындысында, оның негізгі оқиғасы ноғайлы жұртының Орманбет хан заманында өрбитінін атап көрсетеді. Жекелеген мотивтер мен эпизодтар «Қозы Көрпеш» жырын еске түсіреді: перзентсіз ата-ана, олардың басқа жаққа қоныс аударуы, құда түсудің ежеқабылдық дәстүрі, қыз әкесінің антты бұзуы және тағы басқалары. Алайда, бұл шығарма трагедиялық аяқталудан алыс: екі тарап ымыраға келіп, қыз әкесінің келісімімен Назымбек пен Күлше қыз шаңырақ көтереді.

Зерттеуші жырдың осындай оптимистік аяқталуын кейінгі қосылыс ретінде қарастырады. Шығармаға жалпы баға беру барысында Бекмұрат Уахатов көркем әдебиет тұрғысынан келеді. Оқиғаның дамуы мен кейіпкерлер бейнесін талдағанда, ол жырда жасандылық бар екенін атап өтеді. Кейіпкерлер оқиғаға толыққанды араласпайды, олардың арасындағы тартыс шарықтау шегіне жетпей, ерте аяқталады, әрі кейіпкерлер жеткілікті дәрежеде дараланбаған деген тұжырымға келеді.

Ғалым осы тәсілді қолданып, «Есім-Зылиха», «Құл мен қыз» және «Мақпал қыз» дастандарын жан-жақты талдайды. Мәселен, «Есім-Зылиха» жыры туралы ол келесі қорытындыға келеді:

«Бұл жырда айқын көрінетін басты ерекшелік – поэманың оқиғаларының тығыздығы, сондай-ақ көркемдік деңгейінің айтарлықтай жоғары болуы. Дегенмен, кейбір сөз кестелерінде кемшіліктер мен өлең үйлесімдерінде салақтық байқалып жатады. Бұл, әрине, сыртқы жағынан. Ал дастанның ішкі мазмұнына тоқталсақ, шығарманың негізі Есмағамбет шал мен оның жиені Есімнің баяндамалары арқылы беріледі. Басты кейіпкер Зылиханың рөлі жеткілікті дәрежеде айқындалмаған, тым солғындау болып шыққан.

Сонымен қатар, Есім мен Зылиха арасындағы сүйіспеншілік оқиғаның барысында нақты түрде көрсетілмей, көмескі, жасырулы күйде қалып қойған» [46,б. 15-17].

Ғалым Бекмұрат Уахатов «Құл мен қыз» дастанын мазмұндап, кейін оған қысқаша талдау жасайды. Ол бұл шығарманың авторлық туынды екенін және екі ақынның жырлағанын атап өтеді. Соған қарамастан, ғалым дастанды фольклорлық туынды ретінде қабылдап, оны екі вариантты шығарма деп санайды.

Зерттеушінің шағын сипаттамалық талдауында бұл шығарманың жазба әдебиетінің әсерін молынан қабылдағаны атап көрсетіледі. Мазмұны құлдық өмірді суреттегенімен, шығарма қазақ халқының кейінгі дәуірдегі тұрмыс-тіршілігін бейнелейді деп тұжырымдайды. Дастанның желісі қарапайым

болғанымен, сюжетте қызықты оқиғалар мен шиеленістердің болмауын атап өтеді. Дегенмен, тілі көркем әрі реалистік сипатта жазылғанын да ескереді. Кемшілік ретінде, бір тақырыптың немесе суреттің бірнеше рет қайталануы байқалады.

«Мақпал қыз» шығармасы – жоғарыда аталған дастандардан өзіндік ерекшелігімен дараланатын туынды. Ғалым бұл шығарма жайлы көптеген мәліметтер бар екенін атап өтеді. Ол «Мақпал қыз» XVII ғасырдан бері халық арасында аңыз-әңгіме түрінде айтылып келгенін атап көрсетеді. Шығарма нұсқаларының біреуі Сәрсенбай жыраудың орындауында Сыр бойында кеңінен тараған болса, сонымен қатар, Сары Арқа мен Ертіс өңірлерінде де «Мақпал қыз» туралы бірнеше версия кездесетіні туралы мәліметтер келтіреді. Алайда, ғалымның қолындағы версия да толық емес, себебі кіріспе бөлімі жоғалған.

Бұл шығарманың халық арасында ұзақ уақыт бойы сақталуы, оның танымалдығы мен құндылығын көрсетеді. Сонымен қатар, «Мақпал қыз» жанрлық тұрғыдан да қызығушылық тудыратын туынды, өйткені оның бірнеше нұсқасы мен өңірлік ерекшеліктері бар [46,б. 341].

Бекмұрат Уахатов – лиро-эпос жанрының алғашқылардың бірі болып жүйеленуіне, ішкі жанрларға жіктелуіне, сонымен қатар кешенді зерттелуіне үлкен үлес қосқан ғалым. 1960 жылы жарық көрген әдебиет тарихына арналған I томның 1-бөлімінде «Лиро-эпос» атты 4-бөлімге кіріспе ретінде «лиро-эпос жайында» деп аталатын тарауды жазған.

Ол бұл тарауда былай деп атап өтеді: «Ал енді соңғы (үшінші) топқа жататын үлгілерге көшсек, бұлар – қазақ әдебиетіне шығыс елдерінен келген мол сала. Дегенмен, қазақ мәдениетіндегі шығыс әсері әлі күнге дейін толыққанды зерттеліп, терең тексерілген жоқ. Әдетте, біз бұл мәселеге жеткілікті мән бермей, көбіне біржақты көзқараспен қарадық. Шығыс деген сөзден үркіп, сол көне әлемнен жеткен мол мұраның терең мәнін елемей, орынсыз алшақтаған кездеріміз де болды» [64].

Бекмұрат Уахатовтың пікірі мәдениетіміздің кенжелігіне қатысты терең ой тастайды. Оның зерттеулері шығыс мәдениетінің қазақ әдебиетіне әсерін түсінуге көмектеседі. Бұл орайда, қазақ әдебиетінің тарихы мен мәдениеті арасындағы байланыс пен әсерді қайта қарау қажеттілігі туындайды [64,б. 342].

Осындай шығармалардың арасында «Жұм-жұма», «Сал-сал», «Зарқұм», «Кербаланың шөлінде», «Мұхамбет пайғамбардың миғражға шыққаны», «Мұхамметханафия», «Мәлікаждар» секілді ислам дінін уағыздауды мақсат еткен қисса-дастандардың бар екенін атап өткен ғалым, алайда оларды емес, араб-парсы-үнді ертегілері мен аңыздары негізінде қалыптасқан және лиро-эпос жанрына жақын туындыларды зерттеген. Бұл ретте, «Бозжігіт», «Сейфүлмәлік», «Таһир-Зуһра» дастандарының ерекшеліктері мен сипаттамаларына талдау жасаған.

Ғалымның бұл еңбегі лиро-эпос жанрының қазақ әдебиетіндегі орнын түсінуге, сондай-ақ халық шығармашылығындағы ислам ықпалы мен мәдени контексті тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді. Зерттеудің алғашқы кезеңінде фольклорлық мұра ретінде ерекше ғылыми қызығушылық тудырып отырған «Бозжігіт» дастаны басты зерттеу нысаны ретінде қарастырылады. Бұл эпостық

шығарма мазмұндық, тілдік және құрылымдық ерекшеліктері тұрғысынан бірнеше нұсқада сақталғаны белгілі. Фольклортанушы Бекмұрат Уахатов аталмыш дастанның қазақ арасында үш түрлі мәтіндік нұсқасы бар екенін анықтап, олардың әрқайсысына жеке-жеке сипаттама берген. Ғалым бұл нұсқаларды жинақтау, салыстыру және текстологиялық талдау негізінде, эпостың қалыптасу эволюциясын көрсетуге ұмтылған.

Бірінші нұсқа — неміс ғалымы В. В. Радлов құрастырған және 1842 жылы жарияланған жинақта жарық көрген мәтін. Бұл нұсқа — эпостың фольклорлық негізін сақтауымен, әрі оның алғашқы жазба үлгілерінің бірі ретінде тарихи-ғылыми маңызымен ерекшеленеді. Екінші нұсқа — 1869 жылы Қазан қаласында жеке кітап болып басылып шыққан мәтін. Бұл басылым халық ортасында кең таралған нұсқалардың бірі саналады және әдеби редакциялаудан өткендігі байқалады. Үшінші нұсқа — 1910 жылы жарияланған, тілдік тұрғыдан жаңартылып, араб, парсы және татар тектес кірме сөздерден тазартыла отырып, әдеби өңдеуден өткізілген мәтін. Бұл нұсқаның редакциялық жұмысын Ақылбек Сабалұлы жүргізген. Бекмұрат Уахатов осы үшінші нұсқаны стильдік жағынан анағұрлым жетілдірілген, тілдік жағынан әдеби нормаларға бейімделген мәтін ретінде сипаттайды. Сонымен қатар, ғалым үш нұсқа арасындағы тілдік, поэтикалық және композициялық айырмашылықтарды салыстыра отырып, дастанның әр дәуірде жаңарып, фольклорлық мәтіннің динамикалық табиғатын айғақтайтын фактілерді ғылыми айналымға енгізеді. Осы үш мәтіннің салыстырмалы талдауы арқылы Бекмұрат Уахатов «Бозжігіт» дастанының фольклорлық архетиптен әдеби үлгіге дейінгі эволюциялық даму жолын, сондай-ақ қазақ эпикалық поэзиясының нұсқалық байлығын көрсетуге бағытталған текстологиялық үлгіні қалыптастырды. Бұл тәсіл, бір жағынан, фольклорлық туындының тарихи-мәдени контекстін сақтауға мүмкіндік берсе, екінші жағынан, оның әдебиеттегі көркемдік трансформациясын бағамдауға жағдай жасайды. Бұл нұсқаның редакциясын Ақылбек Сабалұлы жасағанын атап өтіп, үш нұсқаға қатысты мынадай пікір айтады:

«Осы үш нұсқа (1842, 1869, 1910) мазмұн жағынан бірін-бірі мөлшерлі түрде қайталаса да, сөз кестесінде, жазылу мәнерінде өз ара айырмашылықтары да бар. Бұлардың ішінен біз ең толығырақ әрі көркемдік жағынан жақсырақ 1842 жылғы нұсқаға тоқталып өтуді мақұл көрдік» [62, б. 22]. Бұл пікір, «Бозжігіттің» әр нұсқасының зерттелуі мен олардың әдеби тұрғыда бағалануында маңызды рөл атқарады.

Бекмұрат Уахатов өз зерттеуінде «Бозжігіт» дастанының мазмұнын толық әрі жан-жақты баяндайды. Ол сондай-ақ Бозжігіт пен Қарашаштың образдарына назар аударады. Бозжігіттің жан жолдастары мен басты кейіпкерлердің ата-аналары туралы да өз пікірін білдіреді. Зерттеуші Бозжігіт пен Қарашаштың бейнеленуін ерекше атап, олардың әртүрлі сипатталғанын көрсетеді. Ғалымның пікірінше, «Қарашаш сұлудың бейнесі өте шебер сомдалған. Ол Бозжігітті алғаш түсінде көрген сәттен бастап, өз бақыты үшін күресуге бел буады. Қандай қиындыққа тап болса да, қажымай, қайыспай, күрес жолынан таймайды. Бозжігіттің елінен іздеп шығуына себепкер болған

Қарашаш, кейінірек оны талай қауіп-қатерден құтқарып, ақылшысы әрі қорғаны болады» [65]. Бозжігіт қайтыс болғанда да Қарашаш сұлу әкесіне қатты сөздер айтып, тек сүйіктісінің жағдайын ойлайды. Ол Бозжігіттің басына алтын там тұрғызып, шынайы ғашықтарға тән ежелгі дәстүрді сақтап, өзін-өзі өлтіру арқылы сүйіктісіне мәңгілік қосылады. Бұл зерттеу Бозжігіт пен Қарашаштың ғашықтық тарихындағы терең мағынаны аша отырып, қазақ фольклорындағы лиро-эпос жанрының ерекшеліктерін көрсетуге ықпал етеді [62,б. 28].

Бұл шығыстық үлгідегі дастанда қазақ эпосының дәстүрлі әсері айқын байқалады. Мәселен, Қарашаштың махаббат жолында өзін құрбан етуі Баян Сұлудың іс-әрекетін еске түсіреді. Бозжігіттің бейітіне мазар тұрғызуы, оған кіруі және өзін-өзі өлтіруі – мұның бәрі Баян Сұлудың мінез-құлқымен үндесіп келеді. Сондықтан Бекмұрат Уахатовтың пікірінше, бұл шығарма қазақ тіршілігінің шындығын суреттейтін қазақ дастаны ретінде қабылданады. Сонымен қатар Бозжігіт бейнесінде шығыс дастандарындағы кейіпкерлердің сипаттары Қарашашқа қарағанда айқынырақ көрініс тапқан. Мысалы, оның сезімге берілуі, сүйген қызына қатысты көрген қиыншылықтарын айтып, көзіне жас алуы – осының бәрі Бозжігіттің жан дүниесінің тереңдігін көрсетеді. Бекмұрат Уахатов та бұл аспектіні байқап, Бозжігітті «сезімге беріліп бейғамдау, самарқау көрінеді» деп сипаттайды. Сондай-ақ, Бозжігітті «ер жүрек, батыр адам» ретінде мінездейді. Осы тұрғыда Бозжігіттің қаһармандық эпос батырларына ұқсастығын атап өткен жөн. Ол жалғыз өзі қалың жау әскерін жеңіп шығады. «Ең ақыры, рақымсыз ажал төніп келгенде де, ол айла іздеп шегінбейді, қорқып жалбарынбайды, тіпті жендеттеріне өз қылышын ұсынуға дейін барады». Бұл тұста Бозжігіттің ерлігі мен батырлығы қазақ эпосының терең мазмұнын көрсетіп, халықтың рухани байлығын айқындайды [48,б. 404].

Бозжігіттің өз қылышын ұсыну себебі – басқа ешбір қылыштың оның мойнын кесіп өте алмайтынына деген терең сенімі. Сондықтан ол өзінің тек өз қылышы ғана бұл міндетті орындай алатынын айтып, басын кесуге келісімін береді. Мұнда қаһармандық эпосқа тән ерекше мотив көрініс табады: «атса – мылтық өтпейтін, шапса – қылыш өтпейтін» батырлар жайлы сюжеттер қазақ және басқа халықтардың фольклорында кеңінен таралғаны белгілі. Мұндай сипаттағы образдар батырдың күш-қайратын, ерлігін, әрі адалдық пен азаматтық ұстанымын көрсетеді. Осылайша, Бозжігіттің әрекеті тек жеке тұлғаның емес, халықтың рухын, ерлік дәстүрлерін айшықтайтын символға айналады.

Бекмұрат Уахатовтың назарын аударған дастандардың бірі – «Қисса Сейфүлмәлік». Зерттеуші бұл шығарманың сюжетінің «Мың бір түн» жинағынан алынғанын атап өтеді. Дастанның ерекше көркем түрде поэзиялық шығармаға айналғанын айта отырып, Бекмұрат Уахатов бірнеше қасиеттерін нақты дәлелдермен көрсетеді. Оның сөздеріне жүгінейік, «ең алдымен, – деп жазады ол, – бұл дастан шытырман оқиғаларға негізделген. Автор кейде кейіпкерлерін жұмыр жердің шегінен асырып, аспан әлемін шарлатқандай көрінеді. Алайда, бұл – жай қиялдың туындысы емес, шынайы құбылыстарды негіз еткен реалистік болмыс» [40,б. 272].

Зерттеушінің атап өткен екінші ерекшелігі – жырды айтушы ақынның қазақ ауыз әдебиетінің көркемдік ерекшеліктерін терең меңгеруі. Ол шығыс классиктерінің тамаша үлгілерін өте орынды әрі шебер пайдалана алған.

Ақынның үшінші жаңалығы – оқиғаны жай баяндап қоюмен шектелмей, кейіпкерлерінің ішкі жан дүниесіндегі сезімдік толқыныстарды терең ашуға мән беруінде. Бұл ерекшелік «Сейфүлмәлік» жырының өзіндік табысы әрі соны сипаты ретінде бағаланады.

Төртінші қасиеті – дастанның тілі тазалығы, өрнектілігі және айшықтылығы. Мұнда қиссаларда жиі кездесетін орынсыз қайталаулардың жоқтығы да айрықша назар аударады [64,б. 353].

Бекмұрат Уахатовтың «Сейфүлмәлік» дастаны туралы қозғап отырған маңызды мәселелерінің бірі – шығарманың авторы. Зерттеушінің пікірінше, «Жалпы алғанда, қиссалардың шығарушыларын нақты көрсету қиындық туғызады. Бұған бірнеше себеп бар. Мәселен, автордың аты-жөні кейде қиссаның бетінде жазылмай қалуы мүмкін. Оның үстіне, біреудің жазған хикая-дастанын кейінгі уақытта басқа адам иемденіп кетуі де жиі кездесетін жағдай». Ғалым Бекмұрат Уахатов «Сейфүлмәлік» жырында да дәл осындай құбылыс бар екенін атап өтеді. Авторлық мәселесінің күрделілігі фольклорлық шығармалардың табиғи ерекшелігін, яғни олардың көпшіліктің санасында қалыптасуын және ауызша дәстүрде таралуын көрсетеді [64,б. 356]. Бекмұрат Уахатов «Сейфүлмәлік» дастанының алғашқы авторы Ақыт Үлімжіұлы деген пікірін алға тартады. Ол өз ойын 1870 жылы В. Радлов жариялаған нұсқа мен 1909 жылы жеке кітап болып шыққан мәтінді салыстыру арқылы дәлелдейді. Дегенмен, бірқатар жайттарды ескеру қажет. «Сейфүлмәлік» дастаны алғаш рет 1807 жылы 115 бет көлемінде жарық көрген, ал Ақыт Үлімжіұлы Қарымсақов 1868 жылы дүниеге келген. Демек, ол бұл дастанның алғашқы авторы болуы мүмкін емес. Сонымен бірге, В. Радловтың 1870 жылғы жинағында дастан авторы көрсетілмеген, әрі кімнен жазылып алынғаны да белгісіз. Бұл жинақ жарық көрген кезде Ақыт небәрі 2 жаста болған.

1895 жылы бұл дастан Қазанда Сейд-Герейдің атымен 75 бет көлемінде жарияланған. Кейіннен, 1897 және 1902 жылдары «Қисса-и Ғабдулмәлік» деген атпен қайта басылып шыққан. 1903 жылы «Қисса-и Сейфіл-Мәлік-Бәдигүл-Жамал» деген атпен Жүсіпбек Шейхисламұлының атымен 49 бет көлемінде басылып шықса, 1904 жылы тағы да Сейд-Герейдің атымен жарияланған.

1909 жылы Ақыт Үлімжіұлы «Әбият Ғандия» атты кітабында өз өмірі мен еңбектерін таныстыра отырып, Қазандағы Хұсайынов баспагеріне жеті кітап жібергенін, бірақ олардың тек екі кітап қана басылып шыққанын атап өтеді.

Жалғыз-ақ келді басылып,
Жиһаншаһ тамуз қиссасы.
Ғабдүлмәлік боп келді,
Сейфүлмәлік нұсқасы.
Ақыт атым орнына,
Сейдгерей қойыпты
Ортада жазған ұстасы... [63,б. 37].

Бекмұрат Уахатовтың пікірінше, «Сейфүлмәлік» дастанының авторы – Ақыт Үлімжіұлы. Дегенмен, Ақыт тек жырлаушылардың бірі ғана. Жоғарыда келтірілген мәліметтерге сүйенсек, фольклорлық шығармалардың авторлығы мәселесіне қатысты сақ болу керек секілді. Себебі бір дастан үш түрлі автордың атымен жарияланған.

Профессор Бекмұрат Уахатовтың назар аударған тағы бір дастаны – «Таһир-Зуһра». Ақиқатында, ол бұл шығармаға тек шолу жасаған. Дастанның тілі жатық, әрі таза қазақша. Оқиғасы қызықты, бұл жағынан да едәуір сәтті шыққан деп бағалайды. «Бозжігіт» пен «Сейфүлмәлік» дастандарынан алған әсері айқын көрінеді, себебі кейбір эпизодтар тіпті толықтай дерлік пайдаланылған, ал кейіпкердің іс-әрекеттерінде де ұқсастықтар бар екендігін атап өтеді.

Фольклорлық мұраны жазып алу үдерісі бұл тек мәтінді қағазға түсірумен шектелетін механикалық әрекет емес, қайта ол күрделі әрі көпқабатты ғылыми-методологиялық процесті білдіреді. Ауызша туындының поэтикалық құрылымын дәл жеткізу үшін оны тек лексикалық тұрғыда емес, сонымен қатар дыбыстық, интонациялық, ритмикалық және эмоциялық элементтерімен қоса тіркеу қажет. Өйткені фольклорлық шығарманың көркемдік тұтастығы мен орындаушылық табиғаты көбінесе осы қосымша белгілер арқылы ашылады.

Бұл ұстанымды фольклортанушы ғалым Бекмұрат Уахатов өзінің тәжірибелік және теориялық еңбектерінде нақтылай отырып, орындаушыларды тек этнографиялық дерек иесі ретінде ғана емес, шығармашылық тұлға ретінде қарастыру қажеттігін алға тартты. Жыршылар мен ақындарды фольклордағы «автор» ұғымының ерекше формасы ретінде тану Бекмұрат Уахатовтың зерттеу методологиясындағы маңызды жаңалықтардың бірі болып табылады. Мұндай тәсіл тек мәтінді жинауға емес, сонымен қатар фольклордағы авторлық пен импровизация ұғымдарын жаңаша пайымдауға жол ашты.

Ғалымның көзқарасы бойынша, жыршы фольклорлық мәтінді жай қайталаушы емес, оны орындау барысында қайта құрастыратын, белгілі бір көркемдік стратегиямен әрекет ететін шығармашылық субъект болып табылады. Сондықтан мәтіннің өзгермелілігі, нұсқалық алуан түрлілігі, стильдік ерекшелігі — осы шығармашылық тұлғаның шеберлігі мен дүниетанымына тікелей байланысты. Бұл – импровизациялық фольклор табиғатын түсінудің, оны дұрыс талдаудың жаңа парадигмасы. Осылайша, Бекмұрат Уахатов енгізген әдістемелік ұстанымдар фольклорды орындау феноменін тереңінен зерделеуге, сонымен қатар ауыз әдебиеті үлгілерін поэтикалық, социомәдени және антропологиялық тұрғыдан кешенді қарастыруға мүмкіндік берді. Бұл ғылыми әдіс қазіргі фольклортану ғылымының авторлықты, креативтілікті және орындаушылық мәдениетті зерделеуіндегі іргелі бағыттардың біріне айналды.

Мәселен, Нұрлыбек Баймұратовтың айтыс кезіндегі экспромттық өлеңдерінде әрбір сөздің дыбыстық екпіні мен интонациясы көркемдік мағынамен астасып жатады. Мұндай мәтіндерді жай қағаз бетіне түсіру жеткіліксіз. Бекмұрат Уахатов мұндай жағдайда мәтінге қосымша

транскрипция мен орфоэпиялық белгілер арқылы орындау табиғатын жеткізуге ұмтылды [41,б. 88].

Сондай-ақ, ғалым Бекмұрат Уахатов әрбір жыршының өмірбаянын, орындау репертуарын, оның жыршылық шежіресін тіркеп отырған. Бұл тәсіл жырдың тасымалдану жолдарын, орындаушылық мектептерді ғылыми негізде жүйелеуге мүмкіндік берді.

Бекмұрат Уахатов фольклорлық мәтінді жинау барысында ең алдымен оның түпнұсқалық сипатына мән берді. Ол өлеңдердің синтаксистік құрылымын, ұйқас жүйесін, тармақтар арасындағы семантикалық байланыстарды сақтай отырып хаттады. Бұл мәтінді архивтік және ғылыми айналымға енгізу үшін қажетті талап болды.

Мысалы, Арқада айтылған төрт түлікке байланысты қара өлең үлгілерінде кездесетін «Жалы бар, жалбыраған құнан тайдай» тәрізді бейнелердің көне түркілік теңеулермен байланысты екендігін фольклортанушы Бекмұрат Уахатов арнайы түсініктемелер арқылы көрсетеді [40,б. 161]. Сонымен қатар, фольклордың ауызша вариативті табиғаты ескеріліп, әр түрлі нұсқалар салыстырмалы түрде берілген. «Халық өлеңінің тірі табиғаты — оның мәтіндік ауыспалылығында. Бұл — импровизация мен поэтикалық бостандықтың көрінісі» [40,б. 119].

Фольклортанушы ғалым Бекмұрат Уахатов әр өлеңнің жанрлық сипатын, орындау жағдайын, аймақтық диалектизмдерін көрсетіп отырған. Мәселен, Қостанай өңірінен жазып алынған «Жоқтау» мәтінінде өлең құрылымының өзгеше екенін байқауға болады. Мұнда 11 буынды тармақтармен қатар, 7 буынды қайырымдар қатар беріледі бұл жоқтаудың қайғылы әуеніне сәйкес келеді. Осылайша, Бекмұрат Уахатов фольклорды жинау ісінде методологиялық тереңдікке, тілдік дәлдікке, контекстуалдық жан-жақтылыққа сүйене отырып, ғылыми-фольклористік мәтін құраудың үлгісін жасады. Оның еңбектері қазіргі қазақ фольклортану ғылымы үшін әдіснамалық бағдар ретінде бағаланады.

Кеңестік кезеңдегі фольклорды жариялау үдерісі ғылым мен идеологияның қиылысқан тұсында жүзеге асты. Халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жариялау тек ғылыми емес, саяси-мәдени акт ретінде қабылданды. Бұл кезеңде фольклор мәтіндері тек эстетикалық тұрғыда емес, қоғамның идеологиялық сұранысына да бейімделіп өңделіп отырды. Осы тарихи жағдайда Бекмұрат Уахатовтың фольклорды жариялау ісіндегі қызметі – ғылыми адалдық пен рухани жауапкершіліктің үлгісі болды.

Ғалым Бекмұрат Уахатов кеңестік фольклортанудағы үстем болған марксистік-лениндік танымның талабын ескере отырып, ұлттық фольклордың шынайы сипатын бұрмаламай беруге тырысты. Ол жариялаған мәтіндерден халықтың рухани-эстетикалық дүниетанымы, тарихи жад пен әлеуметтік болмысы айқын көрінеді. Бекмұрат Уахатов жариялаған үлгілердің танымдық және көркемдік қуаты бүгінгі күнге дейін өзектілігін жойған жоқ. Бұл тұрғыда оның еңбектері кеңестік фольклортанудың шеңберінен шығып, ұлттық фольклор ғылымының негізін салуға ұласқан жүйелі бастама болды.

1963 жылы жарық көрген «Ақындар жыры» жинағы Бекмұрат Уахатовтың фольклорлық мәтіндерді жариялаудағы әдіснамалық ұстанымдарын толықтай көрсететін маңызды еңбек болды. Жинақта 1961 жылғы халық ақындарының республикалық мәслихатында айтылған шығармалар ғана емес, сол дәуірдің мәдени-рухани тынысы, халық шығармашылығының өзгеру эволюциясы да қамтылған.

Жинақтың құрылымы жүйелі: әрбір ақынға жеке бөлім арналуымен қатар, олардың шығармаларына түсініктемелер, мәтіндік талдаулар мен қысқаша биобиблиографиялық мәліметтер берілген. Бұл тәсіл фольклорды тұлғалық негізде қарастыруға жол ашты. Мысалы, Қалқа Жапсарбаевтың:

«Елім деп еңіреген ерлерден туған,

Сөз айтам өз халқымның жүрегінен...» - деген жолдары кеңестік риторикамен қатар ұлттық поэтиканың дәстүрлі интонацияларын сақтағанын дәлелдейді [41,б. 87].

Бекмұрат Уахатов тек мәтінді жинап қана қоймай, әрбір ақынның поэтикалық стиль ерекшеліктеріне назар аударды. Бұл — сол уақыттағы ғылыми-публицистикалық жинақтарда сирек кездесетін әдіс. Сонымен қатар, жинақтың бір ерекшелігі — жыр мен айтыс мәтіндерінің жанды орындау контекстін сипаттау арқылы мәтін мен орта тұтастығын сақтауға деген ұмтылысында.

«Қазақтың халық өлеңдері» атты монография Бекмұрат Уахатовтың бірнеше онжылдық фольклорлық зерттеуінің нәтижесі. Бұл еңбекте өлең жанрының ішкі табиғаты, тарихи даму жолы, жанрлық құрылымы мен көркемдік-поэтикалық ерекшеліктері терең әрі жан-жақты талданған. Бекмұрат Уахатов өлеңдерді төмендегідей жанрларға бөледі: тұрмыс-салт өлеңдері, ғашықтық лирика, маусымдық-мерекелік жырлар, тарихи өлеңдер, қара өлеңдер, т.б. [40,б. 23-145].

Мысалы, ғалым төрт түлік малға байланысты өлеңдерді тұрмыс-салт поэзиясының бір тармағы ретінде қарастыра отырып, олардың мифологиялық негіздерін де талдайды. Ғалым Бекмұрат Уахатов: «Түйе туралы айтылатын өлеңдердің ішінде түйенің бойына телінген қасиеттер тек зоологиялық сипатпен шектелмей, мифопоэтикалық астарға ие екенін көреміз» — деп жазады [40,б. 58].

Бұл мысал қазақ өлеңіндегі символикалық жүйенің терең тамырларын ашуға бағытталған. Сонымен қатар Бекмұрат Уахатов тарихи өлеңдерді де тек фактологиялық дерек ретінде емес, ұлттық сана мен тарихи жадыны сақтаушы вербалды код ретінде қарастырады. Ол «Ақтабан шұбырындыға» қатысты өлеңдердің құрылымдық ерекшеліктерін көрсетіп, олардың трагедиялық интонация мен эпикалық серпінділікке ие екенін дәлелдейді.

Бекмұрат Уахатов фольклорлық мәтіндерді жариялауда тек жинаушы ғана емес, ғылыми редактор, талдаушы, жүйелеуші ретінде де әрекет етті. Ғалымның фольклорды жариялау ісіндегі ғылыми принциптері төмендегідей болды:

Фольклорлық мәтінді өңдемей сақтау: мәтіннің синтаксистік құрылымын, поэтикалық өрнегін, лексикасын барынша төл қалпында қалдыру. Бұл — мәтіннің тарихи-тілдік құндылығын жоғалтпау үшін маңызды.

Орындаушы тұлғасын көрсету: Бекмұрат Уахатов әрбір өлеңнің немесе жырдың айтушысы кім екенін, ол қай өңірден шыққанын, қандай жағдайда айтқанын нақтылап береді. Мысалы, Қарағанды облысы, Шет ауданынан шыққан Жүсіп Сарбасовтың орындауындағы жырлар контекстік деректемелермен толықтырылған.

Мәтінге түсініктеме беру: мәтін ішінде кездесетін көнерген сөздер, диалектизмдер, этнографиялық ұғымдарға қатысты арнайы ескертпелер беріледі. Бұл — мәтінді ғылыми айналымға қосу үшін аса маңызды методологиялық амал.

Жанрлық жүйелеу және типологиялық салыстыру: Бекмұрат Уахатов өлеңдерді салыстырмалы тұрғыда, типологиялық ұқсастықтар мен айырмашылықтар аясында талдай отырып, қазақ фольклорының түркілік контексте қалайша ерекшеленетінін де анықтаған. Мысалы, қазақтың қара өлеңдері мен қырғыздың кошок жанры арасында формалық жақындық болғанымен, мазмұндық-функционалдық айырмашылықтар бар екенін көрсетеді [40,б. 211].

Қорытындылай келгенде, Бекмұрат Уахатовтың фольклорды жариялау жолындағы қызметі қазақ фольклортану ғылымының дамуына өлшеусіз үлес қосты. Ол жариялаған материалдар тек дереккөз ретінде емес, ғылыми таным нысаны ретінде де ерекше маңызға ие. Оның әдіснамалық ұстанымдары бүгінгі фольклортану, мәтінтану және мәдениеттану ғылымдарымен өзектес, әрі қазіргі зерттеушілер үшін бағдарлы үлгі бола алады.

Бекмұрат Уахатовтың пікірінше айтсақ, қазақтың халық өлеңдері ұзақ дәуірлер ішінде туып, өсіп, жетіліп келе жатқан мол дүние. Ол – көне заманнан бергі ел өмірін, тұрмыс-тіршілігін, ақыл-ойы мен әдет-ғұрпын танып-білуге қажетті аса бағалы мұра. Сол үшін де көптеген ғалымдар халық өлеңдерін жинап, теруге, ол жөнінде дәйекті пікір айтуға әр кез атсалысып отырған. Ендігі мақсат сол жиналған ұшан-теңіз байлықты жүйелеп, талдай отырып, оның көп жылғы тарихын, өсу, даму ерекшелігін айқындайтын арнаулы зерттеулер, ұдайы ғылымдық терең тексерулер жасап отыру қажет.

Бекмұрат Уахатов – қазақ фольклортану ғылымының көрнекті өкілі, ұлттық мәдениетіміздің құнды мұраларын зерттеуге, жүйелеуге және ғылыми айналымға енгізуге зор үлес қосқан ғалым. Оның еңбектері қазақ халқының рухани байлығының тарихи және поэтикалық негіздерін зерттеуге бағытталған.

Бекмұрат Уахатов халық ауыз әдебиетінің байлығын жан-жақты зерттей отырып, оның поэтикалық және этнографиялық ерекшеліктеріне ерекше мән берді. Ол тұрмыс-салт жырларының тарихи қалыптасуы мен мазмұндық құрылымын талдай отырып, қазақ халқының рухани өмірінің бейнесін көрсетті. Ғалым фольклорлық мұраларды жинау және жариялау ерекшеліктері арқылы қазақ фольклорының жанрлық және функционалдық сипаттамаларын терең ашып, ұлттық әдебиеттану ғылымының теориялық негізін байытты.

Бекмұрат Уахатовтың қазақ фольклорын жинау мен жариялау және зерттеулерінің басты маңызды ерекшелігі – халық шығармашылығын типологиялық және салыстырмалы талдау әдістерін қолдануында деп есептейміз. Ол қазақ фольклорының басқа түркі халықтарының әдебиетімен

тарихи байланысын айқындау арқылы ұлттық мұраның ауқымын кеңейтті. Орхон-Енисей жазбаларынан бастап қазақ тұрмыс-салт жырларына дейінгі поэтикалық шығармашылықты қарастыра отырып, ғалым халықтың дүниетанымы мен мәдени құндылықтарының тарихи сабақтастығын дәлелдеді.

Бекмұрат Уахатовтың ғылыми еңбектері қазақ халқының ұлттық болмысын, дүниетанымдық ерекшеліктерін, сондай-ақ көркемдік ойлау жүйесінің терең қабаттарын түсінуге жол ашады. Ол зерттеулерінде халқымыздың тарихи-мәдени мұрасын жүйелі түрде саралап, оның даму динамикасын айқын сипаттайды. Ғалымның мұрасы – ұлттық әдебиеттің эволюциялық үрдістерін пайымдауда ғана емес, сонымен бірге дәстүрлі рухани құндылықтардың сақталуы мен жаңғыруына негіз болатын іргелі танымдық ресурс болып табылады. Ең бастысы Бекмұрат Уахатов еңбектері ұрпақтар сабақтастығын нығайтып, тарихи жадының ұмытылмай, заманауи мәдени санада жаңаша мәнге ие болуына үлкен үлес қосты. Осы тұрғыдан алғанда оның ғылыми мұрасы қазақ руханиятының стратегиялық тіректерінің бірі ретінде қарастырылуы тиіс.

Осы айтылған тұжырымдар ғалымның халқымыздың рухани мұрасын жүйелеу және ғылыми пайымдау ісіне қосқан орасан зор үлесін анық көрсетеді. Ғалымның жүргізген зерттеулері қазақтың ауыз әдебиеті мен тұрмыс-салт фольклорын жанрлық, типологиялық тұрғыда жүйелеуде тың бағыт қалыптастырды. Ғалым еңбектері ұлттық рухани байлықтың ішкі заңдылықтарын ашып қана қоймай, оны әлемдік фольклортану ғылымының контекстінде қарастыруға негіз салды. Бекмұрат Уахатовтың ғылыми мұрасы – қазақ мәдениетінің тарихын терең пайымдауға мүмкіндік беретін баға жетпес ғылыми қазына ретінде айқын бағалануға тиіс.

Қазақ ауыз әдебиетінің текстологиялық негізде зерттелуі фольклортану ғылымының дербес бағыты ретінде қалыптасқан маңызды ғылыми сала болып келеді. Әртүрлі кезеңдер мен аймақтардан жинақталған халық шығармаларының нұсқалары олардың мәтіндік ерекшеліктеріне байланысты салыстырмалы талдау объектісіне айналып отыр. Бұл процесс тек мәтіннің мазмұны мен формасын салыстырумен ғана шектелмей, оның тарихи контекстін, этнографиялық негізін, орындау жағдайын да назарда ұстауды талап етеді. Аталған бағыттағы алғашқы жүйелі қадамдар Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің жинаушылық қызметі арқылы бастау алып, кейіннен Бекмұрат Уахатовтың ғылыми-теориялық деңгейдегі кешенді еңбектерімен жалғасын тапты. Бекмұрат Уахатов жүргізген зерттеулерде бірнеше нұсқаның қатар берілуі, олардың құрылымдық, лексикалық және поэтикалық ерекшеліктерін салыстыру басты ғылыми әдіс ретінде қолданысқа енген. Бұл тәсіл мәтіннің генезисін анықтауға, яғни оның шығу төркінін, мазмұндық эволюциясын, халық жадындағы трансформациясын айқындауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар мәтіннің әр аймақта, әр орындаушының орындауында қалай өзгеретінін, қандай тұстары тұрақты, қай жерлері вариативті екенін нақты көрсетеді.

Бекмұрат Уахатовтың фольклорлық материалдарды жинау, талдау және жүйелеу ісіндегі зерттеушілік ғылыми жұмысы бірнеше деңгейлі принциптерге негізделді. Біріншіден, ол фольклорды сол өмір сүріп жатқан ортадан тікелей

жинаудың маңыздылығын алға тартты. Бұл дегеніміз, мәтінді тек жазып алу ғана емес, оны орындаушы тұлғаның мінез-құлқын, әлеуметтік статусын, диалектілік ерекшелігін, орындау жағдайын да ескеруді қажет ететін күрделі процесс болып келеді. Ғалым орындаушылар мен географиялық аймақтарды мақсатты түрде тандай отырып, мәтіннің фольклорлық табиғатын барынша шынайы түрде беруді мақсат тұтты. Бұл мәтіннің «authenticity» түпнұсқалық сипатын сақтау мәселесінің теориялық және практикалық тұрғыдан жүзеге асуы еді [66].

Екіншіден, экспедициялық жинау ісі фольклортанушыдан жоғары жауапкершілік пен ұйымдастырушылық қабілет талап етті. Фольклортанушы ғалым Бекмұрат Уахатов экспедицияны алдын ала жоспарлап, оның мерзімін, қаржылық ресурстарын, қатысушылар құрамын нақтылап отырған. Мұндай мұқият дайындық жинақталған материалдың тілдік, көркемдік және құрылымдық тұтастығын сақтауға мүмкіндік берген. Жинау барысында әр мәтіннің сөзбе-сөз жазылуына, интонациясы мен ырғақ ерекшеліктеріне дейін назар аудару мәтіннің жанрлық және стилистикалық табиғатын зерттеуге негіз болды.

Үшіншіден, мәтіннің фольклорлық төлқұжатын (паспортын) толтыру, яғни шығарма орындалған уақыт, орын, орындаушы туралы толық мәлімет беру ғылыми стандарттардың бұлжымас шарты ретінде бекітілді. Оны бүгінгі күнге дейін сақталған қолжазбалардан анық көруге болады. Бұл тәжірибе мәтінді тек көркем шығармашылық акт ретінде ғана емес, сонымен бірге тарихи-мәдени дерек ретінде қарастыруға мүмкіндік ашты.

Мұндай жүйелі тәсіл қазіргі фольклортануда да өзектілігін жоғалтқан жоқ. Сонымен қатар Бекмұрат Уахатов фольклорлық мәтіндерді тек ұлттық шеңберде ғана емес, кеңірек түркі-моңғол халықтарының поэзиясымен типологиялық салыстыру арқылы да зерттеу қажеттігін бірнеше рет алға тартты. Ғалым қазақ эпостары мен тұрмыс-салт жырларын қырғыз, өзбек, қарақалпақ фольклорымен қатар, бурят-моңғол, ойрат және халха-моңғол эпикалық дәстүрімен салыстыра қарастырудың ғылыми маңызын ерекше атап өткен.

Мұндай салыстырулар ұлттық поэтиканың өзіндік ерекшеліктерін ашуға ғана емес, сонымен қатар халықтар арасындағы мәдени-тарихи байланыстарды зерделеуге де кең жол ашады. Осылайша, Бекмұрат Уахатовтың фольклортанудағы зерттеушілік парадигмасы материалды жинаудан бастап, оны мәтінтанулық, типологиялық және мәдениеттанулық деңгейде зерттеуге дейінгі толыққанды ғылыми жүйені қамтыды. Ол тек деректер жинаушы емес, ғылыми ой мен әдістемені ұштастыра білген фольклорист ретінде қазақ әдебиеттану ғылымында орны бөлек тұлға болып қала береді.

Бірінші бөлім бойынша тұжырым

Бекмұрат Уахатовтың өмір жолы мен ғылыми қызметі туралы жазылған бұл тарау – қазақ фольклортану ғылымының тарихи қалыптасуында айрықша орны бар, іргелі тұлғаның ғылыми-шығармашылық эволюциясын жүйелі түрде пайымдауға арналған мазмұнды зерттеу болып табылады. Бұл тараудың

мазмұны мен құрылымы белгілі бір ғылыми мақсатқа сай жасалған: мұнда Бекмұрат Уахатовтың ғұмырнамалық белестері мен ғылыми-зерттеушілік ізденістері, экспедициялық қызметі, фольклорды жинау, жариялау және жүйелеу әдістемесі, сондай-ақ оның ғылыми мұрасы мен шығармашылық мұрагерлігі кеңінен қамтылған.

Ең алдымен, тараудың алғашқы бөлімінде Бекмұрат Уахатовтың балалық және жастық шағы, оның білім алу жолы, қазақ әдебиеті мен тілінің терең мазмұнын зерделеуге бет бұруы, студенттік кезіндегі ғылыми белсенділігі мен Мұхтар Әуезовтің жетекшілігімен ғылыми ортаға келуі кеңінен баяндалады. Бұл кезең Бекмұрат Уахатовтың ғылыми дүниетанымының қалыптасу сатысы ғана емес, сонымен бірге болашақ фольклортанушы ретінде ғылыми таным мұрасын жинақтаған, теориялық тұрғыдан шыңдалған, шығармашылық ойлауы жетілген түс екендігі дәлелденеді.

1950–1960 жылдар аралығындағы Бекмұрат Уахатовтың ғылыми қызметі әдебиет пен фольклор тоғысындағы теориялық мәселелерді терең талдауға бағытталған болатын. Ол өзінің алғашқы еңбектерінде көркем прозадағы характер жасау, портреттеу, типтендіру секілді әдеби-теориялық ұғымдарды талдаса, кейіннен бұл дағдыларын халық шығармашылығының жанрлық құрылымын зерттеуде сәтті қолданды. Осы тұрғыдан алғанда, оның әдеби сын мен теориялық талдаудағы жетістіктері фольклортануға бет бұрғанда ғылыми аппарат ретінде қызмет етті. Бұл ғылымдағы сабақтастықты сақтай отырып, жаңа салада тереңдеудің тамаша үлгісі болды.

Тараудың келесі маңызды қыры ғалымның фольклорды жинау, жүйелеу және жариялау саласындағы қызметіне арналған. Мұнда Бекмұрат Уахатовтың ғылыми экспедициялары, фольклорлық мәтіндерге қатысты деректерді нақты географиялық, этнографиялық және әлеуметтік-контекстуалдық негізде жинақтауы, мәтіндердің түпнұскалық сипатын сақтау тәсілдері, орындаушылар туралы мәліметтерді тіркеуі сияқты ғылыми-фольклористік әдістері кеңінен сипатталады. Оның бұл тәсілдері бүгінгі фольклортану ғылымының әдіснамалық негізін құрайтын озық тәжірибе екендігі күмәнсіз десек болады.

Бекмұрат Уахатов фольклорды жай мәтіндік деңгейде қарастырмай, оны тарихи-мәдени феномен ретінде талдады. Ол өлеңдердің құрылымдық ерекшеліктеріне ғана емес, олардың семантикалық тереңдігіне, магиялық-функционалдық негізіне де ерекше мән берді. Мәселен, арбау, бата, жоқтау, жар-жар сияқты тұрмыс-салт жырларын зерттеу барысында олардың қоғамдағы рөлі мен сакралды сипатына тоқталып, халық дүниетанымындағы орны мен маңызын ғылыми түрде дәлелдеді. Бұл бағытта жүргізілген зерттеулер тек қазақ фольклоры ғана емес, жалпы түркі халықтарының ортақ мифологиялық негіздерін салыстырмалы-типологиялық әдіспен пайымдауға мүмкіндік берді.

Тарауда ерекше айтылатын тағы бір мәселе – Бекмұрат Уахатовтың фольклорды жариялау ісіндегі ғылыми адалдығы мен принципшілдігі. Кеңестік дәуірдегі идеологиялық шектеулерге қарамастан, ол фольклорлық үлгілерді өңдемей, өзгеріссіз, түпнұсқа қалпында жариялауға тырысты. Бұл принцип оның жариялаған еңбектерінің ғылыми құндылығын арттырып қана қоймай, ұлттық мәдени мұраны бұрмалаусыз жеткізуге деген адалдығын көрсетті.

«Қазақтың халық өлеңдері», «Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы» атты ғылыми еңбектері мен «Қазақ ертегілері», «Батырлар жыры», «Ақындар жыры» атты жинақтар мен зерттеулер осы ұстанымның нақты көрінісі болып табылады.

Бекмұрат Уахатов фольклорды жүйелеуде типологиялық талдауға ерекше мән берді. Оның еңбектерінде халық өлеңдері мазмұнына, функциясына, шығу тегі мен поэтикалық құрылымына қарай жіктеледі. Бұл тәсіл фольклорлық жанрлардың ішкі жүйесін айқындап, олардың бір-бірімен байланысын, ортақтықтары мен айырмашылықтарын анықтауға мүмкіндік береді.

Ғалымның бұл бағыттағы ізденістері фольклортанудағы жаңа әдіснамалық жолдарды қалыптастырады.

Сонымен қатар Бекмұрат Уахатовтың ғылыми қызметі тек деректерді жинаумен ғана шектелмей, фольклорлық мұраларды теориялық тұрғыдан пайымдауға бағытталады. Ол халық өлеңдерін құрылымдық, семиотикалық, прагматикалық тұрғыдан зерттеуге тырысты. Бұл — қазіргі фольклортанудың басты талаптарының бірі. Ғалымның осы бағыттағы зерттеулері бүгінгі таңда өзектілігін жоғалтқан жоқ, керісінше, жаңаша интерпретациялауға жол ашты.

Ғалымның экспедициялық жазбалары мен қолжазбалары М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының архивтерінде сақталып, фольклортану ғылымының дерекқорын байыта түсуде. Бұл материалдар болашақ зерттеушілер үшін таптырмас ғылыми негіз болып табылады.

Бекмұрат Уахатовтың ғылыми мұрасының тағы бір ерекшелігі оның шәкірт тәрбиелеу ісінде де көрініс табады. Ол бірнеше докторлық және кандидаттық диссертациялардың жетекшісі болды, қазақ және өзбек фольклортану ғылымының арасындағы байланыстарды нығайтуға ықпал етті. Бұл ғалымның ғылыми мұрасын ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырушы ұстаз ретіндегі қызметін айғақтайды.

Осылайша, 1-тарауда ұсынылған зерттеу нәтижелері Бекмұрат Уахатовтың тұлғасын жан-жақты танытумен қатар, қазақ фольклортану ғылымының теориялық және практикалық мәселелерін жүйелі түрде шешуге бағытталған ғылыми концепцияның негізін көрсетеді. Оның өмірлік және ғылыми жолы қазіргі заманғы фольклортанушылар мен әдебиет зерттеушілер үшін әдістемелік бағдар ғана емес, ғылыми адалдық пен ұлтқа қызмет етудің жарқын үлгісі болып табылады.

Тарау қорытындысында мынадай ғылыми тұжырымдар жасауға болады: Бекмұрат Уахатов — қазақ фольклортану ғылымының теориялық және әдіснамалық негізін қалыптастырған тұлға; ғалымның фольклорды жинау, жариялау, жүйелеу ісіндегі қызметі заманауи фольклористиканың талаптарына толық сәйкес келеді; фольклорды типологиялық, тарихи-салыстырмалы және поэтикалық тұрғыдан талдау оның зерттеулерінің өзектілігін арттырды; Бекмұрат Уахатовтың ғылыми мұрасы — болашақ фольклортанушылар үшін құнды әдістемелік және теориялық ресурс; ғалымның ғылыми қызметі мен шығармашылық мұрасы қазақ руханиятының ажырамас бөлігі ретінде бағаланады.

Қорыта айтқанда, Бекмұрат Уахатовтың өмірі мен ғылыми жолы қазақ әдебиеттану және фольклортану ғылымының алтын дәуіріндегі терең із қалдырған дара тұлғаның болмысын танытатын, заманауи гуманитарлық ғылым үшін үлгі боларлық тарихи феномен болып қала бермек.

2 Б. УАХАТОВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТҰРМЫС-САЛТ ЖЫРЛАРЫНЫҢ ЖІКТЕЛУІ

2.1 Тұрмыс-салт жырларын тарихи-салыстырмалы аспектіде зерттеу ерекшеліктері

Халық ауыз әдебиетінің даму үрдісінде тарихи-салыстырмалы зерттеу әр уақытта айрықша рөл атқарған. Типология – бұл ғылыми таным жүйесіндегі салыстырмалы талдауға негізделген әдістемелік тәсіл. Ол кез келген құбылысты, мейлі ол табиғат аясында болсын, мейлі қоғамдық өмірде көрінсін, түрлі жүйелер арқылы өзара салыстыру, параллель жүргізу арқылы тануға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл зерттеліп отырған объектінің пайда болу тегін, қалыптасу арналары мен эволюциялық даму динамикасын ашуға бағытталады. Негізгі міндет – құбылыстар арасындағы құрылымдық және қызметтік ұқсастықтарды, сонымен бірге оларды даралайтын ерекшеліктерді айқындау.

Алайда типологиялық талдау тек ұқсастықтарды тізбелеумен шектелмейді. Ол тереңірек, кеңірек ойлауға мүмкіндік береді. Бұл зерттеу бағыты қайталанатын заңдылықтарды ғана емес, сонымен бірге әдеби-эстетикалық тұтастықты негіздейтін ішкі қағидаттарды даанықтауға мүмкіндік береді. Бір қарағанда біртекті көрінетін құбылыстардың өзіндік ерекшелігін ашу арқылы оларды нақты бір типке немесе жанрлық түрге жатқызудың жолдарын ұсынады. Демек, типология – ұқсас құбылыстарды жүйелеудің ғана емес, олардың мағыналық шекарасын да белгілейтін күрделі зерттеу нысанасы.

XX ғасырдың алғашқы кезеңінде қазақ фольклорын жүйелі әрі ғылыми тұрғыдан зерттеу ісі алғаш рет негізделіп, терең бағыт ала бастады. Оның басында Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» [67], М.Әуезовтің «Әдебиет тарихы» [14,б. 240], Халел Досмұхамедұлының «Казахская народная литература» [68], Сәкен Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті» [15,б. 455] еңбектері тұрады. Атамыш еңбектер қазақтың ғұрып фольклорын алғашқы рет жеке сала ретінде жіктеп, ішкі жанрлық түрлерін талдап, терминдік жүйесін саралаған жетекші еңбектер болды.

Ахмет Байтұрсынов ауыз әдебиетін «Әдебиет танытқыш» еңбегінде екі үлкен топқа – «Сауықтама» және «Сарындама» деп бөліп қарастырады. Ғалым ғұрып фольклорын «жұртта келе жатқан салт сарынды сөздер» деп сипаттап, олардың қоғам өміріндегі салт-дәстүрлермен тікелей байланысты көркем туындылар екенін ерекше атап көрсетеді [67,б. 110]. Ахмет Байтұрсынов «Сарындама», яғни ғұрып фольклорын салт сөзі, ғұрып сөзі, қалып сөзі деп үш үлкен топқа бөледі [67,б. 125-142].

Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышынан» кейін көп ұзамай жарық көрген іргелі еңбектердің қатарында Мұхтар Әуезовтің «Әдебиет тарихы» атты кітабы айрықша орын алады [14,б. 240]. Бұл еңбектің бірінші тарауы салттық фольклор мәселелеріне арнайы тоқталып, ғұрыптық жырлардың табиғатын ғылыми тұрғыдан талдауға бағытталған.

Мұхтар Әуезов өзінің «Әдебиет тарихы» еңбегінде қазақ фольклорын мазмұндық әрі жанрлық тұрғыда алты салаға жіктейді [14,б. 240]. Солардың алғашқысын ол «Сыршылдық салт өлеңдері» деп атайды. Еңбекте ұсынылған

материалдарға көз жүгіртсек, ғалым «сыршылдық» ұғымын бүгінгі әдебиеттанудағы «лирика» терминінің баламасы ретінде қолданғаны байқалады. Ал «салт» сөзі бұл контексте «ғұрып» ұғымын алмастырып тұр, яғни қазіргі қолданыстағы «ғұрып фольклоры» («тұрмыс-салт жырлары») түсінігімен үндес. Демек, Мұхтар Әуезов бұл тарауда, кеңірек алғанда, фольклор түрлерін жүйелеуге тырысқан. Ол «Сыршылдық салт өлеңдерін» мазмұны мен қызметіне қарай үш топқа бөледі: ел салтындағы шер өлеңдері, дінмен байланысты өлеңдер, қыз ұзату үстіндегі салт өлеңдері. Осы арқылы Мұхтар Әуезов фольклорлық мәтіндердің әлеуметтік, ритуалдық және эмоциялық қызметтерін айқындап, оларды құрылымы мен мазмұнына сай ғылыми негізде талдаудың алғашқы қадамын жасаған.

Қазақ фольклортану ғылымында ұзақ уақыт бойы түрлі тарихи-саяси себептерге байланысты назардан тыс қалып, зерттеушілер тарапынан аталмай келген аса құнды еңбектердің бірі – Халел Досмұхамедұлының «Казахская народная литература» атты шағын очеркі. Аталмыш еңбекті ғалым қазақ халық әдебиетін қырық бес жыл бойы жинастырған Ә.Диваевқа арнайды [68,б. 94-123]. Ғалымның басты мақсаты қазақ халық әдебиетінің жалпы табиғатын көрсету, қысқаша жанрлық сарасын жасау, әр бөлімнің мазмұнын көрсетіп, шығу тегін анықтау, қазақ және орыс тілдеріндегі беру болды. Қазақ фольклорының жалпы сипаты «Халық әдебиетінің мазмұны» («Содержание народной литературы») деп аталатын екінші бөлімде баяндалған. «Қазақ халық әдебиетінің сарасы» («Классификация казахской народной литературы») атты үшінші тарауда ғалым қазақ халық әдебиетін 46 жанрға жіктеп санамалап көрсетеді [68,б. 118-119].

Қазақ фольклортану ғылымындағы келесі бір елеулі белес – 1932 жылы жарық көрген Сәкен Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті» атты зерттеуі [15,б. 455]. Сәкен Сейфуллин өзінің «Қазақ әдебиеті» атты зерттеу еңбегінде қазақтың ауыз әдебиетін жеті негізгі тарауға бөліп жүйелейді. Солардың ішінде ғұрыптық фольклорға қатысты материалдарды екі арнайы тарауда қарастырады: бірі - «Салт өлең жырлары», екіншісі - «Ескілікті дін салтынан туған өлең-жырлар». Бұл тарауларда ғалым тұрмыс-салт жырларының мазмұнын, құрылымын, қоғамдық қызметін ашып көрсетіп, олардың халық өміріндегі орнына ерекше назар аударады.

1948 жылы жарық көрген «Қазақ әдебиеті тарихының» «Салт өлеңдері» бөлімін жазған Бейсенбай Кенжебаев өзінен бұрынғы екі ірі ғалым – Мұхтар Әуезов пен Сәкен Сейфуллиннің жіктеу тәсілдерін негізге ала отырып, оларға белгілі дәрежеде өзгерістер енгізеді. Сәкен Сейфуллиннің «Мал туралы, қадірлі жануарлар туралы әңгіме, өлең, күй жырлар» деген тарауын Бейсенбай Кенжебаев салттық өлеңдер құрамына қосып, мазмұндық шеңберін кеңейтеді. Сонымен бірге, Мұхтар Әуезовтің үлгісін ұстана отырып, «дін салт өлеңдері», «мұң-шер өлеңдері» және «үйлену салт өлеңдері» секілді топтарды жеке-жеке бөліп көрсетеді. Нәтижесінде салт өлеңдерін төрт жанрлық тармаққа жіктейді: наурыз жырлары; бақсы сарыны; бәдік, арбау, жалбарыну үлгілері; жарамазан және жарамазанның батасы [16,б. 41-44].

Араға он жылдан астам уақыт салып, 1960 жылы жарық көрген «Қазақ әдебиеті тарихының» екінші томында ғалым М. Сильченко тұрмыс-салт жырларына арналған бөлімді жаңаша ғылыми интерпретациямен толықтырды. Бұл еңбекте фольклорлық өлеңдер жанрлық-типологиялық тұрғыда жүйеленіп, әрбір топ мазмұндық және функционалдық ерекшеліктеріне сай жіктеледі. Автор ұсынған классификациялық модель қазақ тұрмыс-салт фольклорының ішкі құрылымын терең пайымдауға, әрі оны мәдени-әлеуметтік контексте қарастыруға мүмкіндік береді. М. Сильченко фольклорлық өлеңдерді төмендегідей алты бағытқа бөліп қарастырады: 1) Тұрмыс-салт өлеңдері – бұл топқа еңбек, табиғат құбылыстары мен маусымдық өзгерістерге байланысты қалыптасқан өлеңдер жатады; 2) Діни ұғымдарға қатысты өлеңдер – құрамына жарамазан, арбау, бақсы сарыны, бәдік сияқты наным-сенімге негізделген поэтикалық үлгілер кіреді; 3) Үйлену салтындағы жырлар – бұл топ жар-жар, сыңсу, беташар, тойбастар секілді ритуалдық функция атқаратын өлеңдермен сипатталады; 4) Мұң-шерге толы өлеңдер – естірту, қоштасу, жоқтау, көңіл айту өлеңдері адамның ішкі жан дүниесін бейнелеумен қатар, ұжымдық қайғыны көркем түрде жеткізеді; 5) Ән өлеңдер – музыкалық формамен тығыз байланыстағы, лирикалық мазмұндағы шығармалар; 6) Өтірік өлеңдер – балалар фольклорына тән, ойдан құрастырылған әрі ойын-сауықтық сипатқа ие мәтіндер [17,б. 91]. М. Сильченконың бұл жіктеуі қазақ фольклортануының әдістемелік аясын кеңейтіп қана қоймай, фольклорлық мәтіндерді жанрлық тұрғыдан тереңірек түсінуге мүмкіндік беретін үлгі ретінде қабылданды. Оның ұсынған модельдері кейінгі зерттеушілер үшін ғылыми тірекке айналып, фольклорды типологиялық саралаудың маңызды кезеңіне жол ашты.

Аталған ізашар сипаттағы ғылыми-зерттеулер тұрмыс-салт жырларының мазмұндық құрылымын, композициялық ерекшеліктерін және ритуалдық-функционалдық қызметін жан-жақты саралап, олардың ішкі типологиялық жіктелуінің ғылыми негіздерін қалыптастырды. Осы бағыттағы академиялық дәстүрді жүйелі жалғастырып қана қоймай, оны теориялық және методологиялық тұрғыда жаңа сатыға көтере алған көрнекті фольклортанушы Бекмұрат Уахатов болды.

Қазақ фольклортану ғылымындағы маңызды бағыттардың бірі – тұрмыс-салт жырларын тарихи-салыстырмалы аспектіде зерделеу болып табылады. Бұл әдіснамалық бағдар тұрмыс-салт жырларының ішкі поэтикалық құрылымын, мазмұндық формаларын, образдық жүйесін, символдық мәнін кең көлемде тануға мүмкіндік береді. Аталмыш бағыттағы зерттеу еңбектердің ішінен Бекмұрат Уахатовтың «Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы» атты зерттеу еңбегі айрықша орын алады [50,б. 158].

Фольклортанушы ғалым Бекмұрат Уахатов өз еңбегінде тарихи-салыстырмалы әдістің теориялық-методологиялық негіздерін кеңінен талдай отырып, қазақтың тұрмыс-салт жырларын туыстас түркі халықтарының фольклорлық мұрасымен қатар қойып, типологиялық ұқсастықтары мен айырмашылықтарын нақты мысалдар арқылы дәлелдейді. Ғалым бұл бағыттағы ізденістерінің түп негізін былайша тұжырымдайды: «Тұрмыс-салт өлеңдерін бұрын сөз болмаған жаңа методология тұрғысынан талдап, ой жүгірту, өлең

жанрына тән ортақ заңдылықтар мен ерекшеліктерді ашып, ажырату – біздің зерттеуіміздің басты мақсаты» [69].

Бекмұрат Уахатовтың бұл ғылыми ұстанымы орыс фольклортанушысы В.Я. Пропптың «Русский героический эпос» атты еңбегіндегі ғылыми тұжырымымен үндес. В.Я. Пропп фольклорды тарихи даму контексінде қарау қажет екенін дәлелдеген еді [9,с. 603]. Ғалым Бекмұрат Уахатов та осы бағытпен қазақ тұрмыс-салт жырларындағы символдық бейнелердің тарихи-этникалық негіздерін тереңінен қарастырды.

Ғалым Бекмұрат Уахатовтың пайымдауынша түркі-монғол тектес халықтардың фольклорлық ортақтықтарын түсіну үшін мәселені олардың тарихи тағдыры мен мәдени өзара ықпалдастығы тұрғысынан қарастыру қажет [50,б. 11]. Бұл халықтардың дәстүрлі дүниетанымы, тұрмыс салты мен әдет-ғұрпы – бәрі де өзара ұзақ уақытқа созылған байланыстардың жемісі. Сол себепті, фольклорлық ұқсастықтар кездейсоқ құбылыс емес. Керісінше, олар көне этномәдени қатынастардың, тұрмыстық ортақтық пен тілдік туыстықтың табиғи нәтижесі ретінде көрініс табады. Әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі мен мифологиялық образдардың ортақтығы да осы тұжырымды қуаттай түседі. Демек, бүгінгі фольклор мұраларындағы сәйкестіктерді ұғыну үшін, ең алдымен, олардың тарихи тамырларына үңілу қажет. Осы ретте фольклортанушы ғалым Бекмұрат Уахатов «Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы» атты еңбегінде кез келген фольклорлық мұраларды тарихи-салыстырмалы аспектіде зерттеу үшін ұлт тарихына кеңінен көңіл бөлген.

Ғалым Бекмұрат Уахатов қазақ пен қарақалпақ халықтарының ежелгі заманнан келе жатқан тарихи, туыстық байланысының түп төркіні жоңғар шапқыншылығы кезеңдерден басталатынын дәлелдеген [50,б. 15-17]. Ақ Жайық пен Еділ өзендерінің бойы — көне дәуірлерден бері қазақ, қарақалпақ, татар мен башқұрт сынды түркі халықтарының түпкі мекені саналған. Бұл өңірлер тек географиялық аймақ қана емес, сонымен қатар осы халықтардың тарихи жадында, рухани мәдениетінде ерекше орын алатын киелі кеңістік ретінде қалыптасқан. Осы себептен Еділ образы аталған этностардың ауыз әдебиетінде жиі кездесетін әрі терең мағынаға ие көне ұғымдардың біріне айналған.

Мысалы, қарақалпақтар:

Еділ қайда, ел қайда,

Еділге жетер күн қайда?!»,

Едилдің қара суйлары,

Абыржырмекен сууықта.

Қияға кеткен жалғызым,

Айланармекен жууықта? [70] –

десе, татарлар:

Ағыйделнең арьягында,

Күгәреп торған тау микән?

Ағыйделнең арьягында,

Печән чаптым бер үзем, [71] – деп жырлайды. Ақ Еділ башқұрт халық ырларының негізгі лейтмотиві:

Ағизелдең буйында ак көш булып һағындым;
Сәғәте ай, айы йылдай – шул кәзәре һағындым.

Ағизелкәй һыуын ай буйлатып,

Қыр каззлары оса тезелеп, [72] – дейді бір кезде Ноғайлы хандығының құрамында болған башқұрттар.

XV ғасырда Ақ Орда мен Ноғайлы хандығының ыдырауы салдарынан әр ру мен ұлыстың дербес көшуі «Ноғай-қазақ айырылысы» халық жадында өшпес із қалдырды. Осы тарихи оқиғаның көркем бейнесін «Орманбет бидің толғауы» тәрізді фольклорлық туынды айқын танытады. Бұл шығарма қазақ арасында қалай тараса, ноғай мен қарақалпақ қауымында да сол мәтіндік құрылым негізінен сақталған. Мәтіннің поэтикалық өзегі ортақ халықтық қайғыны бейнелейді:

Жылау-жылау, жылау күй,
Жылаған зарлы мынау күй...

Арту-арту таулардан,

Аса көшті көп ноғай.

Еділ менен Жайықтан,

Жабыла көшті көп ноғай [73].

Бұл жолдар – тарихи көштің ауыр салмағын, этностық қауымдастықтардың тағдырлы бөлінуін символдық әрі эмоционалдық деңгейде бейнелейтін шынайы поэтикалық шежіре. Шығармадағы метафоралар мен ырғақтық өрнектер көшпелі халықтардың дүниетанымы мен тарихи есінің көрінісі ретінде ерекше құндылыққа ие.

Осылайша Бекмұрат Уахатов ауыз әдебиетінің ескілікті көне дәуірлерінен келе жатқан шағын түрлері салт өлеңдерімен қоса Қорқыт аңызы, Асан қайғы, Сыпыра жырау, Жиренше шешен, Алдар көсе, Ер Төстік, Ер Көкше, Қамбар, Алпамыс жырлары түркі тілдес халықтардың көбінен ұшырасатынын, қыпшақ пен оғыздар арасынан шыққан ортақ мұра екенін дәлелдейді.

Қазақ ауыз әдебиетіндегі өлең-жырлар құрылымы – халық тілінің фонетикалық жүйесімен, соның ішінде дауысты дыбыстардың дыбысталуы мен үндестік заңдылықтарымен терең байланыста дамыған поэтикалық құбылыс. Өлең ырғағы мен метрикалық өлшемнің халық сөйлеу тіліндегі вокализмдер жүйесіне сәйкестігі фольклорлық поэзияның табиғи қалыптасуының бір дәлелі. Бұл тұжырымды нақтылау мақсатында Орхон-Енисей жазбаларының өлеңдік құрылымын талдау архаикалық поэтиканың ырғақтық және фонетикалық ұйымдасуын түсіндірудің маңызды тәсілі бола алады.

Әсіресе батырлық эпос үлгілерінде бұл поэтикалық-дыбыстық сәйкестік айқын байқалады. Мұндай мәтіндердегі ритм мен өлшем құрылымы – халық тілінің интонациялық табиғатына негізделіп, өлеңнің әуезділігі мен дыбыстық үйлесімін қамтамасыз етеді. Осы үндестік арқылы өлең тек ақпараттық мәнге ғана емес, сонымен қатар эстетикалық-эмоционалдық жүкке де ие болады. Бұл

жайттар фольклорлық поэзияның халық мәдениетіндегі көркемдік маңызын айғақтайды.

Қазақ халық өлеңдерінің жанрлық жіктелімі мен тақырыптық аясы, жырлану құрылымы мен көркемдік ұйымдасуы олардың тарихи қалыптасуы мен функционалдық ерекшеліктерін саралауда маңызды көрсеткіштер болып табылады. Осы ретте көне түркі поэзиясының генезисін зерттеу, әсіресе силлабикалық принциптің поэтикалық құрылымдағы рөлін пайымдау өлең табиғатының эволюциялық үдерісін түсіндірудің негізі ретінде қарастырылады. Бұл тұрғыда фольклортанушы Бекмұрат Уахатов фольклорлық өлеңдерді жазба әдебиетпен қарсы қоймай, керісінше, олардың арасындағы өзара ықпалдастықты, формалық және мазмұндық ерекшеліктерді салыстыра қарастыру қажеттігін алға тартты.

Бекмұрат Уахатовтың классификациялық жіктеуінде өлең-жырлардың екі түрлі типі анықталады. Бірінші тип – көне түркі поэзиясының аллитерациялық негіздегі жазба үлгілерін қамтитын жүйе, бұл поэзияның құрылымдық канондарының өзгеру үдерісін сипаттайды. Ал екінші тип – ауызша дәстүрде өмір сүрген фольклорлық өлең-жырлардың көркемдік табиғатын танытуға бағытталған құрылымдық модель. Осы екі бағытты қатар қарастыру — фольклор мен жазба поэзия арасындағы поэтикалық сабақтастық пен формалық трансформацияны пайымдауға мүмкіндік береді.

Түркі халықтарының поэтикалық мұрасын типологиялық және салыстырмалы-тарихи негізде зерттеу — бүгінгі фольклортану ғылымының стратегиялық басымдықтарының бірі. Бұл бағыт тек әдеби-ғылыми мақсаттарға ғана емес, сонымен бірге рухани-мәдени тұтастықты жаңғырту, ұлттар арасындағы тарихи-мәдени байланысты зерделеу секілді ауқымды міндеттерді де көздейді. Түркі халықтарының ертегілік емес прозасын, мифтері мен эпсаналарын, хикаялық құрылымын кешенді талдау — бұл халықтар фольклорының жеке-дара емес, өзара интеграциялық процесс аясында дамығанын дәлелдейді. Осы орайда, фольклортану ғылымының ғылыми шеңберін кеңейту мақсатында түркітану аясында жүргізілетін компаративистік зерттеулер — теориялық жағынан аса құнды бағыт болып табылады. XIX ғасыр бұл салада айрықша жемісті кезең болды: саяхатшылар мен ғалым-зерттеушілердің жинаушылық және жариялау ісіндегі белсенділігі түркі халықтарының фольклорлық мұрасын ғылыми айналымға енгізуге зор серпін берді. Олар ауызша шығармаларды этнографиялық және тарихи дереккөз ретінде қабылдап, сол қоғамның дүниетанымдық құрылымын тануға ұмтылды. Сөйтіп, фольклорлық мәтіндер — тек өткеннің көркем мұрасы ғана емес, сонымен қатар қазіргі рухани тәжірибенің, болашақ мәдени бағдардың да анық айнасы. Бұл мұраны ғылыми тұрғыдан қайта жаңғырту — ұлттың рухани жадын сақтаудың және мәдени сабақтастықты нығайтудың маңызды шарты. Сондықтан да фольклор – уақыттан тыс құндылық, ол — тарихтың, мәдениеттің және ұлттық бірегейліктің көркем коды.

Фольклорлық мұралар, атап айтқанда, жекелеген сюжеттер мен образдар, халықтар арасында бір елден екінші елге ауысып, жаңа тарихи-мәдени кеңістікте өзгеше өң алып, сол жердің табиғи болмысына бейімделіп, жаңа

сипатта қайта түлеп жатады. Бұл — ауыз әдебиетінің кеңістіктік-уақыттық өзгерістерге икемді бейімделетіндігінің бір көрінісі. Мұндай трансформация үдерісі әсіресе тұрмыс-салт өлеңдерінде айқын байқалады. Егер екі не одан да көп халықтың салттық поэзиясынан құрылымы немесе мазмұны ұқсас үлгілер байқалса, онда бұл жәй кездейсоқтық емес. Керісінше, бұл ұқсастық — тарихи-экономикалық жағдайлар мен қоғамдық өмір салтының ортақтығын, әдет-ғұрыптық жүйелердің, жол-жоралардың ұқсастығын көрсететін маңызды мәдени индикатор болып табылады.

Түркі-монғол этностарын қарастырғанда, алдымен екі ірі мәдени-географиялық аймақ назарға ілігеді. Оның алғашқысы — Тува (ұранхайлар), Хакас, Алтай, Якут (саха), Шор, Бурят секілді Сібір мен Моңғолияға жақын орналасқан халықтар тобы болса, екінші бағытты Орталық Азия кеңістігінде шоғырланған қазақ, қырғыз, қарақалпақ, өзбек, татар, башқұрт, ноғай, қарашай, түрікмен сынды халықтардың фольклорлық мұрасы құрайды. Осы қос тармақты этно-мәдени жүйе бірігіп, барша түркі-монғол тілдік-мәдени кеңістігінің тұтас панорамасын құрайды.

Көне замандардан бері Орталық Азияны қоныстанған бұл халықтардың ата-бабалары бір географиялық ортада тіршілік етіп, тарихи тағдырлас болғаны мәлім. Тұрмыстық, рухани, тіпті шаруашылық қарым-қатынастары да ғасырлар бойы сабақтасып, тығыз байланыста дамыған. Бұл туыстық желі уақыт өткен сайын әлсіреген жоқ, керісінше, кеңестік кезеңде интернационализм идеологиясы аясында бұл байланыстардың нығая түскенін байқауға болады.

Осы себепті де түркі-монғол халықтарының тілдік жақындығы мен тарихи-мәдени тағдырластығы — олардың фольклорын типологиялық салыстыруға кең өріс ашады. Атап айтқанда, әр халықтың мифологиялық негіздері, эпикалық формалары, рәміздік бейнелері мен образдары, сондай-ақ көркемдік-стилистикалық тәсілдері өзара тығыз байланысып жатыр. Түркі-монғол фольклоры мен әдебиетінің арақатынасын, өзара ықпал арналары мен әсер алмасу формаларын зерттеу — кеңес дәуірінде фольклортанудың өзекті бағыттарының бірі болды.

Бұл ретте Бекмұрат Уахатов тақырыптық-мазмұндық үндестіктерді, композициялық құрылымдағы ұқсастықтарды, сондай-ақ басты кейіпкерлердің генетикалық тектестігін анықтау ғылыми ізденістің маңызды бағыттарының бірі ретінде қарастырды. Ол сонымен қатар эпитеттер мен теңеулер жүйесіндегі параллелизм, ұқсас бейнелеу тәсілдері мен лексикалық дәлдіктерді салыстырмалы талдау арқылы фольклортану ғылымының әлі де терең зерттеуді қажет ететін тың салаларының қатарында екенін айқындады.

Салыстырмалы-типологиялық тәсіл тек халық өлеңдерінің түркі тілдес халықтарға ортақ белгілерін анықтаумен шектелмейді. Бұл әдіс, сонымен қатар, әрбір халықтың дара поэтикалық болмысын, ұлттық реңкі мен фольклорлық көркемдік жүйесін танып-білуге мүмкіндік беретін тиімді әдістемелік бағыт ретінде ерекшеленеді.

Анығырақ айтсақ, ғалым халықтық поэзияны жанрлық құрылымына қарай талдай отырып, фольклорлық мәтіндердегі көркемдік параллельдер мен бейнелеу құралдарын жіктеу арқылы олардың мазмұндық-мағыналық

тереңдігін ашуға ден қойды. Әсіресе, теңеу, салыстыру, метафора сынды тұрақты троптарды жүйелі саралау арқылы халық ауыз әдебиеті үлгілерінің көркемдік құндылығын айқындауға жол ашты.

Тарихи-салыстырмалы әдістің теориялық негіздерін қалыптастыру және оны дербес пәндік-методологиялық жүйе деңгейіне көтеру ісінде В.М. Жирмунскийдің ғылыми еңбегі айрықша мәнге ие. Ғалымның «Славян халықтарының эпикалық шығармашылығы және эпосты зерттеудің салыстырмалы проблемалары» атты еңбегі осы бағыттағы теориялық-методологиялық ізденістердің биік үлгісі ретінде бағаланады. Бұл еңбекте В.М. Жирмунский тарихи-салыстырмалы зерттеу әдісін төрт басты аспекті бойынша жіктеп көрсетеді: біріншіден, жай салыстыру; екіншіден, тарихи-генетикалық, яғни туыстық негіздегі салыстыру; үшіншіден, мәдени өзара ықпалдастыққа сүйенген салыстыру және соңғысы – тарихи-типологиялық тәсіл. Әрқайсысының мазмұны мен қолданылу ауқымы – фольклортану саласында кеңінен қолданылатын әмбебап әдістер жүйесін құрайды [74,75].

Бұл тұрғыда Бекмұрат Уахатов аталған салыстыру түрлері бұрынғы миграциялық теорияларға негізделген көзқарастарға мүлде қайшы келетінін айтады. Ғалымның пікірінше, бұл тәсілдер адамзат қоғамының тарихи-әлеуметтік даму заңдылықтарына сүйенеді. Себебі әдебиет пен фольклор – тек көркем шығармашылықтың туындысы ғана емес, сонымен қатар идеологиялық қондырманың бір бөлшегі ретінде белгілі бір қоғамдық-әлеуметтік формацияның рухани көрінісін бейнелейтін күрделі мәдени феномені деп санайды.

Осы тұрғыдан алғанда, біздің ойымызша, фольклорлық немесе әдеби аналогиялар – қоғам дамуының ұқсас сатысында пайда болатын, тарихи түрде шарттасқан идеялық-көркем құбылыстардың заңды нәтижесі. Олар бір-бірінен тәуелсіз дамығанымен, ортақ әлеуметтік негізге сүйене отырып, ұқсас формалар мен мазмұндық құрылымдарды дүниеге әкеледі. Қысқаша түйіндесек, адамзат қоғамының біртекті тарихи даму кезеңінде қалыптасқан этностардың өмір салтын, тұрмыс ерекшеліктерін, әдет-ғұрпы мен психологиялық бейімін салыстыра зерттеу қаншалықты маңызды болса, әдебиет пен фольклор саласындағы мазмұндық және көркемдік ұқсастықтарды талдау да соншалықты мәнді әрі өзекті ғылыми міндет болып табылады.

Түркі халықтарының тілдік тарихын зерттеуге арналған ғылыми еңбектер түркі фольклорының тарихи-генетикалық негіздерін анықтауда айрықша маңызға ие дереккөздер қатарына жатады. Бұл еңбектер тілдік эволюция мен этномәдени процестердің сабақтастығын ашуға мүмкіндік беріп, фольклорлық материалдарды тарихи-кешенді тұрғыдан пайымдауға кең өріс ашады. Осы ретте Бекмұрат Уахатов тіл білімінің өкілдері мен фольклортану саласының зерттеушілері үшін тарихи-салыстырмалы әдіснаманы бірлесе қолдану тиімді екенін айтады. Себебі бұл бағыт тек лингвистикалық немесе әдеби-мәдени шеңберде ғана емес, сонымен қатар тарих, этнография сынды іргелес гуманитарлық ғылым салаларында да жүйелі түрде қолданыла бастағаны жөнінде өз еңбегінде дәлелдейді [50,б. 24].

Бекмұрат Уахатов отандық және шетел ғалымдарының тарихи-салыстырамалы зерттеудің аспектілерін қарастыра отырып, төмендегідей қорытындыға келеді: «Бірінші, жай салыстыру. Бұл ұлттық немесе локальдік шеңберде – мысалы, Жетісу, иә Сыр бойынан жиналған халық творчествосының материалдарына негізделіп жасалған салыстырулар. Мұнда белгілі бір эпостың, иә ертегінің әртүрлі нұсқалары болса, соларды бір-бірімен салыстыру, олардың өз арасындағы айырым-ұқсастықтарды ажыратып, анықтау басты мақсат болып табылады. Мұндай зерттеулер де, әрине, белгілі бір теориялық, методикалық мақсатты көздейді. Ал зерттеуші әр уақыт халық шығармашылығының табиғатын, оның өзіндік ерекшелігі мен эстетикалық сипатын, көп варианттылық деген сияқты фольклордың жалпыға ортақ түсініктерін басшылыққа алып отырады.

Салыстырмалы зерттеудің бұл түрі қазақ фольклортану тәжірибесінде көптен бар. Мысалы, профессор М. Ғабдуллин Қобыланды жырының нұсқасын, Т. Сыдықов Алпамыс үлгісін, Н.С. Смирнова Қыз Жібек пен Қамбардың вариантын, Ы. Дүйсенбаев Қозы Көрпеш – Баян сұлу жырының вариантын салыстырып, көптеген еңбектер жазды. Ал мұның сыртында жекелеген жанрларға арналған зерттеулер мен ақындық, жыршы-жыраулық өнер турасындағы еңбектерде, әсіресе, қазақ ертегілері мен өлеңдері, шешендік сөздер мен айтыстарға байланысты жазылған кітаптарда бұл үнемі қолданылып келе жатқан тәсіл. Мұнда бір ақын мен бір ақынды, бір шығарма мен бір шығарманы салыстырып, образ бен оқиға ұқсастығын тауып дәлелдеу, соған көз жеткізу негізгі мақсат болып табылады» [50, б. 25-26].

Осылайша салыстырмалы зерттеу әдісі – қазақ фольклортану ғылымында өзіндік орны бар, белгілі бір дәрежеде қалыптасқан зерттеу дәстүрі ретінде бағалануға әбден лайық. Бұл тәсілдің қолданылуы мен ғылыми практикада орнығуы отандық фольклористиканың дамуындағы маңызды бағыттардың біріне айналғанын көрсетеді.

Сондай-ақ Бекмұрат Уахатов салыстырмалы зерттеудің қалған үш түрінде тек әдеби ұқсастықтарды жай ғана анықтап, сипаттаумен шектелмей, керісінше, сол ұқсастықтардың түп-төркінін, пайда болу себептері мен тарихи-мәдени негіздерін тереңінен зерделеу керектігін басып айтады. Мұндай талдауларда ұқсас элементтердің туыстық тегіне қатысты генетикалық факторлар, сонымен қатар қоғамдық-әлеуметтік ортада қалыптасқан мәдени типология мен тарихи сабақтастық мәселелері арнайы қарастырылады. Демек, бұл типтегі салыстырулар таза сипаттамалық әдістен әлдеқайда жоғары деңгейде жүзеге асады.

Зерттеуші тек фактіні тіркеп қана қоймай, оның артында жатқан теориялық және тарихи контексті ашуға, әдеби және фольклорлық параллельдердің ішкі мәндік бірлігін негіздеуге ұмтылады. Осы себепті мұндай салыстырулар белгілі бір ғылыми бағыт пен алғышартқа сүйеніп, алдын ала айқындалған зерттеу әдістемесі аясында жүйелі түрде жүргізіледі.

Фольклортанушы ғалым Бекмұрат Уахатов халық ауыз әдебиетінің материалдарына тарихи-салыстырмалы аспектіде зерттеу жүргізуде төмендегідей қорытындыға келеді:

- Салыстырмалы зерттеуде фольклорлық материалдар тек формалды-эмпирикалық жолмен емес, тарихи-әлеуметтік контекстте қарастырылуы тиіс;
- Образ, сюжет немесе мәтіннің қай дәуірге тән екенін анықтау — зерттеудің негізгі алғышарттарының бірі;
- Туындыны дүниеге әкелген тарихи орта мен қоғамдық жағдайлар міндетті түрде ескерілуі керек;
- Типологиялық ұқсастықтарды тек миграциямен түсіндіру — ғылыми дәлдікке сай келмейтін, біржақты көзқарас болып табылады;
- Ұқсастықтардың негізінде халықтардың қоғамдық дамуының ортақ заңдылықтары мен фольклорлық шығармашылықтың ішкі логикасында байланыс болады.

Осыған орай филология ғылымдарының докторы Бекмұрат Уахатов тарихи-типологиялық зерттеу — қоғамдық дамудың нақты бір сатысында қалыптасқан ұқсастықтарды, генетикалық жағынан байланыссыз көріністермен салыстырып талдауды білдіреді деп пайымдайды.

Еншеде, бұл әдіс мұндай ұқсастықтардың формалды сипаттамаларын айқындап қана қоймай, екінші жағынан олардың туындау себептері мен тарихи контекстін терең зерттеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ Бекмұрат Уахатов жинастырған фольклорлық үлгілерді зерттеуде осы әдісті ұстанғанын көруге болады.

Фольклор тарихында генетикалық тұрғыдан туыстық байланысы жоқ, этногенетикалық тамырластық байқалмайтын халықтардың өзінде ұқсас сюжеттер, образдар, мазмұндық элементтер мен поэтикалық құрылымдар жиі кездесетіндігі белгілі. Бұл — ауыз әдебиетінің типологиялық заңдылықтарының көрінісі. Мысалы, қазақ халқының арбау-байлау өлеңдері кей жағдайларда Жаңа Гвинеяның жабайы тайпалары немесе Оңтүстік Американың байырғы үндіс халықтарының арбау-байлау өлеңдерімен белгілі бір ұқсастыққа ие. Бұл ұқсастықтың түп негізін мәдени алмасудан іздеу жеткіліксіз. Мұндай құбылыстар, ең алдымен, тарихи-қоғамдық дамудың біртектес сатыларында пайда болатын ортақ рухани қажеттіліктерден туындайды.

Сол сияқты үйлену тойына, жерлеу рәсіміне немесе басқа да өмірлік маңызды салт-дәстүрлерге байланысты туындаған өлеңдер мен фольклорлық үлгілер дүниежүзі халықтарының басым бөлігінде кездеседі. Олардың орындалу формасы, музыкалық өңделуі немесе мәтіндік құрылымы әртүрлі болуы мүмкін. Алайда тақырыптық желі, мазмұн мен негізгі мотивтер деңгейінде елеулі ұқсастықтар байқалады.

Олай болса, бұл тәрізді фольклорлық параллельдерді тек кездейсоқтықпен немесе көші-қон үдерістерімен түсіндіру жеткіліксіз. Мұндағы басты мәселе — халықтық шығармашылықтың дүниетанымдық негіздерінде, қоғамдық-әлеуметтік процестердің типтік сипатына сай қалыптасқан ортақ заңдылықтарда жатыр. Дәл осы типтегі құбылыстарды зерттеудің ең тиімді жолдарының бірі — тарихи-типологиялық салыстырмалы әдіс. Бұл әдіс халықтардың фольклорындағы құрылымдық және мазмұндық ұқсастықтарды

жүйелі түрде анықтап, оларды жалпылама мәдени-тарихи үдерістер контекстінде түсіндіруге мүмкіндік береді.

Фольклорлық жанрлар ішінде тарихи-генетикалық туыстық тұрғысынан ең көп салыстырылып, жан-жақты зерттелген сала – эпос. Эпикалық мұраның құрылымдық тұтастығы мен поэтикалық ерекшеліктері бұл жанрды түрлі халықтардың фольклорында типологиялық тұрғыда қатар қоюға кең мүмкіндік береді. Осыған байланысты эпос жанрын салыстырмалы-тарихи аспектіде қарастыру отандық және шетелдік фольклортану ғылымында айтарлықтай дамыған бағыт ретінде қалыптасты. Сонымен қатар ертегі жанры да зерттеу нысаны ретінде назардан тыс қалмағаны байқалады. Бұл саладағы ғылыми еңбектер де өз нәтижесін берген. Алайда салыстырмалы зерттеу шеңберінен тыс қалып келе жатқан фольклорлық жанрлар да бар. Атап айтқанда, мақал-мәтелдер, толғаулар мен термелер, аңыздық сипаттағы әңгімелер, сондай-ақ тұрмыс-салт жырлары ғалым Бекмұрат Уахатовтың зерттеу уақытында жүйелі типологиялық талдаудың объектісіне сирек, тіпті кейбіреулері қарастырылмаған жанрлар қатарында болды.

Зерттеушілер назары көбінесе көлемді, құрылымы күрделі эпикалық формаларға аударылғанымен, шағын жанрлық үлгілердің де фольклорлық дәстүрдегі орны мен маңызы төмен болған жоқ. Сондықтан бұл жанрларды да тарихи-типологиялық әдіснама негізінде терең әрі кешенді түрде зерттеу фольклортанудағы өзекті бағыттардың бірі болды.

Ғалым Бекмұрат Уахатов: «Ауыз әдебиетінің өзге жанрлары секілді тұрмыс-салт жырларының да өзіндік ерекшеліктері бар. Сондықтан болар, өлең жанры өткендегі компаративистердің де, миграционистердің де назарына көп іліге қоймаған. Міне, сол себепті халық өлеңдерінің тақырып, мазмұн, сюжет ұқсастықтарын салыстырып, композициялық құрылысындағы бірыңғайлықты, образ, көркемдік бейнелеу құралдарындағы ортақ тұстарды тарихи-генетикалық тұрғыдан зерттеу бүгінгі фольклортану ғылымының қолға алуға тиісті мәселелерінің бірі», - деп айтады [50,б. 33]. Осы ретте Бекмұрат Уахатов «Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы» атты еңбегінде халықтық поэзияның типологиялық мүмкіндіктерін ашуға ықпал етсе, екінші жағынан, фольклорлық сананың ортақ архетиптік негіздерін анықтауға жол ашты.

Аталмыш еңбекте Бекмұрат Уахатов тұрмыс-салт өлеңдері — кейбір ішкі құрылымдық айырмашылықтарына қарамастан, барша түркі халықтары фольклорында кездесетін ортақ поэтикалық жанрлардың бірі екенін атап өтеді. Бұл жанрдың кең таралуы оның мазмұндық-мағыналық ұқсастығымен ғана емес, сонымен бірге тақырыптық желі, сюжет құралу тәсілі, образдық жүйе тұрғысынан да белгілі бір деңгейдегі үндестікпен сипатталатынын көрсетеді. Яғни, бұл өлеңдерде ортақ мотивтер мен символдық құрылымдар байқалады.

Алайда осы ұқсастықтарға қарап, барлық түркі тілдес халықтардың тұрмыс-салт поэзиясын біртұтас әрі бірегей құбылыс ретінде қарастыру ғылыми тұрғыда негізсіз болар еді. Себебі әрбір этностың өзіндік шаруашылық жүйесі, өмір салты, дүниетанымы, психологиялық мінез-құлық ерекшеліктері мен дәстүрлі мәдени коды — олардың фольклорлық үлгілеріне тікелей ықпал

етеді. Сәйкесінше өлеңдердің көркемдік өрнегі мен ұлттық бояуы да әртүрлі сипатта көрініс табады.

Осыған байланысты, тұрмыс-салт жырларының түркі халықтарына ортақ типологиялық белгілерін анықтаумен қатар, олардың арасындағы ұлттық ерекшеліктерді де салыстыра отырып талдау өткен ғасырдың 60-80 жылдардағы фольклортану ғылымы үшін өзекті міндеттердің бірі болды. Мұндай салыстырмалы зерттеулер теориялық және әдіснамалық тұрғыдан бірқатар маңызды мәселелерді шешуге, сонымен қатар фольклордағы этномәдени әртүрлілікті терең түсінуге айтарлықтай үлес қосты.

Ғалым өз зерттеуінде түркі халықтарының тұрмыс-салт жырларындағы мазмұндық және тақырыптық ұқсастықтар, әсіресе адам еңбегіне байланысты туындаған поэтикалық үлгілерде айқын көрініс табатынын атап көрсетеді. Бұл өлеңдерде еңбекке деген көзқарас, күнделікті тіршіліктің ритуалдық элементтері және еңбек процесімен тығыз байланысқан символдық бейнелер фольклорлық дәстүрлердің ортақ архетиптерін танытады.

Сонымен қатар жылдың төрт мезгіліне арналған маусымдық циклге жататын өлеңдер, табиғат құбылыстарына бағытталған арбау, байлау, шақыру сияқты магиялық сипаттағы жырлар мазмұндық деңгейде бір-бірімен үндесіп жатқанын да ескертеді. Мұндай поэтикалық мәтіндерде кейде сөзбе-сөз сәйкес келетін тұстардың кездесуі — олардың түпкі сенімдік негіздерінің ұқсастығын айғақтайды.

Бекмұрат Уахатов зерттеуінде қазақ, қырғыз, қарақалпақ, қарашай, құмық және алтай халықтарының архаикалық дәуірден сақталған жырларында шамандық дүниетаным, мифологиялық сана және синкреттік наным-сенімдер көрініс тапқанын мысалға келтіреді. Бұл жанрлық үлгілер арқылы бір-бірімен салыстыруға болатын нақты аналогиялар мен типологиялық параллельдер ұсыналады. Мәселен, батырлар жыры діни-нанымдық, философиялық және эстетикалық бастаулардың неғұрлым сабақтастық және кең ауқымды синтезінің айқын мысалы болып табылады. Батырлар жырында, сондай-ақ лирикалық эпостарда фольклорлық жанрлар, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар көркемдік дәрежеде кеңінен қамтылған. Мысалы, «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» тәрізді лирикалық эпостардан дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың көбін дерлік табуға болады, айталық, құда түсу мен некелесу, бесік құда, әменгерлік, күйеуді сынау, қалыңдыққа ұрын бару, күйеу мен қалыңдықтың айтысы. Осындай жергілікті әдет-ғұрыптардың жалпы негізі экзогамияның ежелгі институты болып табылады. Мұндай дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар, кейде кең ауқымды эпикалық көріністер, яғни батырлардың қалыңдыққа таласқан ғұрыптық жекпе-жектері, батырлар жырында нақты детальдермен егжей-тегжейлі суреттеледі. Мұндай көріністер қырғыз, татар, қарақалпақ, өзбек халықтарының тұрмыс-салт жырларында жиі кездесетінін ерекше атап өтеді.

Сол сияқты ғалым қырғыздың «Манас» эпосында халықтың өмірі жан-жақты әрі ауқымды бейнеленген, сондай-ақ этномәдениет детальдері, түрлі иірімдері, ақиқаты қамтылғанын айта келіп, бұл тек түркі фольклорында ғана емес, бүкіл әлемдік әдебиеттегі өте ауқымды эпос екенін танытады.

Бәрімізге белгілі «Манас», «Сейтек», «Сметей» деп аталатын үш бөлімді жыр үш миллион поэтикалық жолдан тұрады, бұл көлемі жағынан «Махабхарата» мен «Рамаян» тәрізді шығармаларды қосқандағыдан бірнеше есе көп. Оған таңданудың да реті жоқ, өйткені, «Манас» жанрлық синтез тұрғысынан алғанда қырғыз фольклорының шағын жанрынан бастап ірі жанрларына дейін қамтиды десе болады. Осы тұрғыда Бекмұрат Уахатов жырдағы әртүрлі әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер үйлену тойынан жерлеуге дейінгі аралықта көрініс табады, эпоста көне түркілік космогония, мифологиялық түсініктер, астрология, ескінің қалған жұрнақтары және рухани қатынастар енгізіліп, ежелгі технологиялық ерекшеліктерді толық ашып көрсететін халықтың қолөнер ғажайыптары бейнеленгенін салыстырмалы зерттеу тұрғысында көрсетеді. «Манас» эпос ретінде ақылға сыймайтын синтез, бұл ғасырлар бойы қалыптасқан халықтың бүкіл ұлттық рухани-эстетикалық, көркемдік, тарихи, мәдени тәжірибесі деген қорытынды жасайды.

Сондай-ақ ғалым үйлену рәсіміне немесе марқұмды жоқтауға байланысты туындаған фольклорлық үлгілерге де назар аударған. Мәселен, қырғыз фольклорындағы «кошок», өзбек пен тәжік дәстүріндегі «марсия» жанры тек мазмұн ғана емес, сонымен қатар композициялық құрылым, сюжет желісі және орындалу формасы жағынан да елеулі ұқсастықтар бар екенін анықтап айтады.

Осылайша біз ғұрыптық жырлардың поэтикалық бітімі, тілдік құрылымы мен көркемдік элементтеріндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтар осының барлығы тарихи-генетикалық тұрғыдан жүргізілетін зерттеулер үшін аса маңызды әрі мазмұнды дерек көзі бола алады деген тұжырымға келдік.

Фольклортанушы ғалым өлең жанрының құрылымдық үлгісі, яғни оның ырғақтық ұйымдасуы, ұйқас жүйесі мен өлең өлшеміндегі ұлттық даралықтар фольклорлық поэзияны типологиялық тұрғыда талдауда назардан тыс қалмауға тиіс маңызды элементтер екенін айтады. Бұл ерекшеліктер әр халықтың поэтикалық дәстүрінде өзіндік сипат алып қалыптасқанымен, сонымен қатар көркемдік-эстетикалық құралдар жүйесінде ортақтықтар бар. Бекмұрат Уахатов фразеологиялық блоктар, тұрақты тіркестер мен троптық қайталаулар түркі поэзиясының түрлі салаларында ұшырасатын, типологиялық ұқсастықтарды танытатын поэтикалық элементтер қатарында екенін атап көрсетеді.

Бекмұрат Уахатов ғылыми еңбегінде қырғыз қошоктарын мен қазақ жоқтауларында кездесетін ұқсастықтарды мысалға келтіреді:

Асмандан учқан ылаачын,
Ылаачын жаят кулачын.

немесе:

Асмандан учқан каздайым,
Ақ жайық жатқан саздайым.
Ақырет кеткен бегимди,
Айтуусуз кантип таштайын.
Минген атың боз гана,
Жаныңа жыйдың боз бала,

Боз баланың ичинде,
Өмүрүң болду аз гана.
Оболоп учкан жаргакты,
Боор жүнүн жел какты.
Тең сөөгүм зар какты, – [75,б. 308-310]

Сондай-ақ бұл ұқсастықтарды құда түсу кезінде, қыз ұзатылып бара жатқан уақытта айтылатын жырларда да кездеседі:

Кызыл коён чатта бар,
Кыз алышып, кыз бермек,
Қазақ, кыргыз наркта бар.

немесе

Кызыл жибек сартта бар,
Кыз алышып; кыз бермек,
Кыргыз, кыпчак қалкта бар, – [75,б. 261]

Бекмұрат Уахатов мұндай ұқсас параллельдер алтай мен татар, ноғай мен қарашай, қарақалпақ пен өзбек, ұйғыр фольклорынан да табылатынын айқындайды. Ғалымның келтірілген мысалдарынан түркі халықтарының өлең жанрын тарихи туыстық тұрғыдан зерттеудің қажеттілігіне ешқандай қосымша дәлелдеуді қажет етпейтінін көрсетеді. Өйткені бұл деректердің өзінен-ақ поэтикалық формалардың ішкі туыстығы мен мәдени жақындығы айқын аңғарылады.

Тарихи-типологиялық аспектіде қарастырғанда, түркі халықтарының өлең мұрасы бүгінгі күнге дейін әртүрлі дәрежеде сақталғанын байқаймыз.

Бекмұрат Уахатов Алтай фольклорында алғыс айту немесе мақтау түріндегі жырлар кеңінен таралған болса, қазақ, қарақалпақ және өзбек ауыз әдебиетінде бұл формалар сирек кездесетінін айтады. Есесіне қазақ пен қырғыз дәстүрінде тұрмыс-салт жырларының ішіндегі сыңсу, жоқтау, естірту сияқты жанрлар айрықша дамығанын көрсетеді.

Сонымен қатар Бекмұрат Уахатов татар поэзиясында маусымдық (күнтізбелік) жырлар мен туй (той) жырлары мол кездесетінін атай келе, ал өзбектерде ёр-ёр және қатын-қызлар кушиқлары сияқты тұрмысқа байланысты ән-жырлардың алуан түрі сақталғанын көрсетеді. Ал қазақ пен қарақалпақ фольклорында кең таралған беташар мен бәдік, бақсы сарыны сынды өлең үлгілері өзге түркі халықтарында мүлде ұшыраспайды немесе фольклорлық дәстүр құрамына ене қоймағанын ғалымның зерттеулерінде байқауға болады.

Бекмұрат Уахатов мысал ретінде туыстық тегі мен тілдік негізі ортақ қазақ, қырғыз, қарашай және қарақалпақ халықтарының фольклорында жиі кездесетін «Түйе, түйе, түйелер», «Жүгүрүп, жүгүрүп, жүн таптым», «Бара-бара баз табдым», «Ха, түйелер» секілді өлеңдер өзара мазмұндық, сюжеттік және баяндау стилі тұрғысынан едәуір жақындық бар деп келтіреді. Бұл өлеңдердің поэтикалық құрылымында байқалатын ұқсас мотивтер мен бейнелік жүйе олардың ортақ фольклорлық негіздерден бастау алатынын аңғартады. Сондай-ақ қарақалпақ пен татар фольклорында кездесетін «Түлкішек», «Куян»

өлеңдері, қарашай мен ноғай, қарақалпақ арасында тараған «Кьолгъа бардым, кьолум сынды», «Ертек» сияқты жырлар да ортақтықтың нақты мысалдары бар екенін аңғартады. Сол сияқты қазақ, қырғыз және өзбек халықтарының репертуарында кең таралған «Оп, майда», «Хуп, майда» секілді өлеңдер де құрылымдық жағынан жақын, бір-бірін толықтырып тұратын поэтикалық формалар ретінде танытады.

Ғалым Бекмұрат Уахатов түркітілдес халықтар поэзиясы өзара сабақтас әрі ықпалдас сипатымен ерекшеленетінін анықтайды. Бұл, әсіресе, қазақ, қырғыз, қарақалпақ, татар және өзбек халықтарының дәстүрлі ән-жырларынан айқын көрініс табатынын дәлелдейді. Айталық, қазақ фольклорындағы кең танымал «Дударай», «Қараторғай» сынды лирикалық әндер татар ортасында да ықыласпен айтылып келген. Бұл құбылыс керісінше бағытта да көрініс табады: татар халқының «Ғалиябану», «Сайра сандуғаш» тәрізді шығармалары қазақ даласында кеңінен таралып, тыңдаушы жүрегіне жол тапқан. Осы тектес өзара ықпалдастық өзбек әндерінен де байқалады. Мәселен, «Бошгинам оғрийди» деп аталатын өзбек әні тек оңтүстік өңірдегі қазақтар арасында ғана емес, Арқа бойындағы қазақ қауымына да жақсы таныс. Бұл тек жеке әннің таралуы емес, тұтастай мәдени тоғыстың куәсі болып келеді.

Мұндай ауызша дәстүр арқылы таралған фольклорлық туындылар тек тілдік шекарамен шектелмейді. Қарақалпақ пен өзбек, түрікпен мен қазақ, қырғыз бен қазақ арасындағы фольклорлық алмасу — тарихи, географиялық және этномәдени ортақтықтың нәтижесі. Екі не одан да көп тілде қатар айтылып, ауыздан ауызға көшіп жүрген мұралар уақыт өте келе контаминация процесінің әсерінен түпнұсқадан өзгеше, бірақ мазмұны мен құрылымында өзіндік жаңашылдыққа ие жаңа шығармаға айналып отырады. Мұндай шығармалар бастапқы формасынан алыстай түсіп, тың көркемдік деңгейге көтеріледі.

Аталған көркем ықпалдастықтар бір сәттік құбылыс емес. Олар әр дәуірдің тарихи оқиғалары, саяси-әлеуметтік жағдайлары мен көші-қон қозғалыстары негізінде үздіксіз дамып, уақыт пен кеңістік аясында бірін-бірі толықтырып отырған. Мәселе осы мәдени сабақтастықтың астарын тереңінен түсініп, поэтикалық туындылардағы мәдени кодтарды ажырата отырып, олардың шығу төркінін ғылыми тұрғыда талдауға келіп тіреледі. Бұл — түркі фольклористикасы үшін өзекті әрі терең зерттеуді қажет ететін бағыттардың бірі.

Осылайша, бұл зерттеулер қорытындысы тарихи-генетикалық және тарихи-типологиялық зерттеу тәсілдерінің тоғысында шешімін таба алады. Бұл өлеңдердің шығу төркінін, даму жолын және олардың арасындағы типологиялық параллельдерді ашу түркі халықтарының фольклорындағы поэтикалық туыстық пен көркемдік дәстүрлер сабақтастығын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Бекмұрат Уахатов «Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы» атты еңбегінде қазақ халқының тұрмыс-салт өлеңдерін түркітілдес халықтардың, атап айтқанда, қырғыз, қарақалпақ, алтай, татар, ұйғыр, саха, өзбек, ноғай және қарашай поэзиясымен салыстыра отырып, мазмұндық,

тақырыптық, бейнелеу құралдары деңгейіндегі ұқсастықтар мен ортақ заңдылықтарды аналитикалық тұрғыда зерттеп қарастырады. Бұл салыстыру тек жекелеген поэтикалық элементтермен шектелмей, фольклорлық жүйенің ішкі құрылымына терең үнілді.

Түркі халықтарының өлең үлгілерін типологиялық тәсіл арқылы салыстыру олардың арасындағы айырым мен ұқсастықтарды анықтаудың тиімді жолы екенін анықтады. Ғалым мұндай салыстырулар үстірт сипатта емес, тұтас поэтикалық жүйе шеңберінде, яғни жанрлық құрылым, композициялық ұйымдасу, образдар жүйесі мен тақырыптық бірлік аясында жүргізілгенде ғана шынайы ғылыми нәтижеге қол жеткізуге болады деп пайымдайды. Сонымен қатар өлеңнің көркемдік бейнелеу тәсілдері мен стилистикалық ерекшеліктері, оның дәстүрлі ауыз әдебиеті үлгілерімен байланысы, тарихи поэтикалық негіздері барлығы да зерттеу нысаны ретінде кешенді түрде қарастырылуы қажет екеніндігін атап көрсетеді. Тек сонда ғана түркі халықтары арасындағы фольклорлық сабақтастық пен поэтикалық дәстүрлердің даму заңдылықтарын толық әрі жан-жақты ашуға мүмкіндік туатынын айтады.

Бекмұрат Уахатов қазақтың тұрмыс-салт жырларын тарихи-салыстырмалы аспектіде жүйелі түрде зерттей отырып, бұл жанрдың тек ұлттық шеңберде ғана қарастырылмайтынын ғылыми тұрғыда дәлелдеді. Ғалым аталған поэтикалық үлгілердің тамыры тереңге кететінін, олардың кең ауқымды түркі әлемінің ортақ фольклорлық-мәдени жүйесімен тығыз байланыста дамығанын жан-жақты негіздеді.

Ғалым Бекмұрат Уахатовтың зерттеуінде қазақ тұрмыс-салт жырлары жеке бір этностың төл мұрасы ретінде ғана емес, сонымен қатар түркі халықтарының дүниетанымдық бірлігін, көркемдік дәстүрінің сабақтастығын айғақтайтын көпқырлы фольклорлық құбылыс ретінде пайымдалады. Бұл ғылыми тәсіл ұлттық әдебиетті интерэтникалық кеңістік тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік беріп, қазақ фольклорының мәдени-өркениеттік маңызын кеңейте түсті. Ғалымның тұрмыс-салт жырларына жасаған тарихи-салыстырмалы талдауы фольклортану ғылымында жаңа методологиялық көкжиектер ашты.

Ғалым тарихи-типологиялық және тарихи-генетикалық әдістерді қатар қолдану арқылы фольклорлық мәтіндердегі мазмұндық, жанрлық, образдық және стильдік ұқсастықтар мен айырмашылықтарды айқындап, оларды нақты тарихи-мәдени контексте түсіндіруге ерекше көңіл бөледі. Түркі халықтары поэзиясындағы поэтикалық формалардың, дәстүрлер мен рәміздердің ұқсастығы кездейсоқтық емес, керісінше, ортақ этномәдени, тарихи тамырлардың, тілдік туыстық пен рухани сабақтастықтың нәтижесі ретінде танылады.

Бекмұрат Уахатовтың зерттеулерінде тұрмыс-салт жырларының тарихи өзгерістерге ұшырағаны да талданған. Оның айтуынша, қоғамдағы әлеуметтік-мәдени өзгерістерге байланысты бұл жырлардың мазмұны мен құрылымы әр кезеңде әртүрлі сипатқа ие болған. Мысалы, «жар-жар» мен «сыңсу» жырларының кейбір нұсқаларында тарихи оқиғаларға сілтемелер кездеседі, бұл олардың белгілі бір тарихи кезеңнің көрінісі екенін дәлелдейді.

Тұрмыс-салт жырларының тарихи-әлеуметтік мәнін зерттеу қазақ әдебиеті мен фольклортану ғылымы үшін маңызды ғана емес, сонымен қатар қазақ тілін дамытуға да айрықша үлес қосады. Бұл жырлардағы бай тарихи және әлеуметтік мазмұн ұлттық мәдениетіміздің тереңдігін танып-білуде таптырмас дереккөз болып табылады. Сондай-ақ олар қазақ тілінің лексикалық байлығын көрсетіп, синтаксистік құрылымының күрделілігін танытады. Әсіресе, қазіргі заманғы тіл үйренушілер мен зерттеушілер үшін тұрмыс-салт жырларын зерттеу тілді меңгерудің тиімді әдістерінің бірі бола алады.

Тұрмыс-салт жырларының тарихи-әлеуметтік мәнін ашып көрсету арқылы біз ұлттық рухани мұрамызды сақтау мен оны келер ұрпаққа жеткізуге үлес қоса аламыз. Бұл жырлар тек фольклорлық мұра ғана емес, сонымен бірге ұлттық бірегейліктің негізін құрайтын маңызды мәдени құндылық болып саналады [76].

Тұрмыс-салт жырларын зерттеу – қазақ халқының рухани, мәдени және тілдік мұрасын тереңірек түсіну үшін өте маңызды қадам. Бұл жырлар тек поэтикалық туындылар ғана емес, сонымен бірге халқымыздың дүниетанымы мен өмір салтының айқын көрінісі болып табылады. Бекмұрат Уахатов өз еңбектерінде бұл жырлардың тарихи және әлеуметтік мәнін терең ашып көрсеткендіктен, оларды бүгінгі күннің өзінде зерттеу аса өзекті.

Бұл тарау тұрмыс-салт жырларының әртүрлі формаларын, атап айтқанда, жоқтау, сыңсу, естірту, арбау, бәдік пен үйлену жырларын типологиялық салыстыру арқылы талдай отырып, олардың халықтық дүниетаныммен және дәстүрлі ғұрыптық жүйемен тығыз байланыста қалыптасқанын ғылыми тұрғыда дәлелдейді. Әсіресе, Бекмұрат Уахатов атап өткен өлең үлгілерінің поэтикалық құрылымы мен көркемдік бейнелеу тәсілдерін кең түркі дүниесінің аналогиялық формаларымен салыстыра отырып, тарихи-функционалдық сипаттама береді. Мұндай салыстырмалы әдіс тек формалдық ұқсастықтарды табумен шектелмей, олардың генезисін, типологиялық даму заңдылықтарын, сондай-ақ әрқайсысының мәдени-эстетикалық мән-мағынасын терең ашуға мүмкіндік туғызады. Осы арқылы ғалым халықтық поэзия үлгілерінің бастау арналары мен эволюциялық өзгерістерін пайымдай отырып, фольклортанудың теориялық-методологиялық негіздерін жаңа деңгейде толықтырды. Нәтижесінде бұл бағыт қазіргі фольклортану ғылымында өзекті әрі болашағы зор ғылыми-әдістемелік арна ретінде орнықты.

2.2 Тұрмыс-салт жырларының типологиясы мен поэтикасы

Қазақ халқының рухани қазынасының бір тармағы – тұрмыс-салт жырлары. Бұл жырлар – халықтың күнделікті тіршілігі, салт-дәстүрі, дүниетанымы мен моральдық қағидаларының көрінісі. Тұрмыс-салт жырлары белгілі бір өмірлік кезеңдермен, дүниеге келіп, үйлену, дүниеден өту сияқты оқиғалардың барлығы тығыз байланысты, әрі әрқайсысының атқаратын қызметі, мазмұны мен формасы айқын. Осы жырларды жүйелі түрде зерттеп, типологиясын ғылыми негізде талдаған фольклортанушы ғалым – Бекмұрат Уахатов.

Фольклортану саласындағы ірі зерттеуші Бекмұрат Уахатов халық өлеңдерінің табиғатына терең зерттеп, оларды типологиялық тұрғыдан саралауда елеулі ғылыми жетістіктерге қол жеткізді. Оның зерттеу мәнері – бір ғана ұлттық шеңбермен шектелмей, кең ауқымды салыстырулар жүргізу арқылы қазақ тұрмыс-салт жырларының түп тамырын түркі дүниесімен сабақтастыруға ұмтылуымен ерекшеленеді. Ғалым халық поэзиясын жанрлық, көркемдік, образдық деңгейде ұқсас құбылыстармен қатар зерделей отырып, көптеген ұқсастықтар мен ерекшеліктерді нақты мысалдар арқылы дәйектейді.

Ғалым Бекмұрат Уахатовтың типологиялық әдісті фольклор талдауында белсенді қолдануы бұл бағыттағы ізденістерге тың серпін берді. Ол халық жырларын жай ғана жинақтап, жіктеп қоймай, әрбір элементтің тарихи, мәдени астарларын ашуға күш салды. Осы тұрғыда оның «Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы» атты еңбегі — ерекше маңызға ие. Мұнда тұрмыс-салт фольклоры тарихи-салыстырмалы әдіс арқылы қарастырылып, түркі халықтарына тән ортақ жанрлар, ұқсас үлгілер мен ортақ образдар жүйелі түрде талданады. Ғалым зерттеуінде бұл жай ұқсастық емес екенін дәлелдеп, бұл тарихи тамырластықтың, мәдени сабақтастықтың көрінісі деген тұжырым жасайды.

Ғалымның пайымдауынша, ғұрыптық өлеңдер архаикалық наным-сенімдерден бастап, қазіргі күнге дейінгі өзгерістерді бойына сіңіріп келген күрделі фольклорлық құрылым. Осы күрделілікті ашу үшін ол кең географиялық кеңістікте орналасқан туысқан халықтардың мұрасына жүгінеді. Сібір түркілерінің ғұрыптық поэзиясы мен қазақ үлгілері арасындағы астасулар, қарақалпақ пен қырғыз фольклорындағы айқын ортақтықтар Бекмұрат Уахатов еңбектерінде нақты мысалдармен дәлелденеді.

Зерттеуші тек жалпылама тұжырымдар жасап қана қоймайды. Ол әрбір ұқсастықты мәтіндік талдаулармен, образдық жүйе салыстыруымен бекітеді. Мәселен, қыз ұзату, келін түсіру, баланы бесікке бөлеу сынды салт-дәстүрлерге байланысты өлеңдер көптеген түркі халықтарында ұқсас форма мен мазмұнға ие. Бұл құбылысты ғалым тарихи-мәдени даму заңдылықтары тұрғысынан түсіндіреді. Оның айтуынша, бұл түркілердің ортақ дүние танымы мен этноәлеуметтік болмысының айғағы болып табылады.

Әр халықтың құдалық пен үйлену рәсімдеріне байланысты қалыптасқан өзіндік салт-дәстүрлері бар. Тарихи-этнографиялық материалдар бұл үрдістің сан алуан ерекшеліктерге ие екендігін растайды.

Бекмұрат Уахатов ғылыми еңбегінде қазақ, қырғыз, қарақалпақ, өзбек, татар халықтарымен қатар орыс ұлтында да құдалық рәсімі жаушы жіберуден басталатынын атап өтеді. Славян дәстүрінде астарлы сөздер мен жұмбақтап жеткізу кең таралғанын да байқауға болады. «Сізде лашын болса, бізде сұңқар бар» деген сияқты тұспалды тіркестер осының мысалы. Мұндай салт рулық-патриархалдық құрылымды бастан өткізген көптеген халықтарға ортақ. Бекмұрат Уахатов аталмыш зерттеуінде Конго, Чад, Судан, Нигерия, Убанга сияқты Африка елдерінде қыз баланы кішкентай кезінен айттырып, қалың малын бірнеше жыл бойы бөліп төлейтін дәстүр әлі күнге дейін сақталған мысалға келтіреді [77].

Қазақ, қырғыз, қарақалпақ, татар, башқұрт, алтай халықтарының үйлену рәсімдері түрлі ырым-жоралғыларға бай. Мысалы, қазақта «қалыңдық ойнамақ» деп аталатын ерекше дәстүр бар. Бұл дәстүрде күйеу жігіт жолдастарымен бірге қыз ауылына арнайы сапарлап барады. Қазақ мұны «ұрын бару» немесе «ұрын тойы» десе, қырғыз халқы «үй жаны қылған», я болмаса «ишикашты» деп атаған. Осындай салттық ұқсастықтар түркі халықтарының мәдени тұтастығын дәлелдейді.

Бекмұрат Уахатов татар әдебиетінің көрнекті өкілі Ғабдулла Тоқайдың «Есік бауы» («Ишек бавы») шығармасында кездесетін Урал маңы татарларында қалыптасқан ерекше дәстүрге тоқталады. Оның айтуынша, күйеу жігіт қыз үйіне жақындағанда, оны балалар тоқтатып, есік ашқаны үшін ақы сұрайтын болған екен. Егер ақша берілмесе, есік ашылмайды. Осы салттың көрінісін мына өлең жолдарымен дәлелдейді:

Ишек бавы бер алтын,
Безнең апай мең алтын;
Жылныйм дисәң, бер алтын
Бир, жизни, тыш бик салкын.

Бирсәң — күп бир син безгә,
Без разый түгел әзгә;
Яудыр алтын, көмештән:
Бакыр төрмә кәгазыгә [78].

Осындай ырымдардың қазақтағы нұсқалары да сан алуан әрі қызықты атауларға ие: «сүт ақысы», «ентік ақысы», «босаға аттар», «түндік жабар», «кемпір өлді», «ит ырылдатар», «шаш сипатар», «көрпе қимылдатар», «көпшік қыстырар» және тағы басқалары. Қырғыз, қарақалпақ халықтарында да осы тәріздес баламалы дәстүрлер кеңінен таралған. Мұндай ортақ ғұрыптық белгілер түркі халықтарының мәдени-этнографиялық байланыстарын айқындай түседі.

А.Веселовскийдің [79], Ы.Алтынсариннің [80] және Ғ.Мүсіреповтің [81] түркі және славян халықтарының үйлену жырлары туралы ғылыми ұстанымдарын қарастыра келе, Бекмұрат Уахатов адамның өмірге келуі, ер жетуі, отау құрып, ұрпақ өсіруі, ақыры өмірден өтуі – жалпы адамзатқа ортақ заңдылық екенін айта отырып, осы заңдылықтарға негізделген халықтық әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлердің, сондай-ақ тұрмыс-салт жырларының мазмұнында да өзара ұқсас белгілер жиі кездесетіні туралы пікірін білдіреді. Олай болса, мұндай ортақ белгілердің болуы – халықтардың тұрмыстық, мәдени-этнографиялық сабақтастығының көрінісі деп білуіміз керек.

Бекмұрат Уахатов түркі халықтарының үйлену салтына байланысты айтылатын өлең-жырлардың ішінде сыңсудың таралу аймағы ерекше кең екенін атап өтеді. Қазақтың сыңсуына мазмұны жағынан ұқсас өлеңдерді өзбек, ұйғыр, қырғыз, қарақалпақ, татар, башқұрт, алтай, бурят халықтарынан да кездестіретінін айтады. Дегенмен, өзге үйлену жырларының таралуы мұндай біркелкі емес. Осы ретте Бекмұрат Уахатов беташар салты тек қазақ пен қарақалпаққа ғана тән деп, ал жар-жар болса бұл екі халықта кең таралғанымен,

басқа түркі халықтарында кездесе бермейді деп тұжырымдайды. Сондай-ақ фольклортанушы ғалым Бекмұрат Уахатов: «аужар өлеңі де жалпы түркі халықтарына түгел таралмағанын, сирек кездесетін ерекше түр болып саналады», - дейді [77,б. 51-86]. Осындай жоралғылық өлеңдердің таралу аймағындағы ерекшеліктер халықтардың салт-дәстүрлік даралығын көрсетеді.

Үйлену тойларында орындалатын «жар-жар» жыры – түркі-монғол халықтарынан жеткен, мазмұны мен формасы жағынан ерекше, кең таралған салт өлеңдерінің бірі. Оның орындалу мәнері де, мәтіндік құрылымы да қызығушылық туғызады. Бүгінде «жар-жар» дәстүрлі қалпынан жаңаша сипат алып, заманауи тойларда өзгеріп айтылып жүр. Бұл құбылыс Қазақстанда ғана емес, бауырлас түркі халықтарының бәріне ортақ құбылыс.

Ғалым Бекмұрат Уахатов өз зерттеулерінде қазақтың «жар-жар» жыры өзбектерде «ёр-ёр» деп аталып, көбінесе қазақ-өзбек аралас қоныстанған Сырдария маңында ғана кең таралғанын айтып қана қоймай, мысалдармен дәлелдейді. Мысалы:

Қора-қора қозылар
Қойды бастар, ёр-ёр.
Қалам қасты жеңгелер,
Өлең бастар, ёр-ёр
Нені кисең жарасар,
Бойыңызға, ёр-ёр.
Өлең айтайын деп келдім,
Тойыңызға, ёр-ёр.
Қой жайылар Қоңырат
Етегіне, ёр-ёр.
Қыз жүрер ме, жігіттің
Жетегіне, ёр-ёр [82].

Осы ретте ғалым бұл өлең тек қазақ пен өзбектің мәдениетаралық ықпалдастығы қалыптасқан ортада ғана дүниеге келгенін айқын дәлелдейді. Мұндағы «өлең» сөзінің өзбекше «кушиқ» емес, «улан» сөзінің қолданылуы қазақ тілінің тікелей ықпалының көрінісі екеніне дәлел.

Филология ғылымдарының кандидаты М. Алавияның айтуынша, «ёр-ёр» көбінесе қыз ұзатылатын түнде орындалып, жігіт пен қыздың ішкі күйзелісі, құдалар мен күйеу жігіттің таныстығы, сондай-ақ дәстүрлі салт-жоралғылар сипатталады [82,б. 291]. Ал Бекмұрат Уахатов мазмұндық құрылымы жағынан қазақтың аужарымен етене жақын екеніне мән береді. Мысалы, қыздың тағдырына налып айтатын мынадай жолдар кездеседі:

Шымылдыңтың ішінен,
Шықты түтін, ёр-ёр.
Бұ дүниеде бар ма екен,
Көңілі бүтін, ёр-ёр [82,б. 291].

Бұл өлең жолдарынан қыз баланың өз өміріне деген ренішін, көңіл күйінің күйзелісін ашық көруге болады. Сондай-ақ ата-анаға деген өкпе-ренішінде байқауға болады:

Аспандағы жұлдызды,

Атқан атам, әр-әр.
Өз қызын өзі жат қылып,
Сатқан атам, әр-әр [82,б. 291].

Татар халқының қыз ұзату және құда түсу салттарында орындалатын жырлар, негізінен, ұзатылғалы отырған қыздың төңірегінде өрбиді. Бұл жырлар көбіне қалыңдықтың өз үй-ішімен, туған-туысымен қоштасу сипатын алады. Мәтіндерде қыздың туған ошағымен байланысты сезімдік күйзелісі мен қоштасу сәтінің лирикалық бейнесі терең көрсетіледі:

Алты құлақты қазанда,
Асым қалды, яр-яр.
Төрт текшеклі үйімде,
Үлесім қалды, яр-яр [83].

Бұл өлеңдер дәстүрлі түрде, ойын-сауықтық, әрі ғұрыптық қызмет атқара отырып, халықтың тұрмыс-салт жүйесіндегі маңызды функциялардың біріне айналады.

Ғалымның пікірінше, мұндай мазмұн – тұрмыс-салт жырларындағы әлеуметтік астардың айғағы жатыр деп ой түйіндейді. Бұл өлеңдер – тек салттың емес, сонымен қатар қоғамдағы әйелдің орны да сипатталады.

Жалпы, қазақ, өзбек, тәжік, татар сияқты географиялық жағынан жақын, тілдік тұрғыдан туыс халықтардың тарихи-әлеуметтік байланысы — ортақ мәдени өрістің қалыптасуына негіз болды. Бұған тұрмыс салты, наным-сенімі, киім киісі мен үй жабдығынан бастап, әдеби фольклорлық дәстүрге дейінгі ұқсастықтар куә.

Бекмұрат Уахатов — қазақ фольклортану ғылымында халық өлеңдерін жүйелі, монографиялық деңгейде терең зерттеген тұңғыш ғалымдардың бірі. Ол кең ауқымды этнографиялық және фольклорлық материалдарға сүйене отырып, түркі және әлем халықтарының поэтикалық мұраларына типологиялық салыстырулар жүргізеді. Еңбектерінде ғалым, бір жағынан, ұлттық поэзияның ішкі заңдылықтарын саралап, екінші жағынан, олардың тарихи-мәдени контекстегі орны мен үндестігін ашады.

«Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы» атты еңбегінде фольклортанушы ғалым қазақтың халық өлеңдерінің бастауы сонау ғұн дәуірінен бастау алатынын батыл пайымдайды. Зерттеуші төрт ғасырдан астам уақыт бойы Қытаймен соғысқан ғұндардың тарихи жадында сақталған сарындарды сараптап, «Саймақтың сары өзені» атты эпостық жырдағы балаларға арналған бата үлгісі арқылы тұрмыс-салт өлеңдерінің архаикалық қабатын ашып көрсетеді. Осындай жайттар ғалымның халық поэзиясын тарихи-генезистік тұрғыда зерделеуінің нәтижесі екендігін байқатады.

Бекмұрат Уахатов, сондай-ақ, Махмұд Қашқари мен Жүсіп Баласағұни мұраларындағы поэтикалық үлгілерді саралай отырып, орта ғасырлардағы түркі жазба әдебиеті мен халық өлеңдерінің арасындағы байланысқа терең үңіледі. Бұл салыстырулар түркі халықтарының ортақ мәтіндік мұраларын ғылыми айналымға тарту процесінің бастамасына айналды. Осы бағыттағы жұмыстарында ғалымның тек лингвистикалық емес, сондай-ақ тарихи-мәдени

тұрғыдағы зерттеу әдістерін қатар қолдануы оның фольклортанудағы іргелі еңбегінің айғағы болып табылады.

Ғалымның фольклордағы көне ғұрыптарды сипаттаудағы әдістемесі де өз жаңашылдығымен ерекшеленеді. Мәселен, «қыз кашар», «сыңсу» секілді әмбебап салттың типологиялық сипаттарын ашу арқылы ол алғашқы неке формаларын зерделейді. Бұл тұста зерттеуші тек қазақ мәдениетімен шектеліп қалмай, өзбек, қарақалпақ, татар секілді халықтардың ұқсас жанрларын, яғни «ёр-ёр», «хаужар», «яр-яр» сияқты жырларды қатар алып, салыстыра қарастырады. Нәтижесінде, олардың архетиптік белгілерін айқындап, ғұрыптық өлеңдердің функциясын дәуірлік өзгерістерге сәйкес ғылыми тұрғыда алғаш кешенді түрде талдайды. Осы арқылы Бекмұрат Уахатов қазақ фольклорындағы «жар-жардың» мазмұндық және формалық ерекшеліктерін алғашқылардың бірі болып типологиялық негізде зерттеген тұлға ретінде танылды.

Сонымен қатар, жоқтау мен бата, алғыс секілді жанрларға қатысты ойларында да ғалым түрлі этностар арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды салыстыра келе, халық поэзиясының мәдени кодтарын ашып белгілеп берді. Бұл фольклорлық мәтіндерді жай ғана сипаттаудан жоғары тұрған, теориялық негізі бар талдаудың үлгісі деп білеміз.

Жоқтау – тек қазақ халқының дүниетанымынан ғана туындаған жанр емес. Оның бастапқы формалары мен поэтикалық үлгілері көне өркениеттердің — мысырлықтардың, эллиндердің, славян халықтарының мәдени мұрасынан да көрініс тапқан.

Бекмұрат Уахатов өз еңбегінде қазақ жоқтаулары – экспромт, ішкі тебіреністен туындайтын импровизация болса, Ежелгі Египет пен Грецияда, сондай-ақ Ресейдің қазан төңкерісіне дейінгі кезеңінде жоқтау кәсіби жаттанды мәтінге құрылған ритуал ретінде жүзеге асқан деп анықтайды. Ғалымның айтуынша, дауыс мәнері мен интонациясы ерекше, арнайы дайындықтан өткен жоқтағыш әйелдер — «плакальщица» атанып, белгілі бір отбасыларға кәсіби түрде жалданып, марқұмды жоқтаумен айналысқан.

Осы ретте жоқтауды архаикалық кезеңдерден бастау алатын шер өлеңдерінің бір формасы деп тануға негіз бар. Бұл — адам өлімін табиғат құбылыстарымен астастырып қабылдаған мифтік дүниетанымның көрінісі деп қабылдағанымыз жөн болады.

Аруаққа бас ию, оның рухымен байланыс орнату, аза тұту, ас беру, дене жарақатын салу (мысалы, бет жырту), жоқтау айту сынды жоралғылар адам мен ғарыш, өлілер мен тірілер арасындағы сакралды қатынастың көрінісі ретінде бағаланады. Осындай ғұрыптардың типологиялық ұқсастықтары түркі халықтары арасында да, одан тыс аймақтарда да кең тарағанын байқаймыз. Бұл ретте Бекмұрат Уахатов қырғыздарда бұл жанр «кошок» деп аталса, тәжік және өзбек фольклорында «марсия» терминімен берілгенін көрсетеді. Қазақтарда қаралы хабар жетісімен дауыс көтеру дәстүрі орын алса, қарақалпақтарда жоқтау марқұм жерленгеннен кейін, ас беріліп, сүйекшілер қайтып келген соң айтылады.

Типологиялық салыстыру тұрғысынан татар халқында жоқтау жанры екі тармаққа бөлінеді: қыз ұзатуда айтылатын — сыңсу сарыны, және өлім

жағдайында айтылатын — жоқтау. Алайда, ислам шариғатының қатаң тыйымдарына байланысты татарлар арасында бұл жанр кейіннен біртіндеп жоғала бастаған [84].

Бекмұрат Уахатов өз еңбектерінде бұрын-соңды жинақталған этнографиялық және фольклорлық материалдарды ғылыми сүзгіден өткізе отырып, ғұрыптық фольклорға тән тұрақты әрі қайталанбас ерекшеліктерді айқындауға ұмтылады. Ол қазақтың тұрмыс-салт жырларына тән ішкі құрылымды, жанрлық жіктелімдерді нақтылап, олардың әрқайсысына мазмұндық және поэтикалық тұрғыдан терең талдау жүргізеді. Атап айтқанда, «Тойбастар», «Тойтарқар», «Жар-жар», «Сыңсу», «Беташар» секілді жанрлық тармақтарды даралап, олардың орындалу тәртібі мен мазмұндық контекстін ғана емес, поэтикалық құрылымы мен өлеңдік өрнектерін де егжей-тегжейлі саралайды.

Ғалымның классификациясында ерекше орын алатын топ — қайтыс болған адамға байланысты орындалатын ғұрыптық шығармалар. Бұл өлеңдер тобын Бекмұрат Уахатов «Мұң-шер өлеңдері» деген ортақ атаумен сипаттайды. Айта кету керек, бұл терминологиялық тұжырым — белгілі жазушы әрі ғалым Мұхтар Әуезовтің фольклорға қатысты еңбектерінде кездесетін «Шер өлеңдері» ұғымына ұқсас, тіпті соның ізімен өрбіген деуге негіз бар. Бекмұрат Уахатов осы топқа жататын туындыларды шартты түрде төртке бөліп қарастырады: «Естірту», «Көңіл айту», «Жоқтау» және «Қоштасу».

Осы арада «Естірту» мен «Көңіл айту» секілді мәтіндердің бір-бірімен қосарданып айтылуы фольклорлық практикада жиі кездесетін құбылыс. Бір жағынан, қаза хабарын жеткізу барысында айтылатын естіртудің соңы көңіл айту сипатындағы жұбату, тоқтам сөздермен жалғасып кететіні рас. Мұндай формааралық өтпелі көріністер мәтіннің құрылымын ғана емес, оның мазмұндық аясын да кеңейтеді. Алайда, көңіл айту — арнайы ат шалдыртып келетін, әлеуметтік және мәдени жағынан айрықша мәнге ие жеке салт екенін ескере отырып, бұл екеуін дербес, жеке-жеке жанрлық бірлік ретінде қарастырудың ғылыми тұрғыдан қажеттілігі туындайды. Бұл пікірді, әрине, Бекмұрат Уахатовтың өзі де айналып өтпейді, алайда екеуін бір топқа біріктіргенімен, шекаралық белгілерін ажырата сипаттаған тұстары кездеседі.

Зерттеуші, сонымен қатар, қоштасу жырын ғұрыптық өлеңдер жүйесінде дербес жанр ретінде айқындап, оған тұңғыш рет көлемді әрі мазмұнды сипаттама береді. Бұған дейін қазақ фольклористикасында назардан тыс қалып келген бұл өлең түрі Бекмұрат Уахатов еңбектерінде айрықша маңызға ие болып, оның құрылымы, атқаратын қызметі, эмоционалдық әсері терең ашылады. Сол арқылы қоштасу жырларының халық дүниетанымындағы орны, оның әлеуметтік-психологиялық сипаты кең тұрғыда зерделенеді.

Бекмұрат Уахатовтың «Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы» атты іргелі еңбегінің үшінші тарауы — тұрмыс-салт жырларының поэтикасына арналған. Бұл тарау фольклорды тек мазмұндық немесе жанрлық жүйелеу шеңберінде ғана емес, оны көркемдік-эстетикалық құбылыс ретінде тануға ұмтылған алғашқы қадамдардың бірі болып саналады. Ғалым бұл бөлімде қазақ тұрмыс-салт жырларының ішкі құрылымын — сюжет түзімін, композициялық

ерекшеліктерін, мәтіннің жасалу тәсілдері мен түрлік пішіндерін егжей-тегжейлі талдай отырып, олардың поэтикалық құралдарымен байланысын айқындауға тырысады.

Бекмұрат Уахатовтың зерттеуінің құндылығы – оның поэтикалық талдауды көркемдік бейнелеу тәсілдерінің шеңберінде жүргізуінде. Ол теңеу, метафора, эпитет, символ тәрізді көркемдік тәсілдердің тек мәтіндік әшекей немесе стилистикалық элемент қана емес, жырдың мәнін ашудағы, образдық жүйені құрудағы басты құрал екендігін дәлелдейді. Бұл тәсіл арқылы фольклордың поэтикалық әлемі кеңірек ашылып, бұрын-соңды назардан тыс қалып келген тұстары ғылыми айналымға тартылады.

Тағы бір айрықша назар аударарлық мәселе – бұл көркемдік-эстетикалық компоненттердің типологиялық салыстыру арқылы талдануы. Жалпы поэтика (грекше «poietik feline» – шығармашылық өнер)–көркем шығармадағы құндылықты бар болмысымен айқындар жүйе туралы әдебиеттанудың ең көне ғылым саласы. Кең мағынасында поэтика әдебиет теориясымен үндесер ұғымды білдірсе, ал нақтылы (тармағынада) сол теориялық поэтика бір саласы ретінде қабылданады. Әдебиет теориясының саласы ұғымындағы поэтика әдеби тек пен түрдің, ағымдар мен бағыттардың, стильдер мен әдістердің ерекшеліктерін зерделейді, сондай-ақ көркемдік тұтастықтың әртүрлі деңгейінің ішкі байланыс заңдылықтарын және олардың арақатынасын зерттейді. Әдебиеттегі көркемдік құралдардың барлығы тілге қатысты екенін ескерсек, онда поэтика тілді зерттейтін көркемдік құралдар туралы ғылым болып анықталады. (мысалы, көркем әдебиеттің тілі). Поэтиканың мақсаты – шығарма құндылығынан эстетикалық әсерленуді қалыптастыруға қатысатын текстегі элементтерді айқындап және оны жүйелеу болып табылады [85]. Осы ретте Бекмұрат Уахатов туысқан түркі халықтарының фольклорлық мұраларымен мазмұн мен форма жағынан ортақтықтары мен айырмашылықтарын салыстыра келе, қазақ тұрмыс-салт жырының өзіндік ерекшеліктерін даралайды. Мұндай салыстырулар зерттеуге кең панорама беріп, фольклорды тек этностық шеңберде емес, түркілік мәдени кеңістіктің құрамдас бөлігі ретінде қарастыруға жол ашады.

Түркі тектес халықтардың жырлары арасында тақырыптық ұқсастықтар аз емес. Мазмұн мен мотивтер, кей тұстарда сюжет желісі де бір-бірін еске салып жатады. Дегенмен, сол ұқсастықтарға қарамастан, поэтикалық құрылым – мүлдем бөлек әлем. Әсіресе, эмоциялық бояу мен көркемдеу тәсілдерінде, бейнелі суреттеу жүйесінде елеулі айырмашылықтар кездеседі. Әр халықтың рухани дүниесі, ішкі сезім тереңдігі, поэзияға тән реңі осы ерекшеліктер арқылы айқындалады.

Осы тұрғыда фольклортанушы ғалым Бекмұрат Уахатов қазақтың тұрмыс-салт жырларының құрылымдық сипатына тоқталып, бірнеше маңызды ерекшелікті бөліп көрсетеді. Ғалым, ең алдымен, бұл жырлар көлем жағынан шағын келіп, мәтіндердің ішкі мазмұны, көбіне, лирикалық сипатқа ие екенін атап өтеді. Ал өлеңнің ырғақтық өлшемі, ұйқасы тұрақты, дәстүрлі сипатта сақталып отыратынын байқаған. Сонымен қатар ғалым қазақ өлеңінің метрикалық сипаты айтарлықтай жүйелі деген шешімге келіп, тұрмыс-салт

жырлары – шағын көлемдегі, ішкі экспрессиясы жоғары фольклорлық үлгі деп пайымдайды.

Сондай-ақ ғалым тұрмыс-салт жырларының жанрлық өлшемдеріне де көңіл бөлген. Тұрмыс-салт жырлары, әдетте, 6-7 жолдан басталып, ең ұзақ нұсқаларының өзі 200–300 жолдан аспайтынын анықтайды.

Бекмұрат Уахатов тұрмыс-салт жырларының мазмұндық құрылымы тұрғысынан алып қарағанда, оқиғаның жүйелі дамуы, шиеленісіп барып шешілетін күрделі сюжет жоқ екенін айтып, классикалық прозалық не эпикалық үлгілерге тән кең көлемді баяндаулар мұнда кездеспейтінін де атап өтеді. Оның орнына белгілі бір лирикалық эпизод, қысқа ситуация, кейіпкердің бір сәттік көңіл күйін бейнелеуге бағытталған көркемдік модель алдыңғы қатарға шығады деп пайымдайды.

Бекмұрат Уахатов ғылыми зерттеулерінде тұрмыс-салт жырларда әрекет етуші кейіпкерлер саны екі-үштен аспайтынын атап өтеді. Ғалым олардың нақты есіммен аталмай, бейнелері жалпылама сипатта арқылы берілетін көрсетеді. Мысалы, қыз бен жігіт, күйеу жағы, қыздың анасы, жеңге секілді типтік кейіпкерлер жүйесі кездеседі. Олардың мінездік ерекшелігі немесе психологиялық портреті толық ашылмайды. Есесіне, негізгі назар олардың ішкі тебіренісіне, сезім қозғалысына аударылады. Бұл лирикалық поэзияға тән басты өлшемдердің бірі деп қараған жөн.

Сонымен қатар Бекмұрат Уахатов тұрмыс-салт жырларына тән тағы бір қыр оның дидактикалық сипатында, яғни бұл өлеңдер тек эмоциялық суреттеумен шектелмей, ақыл айту, өнеге білдіру, жақсы мен жаманды айыру сияқты тәрбиелік сипаттағы мазмұнмен де ерекшеленеді деп өз зерттеулерінде көрсетеді. Бұл ерекшелікті тұрмыс-салт жырларының «Беташар», «Жар-жар», «Бата-тілек», «Естірту», «Көңіл айту» секілді жыр түрлерінен айқын көруге болады. Осы арқылы тұрмыс-салт жырлары тек лирикалық мәтін ғана емес, сонымен қатар халықтық дүниетаным мен әлеуметтік тәртіпті реттейтін ауызша заңнама ретінде де өмір сүргенін аңғарамыз.

Ғалым Бекмұрат Уахатов қазақтың тұрмыс-салт жырлары композициялық жағынан бір ғана әдіске байланбайтынын, керісінше, мазмұн мен ситуацияға қарай әртүрлі баяндау тәсілдеріне жүгінетінін атап қана қоймай оны дәйектемелермен дәлелдейді. Ғалым бұл жырлардың кейбірі баяндау түрінде өрбитінін, мысалы кейіпкердің қимыл-әрекеті, мінез-құлқы, оның басқа кейіпкерлермен қарым-қатынасы белгілі бір сюжеттік эпизод немесе шағын мотив төңірегінде өріс алады деп сипаттап жазады. Мұндай мәтіндерде баяндау эмоциялық бейнелеудің діңгегі ретінде көрінеді.

Ал келесі бір топ өлеңдер сипаттау тәсілін негізге алынғанын байқаймыз. Ғалым бұл үлгілерде кейіпкердің ішкі жан сезімі, көңіл-күйі, ой-арман, тербеліс-толғанысы кеңінен ашылып, оның сыртқы келбеті мен болмысы көркемдік детальдар арқылы бейнеленетінін, сонымен қатар қазақ тұрмысының этнографиялық элементтері, атап айтсақ киіз үйдің ішкі жабдықтары, қыз-келіншек киімі, табиғат көріністері көркем өрнек ретінде енгізіледі деп сипаттайды.

Бекмұрат Уахатов үшінші құрылымдық үлгі монолог пен диалог формасына негізделген жырлар деп атап өтеді. Бұл тәсілдерде кейіпкердің жан әлемі тікелей өз аузынан сөйлетіліп берілетінін немесе екінші бір кейіпкермен ауызекі қарым-қатынасқа түсуі арқылы мазмұн ашылатынын атап көрседі. Лирикалық эмоция, интонациялық ырғақ, синтаксистік серпін осындай өлеңдерге тән басты поэтикалық сипаттарға ие екенін, сондай-ақ бұл тәсіл жар-жар, бәдік, беташар секілді жанрларда жиі көрініс табатынын дәлелдейді.

Қандай тәсіл қолданылмасын, бұл жырлардың негізгі поэтикалық ерекшелігі ықшамдық болып табылады. Әрбір поэтикалық көрініс қысқа, шоғырланған формада беріледі. Қазақ тұрмысының бір көрінісін, мысалы, салтанатты тойды немесе табиғат суретін сипаттауда бірнеше жол ғана жеткілікті. Бұл көркемдік үнемшілдік пен мазмұндық тұтастықтың дәлелі болып келеді.

Бекмұрат Уахатов ғылыми еңбегінде тойбастар жырында тойдың өтетін орны, уақыты мен иесінің байлығы небәрі елу-алпыс жол шегінде сипатталып жатса, ал беташардағы келін бейнесі мынадай қысқа, бірақ айшықты жолдармен өрнектеледі деп сипаттайды:

Сауысқаннан сақ, келін,
Жұмыртқадан ақ, келін...
Мынау тұрған келіннің
Алтыннан екен бастары,
Жібектен екен шаштары [45,б. 29].

Бұл жолдарда келіннің сыртқы болмысы мен ішкі мінез-құлқы көркемдік метафора арқылы бейнеленетінін көруге болады. Образдық жүйесі айқын әрі ықшам болып келеді. Сол секілді табиғат көрінісі де жырда символдық бейнеге айналып, қысқа штрихтармен беріледі:

Есіктің алды құмдақты,
Құмдақтан қоян зымдапты...
Сарғайып атқан сары таң,
Сағынайын бикем түсінді... [45,б. 27].

немесе

Қайран да қайран, қайран тау,
Жазғы тұры көшкенде
Қалушы едің қара жол,
Қабырғадан қазылып...
Қайран да қайран, қайран тау,
Айналасы толған тау,
Ашшының бойы ай татыр,
Алалы жылқы жусатыр,
Қожыр-қожыр тастарым,
Көзімнен ағар жастарым [86].

Бұндай фольклорлық жолдарда табиғат – тек фон ғана емес, кейіпкердің ішкі күйін жеткізетін метафоралық құрал ретінде қолданылады.

Сондай-ақ ғалым тұрмыс-салт жырларындағы диалог формасы да қызықты поэтикалық құбылыс екенін атап өтеді. Ол кейде кейіпкердің тікелей сөзі арқылы берілсе, кейде жырды орындайтын ақынның атынан, яғни ауызекі баяндау стилінде жеткізілетінін, мұндай тәсілдер, әсіресе, жануарлар бейнесінде сөйлейтін өлеңдер мен жар-жар, бәдік секілді мәтіндерге тән екенін айта отырып, тұрмыс-салт жырларының үзінділерімен дәлелдейді. Мәселен, сұрақ-жауап формасында құрылған мына өлең жолдарынан байқауға болады:

Ауылың қайда?

Асқар тауда.

Қойың қайда?

Қошқар тауда.

Қойың не жейді?

Жусан жейді [15,б. 258].

Бұл үлгі диалогтың драмалық серпінін, сөйлеу әрекетін, ауызекі интонацияны сақтай отырып, көркемдік мазмұнды ашуға мүмкіндік береді. Осындай құрылым фольклор поэтикасының табиғи әрі серпінді элементтерінің бірі екенін анықтаймыз.

Өлең құрылымының ішкі тұтастығын қамтамасыз ететін поэтикалық бөліктердің өзара байланысуы қазақ тұрмыс-салт жырларындағы ең маңызды көркемдік тәсілдердің бірі болып табылады. Мұндай поэтикалық элементтердің бір-бірімен үйлесе байланысып, біртұтас мазмұн мен форма жүйесін құрауы өлеңнің көркемдік тұтастығына негіз болады. Бұл байланыстар түрлі құралдар арқылы жүзеге асады, олардың ішіндегі ең маңыздыларының бірі – теңеу тәсілі.

Осы ретте Бекмұрат Уахатов теңеу поэзияда екі көрініс арасындағы ұқсастықты немесе жақындықты көрсетудің әмбебап тәсілі деп айта отырып, ол салыстырып отырған нысан мен салыстырылатын бейнені байланыстыру арқылы көркемдік ассоциация тудыратынын атап өтеді. Бұл тәсіл, бір жағынан, өлеңге бейнелік қуат дарытса, екінші жағынан, мағыналық тереңдік пен эмоциялық әсер тудырады. Яғни теңеу екі бейненің арасында көпір салып, тыңдаушы санасында жаңа эстетикалық құрылым қалыптастырады.

Ал екінші маңызды тәсіл – антитеза. Бұл поэтикалық құрал мағынасы жағынан қарама-қайшы келетін екі ұғымды, екі образды шендестіру арқылы үшінші, астарлы мәнді ашуға бағытталады. Антитезалық құрылым тек контраст құру үшін емес, поэтикалық ойды күшейту, психологиялық әсерді тереңдету үшін де қолданылады. Мысалы, жақсы мен жаман, жарық пен қараңғы, үміт пен мұң тәрізді шендестірулер көркемдік мазмұнның күрделенуіне сеп болады. Бұл жағдайда қарама-қарсылық – көркемдік қақтығыс емес, танымдық кеңістікті тереңдете түсетін категория ретінде танылады.

Үшінші көркемдік тәсіл — психологиялық параллелизм. Бұл әдіс көбіне адам мен табиғат арасындағы ішкі үндестікті бейнелеу мақсатында қолданылады. Адам жанының күйзелісі мен табиғаттағы бір сәттік құбылыстың қатар қойылып берілуі — қазақ поэзиясының ежелден келе жатқан поэтикалық дәстүрі. Яғни лирикалық субъектің ішкі сезімі табиғат көріністерімен параллель түрде өріліп, эмоциялық дәйекке айналады. Мұндай поэтикалық құрылым тыңдаушыда ассоциация туғызу арқылы сезім тереңдігін аша түседі.

Мысалы жоқтауда:
Аспанды қаптап бұлт алды,
Жауын ба екен, сел ме екен?
Жүрегім менің қапалы,
Мұң ба екен, әлде сор ма екен? [87]

немесе бәдікте:

Қара тауым дегенге қара тауым,
Тау басынан соғады қара дауыл.
Сіздің үйде бір бәдік бар дегенге,
Қаптай көшіп келеді біздің ауыл [15,б. 178]

немесе, балалар фольклорында:

Ай туады дөңгелек,
Айға жұлдыз не керек.
Айдай сұлу болмаса,
Қыз да болып не керек.
Атың-атың ату бол,
Ағайынмен тату бол.
Бағаналы таудай бол,
Шағалалы көлдей бол, – [88]

Бекмұрат Уахатовтың поэтика турасындағы зерттеу еңбегінде қазақ, қырғыз және қарақалпақ жоқтауларында бейнелі тіл, символдық сипаттағы теңеулер мен метафоралар молынан кездеседі. Мысалы, «күн дегенім түн болды», «өлімі құрысын өрт екен», «ақ түйем аунап шаң болды» сынды көркемдік тәсілдер жоқтаудың экспрессивті қуатын арттырады. Сондай-ақ: «кешегі менің көкжалым, аруақ қонған жасынан», «Көлдегі аққу дауысты, Ақсұңқар құстай дабысты», «асыл да гауһар болатым, ұшайын десем қанатым», «бала құстай талпынған, қор маралдай балаңды» сияқты эпитеттер мен салыстырулар — тұрмыстық-этнографиялық әрі эстетикалық кодтарды бойына жинақтаған образдар. Бұл образдар көп жағдайда түркі халықтарына ортақ. Сондықтан да жоқтауларды ұлттық аяда ғана емес, кеңірек — түркілік поэтикалық жүйе контекстінде қарастыру қажет.

Қоштасу өлеңдері де осы поэтикалық дәстүрдің маңызды тармағы болып есептеледі. Осы ретте Бекмұрат Уахатов ғылыми зерттеуінде Гомердің «Илиада» поэмасында Андромашаның күйеуі Гектормен қоштасу сәтін мысалға келтіріп, көз жасымен өрілген үнсіз қайғы сипатының берілу көркемдігін танытады. Бұл қатарда қазақ батырлар жырындағы Төлегеннің, Қобыландының, Ер Сайынның қоштасу сәттері қоштасу жанрының түркілік дәстүрде ерекше дамығанын айғақтайды. Бұл көріністердің басты сипаты поэтикалық шынайылық пен трагедиялық әсердің бір арнаға тоғысуы деп тұжырымдайды.

Қазақ халқының дәстүрлі наным-сенімдері мен дүниетанымында терең орныққан киелі ұғымдардың бірі — алғыс пен бата. Бір жағынан сәттілік пен

берекенің бастауы ретінде қарастырылса, екінші жағынан архаикалық дүниетанымның құрамдас бөлігі ретінде сипатталады. Ежелгі замандарда адам денесіне жабысқан дерт пен жамандықты сөз арқылы аластауға, ал алғысты сөз – яғни батамен бірге бақ, дәулет, денсаулық, ырыс та келеді деген наным кең таралған. Бұл түсінік – тек қазақ халқына ғана тән емес, ол көптеген түркі халықтарының рухани-мәдени тұғырынан бастау алады.

Бекмұрат Уахатов алғыс айту мен бата беру дәстүрі түркі халықтарының ежелгі дүниетанымынан туындаған универсалды құбылыс екенін айтады. Ғалым оның негізінде жақсылық тілеу, болашаққа бағытталған жағымды энергияны сөз арқылы дарыту концепциясы жатқанын анықтайды. Шоқан Уәлиханов өз еңбектерінде түркі-монғол халықтарында кеңінен тараған «тәңірі жарылқасын», «көк соққан» сияқты сөз тіркестерінің шамандық наным-сенімдермен сабақтастығына назар аударады [89]. Бұл – алғыстың діни-мифологиялық тамыры барын аңғартады. Мәселен, қазақпен туыстас қарашай, татар, алтай халықтарында да мұндай игі тілектер «алғыс» деп аталады [90].

Бекмұрат Уахатов алғыс белгілі бір маңызды сәттерде жас келіннің жаңа шаңыраққа түсуінде, жолаушының ұзақ сапарға аттануында немесе жас өспірімнің ер жетіп, жаңа белеске қадам басуында айтылатынын келтіре отырып, төмендегі мысалдармен дәлелдейді. Мысалы, қарашай фольклорындағы жас келінге арналған алғыстың мына жолдары мазмұндық жағынан да, поэтикалық құрылымы жағынан да ерекше:

Келген келін несіпті болсын,
Етер ісін біле келсін!
Келген жерін сүйе келсін,
Игілік кетпесін,
Қарғыс жетпесін,
Айтылған алғыс қабыл болсын! [91].

Ғалым бұл поэтикалық құрылым қазақ халқындағы бата сөздермен үндес келетінін де келтіреді. Мысалы, қазақ арасында үйлену тойларында айтылатын игі тілек, ақ жарма бата:

Асың-асың асыңа!
Береке берсін басыңа!
Бөденедей жорғалап,
Қырғауылдай қорғалап,
Қыдыр келсін қасыңа...
Тәңірі берген несібең
Тепкілесек кетпесін! [1, с. 5]

Сондай-ақ ғалым осы тектес мәтіндерді татар фольклорынан да кездестіруге болатынын анықтайды. Мысалы, татар халқының үй иелеріне, жас жұбайларға арналған батасы төмендегідей өріледі:

Қазаның өреле булсын,
Китмәскә килерең булсын.
Чүмергәнең май булсын,
Ашаганың бал булсын,
Семьяң ишле, бай булсын,

Абзарың тулы мал булсын
Күнелең кенә тотмасын! [71,б. 123]

Сонымен қатар Бекмұрат Уахатов татар тілінде бұл игі тілектер кейде «арбау» терминімен де берілетінін көрсетіп, бұл мағынасы жағынан қазақтың беташар өлеңдеріне жақын, әрі формасы жағынан да ұқсас екенін айтады. Татар фольклорындағы «алқышлар» — қуаныш пен жақсылықтың кезінде айтылатын бата-жырлар. Мысалы:

Яна туй булсын, чәкчәк күнелле булсын,
һәммәгез дә озын гомерле булсын,

немесе:

Алғы итәгеңне бала бассын,
арт итәгеңне мал бассын.

Ал сахаларда (якуттарда) бұл жанр — «алғыс тылларга» деп аталады [92]. Қырғыз фольклорында да осындай мазмұндағы поэтикалық үлгілер кең таралғанын анықтайды. Олардың бірі төмендегідей өрнектелген:

Бата башы дың-дың,
Малды берсин миң-миң.
Жылкы берсең ала бер,
От жакалай бала бер.
Жүктөрүнө төө бер,
Жүктөп алып жүрө бер.
Саарына бээ бер,
Сааган сайын ие бер.
Желеңдин ал учу менен бул учуна
Ат чуркаса жетпесин,
Кас санаган душманың,
Келерки ушул убакка жетпесин [77,б. 21].

Осылайша, мазмұндық, көркемдік сипаты тұрғысынан бұл жыр жолдарының қазақ баталарымен үндесетінін байқаймыз. Мәтіннің ішкі логикасы, семантикалық құрылымы, тіпті көркемдік тәсілдерінің ортақтығын көреміз. Бірақ әр халықтың өз тілі, өз айшығы мен өзіндік мәнерін сақтау — олардың даралығын танытады. Дегенмен, осындай поэтикалық туындыларды жалпы түркілік ортақ дәстүрдің туындысы ретінде қарастыру — ғылыми тұрғыдан негізделген тәсіл деп білуіміз керек. Сондықтан да кейбір фольклортанушылар қазақ пен қырғыздың бата-тілек жырларын «алғыс» деп бір терминмен атауды жөн көреді. Бұл — типологиялық ұқсастықты, тарихи-мәдени сабақтастықты айғақтайтын орынды ғылыми бағыт деп қабылдаған дұрыс.

Тұрмыс-салт жырларында эмоциялық әсерді күшейтуде бейнелі сөздер — эпитет, теңеу, кейіптеу мен метафоралар басты көркемдік құрал ретінде қолданылады. Бұл тәсілдер тыңдаушының ойы мен сезіміне әсер етіп, поэтикалық мазмұнды тереңдетуге себеп болады [76,р. 477-486]. Мәселен, сұлуды «аққуға», «бөкенге» немесе «құланға» балау арқылы оның сырт келбеті

ғана емес, мінезі де тұспалданады. Сол сияқты жігіт бейнесі – қыран, лашын секілді қыран құстар арқылы сомдалады. Мұндай бейнелеу тәсілдері сөздің көркемдік мағынасын кеңейтіп, эмоциялық реңін күшейтеді.

Осы ретте Бекмұрат Уахатов бұл троптар халықтың алғашқы дүниетанымын мифтік, тотемдік және анимистік түсініктермен сабақтас екенін көрсетеді. Ғалым табиғатты жандандырып, жансызға жан бітіріп сөйлеу, табиғат пен адам арасындағы рухани параллельділікті тану архаикалық сананың поэтикалық көрінісі екенін айта келіп, мұндай бейнелі сөздер алғашында нақты өмірлік ұғымдармен байланысып, келе-келе көркемдік тұрақты құрылымдарға айналғанын танытады.

Әр халықтың өз тұрмыс-салты, кәсібі мен орта жағдайына сай қалыптасқан поэтикалық бейнелеу жүйесі бар. Айталық, мал шаруашылығына негізделген қазақтың ғұрыптық жырларында сұлулық «бұлаң қағқан ақбөкен», «жаратқан ақбоз ат», «бота көз», «қозым», «құлыным» секілді бейнелер арқылы сипатталады. Мұндай образдар тек ұлттық эстетиканың көрінісі ғана емес, өмір салттың мәдени коды деп қабылдауымыз керек.

Профессор З. Ахметов атап көрсеткендей, көркем бейнелердің қалыптасуы – халықтың тарихи тәжірибесі мен әлеуметтік жағдайымен тікелей байланысты. Бір образ бірнеше халықтарда кездесуі мүмкін, бірақ мазмұндық-мағыналық жүктемесі түрліше. Мысалы, қыран, аққу, арыстан бейнелері славян және түркі поэзиясында қатар кездессе де, қолданылу контекстері мен символдық мәні өзгеше [93].

Бекмұрат Уахатов поэтиканы зерттеу турасында қарастырғанда жанр ішіндегі көркемдік құралдардың да әртүрлі деңгейде қолданылатынын байқайды. Теңеу, көбіне адамның сырт келбетін бейнелеуге қызмет етсе, метафора ішкі рухани күйді ашуға бейім екенін анықтайды. Той жырларында эпитет пен метафоралар жаңа түскен келіннің сұлулығын идеализациялау мақсатына бағынса, бақсы жырларында мифтік сана элементтері көрініс табатынын дәйектейді. Ал мұң-шер жырларындағы бейнелеу құралдары қайғы, қасіретпен ұштасқан эмоционалдық тереңдікке ие екенін танытады.

Халық поэзиясында жиі кездесетін теңеу мен метафора – ең көне поэтикалық құрылымдар қатарына жатады. Олардың түп-төркіні табиғатқа табыну, рухпен байланыс орнату кезеңіне барып тіреледі. Демек, бұл көркемдік құралдар – эстетикалық қана емес, дүниетанымдық сипаттағы құбылыс деп есептеуіміз керек [76,р. 477-486].

Ә. Қоңыратпаев, Р. Бердібаев, С. Қасқабасов, Ш. Ыбыраев сынды ғалымдардың еңбектерінде фольклорды жанрлық тұрғыдан жүйелеу, оның көркемдік табиғатын тану жолында методологиялық мәні терең, бағдарлық сипатқа ие пайымдар аз емес. Бұл еңбектер қазақ фольклортану ғылымының теориялық іргетасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарғаны анық. Алайда, ғұрыптық фольклорды арнайы типологиялық әрі поэтикалық өлшемде тұтас кешен ретінде зерттеу мәселесі ғылыми айналымға алғаш рет Бекмұрат Уахатовтың еңбектері арқылы енгізілді. Ғалым тек жекелеген жанрлық нұсқаларды емес, жалпы ғұрып фольклорының ішкі құрылымын, стильдік және мазмұндық сипаттарын кең ауқымда, жан-жақты қарастыруға ұмтылды.

Фольклортанушы ғалым Бекмұрат Уахатовтың бұл бағыттағы зерттеулері кейінгі фольклортанулық еңбектерге де арқау болды. Мәселен, Болатжан Әбілқасымовтың толғау жанрына қатысты тұжырымдары, «Фольклор» мен «Ауыз әдебиеті» ұғымдарына арналған мақалалары мен наным-сенімге негізделген «Телқоңыр» атты монографиясы – осы ғылыми дәстүрдің жалғасы іспеттес [20,б. 332]. Сонымен қатар, Кенжехан Ісләмжанұлының «Қазақтың отбасы фольклоры» [19,б. 138] атты еңбегінде де Бекмұрат Уахатов қалыптастырған методологиялық негіздер мен типологиялық ұстанымдардың ықпалы айқын аңғарылады.

Бекмұрат Уахатов тұрмыс-салт жырларының типологиясы мен поэтикасын кешенді түрде зерттей отырып, қазақ ауыз әдебиетінің жанрлық байлығын және көркемдік әлемін жаңа ғылыми деңгейде танытты. Ғалым халық жырларын тек фольклорлық дерек ретінде қарастырумен шектелмей, олардың тарихи, әлеуметтік және мәдени феномен ретіндегі табиғатын терең пайымдады. Оның еңбектерінде әрбір жанрлық түр өз ішкі заңдылықтарымен, көркемдік ерекшеліктерімен дараланып, ұлттық поэтиканың айнасы іспетті бейнеленеді.

Бекмұрат Уахатов қазақ тұрмыс-салт жырларын түркі халықтарының фольклорымен типологиялық салыстыру арқылы олардың өзіндік болмысын және мазмұндық тереңдігін жан-жақты ашып көрсетті. Түркілік кеңістіктегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды айқындау арқылы қазақ фольклорының айрықша поэтикалық құрылымға ие екенін ғылыми тұрғыда негіздеді. Бұл тұрғыда әрбір жанрдың өзара байланысып, мазмұндық әрі поэтикалық тұтастық түзетіні анықталды. Сонымен бірге тұрмыс-салт жырларының құрылымдық үйлесімі мен идеялық сабақтастығы ұлттық мәдениет дамуының ішкі логикасымен ұштасып жатқанын дәлелдей отырып, Бекмұрат Уахатов фольклорды тұтас мәдени феномен ретінде қарастыруға тың бағыт ұсынды.

Екінші бөлім бойынша тұжырым

Тұрмыс-салт жырлары – халқымыздың рухани мәдениетінің алтын арқауы, дәстүр мен дүниетаным, өмір салты мен әдет-ғұрып жүйесінің фольклорлық көркем көрінісі. Екінші тарауда осы поэтикалық формалардың тарихи-салыстырмалы аспектіде зерттелу ерекшеліктері мен типологиялық табиғаты кеңінен талданды. Аталмыш тараудың мазмұны Бекмұрат Уахатовтың ғылыми-теориялық концепцияларын негізге ала отырып, қазақ тұрмыс-салт жырларының типологиясы мен поэтикасына терең бойлады. Бұл тараудың ғылыми жүгін жүйелі көрсету үшін, бірнеше маңызды аспектілерге тоқтала отырып, олардың әрқайсысын мазмұндық, поэтикалық және әдіснамалық тұрғыдан арнайы саралау қажет.

Біріншіден, тарихи-салыстырмалы әдістің қолданылу ауқымы мен теориялық негіздері. Бұл тарауда салыстырмалы әдіс тек формалды ұқсастықтарды анықтау құралы ретінде емес, әрбір халықтың фольклорлық дүниетанымының терең қабаттарын зерделеудің негізгі тәсілі ретінде ұсынылғаны байқалады. Бекмұрат Уахатов салыстыруды тек текстологиялық тұрғыдан емес, тарихи-мәдени кеңістік тұрғысынан жүргізеді. Оның ғылыми тұжырымдамалары В. Жирмунский, В. Пропп, А. Веселовский сынды

фольклортанудың классикалық өкілдерінің еңбектерімен сабақтасып жатыр. Мәселен, В. Жирмунскийдің салыстырмалы-генетикалық әдісін қолдана отырып, Бекмұрат Уахатов түркі халықтарының фольклорында сақталған ортақ архетиптік құрылымдарды жүйелеп, олардың қалыптасу логикасын тереңінен саралайды.

Екіншіден, фольклорлық типологияның жанрлық жүйесін анықтаудағы методологиялық ізденістер. Тарауда ғалым тұрмыс-салт жырларын типологиялық тұрғыдан жүйелеудің нақты жолдарын ұсынады. Ол жанрлық жіктеуде поэтикалық форма, ритуалдық қызмет, мазмұндық тақырыптар мен образдық жүйеге ерекше мән береді. Салыстырмалы талдау арқылы қазақ жырларының қырғыз, өзбек, қарақалпақ, татар, башқұрт фольклорымен типологиялық ұқсастықтары мен айырым белгілерін көрсетеді. Бұл салыстырулар арқылы ғалым тұрмыс-салт поэзиясының түркі дүниесіндегі ортақ поэтикалық кодтарын ашып көрсетеді. Оның дәлелдері тек жалаң факт емес, мәтіндер арасындағы поэтикалық үндестікке негізделген интертекстуалдық параллельдер арқылы дәлелденеді.

Үшіншіден, поэтикалық құрылым мен көркемдік бейнелеу жүйесі тұрғысынан жүргізілген талдау. Бекмұрат Уахатов тұрмыс-салт жырларындағы троптар жүйесі, ритмикалық құрылым, теңеулер мен метафоралардың түркі фольклорындағы қызметін сипаттай келе, олардың фразеологиялық блоктар мен тұрақты бейнелер арқылы қалыптасқанын көрсетеді. Әсіресе, жоқтау, сыңсу, арбау, бәдік жырларындағы көркемдік бірліктерді салыстыру арқылы фольклордың ішкі логикасына терең бойлайды. Бұл тәсіл халықтық поэзияны бейнелеу құралдары тұрғысынан біртұтас жүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Төртіншіден, тұрмыс-салттық жырлардың символдық және ритуалдық мәніне жасалған талдау. Бекмұрат Уахатов тұрмыс-салт жырларын тек көркем мәтін ретінде ғана емес, дәстүрлі қоғамның әлеуметтік құрылымын бейнелейтін ритуалдық акт ретінде қарастырады. Осы тұрғыдан алғанда, әрбір өлең түрі белгілі бір әлеуметтік оқиғаның (қыз ұзату, жерлеу, үйлену) ажырамас бөлігі болып табылады. Мәселен, жар-жар мен өр-өр, сыңсу мен қоштасу жырларындағы әлеуметтік-психологиялық астарлар халықтың дүниетанымдық коды ретінде көрінеді.

Бесіншіден, ғалымның зерттеуіндегі кең географиялық және тарихи контекст. Бұл тарауда Бекмұрат Уахатов тек түркі халықтарының фольклорымен шектеліп қалмай, иран, африка халықтарының да ритуалдық жырларын салыстырмалы түрде талдап, фольклорлық ұқсастықтардың тарихи-әлеуметтік себептерін ашуға тырысқан. Мұндай кең өріс ғалымның зерттеуін әлемдік фольклортану кеңістігіне интеграциялауға мүмкіндік береді. Тіпті, кейбір жыр үлгілеріндегі құрылымдық параллельдер ғұн дәуірінен немесе оғыз-қыпшақ кезеңінен бастау алады деген ғылыми болжамдар да осы тарауда дәлелденеді.

Алтыншыдан, ұлттық ерекшеліктерді типологиялық ұқсастықпен қатар қарастыру. Бұл тараудағы маңызды аспектілердің бірі – ортақтық пен айырмашылықты бір жүйеде көрсету. Түркі халықтарына ортақ жырлар ішінде

кейбіреулері тек қазақ пен қарақалпақ, не болмаса қазақ пен қырғыз арасында ғана кездесетіні де назардан тыс қалмайды. Бұл типологияны тек универсалистік көзқараспен ғана емес, этноспецификалық ерекшеліктер тұрғысынан да қарастыру қажеттігін көрсетеді.

Жетіншіден, фольклорды зерттеудегі синкретизм мен жанраралық тоғысу. Бекмұрат Уахатовтың зерттеуіндегі тағы бір маңызды тұжырым тұрмыс-салт жырларының белгілі бір мағынада эпос, аңыз, ертегі, шешендік сөздермен де тығыз байланысы бар екендігі. Бұл фольклорлық синкретизм тұрмыс-салт поэзиясының көркемдік әлеуетін кеңейтіп, оны тек салттың шеңберінде ғана қарастыруға болмайтынын дәлелдейді. Бұл ой оның «жоқтау – лирикалық эпостың бір тармағы», «беташар – драмалық құрылымды өлең формасы» деген секілді тұжырымдарында көрініс табады.

Сегізіншіден, Бекмұрат Уахатов еңбектерінің фольклортану ғылымындағы маңызы мен жаңашылдығы. Бұл тараудағы ғылыми-теориялық тұжырымдар XX ғасырдағы фольклортану ғылымында орын алған методологиялық дағдарысты еңсеруге бағытталған тың ғылыми қадам ретінде бағаланады. Ғалымның тарихи-типологиялық зерттеуді фольклорлық мәтіндерді жаңа тұрғыда пайымдаудың негізгі жолы ретінде ұсынуы ұлттық ғылымдағы концептуалды бетбұрыс болып табылады. Оның бұл тәсілі – фольклорды халық жадындағы мәдени код, поэтикалық құрылым ретінде зерделеудің жаңа парадигмасы.

Қорытындылай келе, екінші тарауда жасалған ғылыми талдаулар мен тұжырымдар – тұрмыс-салт жырларын зерттеудің жаңа теориялық-әдістемелік үлгісі ретінде бағалануға әбден лайық. Бекмұрат Уахатовтың тұрмыс-салт поэзиясын тарихи-салыстырмалы аспектіде жүйелеуі қазақ фольклортануындағы типологиялық бағыттың өзекті әрі болашағы бар ғылыми арна екенін дәлелдеді. Бұл зерттеу тек бір ғана жанрлық типологиямен шектелмей, тұтас түркі әлемінің поэтикалық бейнесін кең көлемде тануға жол ашты. Осы арқылы ұлттық фольклорды интерэтникалық және мәдени кеңістіктегі күрделі де бірегей құбылыс ретінде тануға мүмкіндік берді.

Бұл тарау – тек өткенді зерделеу ғана емес, болашақ фольклортану ғылымының да бағдарын айқындайтын теориялық іргетас. Бекмұрат Уахатовтың зерттеуіндегі әдістемелік кешен, интертекстуалдық салыстырулар мен тарихи-когнитивтік пайымдаулар – қазақ фольклорын ғылыми тұрғыда жаңа сапалық деңгейге көтерген іргелі еңбектің мазмұндық өзегін құрайды. Тұрмыс-салт жырларын зерттеу қазіргі қазақ әдебиеті мен тілінің дамуына ерекше серпін береді. Оларды оқу бағдарламаларына енгізу, ғылыми зерттеулер жүргізу – ұлттық мәдени мұраны кеңінен насихаттау мен сақтау ісінде маңызды рөл атқарады. Сондықтан, Бекмұрат Уахатовтың бұл саладағы зерттеулерін әрі қарай жалғастырып, жаңа ғылыми тәсілдермен толықтыру – заман талабына сай маңызды міндет болып табылады.

3 Б. УАХАТОВТЫҢ ХАЛЫҚ ӨЛЕҢДЕРІН ЗЕРТТЕУДЕГІ ӘДІСНАМАЛЫҚ ПРИНЦИПТЕРІ

3.1 Б.Уахатов зерттеулеріндегі халық өлеңдерінің жанрлық мәселелері

Қазақ халқының рухани мұрасы – ғасырлар қойнауынан жеткен ауыз әдебиеті арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отырған көркемдік дәстүрдің негізі. Осы әдеби мұралардың ішіндегі халық өлеңдері – тек көркемдік құбылыс қана емес, сонымен бірге этнографиялық, тарихи және философиялық ақпарат көзі ретінде де танылатын фольклорлық мұра. Бұл поэтикалық форманың жанрлық ерекшеліктерін анықтау, оның ішкі құрылымын, функциясын және әлеуметтік қызметін жүйелеу – қазіргі фольклортанудағы өзекті бағыттардың бірі. Аталған міндетті ғылыми негізде шешуде көрнекті фольклорист, профессор Бекмұрат Уахатовтың еңбегі айрықша маңызға ие.

Оның «Қазақтың халық өлеңдері» атты көлемді монографиясы фольклор жанрларын жүйелеудегі типологиялық және поэтикалық әдістемені ұштастыра отырып, қазақтың халық өлеңдерінің жанрлық ерекшеліктерін терең әрі кешенді түрде талдауға бағытталған. Бұл еңбекте халық өлеңдерінің тақырыптық, функциялық, құрылымдық, орындаушылық және эстетикалық параметрлері ғылыми тұрғыда сараланып, олардың тарихи-мәдени эволюциясы мен қоғамдағы орны пайымдалған.

Бекмұрат Уахатов халық өлеңдерін жанрға бөліп қарастыруда дәстүрлі фольклортанудың әдістерін негізге ала отырып, олардың әрқайсысына нақты сипаттама беруді мақсат етеді. Ол халық өлеңдерін негізгі төрт топқа бөледі: еңбек-кәсіпке байланысты өлеңдер, ескі наным-сеніммен байланысты өлеңдер, әдет-ғұрыппен байланысты өлеңдері және лирикалық өлеңдер. Бұл жүйелеу тақырыптық-мағыналық негізде құрылып, өлеңдердің функциялық қызметін ашуға мүмкіндік береді.

Әсіресе ғұрыптық өлеңдері жанрлық жіктеу жүйесінде маңызды орын алады. Олар тек әдет-ғұрыпты сипаттап қана қоймай, белгілі бір салттық міндет атқарып, әлеуметтік институт рөлін де қоса атқарған. Бекмұрат Уахатов бұл топқа жар-жар, беташар, сыңсу, жоқтау, қоштасу және бесік жырларын жатқызады. Оның пікірі бойынша, бұл өлеңдер мазмұны жағынан әйелдерге қатысты этнографиялық көріністерді бейнелеп, қазақ қоғамының дәстүрлік құрылымын поэтикалық тұрғыда түсіндіреді.

Халық өлеңдерінің жанрлық табиғатын тануда олардың тарихи бастауларының маңызы өте зор. Бекмұрат Уахатов ең көне өлеңдер қатарында шамандық кезеңнен жеткен бақсы сарыны, арбау, жалбарыну және бәдік өлеңдерін атайды. Бұл өлеңдер мифтік дүниетанымға негізделген және оларда поэзия мен ритуалдың ажырағысыз синкреттік сипаты сақталған.

Мысалы, бақсы сарыны өлеңдерінде кейіпкерлер көбіне табиғатпен тілдесіп, жансыз затқа жан бітіріп сөйлету, тотемдік бейнелерге жүгіну секілді көріністер жиі кездеседі.

Ой, Ардақ, сен ақ қоян секендеген,
Артында мен ақ түйғын жетем деген.
Ойымда үш ұйықтасам бар ма менің,

Айырылып сенен, сәулем, кетем деген.

Ой, Ардақ, сен ақ қоян шыңнан қашқан,
Артыңда мен ақсұңқар түлеп ұшқан.
Қан қылмай ақ жүніңнен бір ілгізші,
Тамаша қарап тұрсын дос пен дұшпан [94].

«Сен қоян да, мен сұңқар» деген жолдар – осының айғағы. Бұл өлеңдер қазақ мифологиясы мен дүниетанымын зерттеуде бағалы этно-поэтикалық материал болып табылады.

Ғалым халық өлеңдерінің жанрлық табиғатын сипаттай келе, оларды шығу тегі мен қызметіне қарай бірнеше топтарға бөліп қарастырады. Ең алдымен, өлеңнің жалпы термин ретіндегі тарихи қалыптасуына назар аударған Бекмұрат Уахатов бұл ұғымның көне түркі тіліндегі X-XIV ғасырлар аралығында жазылған Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат ат-Түрік», «Кодекс Куманикус» және түркі-араб сөздіктерінде «ула», «улағыл» (ولا، ولاغیل) деген сөздердің бар екендігін анықтаған.

Филология ғылымдарының докторы Әбжан Құрышжановтың зерттеулері бойынша, бұл сөздер «әлде нені жалғау, бірін-бірі байланыстыру, бірін-біріне қиюластыру» деген мағыналарды береді екен [95]. Осы түсінікке сүйене отырып, қазақтың көне поэзия жанрлары – қара өлең мен қайым өлеңнің құрылымдық ерекшеліктерін түсіндіруге болады.

Қара өлеңдерде айтушылар әдетте бір шумақтың алғашқы екі жолын бастаса, келесі екі жолын екінші адам жалғастырады. Кейде бір шумақты төрт адам өзара бөліп айтып, үйлесімділікке қол жеткізеді. Мұндай жағдайларда өлең айтушылардың бірі екіншісіне: «Мен екі жолын бастадым, енді сен жалғастыр» немесе «Сен өлеңді қиыстыр, ұластыр (ула)» деген сияқты сөздерді қолданғаны белгілі болды.

Бекмұрат Уахатов осы сипаттамалар «ула» сөзінің өлең жанрына қатысты қолданысын айқындап, оның қазақтың көне өлең құрылымдарымен байланысын дәлелдейді. Демек, «өлең» термині түркілік көне дәуірдегі ұғымдардан туындап, дамығаны күмән тудырмайды.

Фольклортанушы ғалым Бекмұрат Уахатов қазақ тіліндегі «өлең» ұғымының қайнарын зерттей отырып, оның түп-төркінін көне қыпшақ тілінде қолданылған «ула» сөзімен байланыстырған жөн деп санайды. Бұл пікірдің негізділігі құмық тіліндегі «улан» сөзімен ұқсастығында және қарақалпақ, өзбек, алтай халықтарының поэтикалық терминдерінде көрініс тапқан атауларда дәлелденеді. Егер бұл атауларды кесте арқылы бейнелесек, көне қыпшақ тілінде – «ула», құмық тілінде – «улан», алтай тілінде – «қожон», қарақалпақтарда – «қосық», өзбек тілінде – «кушиқ», қазақша – «өлең» деген мағынаны білдіреді. Мұндай салыстыру аталған сөздердің тарихи ауысу, бейімделу процестерін және дыбыстық өзгерістер арқылы ұлттық ерекшеліктерге сай түрленгенін көрсетеді.

Осылайша, ғалым Бекмұрат Уахатов өз еңбегінде көне түркі және қыпшақ тіліндегі «өлең» ұғымының этимологиясын терең қарастырып, «өлең» сөзінің шығу төркіні мен халықтық семантикасына қатысты лингво-этнографиялық

пайымдар жасайды. Бұл этимологиялық зерттеу халық өлеңдерінің поэтикалық құрылымының тарихи тереңдігі мен архаикалық табиғатын ашып көрсетуге бағытталған.

Бекмұрат Уахатов халық өлеңдерінде сақталған мифологиялық бейнелеу жүйесіне ерекше назар аударады. Оның пайымдауынша, бұл өлеңдерде архаикалық дәуірлердің наным-сенімдері, мифтік сана мен тотемистік көркемдік ұғымдар тұнып тұр. Әсіресе, бақсы сарыны мен арбау өлеңдерінде мифтік метафора мен символдар молынан кездеседі. Осы өлеңдерде адам мен табиғат арасындағы шекара өшіп, дүниенің анимизациясы жүзеге асады – жансыз заттар мен құбылыстар тірі бейнелер ретінде көркем суретке айналады.

Мысалы, «тауға күш бітіру», «бәйтерекке тіл бітіру», «жалынға құрбан шалу», «жаратылыспен тілдесу» секілді мотивтер қазақ өлеңдерінің мифтік санада қалыптасқанын аңғартады. Бұл өлеңдердің стильдік ерекшелігі – олардағы сөздер поэтикалық кесте мен магиялық құрылымға бағына отырып, белгілі бір ритуалды орындау қызметін атқарады. Осы орайда Бекмұрат Уахатов поэзияның алғашқы формаларының бірі ретінде арбау өлеңдерін ерекше бағалайды. Ол бұл өлеңдерді магиялық формула, поэтикалық сөз бен әуеннің синкреттік тұтастығы ретінде танытады.

Халық өлеңдерінің көркемдік тілі – бейнелі ойдың, сезім мен символдың жүйесі. Бекмұрат Уахатовтың пайымдауынша, поэтикалық құрылымда метафора мен теңеу – тек бейнелеу құралы ғана емес, халықтық дүниетанымның көркемдік коды. Лирикалық өлеңдерде кездесетін «Сен – аққу, мен – сұңқар» секілді жолдарда еркіндік пен сүйіспеншілік, аңсау мен арман ұғымдары астарланады.

Психологиялық параллелизм – адамның ішкі күйін табиғат құбылыстары арқылы бейнелеу тәсілі. Бұл стильдік элементте адам мен табиғат бір-біріне қарсы қойылады немесе салыстырыла суреттеледі. Мысалы:

Қараша күз қайтады қатқақ болып,

Қалады көл суалып батпақ болып.

Ақ кербез отыр ма екен, жатыр ма екен,

Аққудай көлге қонған аппақ болып [96] деген жолдарда табиғат көрінісі адамның көңіл күйімен үндесіп тұтас поэтикалық образ түзеді. Бекмұрат Уахатов бұл тәсілді мифтен теңеуге дейінгі даму эволюциясының көрінісі ретінде түсіндіреді.

Фольклор табиғатында жанрлар арасында қатаң шекара жоқ. Ғалым Бекмұрат Уахатов халық өлеңдерінің жанрлық араласуын, бір жанрдың екінші жанрға ауысуын немесе ықпал етуін табиғи үдеріс ретінде сипаттайды. Мысалы, сыңсу мен қоштасу өлеңдерінде жоқтаудың интонациясы кездеседі. Ал жар-жар мен беташарда лирикалық интонациямен қатар, эпикалық сипат та ұшырасады.

Ғалым атап өткендей, жанрлық трансформация – халықтың дүниетанымдық, әлеуметтік және мәдени дамуының нәтижесі. Бұл өзгерістер өлең формасына, поэтикалық тіліне және атқаратын қызметіне тікелей әсер еткен. Сондай-ақ тұрмыстық өлеңдер мен лирикалық өлеңдердің арасына өту

шекарасы да кейде шартты сипатта болады. Бұл – ауыз әдебиетінің икемділігі мен үнемі жаңарып отыратын ашық жүйе екенін дәлелдейтін белгі.

Бекмұрат Уахатов халық өлеңдерінің халық арасындағы орындалу формаларын, олардың қоғамдық өмірдегі қызметін жан-жақты қарастырады. Ғалым поэтикалық мәтін мен музыкалық элементтің ажырамас байланысын негізге ала отырып, өлеңді тек көркем туынды ретінде ғана емес, сонымен бірге мәдени ритуал мен әлеуметтік практика ретінде де бағалайды. Оның пікірінше, өлең – тұрмыстық салттың бір бөлігі ретінде қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында жүйелі қызмет атқарған.

Мысалы, жар-жар мен беташар – үйлену салтының ажырамас бөлігі. Бұл өлеңдер бір жағынан әлеуметтік қатынасты реттесе, екінші жағынан, адамның өмірлік кезеңдеріндегі өтпелі жағдайларды көркем бейнелеу арқылы рәсімдейді. Сол сияқты сыңсу – қыз баланың әке үйінен аттанып, бөтен елге кетуін бейнелейтін лирикалық-меланхолиялық туынды. Бұл өлеңдер орындалу кезінде музыкалық әуенмен айтылады және олардың құрылымында қайталанатын рефрендер мен эмоционалдық кульминациялар кездеседі.

Осы ретте ғалым халық өлеңдерінің жанрлық ерекшеліктерін қарастыруда тағы бір мәселеге назар аударады. Ол жыраулар мен жыршылардың пайда болуы ақындар мен өлеңшілерден бұрын болған ба, әлде керісінше ме деген мәселе фольклортанушылар арасында әлі күнге дейін қызу талқыланатын тақырыптардың бірі екенін атап өтеді. Көптеген зерттеушілердің пікірінше, жырау мен жыршылық өнері тарих тереңінен бастау алып, ақындық пен өлеңшілік дәстүр кейінірек қалыптасқан сияқты деген пікірге келеді. Мұндай көзқарас көбінесе поэзияның көлемді формаларына – батырлық эпос пен толғауларға негізделеді деп дәлелдейді. Ғалымның аталмыш пікіріне сүйенсек, біздің ойымызша, мұндай тұжырым екі-үш шумақтан тұратын шағын өлеңдердің пайда болу себептері мен уақытын анықтаудың күрделілігінен туындаған болса керек.

М. Әуезов эпостың бастауында тұрмыс-салт жырлары тұрғанын айтып, халық поэзиясының шағын жанрлары ірі эпикалық туындыларға негіз болғанын көрсетеді [97]. Бұл жырларды шығарған ақындар мен өлеңшілер жыраулардан бұрын өмір сүрген болуы мүмкін. Ақындар лирикалық және тұрмыстық тақырыптарды жырлауға бейім болған. Ал жыраулардың мұрасы — эпикалық жырлар мен терең толғаулар.

Ә. Марғұлан ақындардың суырып салмалық қабілетін ерекше атап өтіп, олардың репертуарының әртүрлілігін көрсетеді [98]. Жыраулар мен ақындардың айырмашылығы шығармашылық бағыты мен орындау ерекшеліктерінде жатыр. Бұл айырмашылық олардың дербес өнер иелері ретінде қалыптасқан сәтінде нақты айқындала түскен.

Ал Г. Потанин қазақ поэзиясы мен музыкасының тығыз байланысына назар аударып: «Қазақ арасында ақындық өнер ерекше дамыған. Өлең шығарушы бір мезгілде композитор да, ол тек өлеңнің мәтінін емес, оны орындауға лайық ырғақты да өзі жасайды. Ақындық өнер кең далаға сыймайды», – деген пікір айтады [99].

Бұл ретте ғалым Бекмұрат Уахатов қазақ өнерінде ақын, өлеңші, әншілердің қызметі ұқсас болғанымен, олардың ара жігі айқын екенін атап

өтеді. Ғалым өлеңші — не толық ақын, не кәсіби әнші емес, бірақ жаттап айту мен суырып салмалық қабілеттері қатар дамыған тұлға болса, ақын тапқырлығымен ерекшеленсе, әнші дауысымен дараланатынын айқындайды.

Бекмұрат Уахатов халық өлеңдерінің поэтикалық мәтіні мен музыкалық құрылымының өзара тығыз байланысын ашып көрсетеді. Ол халық өлеңін «ән мен сөздің тұтастығы» ретінде сипаттай отырып, оның формалық дамуын музыкалық ритм мен мелодия арқылы түсіндіреді. Мәселен, қара өлеңдерде әуен құрылымы ырғақтық симметриямен ерекшеленеді: он бір буынды төрт тармақтан тұратын шумақтар біркелкі интонациямен айтылады және олардың соңында қайырма немесе рефрен қолданылады.

Музыка — тек фон емес, өлең мазмұнын ашатын және тыңдаушының эмоционалдық күйіне тікелей әсер ететін көркемдік құрал. Әнмен айтылған өлеңдер тез жатталып, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отырады. Сол себепті де қазақ өлеңі әнмен тығыз байланысты — оның мәтіні де, құрылымы да музыкалық логикаға бейімделген.

Шешеке-ау, үйіңізге қондыра көр,
Қондырып әр нәрсеге оңдыра көр.
Атыма шөп, өзіме орын бер де,
Қолыма қарағайлы домбыра бер, — [100].
немесе:

Болғанмен малға жарлы тілім шешен,
Жасымнан қара өлеңге болдым көсем, — [101].

Ғалым ән құрылымында кездесетін пауза, қарқынының өзгерісі, дыбыстық қайталаулар мен акценттік элементтердің поэтикалық мағынаға әсерін арнайы жоғарыда келтірілген мысалдар арқылы түсіндіреді. Бұл талдаулар фольклордың лингвомузыкалық табиғатын ашып, оның тек мәтіндік емес, перформативтік (орындаушылық) сипатын да ашуға мүмкіндік береді.

Бекмұрат Уахатов өз зерттеулерінде халық өлеңдерінің типологиялық құрылымына да аса мән береді. Ол өлеңдерді белгілі бір типологиялық кластарға бөліп, олардың құрылымдық сипаттарын салыстыра зерттейді. Типологиялық жіктеуде өлеңдердің формалық тұрақтылығы, мазмұндық бағыты, стилистикалық ерекшеліктері ескеріледі.

Бекмұрат Уахатов қазақ өлеңінің негізін құрайтын қара өлең үлгісіне ерекше тоқталады. Қара өлең — он бір буынды, төрт тармақты, әдетте, «ааба» ұйқас үлгісінде құрылатын синкреттік жанр. Ол әлеуметтік-мәдени жағынан кең ауқымда қолданылады: махаббат, тұрмыс, әлеуметтік теңсіздік, ажырасу, бейбіт тіршілік, табиғат және тағы басқа тақырыптарды қамтиды. Ғалымның айтуынша, бұл жанрдың өміршендігінің сыры — формалық қарапайымдылық пен мазмұндық байлығында жатқандығы болып табылады.

Сонымен бірге ғалым жанрлардың поэтикалық ішкі жүйесін де саралайды. Мысалы, сыңсу мен қоштасу өлеңдерінде қайталау, параллелизм, гипербола, метафора сияқты поэтикалық тәсілдер тұрақты қолданылады. Бұл құрылымдық тұрақтылық фольклорлық мәтіндердің танымдық-көркемдік дәстүрін ұрпақтан-ұрпаққа сақтауға мүмкіндік берген.

Бекмұрат Уахатов халық өлеңдеріндегі әлеуметтік дискурсты талдай отырып, олардың қазақ қоғамындағы әлеуметтік қатынастарды, рулық-тайпалық құрылымды және гендерлік рөлдер жүйесін бейнелейтінін көрсетеді. Оның пікірінше, халық өлеңдері қоғамдық қатынастардың көркем моделі ретінде қызмет атқарған және әрбір әлеуметтік топтың өзіндік көзқарасын, мұң-мұқтажын, тілегін поэтикалық формада білдіруге мүмкіндік берген.

Әйелдер өлеңдері – қазақ ауыз әдебиетінің өзіндік үлкен бір саласы. Бекмұрат Уахатов алғаш рет тұрмыстық өлеңдердің ішінде әйелдердің орындауындағы жар-жар, сыңсу, жоқтау сияқты өлеңдердің мазмұндық сипаты мен көркемдігіне, жырлану мотивіне ерекше мән береді. Бұл өлеңдер әйелдердің әлеуметтік жағдайын, тағдыры мен сезімін бейнелейді. Мәселен, сыңсу арқылы қыз өз отбасымен қоштасып, жат елге кету алдындағы сезімін білдіреді. Жоқтау өлеңдері әйелдердің қайғысын, өмірлік серігінен айрылғандағы мұңын жеткізсе, жар-жар арқылы жаңа өмірге қадам басар алдындағы арман-үміттері көрінеді.

Әйелдердің тұрмыс-салт өлеңдері көбінесе эмоционалдық бояуы қанық, экспрессивті болып келеді. Мұнда жеке сезімнің ұжымдық сезімге ұласуы тән. Бекмұрат Уахатовтың пайымдауынша, бұл өлеңдер арқылы әйелдер өздерінің қоғамдағы орны, әлеуметтік шектеулері мен армандары туралы айту мүмкіндігіне ие болған.

Әйелдер поэзиясының фемининдік сипаты және этноәлеуметтік мазмұнын Бекмұрат Уахатов халық өлеңдеріндегі әйел образы мен әйелдер дауысы қазақ қоғамының гендерлік құрылымының айнасы іспеттес етіп көрсетеді. Бекмұрат Уахатов әйелдер поэзиясын фольклордағы фемининдік дискурстың басты көрінісі ретінде қарастырады. Ол әйелдердің фольклорлық шығармашылығын өзіндік көркемдік әлем ретінде сипаттап, оның ұлттық мәдениеттегі орны мен рөлін нақтылайды.

Сыңсу, жоқтау, жар-жар сияқты өлеңдерде әйел бейнесі нәзіктікпен, сезімталдықпен бірге, тағдырдың ауыртпалығын мойындаған рухани күш иесі ретінде көрінеді. Әйел өлеңдері тұрмыстық дәстүрлердің трансляторы ғана емес, сол дәстүрлерді адамгершілік, эстетикалық тұрғыдан жаңғыртып отыратын күшке айналған. Олар арқылы қыз баланың дүниетанымы, ана болу миссиясы, әлеуметтік шектеулер мен махаббат еркіндігі туралы ойлар бейнеленеді.

Фольклортанушы Бекмұрат Уахатовтың пайымдауынша, тұрмыстық өлеңдердегі әйел образы тек лирикалық кейіпкер ғана емес, сонымен қатар дәстүрлі қоғамдағы әлеуметтік-мәдени нормалар мен тұлғалық сезімнің тоғысу нүктесі болып келеді. Бұл өлеңдерде әйел адамның ішкі жан дүниесіндегі қайғы мен үміт, мұң мен арман бір мезгілде қатар өріліп, қоғамдық салт-дәстүрмен қайшылыққа түскенде поэтикалық экспрессия мен драмалық шиеленіс айрықша күшке ие болады. Дәл осы қарама-қайшылық шығарманың көркемдік тереңдігін айқындайтын маңызды факторлардың бірі ретінде танылады.

Мысал ретінде сыңсу жанрына жататын төмендегі өлең жолдарын қарастыруға болады. Мұнда жас қыз өз туған үйінен кетіп бара жатқан сәттегі ішкі сезім күйзелісін, ата-анасына деген қимастық сезімін және болашаққа

деген алаңдаушылықты терең эмоциялық-регистерде жеткізеді. Өлең жолдарында қолданылған метафоралық бейнелер мен параллелизм тәсілі қыз баланың жаңа өмірге қадам басар алдындағы көңіл толқынысын көркемдік тұрғыда айшықтайды:

Алтын да менің босағам,
Аттап бір шығам деп пе едім.
Күміс те менің босағам,
Күңіреніп шығам деп пе едім [102].

Бұл шумақтағы поэтикалық бейнелеу уыздай пәк көңілдің қимастықпен астасқан ішкі драмасын жеткізумен қатар, сыңсу жанрының эмоционалдық және әлеуметтік функциясын да айқын көрсетеді. Мұндай өлеңдер тек жекелеген лирикалық күйді ғана емес, сонымен бірге дәстүрлі қазақ қоғамындағы қыз баланың әлеуметтік рөлін, отбасылық құрылым ішіндегі орнын да танытатын фольклорлық дерек көзі ретінде маңызды.

Жоқтау өлеңдерінде жақыннан айырылудың жан күйзелісі, жеке тұлғаның қайғысы мен мұңы терең поэтикалық формада өрнектеледі; мұндай шығармаларда жекелеген адамның трагедиясы ұжымдық рухани тәжірибемен, халықтық дүниетаным мен өлімге қатысты дәстүрлі көзқараспен астаса отырып, фольклорлық мәтіннің әлеуметтік-психологиялық маңызын арттыра түседі:

Арғымақтың тұяғы,
Тасты басса кетілер,
Сазды басса жетілер.
Жетпесті қума,
Келмеске жылама!

Қабат-қабат қара жер,
Кімдерді жалмап алмаған.
Жағасы асыл ақ сауыт,
Кімдерден жайнап қалмаған [103].

Алып арыстан құласа,
Жан беруші бар ма екен?
Аққан дария құрыса,
Су беруші бар ма екен?

Өлгеннің соңынан өлмек жоқ,
Өлген қайтып келмек жоқ.

Қанаты бүтін сұңқар жоқ,
Тұяғы бүтін тұлпар жоқ.
Тозбасты ұста соқпайды,
Өлместі тәңір жаратпайды [14,б. 26].

Осы ретте Бекмұрат Уахатов жоқтау жанрының көркем әрі таңдаулы үлгілері В. Радлов, Г. Потанин, Ш. Уәлиханов, Я. Лютшь, Н. Гродеков, О. Диваев сынды зерттеушілер жинақтап жариялаған еңбектерде де кездесетінін атап өтеді. Ғалым Мәшһүр Жүсіп Көпеев жинастырған жоқтаулар мен В. Радловтың «Үлгілер» жинағында басылған жоқтау мәтіндері мазмұн жағынан бір-біріне ұқсас келетіндігін көрсетеді [1,б. 19-29]. Екі нұсқа арасындағы айырмашылық тек кейбір жекелеген сөздердің әртүрлі берілуінде байқалады. Осы деректерге сүйене отырып, ғалым М. Көпеев пен В. Радловтың жоқтауларды бір орындаушыдан жазып алған болуы мүмкін деген қорытынды жасауға негіз бар деген тұжырым жасайды.

Бекмұрат Уахатов халық өлеңдерінің тақырыптық ауқымының кеңдігін айта отырып, олардың тұрмыстық, салттық, махаббаттық, еңбек және тарихи мазмұндарды қамтитынын көрсетеді. Әр өлең тақырыптық бағытына қарай қазақ халқының дүниетанымын, өмір салтын, арман-үмітін, әлеуметтік байланыстарын бейнелейді.

Халық өлеңдерінің жанрлық сипат тұрғысынан тұрмыстық өлеңдер – күнделікті өмірдің көркем шежіресі. Мұнда үй-ішілік қарым-қатынас, ауыл тіршілігі, табиғатпен етене араласқан мал шаруашылығы бейнеленеді. Махаббат тақырыбындағы өлеңдерде жеке тұлғаның ішкі сезім дүниесі, сүйіспеншілік, сағыныш, арман мен үміт көрініс табады. Еңбек өлеңдері (мысалы, төрт түлік туралы өлеңдер) халықтың күнкөріс кәсібіне, мал шаруашылығына қатысты дүниетанымын білдіреді. Ал тарихи өлеңдер қазақ халқының ерлік тарихын, елдік күрестерін, ұлттық сана-сезімді жырлайды.

Бекмұрат Уахатов атап өткендей, халық өлеңдерінің көркемдік жүйесі табиғи қарапайымдылық пен философиялық тереңдіктің үйлесімімен сипатталады. Қарапайым сюжеттер мен тұрмыстық оқиғалар арқылы ғаламдық ой-толғамдар беріледі. Мысалы, бір қарағанда қарапайым болып көрінетін қайым өлең жолдарында махаббат пен тағдыр туралы терең философиялық ойлар аңғарылады.

Бекмұрат Уахатов халық өлеңдерінің көркемдік заңдылықтарын саралай отырып, олардың халық эстетикасына негізделгенін көрсетеді. Халық эстетикасының негізгі принциптері ретінде табиғилық, үйлесімділік, шынайылық, эмоцияның тұтастығы және көркем тілдік нақтылық аталады.

Ғалым Бекмұрат Уахатовтың пікірінше, халық поэзиясында көркемдікке жетудің басты жолы – қарапайым әрі әсерлі сөзбен терең ойды жеткізу. Жанрлық сипатының даму күрделілігіне қарай қазақ өлеңінде көпсөзділік пен жасандылық сирек кездеседі; оның орнына шынайы сезім мен бейнелі ойдың ықшам әрі нұсқалы берілуі тән. Бұл қасиет әсіресе қара өлең үлгілерінен айқын көрінеді. Мысалы, төрт жолға сыйғызылған махаббат трагедиясы немесе өмірдің өткіншілігі туралы ойлар халық поэзиясының ықшам формасы мен философиялық мазмұнының тамаша үлгісі болып табылады.

Бекмұрат Уахатов зерттеулерінде ұлттық поэтикалық модель ұғымына ерекше мән беріледі. Ол қазақ өлеңдерінің құрылымдық, стильдік, бейнелік ерекшеліктерін ұлттық дүниетаным мен тарихи-мәдени тәжірибеге негіздейді.

Ұлттық поэтикалық модельдер өлеңнің құрылымынан (буын саны, ұйқас түрі, тармақ пен шумақ құрылысы) бастап, бейнелеу құралдарына (метафора, эпитет, теңеу) дейін көрініс табады. Бұл көркемдік поэтика халық өлеңдерінің жанрлық мазмұнын тереңдете түседі.

Мысалы, төрт түлік малға байланысты өлеңдерде әр мал түріне қатысты арнайы символикалық сипаттамалар қалыптасқан: жылқы – еркіндік пен сұлулықтың, түйе – шыдамдылықтың, қой – берекенің, сиыр – мейірімділіктің бейнесі ретінде көркемдеген. Бұл бейнелер ұлттық дүниетанымның көркем жүйесін құрайды.

Сонымен қатар Бекмұрат Уахатов эпостарды қазақ халық өлеңдерінің ерекше бір саласы ретінде қарастырады. Эпостық шығармалар халықтың қоғамдық өмірінде орын алған маңызды оқиғаларды, ерлік күрестерді, әлеуметтік сілкіністерді бейнелеп қана қоймай, сол кезеңнің рухани-идеялық мазмұнын да ашып көрсетеді. Бұл өлеңдерде ұжымдық тарихи жадтың көркем бейнеленуі орын алады.

Эпостық шығармалардың негізгі жанрлық ерекшеліктеріне уақыт пен кеңістікті нақты атау, тарихи тұлғалардың бейнелерін сомдау, оқиғалардың хронологиялық жүйесін сақтау, қоғамдық-әлеуметтік бағалау беру жатады. Мұндай эпостарда көбіне нақтылық пен эпикалық кең тыныстылық үндеседі.

Бекмұрат Уахатов эпостық шығармалардың эпикалық дәстүрмен тығыз байланыста екенін айтады. Әсіресе, батырлық жырлар мен тарихи өлеңдердің поэтикалық құрылымында ұқсастықтар мол екенін көрсетеді. Екеуінде де ерлік идеясы, ұлттық намыс, бостандық аңсау, әлеуметтік әділеттілікке ұмтылыс негізгі мазмұн ретінде көрініс табады.

Мысал ретінде Бөгенбай, Қабанбай, Өтеген, Сұраншы, Жанқожа, Ералы, Арқалық батырлар туралы айтылатын эпостық шығармалар аталады. Бұл шығармалар нақты тарихи оқиғаларға негізделгенімен, олардың көркем баяндалуында эпикалық пафос басым болады. Сондай-ақ мұнда кейіпкерлердің типтендірілуі, эпикалық гиперболизация, патриоттық сарын ерекше айқын байқалады.

Бекмұрат Уахатов эпостық шығармалардың қазақ халқының ұжымдық тарихи санасын қалыптастырудағы рөлін ерекше бағалайды. Ғалымның пікірінше, эпостар халықтың өткені туралы түсінігін, тарихи өзіндік санасын қалыптастыруға ықпал ететінін айтады.

Эпостық шығармалар халықтың өткенді ұмытпау, оны келер ұрпаққа жеткізу қызметін атқарады. Бұл шығармаларды халықтың қайғысы мен қуанышы, үміті мен трагедиясы бейнеленеді. Мысалы, жаугершілік заманда туған өлеңдерде елдің азаттығы, жердің тұтастығы үшін күрес идеясы басты тақырыпқа айналады.

Сонымен қатар эпостық шығармалар ұлттың моральдық-этикалық кодексін де қалыптастырған. Онда ерлік, адалдық, батырлық, сатқындық сияқты ұғымдарға нақты көркемдік баға берілген. Әрбір тарихи өлең белгілі бір тарихи кезеңнің рухани портретін жасап қана қоймай, халықтың ұлттық болмысының айнасы іспетті қызмет атқарған.

Бекмұрат Уахатов халық өлеңдерінің поэтикалық формаларының уақыт ағымында қалай өзгергенін, олардың қандай тарихи процестермен сабақтас дамығанын ғылыми тұрғыда негіздейді. Оның пайымдауынша, өлеңнің құрылымдық өзгерістері халықтың қоғамдық өміріндегі, дүниетанымындағы, эстетикалық талаптарындағы өзгерістермен тікелей байланысты.

Ежелгі дәуірлерде өлеңнің қарапайым құрылымдары басым болған. Алғашқы поэтикалық үлгілер негізінен екі немесе үш тармақты қысқа формалардан тұрды. Бұлар, көбіне, магиялық сипаттағы мәтіндер: арбау, бәдік, жалбарыну өлеңдері болды. Кейінгі кезеңдерде поэтикалық формалар күрделеніп, төрт тармақты қара өлең үлгісі қалыптасты. Бұл өлеңдер көбіне он бір буынды болып келеді және ұйқас жүйесі тұрақты «ааба» немесе «абаб» тәртібінде ұйымдастырылған. Мысалы:

Қалайы сандық кілтім-ау,
Жылама дейсің жұртым-ау,
Жылатады екен туысқан,
Қолына жүзік ұйысқан [104].

Орамал төктім он кесте,
Шай киіз тіктім бір кесте.
Айналайын, аға-еке-ау,
Жеткізбей бердің он беске.
Он бес түгіл он қайда,
Бұрынғыдай күн қайда! [105].

Бекмұрат Уахатов халық поэзиясының құрылымдық дамуын дәуірлік кезеңдермен байланыстырады. Орта ғасырлар дәуірінде эпикалық дәстүрдің күшеюіне байланысты өлеңнің көлемі мен композициялық құрылысы да күрделене түсті. Бұл кезеңде өлеңдер тек қана тұрмыстық сипатта емес, қоғамдық-әлеуметтік мазмұнға ие бола бастады.

Бекмұрат Уахатовтың ғылыми зерттеулерінде өлең өлшемі мен ырғақ құрылымының тарихи өзгерісі ерекше орын алады. Оның пікірінше, буындық өлшем қазақ өлеңдерінің ең көне белгілерінің бірі болып табылады. Алғашқы өлеңдер жеті-сегіз буынды болып келсе, кейін он бір буынды өлшем басымдық ала бастайды.

Он бір буынды өлең өлшемі – қазақ халық поэзиясының классикалық құрылымы. Бұл өлшем қара өлеңде, тұрмыс-салт өлеңдерінде, лирикалық шығармаларда кеңінен қолданылады. Бекмұрат Уахатовтың айтуынша, он бір буынды өлшем халық тілінің табиғи интонациясына, сөйлеу ырғағына сәйкес келеді, сондықтан ол қазақ өлеңінің ең тұрақты әрі кең тараған формасы ретінде орнықты. Мысалы:

Үстіме бешпет кидім кіл қарадан,
Ілгегін інжу-маржан кім қадаған.
Алыстан арып-ашып келгенімде,
Көзіңнен айналайын бір қараған [106].

немесе:

Ауылдан шығушы едім ертеңменен,
Ақ қайың, қызыл ескек, желкенменен.
Кетпейді тұрсам ойдан, жатсам түстен,
Жастағы өткізген күн еркемменен [107].

Өлеңнің ырғақтық жүйесі де уақыт өте күрделене түсті. Алғашқы өлеңдерде ырғақ қарапайым, монотонды болған. Кейінірек синтаксистік параллелизмдер мен поэтикалық симметрия арқылы ырғақ құрылымы түрленіп, динамикалық сипат ала бастады. Әсіресе қайым өлеңдерде тармақаралық қайталанулар мен ритмикалық акценттер кеңінен қолданылады.

Бекмұрат Уахатов халық өлеңдерінің эстетикалық табиғатын талдай келе, олардың басты ерекшеліктері әдемілік, қайғы және арман ұғымдарын айқындайды. Бұл ерекшеліктер ғұрыптық жырларының мазмұны мен формасын анықтайтын негізгі көркемдік бағдарлар болып табылады.

Әдемілік көбіне жар-жар, беташар, сыңсу өлеңдерінде көрініс табады. Бұл өлеңдерде жас жұбайлардың бақытына, жаңа өмір бастауына тілектестік білдіріледі. Халық өлеңдеріндегі эстетикалық идеал сұлулық пен үйлесімділік образы арқылы бейнеленеді.

Ал қайғы жоқтау, естірту сияқты өлеңдерде доминанттық сипат алады. Мұнда өмірдің өткіншілігі, ажалдың қайтымсыздығы, тағдырдың жазмышы сияқты философиялық терең ойлар поэтикалық түрде жеткізіледі. Қайғы жеке адамның трагедиясы ғана емес, ұжымдық, яғни әулеттің қайғысы ретінде де беріледі.

Арман бейнесі ғұрыптық жырларының барлық түрінде кездеседі. Әсіресе сыңсу өлеңдерінде қыздың өз болашағы, жаңа өмірге деген үміті мен алаңдаушылығы арман мотиві арқылы өрнектеледі. Ғалым арман образы арқылы халықтың өмірге деген оптимистік көзқарасы, болашаққа деген сенімі көрініс табатынын анықтайды.

Бекмұрат Уахатовтың «Қазақтың халық өлеңдері» атты еңбегі қазақ фольклортану ғылымында ерекше ғылыми жаңалық әкелді. Ол алғаш рет халық өлеңдерінің жанрлық жіктелуін тарихи-типологиялық тұрғыда жүйеледі. Бұған дейін жеке-жеке қарастырылып келген ғұрыптық жырлар, лирикалық өлеңдер, еңбек өлеңдері мен наным-сенімге қатысты өлеңдер ғалымның еңбегінде біртұтас типологиялық құрылым ретінде талданды.

Ғалым халық өлеңдерінің ішкі поэтикалық табиғатын, олардың образдық және символдық жүйесін, тарихи-мәдени негіздерін терең әрі кешенді түрде сипаттады. Оның зерттеуі қазақ ауыз әдебиетіндегі өлең жанрының дербес, өзіндік дамуы бар көркемдік жүйе екенін дәлелдеп, фольклорды тек мәтіндік материал ретінде емес, мәдениет пен руханияттың органикалық бөлігі ретінде қарастыруға жол ашты.

Бекмұрат Уахатов өз зерттеулерінде кешенді әдістерді қолданды. Ол тарихи-генетикалық, типологиялық, салыстырмалы-тарихи және құрылымдық

талдау әдістерін ұштастыра отырып, халық өлеңдерінің көпқырлы табиғатын ашты.

Тарихи-генетикалық әдіс арқылы ол өлеңдердің шығу тегін, олардың мифологиялық дүниетаныммен байланысын көрсетті. Типологиялық әдіс өлеңдердің құрылымдық және мазмұндық ұқсастықтарын анықтауға мүмкіндік берді. Салыстырмалы әдіс арқылы қазақ өлеңдерін түркі халықтарының фольклорлық үлгілерімен салыстыра отырып, олардың ортақ тамырлары мен ұлттық ерекшеліктерін саралады.

Бекмұрат Уахатовтың қазақтың халық ауыз әдебиетінің дамуына қосқан теориялық үлесі – халық өлеңдерін функционалдық тұрғыда қарастыруында. Ол өлеңдерді тек көркем шығарма емес, қоғамдық өмірдің бір бөлшегі, әлеуметтік қатынастардың реттеушісі және тарихи жадының тасымалдаушысы ретінде бағалады. Ғалым поэзияның әлеуметтік, ритуалдық, тәрбиелік қызметтерін арнайы атап көрсетіп, фольклорды функционалды семиотикалық жүйе ретінде қарастырды.

Бекмұрат Уахатовтың халық өлеңдеріне арналған зерттеулерін талдай отырып, оның қазақ фольклортану ғылымына бірқатар іргелі ғылыми тұжырымдар енгізгенін байқауға болады. Атап айтсақ, халық өлеңдері — қазақ халқының тарихи-мәдени тәжірибесін, дүниетанымын, эстетикалық идеалдарын бейнелейтін бірегей фольклорлық жүйе; өлеңдер жанры тарихи даму барысында мифтік поэзиядан тұрмыстық-әлеуметтік мазмұнды көркем туындыларға дейін эволюцияланған; халық өлеңдері тек мәтін емес, музыкалық, ритуалдық, перформативтік сипатқа ие күрделі көркемдік құрылым; өлеңдердің жанрлық бөлінісі – олардың әлеуметтік функцияларымен, тарихи жағдайларымен және мәдени дәстүрлерімен тығыз байланысты.

Бекмұрат Уахатовтың ғылыми мұрасы қазіргі қазақ фольклортану ғылымының теоретикалық іргетасын қалыптастыруда айрықша рөл атқарды. Оның зерттеулері ұлттық ауыз әдебиетінің жанрлық құрылымын жүйелі түрде саралап, ішкі эволюциялық даму заңдылықтарын алғаш рет кешенді ғылыми негізде сипаттаумен ерекшеленеді. Бұл бағыттағы еңбектер халық поэзиясының типологиялық сипаттарын терең пайымдауға мүмкіндік беріп, фольклорды танудың теориялық және методологиялық шекарасын едәуір кеңейтті.

Бекмұрат Уахатовтың ғылыми тұжырымдары қазіргі фольклортанушылар үшін сенімді методологиялық арқау ғана емес, болашақ зерттеулердің жаңа бағыттарын анықтауға бағдар бола алатын маңызды интеллектуалдық ресурсқа айналды. Оның еңбектері ұлттық әдеби мұраны жүйелеуде және ғылыми айналымға енгізуде тың серпін беріп, қазақ фольклортану ғылымының даму эволюциясында жаңа кезеңнің бастауына негіз қалады. Бұл еңбектер қазіргі фольклортанушыларға теориялық және әдістемелік тұрғыдан бағдар берді.

3.2 Б. Уахатовтың халық өлеңдерін зерттеудегі ғылыми ұстанымдары

Қазақ фольклортану ғылымының тарихында ауыз әдебиеті мұрасын жан-жақты, кешенді түрде қарастырып, терең ғылыми жүйеге түсірген тұлғалардың бірі – фольклорист, филология ғылымдарының докторы Бекмұрат Уахатов. Оның «Қазақтың халық өлеңдері» атты көлемді монографиясы тек поэтикалық

үлгілерді сипаттап қана қоймай, оларды ғылыми-теориялық тұрғыдан жіктеп, жүйелеп, қазақ фольклорының ішкі құрылымын, стильдік, мазмұндық ерекшеліктерін ашуға бағытталған академиялық еңбектердің алдыңғы легіне жатады.

Бекмұрат Уахатов халық өлеңдерін классификациялауда жанрдың тарихи дамуын, функционалдық маңызын, эстетикалық өлшемдерін және типологиялық ерекшеліктерін назарға ала отырып, ғылыми парадигманың жаңа деңгейін ұсынды. Ол өз зерттеуінде тек мәтіндік үлгілерге сүйеніп қоймай, сол мәтіннің этномәдени контекстін, тарихи-әлеуметтік қызметін, орындаушылық дәстүрін, сондай-ақ жанр аралық сабақтастықты жүйелі түрде зерттеді. Зерттеуші аталған еңбегінде халық өлеңдерін талдай отырып, оларды төрт негізгі топқа жіктейді:

- 1) Еңбек кәсіппен байланысты туған өлеңдер
- 2) Халықтың ескілікті наным-сенімімен туған өлеңдер
- 3) Әдет-ғұрыппен байланысты туған өлеңдер
- 4) Лирикалық өлеңдер

Еңбек-кәсіппен байланысты туған өлеңдер категориясына жататын фольклорлық шығармалар халықтың табиғатпен үйлесімді өмір сүру тәжірибесі мен күнделікті тіршілігі суреттеледі. Бекмұрат Уахатов бұл топтағы өлеңдерді тек шаруашылық әрекеттердің эстетикалық көрінісі ретінде ғана емес, мәдени кодтарды сақтайтын, дәстүрлі дүниетанымды бейнелейтін символдық жүйе ретінде қарастырады.

Ғалым Бекмұрат Уахатов қазақтың тұрмыстық қарекерін танытатын «Еңбек-кәсіппен байланысты туған өлеңдердің» жүйесін «Аңшылық турасындағы өлеңдер», «Төрт түлік туралы өлеңдер» және «Наурыз өлеңдері» деп қарастырады [40,б. 90].

Аңшылық пен мал шаруашылығына байланысты өлеңдерде табиғи кеңістікпен үндестік, қоршаған әлемге құрмет пен тылсымдық таным сипатталады. Аңшылық өлеңдер туралы Бекмұрат Уахатовтың пайымдауынша, көшпелі өмір салтының, еркін даланың символы ретінде адамның табиғатпен байланысын көрсететін маңызды фольклорлық форма дейді. Бұл жырларда аңшының ерлігі, ит пен қыран құстың қасиеттері, аң аулау сәтінің драматургиясы көркем суреттеледі. Жырдың мазмұнында көбінесе аңшы мен аң арасындағы шиеленіс, батылдық пен айлакерлік тартысы бейнеленеді. Мысалы:

Талдан таяқ жас бала таянбайды,
Бала бүркіт түлкіден аянбайды [108].

Жұқалау көктұмсығы болса жалпақ,
Мелжемді, жұмыр аяқ, бұты талтақ,
Көзі ауданды, қып-қызыл, кекшіл маңдай,
Іші кең, саны жуан, болса шалқақ [109].

Бұл өлеңдер – қаһармандықтың, төзімділіктің, тәжірибенің маңыздылығын насихаттайды. Бекмұрат Уахатов аңшылық жырларында фольклорлық проза

элементтерімен қатар поэтикалық құрылымдар да қатар қолданылады деп жазады. Мысалы, «Қарақұйрықты қақпанға түсіріп, тұлпармен қырдан асыру» сияқты бейнелі тіркестер аңшы өмірінің көркем кодына айналғанын аңғартады [40,б. 98-101].

Сол секілді төрт түлікке байланысты өлеңдер қазақ халқының шаруашылық-мәдениетінің ажырамас бөлігі ретінде сипатталады. Бекмұрат Уахатов бұл өлеңдерге терең семиотикалық талдау жасай отырып, түлік бейнесінің мифологиялық-символикалық сипатына назар аударады. Мәселен, түйе – шыдам мен төзімділіктің, жылқы – еркіндік пен мәрттіктің, қой – молшылық пен берекенің, сиыр – қарапайымдылық пен еңбекқорлықтың бейнесі ретінде фольклорда орныққан. Бұл өлеңдерде төрт түліктің әрқайсысы белгілі бір қасиеттермен сипатталып, адам мінез-құлқы мен тұрмыстық моральдық өлшемдердің коды ретінде көрініс табады. Сонымен қатар, төрт түлік туралы өлеңдерде тәлім-тәрбиелік, діни-нанымдық, тәрбиелік функциялар өзара қабаттасып жатады. Ғалым мұндай жырларды фольклордың прагматикалық және эстетикалық жүйесін қатар қамтитын, синкретті құрылымды жанр ретінде бағалайды.

Қазақ халқының дәстүрлі тұрмыс-тіршілігінде мал шаруашылығы негізгі кәсіп түрі болғанымен, әсіресе қарапайым халық, яғни кедейлер үшін бұл кәсіптің әрқашан оңай болмағаны тарихи деректерден даусыз көрінеді. Бұл жағдай халық ауыз әдебиетіндегі «Төрт түлік малдың кеңесі» тәрізді туындыларда көркем бейнеленеді. Аталған шығарманың құрылымында қой, сиыр, жылқы және түйе тәрізді төрт түлік жиылып, өзара кеңес құрып, «қайсымыз қандай жерге, қандай адамға бітсек екен?» деген сұрақ төңірегінде пікір алмасады.

Өзара пікірталас нәтижесінде төрт түлік бір тоқтамға келеді: олар өздерінің күтіміне мән беретін, шөп-жемін толықтай әзірлейтін, еңбекқор адамға біткенді құп санайды. Әр мал түрі өз қалауын былайша білдіреді:

Сиыр:

Қалың қорық нуға бітем,
Қоры үзілген қуға бітем.

Жылқы:

Бетегелі белге бітем,
Найза ұстаған ерге бітем.

Түйе:

Жалмаң құлақты сорға бітем,
Ел ішіндегі зорға бітем.

Қой:

Күнгейлі қара тасқа бітем [40,б. 135].

Бұл мәтінде малдардың таңдау критерийлері арқылы қазақ қоғамындағы еңбекке, табиғи ортаның ерекшеліктеріне және әлеуметтік құрылымға қатысты дүниетанымдық ұстанымдар айқын аңғарылады. Әр түліктің табиғи мекеніне

және иесінің әлеуметтік бейнесіне сәйкес бітуі халықтың экологиялық білімінің, әлеуметтік идеалдарының және шаруашылық тәжірибесінің поэтикалық көрінісі ретінде бағаланады. Осы арқылы фольклор тек тұрмыс суретін берумен шектелмей, дүниетанымның символдық-көркемдік құрылымын да танытады.

Мысалы, көктемгі мал төлдеу науқанына байланысты туған өлеңдерде тіршіліктің жанаруы, ұрпақ жалғастығы мен табиғи ырғаққа икемделу тақырыптары көркем түрде өрнектеледі. Бұл өлеңдерде жиі қолданылатын лексемалар «ақтылы қой», «бие байлау», «жылқы жусау» халықтың экологиялық сана-сезімінің бір көрінісі ретінде танылады [40,б. 112-138].

Ғалым қазақ өлеңдерінің өзіндік даму жолын анықтаумен бірге, халықтың күнделікті кәсібінен, еңбегінен туған ескілікті өлеңдер, яғни аңшылық, төрт түлік мал, наурыз туралы шығармалар сол замандағы тарихтың қоғамдық өзгерістерімен байланысты зерттеледі деп пайымдайды [40,б. 6].

Бекмұрат Уахатов бұл өлеңдердің ерекшелігі ретінде олардың уақыттық ритмін, маусымдық сипатын, салттық жалғасуын көрсетеді. Фольклорда еңбек әрекеті тек экономикалық амал ғана емес, сонымен қатар дүниенің көркемдік бейнесін танудың формасы ретінде ұсынылады.

Бекмұрат Уахатов наурыз өлеңдеріне ерекше назар аударып, қазақтың еңбек-кәсіппен тығыз байланысты тұрмыс-салт жырларының бір тармағы ретінде қарастырады. Ол бұл өлеңдерді көктемнің келуімен қатар тіршіліктің жаңғыруын, табиғаттың оянуын, адамның жаңа өмірге үмітпен қарауын білдіретін көркем поэтикалық үлгі деп бағалайды. Наурыз – тек мерекелік оқиға ғана емес, дәстүрлі шаруашылық пен тұрмысқа негізделген ритуалдық мағынаға ие. Сондықтан да наурыз өлеңдерінде шаруашылыққа қатысты болжамдар, жердің құнарлылығына тілектер, төрт түлікке арналған тілек-бата түріндегі өлең жолдары жиі кездеседі.

Бекмұрат Уахатов наурыз жырларының поэтикалық құрылымын талдай отырып, олардың мазмұны мен формасында ежелгі мифтік сенімдердің, табиғатты киелеудің, экологиялық дүниетанымның іздерін анықтайды. Ол бұл өлеңдерді көне түркілік таным жүйесінің көрінісі ретінде қарастырып, олардың шығу тегін мәдени архетиптермен байланыстырады. Мысалы, «қырық күн жердің тоңы жібіді», «Самарқанның көк тасы ериді» деген образдар табиғат пен адам арасындағы мистикалық байланыстың символдары ретінде көрсетеді.

«Наурызға байланысты туған өлеңдер тек шаруашылық маусымының басталуын емес, халықтың жаңа өмірге деген сенімін, рухани серпілісін де көрсетеді. Бұл өлеңдерде көркемдік те, мәдени-ритуалдық мазмұн да тоғысады» – деп жазады ғалым [40,б. 139].

Ұлыс күні кәрі-жас,
Құшақтасып көріскен.
Жана ағытқан қозыдай
Жамырасып көріскен.
немесе:

Ұлыстың ұлы күнде,

Келіншек шығар керіліп,
Сәукелесі саудырап.
Қыз шығады қылмиып,
Екі көзі жаудырап.
Бозбала шығар бұрқырап
Ақ бөкендей шырқырап [110].

Осы ретте Бекмұрат Уахатов атап көрсеткендей, наурыз өлеңдері мен салттық әндерде айқын құрылым, тұрақты формула, символдық бейнелер мен ғұрыптық тілді қолдану кең таралған. Бұл оларды фольклордың жеке жанры ретінде қарастыруға толық мүмкіндік береді. Бұл категорияға жататын фольклорлық шығармалар халықтың табиғатпен үйлесімді өмір сүру тәжірибесі мен күнделікті тіршілігінің айнасы деп қабылдаған дұрыс. Бекмұрат Уахатов бұл топтағы өлеңдерді тек шаруашылық әрекеттердің эстетикалық көрінісі ретінде ғана емес, мәдени кодтарды сақтайтын, дәстүрлі дүниетанымды бейнелейтін символдық жүйе ретінде қарастырды.

Бекмұрат Уахатов тәңірге сыйыну, жаратылыстың керемет істеріне табыну әр халықтың өміріне, күнкөріс кәсібіне, тіршілігіне байлыныс «Халықтың ескілікті наным-сенімінен туған өлеңдердің» «Бақсылар сарыны» және «Арбау-байлау өлеңдері» деп екі топқа саралайды.

Шаманизмге тән мифопоэтикалық дүниетаным бұл өлеңдер типологиясының негізі болып табылады. Бекмұрат Уахатов бұл топтағы өлеңдерді мәдени архетиптер мен ежелгі наным-сенімдермен сабақтастыра отырып, фольклордың ритуалды-функционалдық негізін қалпына келтіреді. Ғалымның айтуынша, арбау, бәдік, аластау сияқты өлеңдер сөздің магиялық-энергетикалық қуатына сенудің нақты көрінісі дейді.

Бақсылар сарыны турасындағы өлеңдер Бекмұрат Уахатовтың зерделеуінше түркілік шамандық дәуірден бастау алатын, синкреттік сипатқа ие күрделі жанр деп танытады. Бұл жырлар бақсы арқылы орындалып, әуенмен, сиқырлы қимылмен және ерекше интонациялық ырғақпен сүйемелденген. Бақсы сарынында көбіне діни-магиялық функция үстем, ал мәтін мазмұны бақсының жын-пері әлемімен байланысы, рухтармен тілдесуі мен тылсым күштерден көмек сұрауы туралы айтылады. Мәтіндерде жиі кездесетін «қара шал», «желмаямен келген абыз», «таудан түскен ақ арқар» сынды образдар мифологиялық мотивтердің куәсі.

Осы ретте Бекмұрат Уахатов бақсы сарынында бақсының жеке дара тұлғалық күйі, трансқа түсу сәтіндегі ішкі үн, дауыстық ерекшелік пен ритмикалық құрылым өлеңнің мағынасымен тең дәрежеде қызмет етеді дейді [40, б. 159].

Қазақ халқының байырғы дүниетанымында маңызды орын алатын «бақсы сарыны» аталатын өлең-жырлар фольклорлық мұралардың ең архаикалық, әрі салттық негізде қалыптасқан түрлерінің бірі екені ғылыми ортада еш талас тудырмайды. Бұл жыр үлгілері тек поэтикалық мәтін ғана емес, сонымен қатар халықтың ежелгі наным-сенімі мен дүниетанымының, тіпті әлеуметтік-философиялық көзқарастарының көркем экспликациясы болып табылады.

Аталған жанрға қатысты алғашқы ғылыми пайымдаулар XX ғасырдың алғашқы жартысында көріне бастады. Айталық, М. Әуезов, С. Сейфуллин, М. Ғабдуллин, Ә. Марғұлан, М.С. Сильченко, Б. Кенжебаев сынды көрнекті ғалымдар өз еңбектерінде бақсы сарынына қатысты мазмұндық, құрылымдық және функционалдық тұрғыдан терең талдаулар жүргізген болатын. Олар бұл сарындардың тек фольклорлық емес, тарихи-этнографиялық құндылығы да зор екенін ерекше атап өткен.

Мысалы, Мұхтар Әуезов өзінің «Әдебиет тарихы» атты еңбегінде бақсы сарынын қазақ халқының мифтік көзқарастарымен сабақтастыра отырып, оның поэтикалық формаларын ежелгі түркі поэзиясының жалғасы ретінде қарастырған екен [14,б. 240]. Сәкен Сейфуллин де өз зерттеулерінде бақсылардың орындау мәнері, саздық құрылымы мен магиялық функциясын нақты сипаттаған [15,б. 455]. Ал М. Ғабдуллин [111] мен Ә. Марғұлан бұл өлеңдердегі символика, ондағы аруақпен тілдесу, әлемдік құрылым туралы түсініктерге ерекше тоқталады [112].

Бақсы жырларының құрылымында қайталама формулалар, гипнотикалық интонациялар және шамандық магия элементтері жиі кездеседі. Мысалы:

Қойқапта жатқан перілер,
Мен шақырдым келіндер!
Бәрекелді ерлерім,
Тілеуімді беріндер!...
Келші бермен, жын-пері,
Шақырғанда кел, пері!
Айда, шіркін, жындар-ай,
Кешіктің неғып мұндар-ай! [113].

Бұл фольклортану ғылымы үшін ғана емес, сондай-ақ этнолингвистика, музыкалық этнография, антропология сияқты пәнаралық зерттеулер үшін де маңызды дереккөзі болып есептеледі. Айта кетерлік тағы бір жайт, бұл сарындарда ерекше интонациямен айтылатын экспрессивтік тілдік құрылымдар мен архаизмдердің молдығы, сондай-ақ бақсылардың жыр айту барысында музыкалық аспаптармен сүйемелдеуі мәтін мен орындау синкретизмі тұрғысынан назар аудартады.

Осыған орай, бақсы сарыны тек фольклорда ғана емес, ұлттық тарихи жадыны қалпына келтіру ісінде де ерекше маңызға ие болады. Себебі бұл өлеңдер халқымыздың космологиялық көзқарасын, табиғатқа, рухтар әлеміне деген қатынасын бейнелейді. Сонымен бірге бұл сарындар қазақтың шамандық дәуіріне тән дүниетанымының тірі куәсі іспетті.

Бақсы сарыны — қазақ фольклорының өзіндік құрылымдық ерекшелігімен, дүниетанымдық тереңдігімен және көркемдік бояуымен дараланған аса құнды жанрлық түр. Бұл сарындарды жүйелі зерттеу тек өткеннің поэтикалық мұрасын саралау ғана емес, ұлттың таным көкжиегін кеңінен тануға мүмкіндік жасайды.

Арбау-байлау өлеңдері – ауру-сырқау, көз тию, түрлі психоэмоциялық күйзелістерді сөз арқылы жеңу мақсатында орындалатын магиялық поэзия. Бекмұрат Уахатов бұл жырлардың құрылымында дыбыстық қайталаулар,

ритмикалық ырғақтылық, формулалық тіркестердің көп кездесетінін атап өтеді. Мысалы, «көз тиді, көз кетті, көздің сұғы кетті» секілді құрылымдарда сөздің магиялық әсері бірінші орынға қойылады [40,б. 184-185]. Арбау өлеңдері бір жағынан діни, екінші жағынан ритуалдық-функционалдық сипатта танылады. Онда қара ниетті күштерге қарсы тұру, баланы, жас келінді, жауынгерді қорғау идеясы орын алған.

Ғалым қазақтың халық ауыз әдебиетінде кездесетін арбау өлеңдерінде жын-періні атау арқылы қуу, шөптердің (мысалы, алабота, арша, көк пісте) шипалық қасиетін мадақтау, от пен судың киесін дәріптеу сияқты фольклорлық мотивтер кең таралғанын атап көрсетеді.

Ғалым Бекмұрат Уахатов арбау өлеңдерінің құрылымдық ерекшеліктері мен композициялық бітімінен олардың өзгеше сипатын анық аңғартады. Ғалымның зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, бұл тектес өлеңдердің құрылысын шартты түрде төрт негізгі бөлімге бөліп қарастыруға болады.

Бірінші бөлім – кіріспе; мұнда арбаушы өзінің жүгінер күшін таныстырып, мәтіннің бастапқы сарынын қалыптастырады. Екінші бөлім – мақтау және жалынып-жалбарыну; бұл бөлікте улы жәндіктердің киелілік сипаты дәріптеліп, олардан залал келтірмеу сұралады. Үшінші бөлім – зеку және қорқыту; мұнда арбаушы қорқыту тәсілі арқылы зиянкес күшке қысым жасап, оны үркітуге ұмтылады. Төртінші бөлім – бұйыру, яғни арбау мәтіні улы жәндіктердің аттарын атай отырып, «шық, тәңіріден пәрмен келді» деген мазмұндағы бұйрық сипатындағы сөздермен аяқталады. Осы құрылымдық ерекшеліктер арбау өлеңдерінің архаикалық сипатын, олардың магиялық-ритуалдық функцияларын айқындайды және қазақтың наным-сенім жүйесіндегі орнына қатысты маңызды ғылыми тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді. Мысалы, жылан шаққанда айтылатын арбау өлеңді талдасақ, кіріспесі:

Кер, кер, кер жылан,
Кереге басты мер жылан,
Бір жылан бар сұм жылан,
Бір жылан бар сұр жылан,
Бір жылан бар жеті жылғы ту жылан,
Құралай таудың басынан
Қуып келген қу жылан [114].

Екінші бөлім негізіндегі мысалға жүгінсек:

Атқан оқтан жылдам құрт,
Ағын судан қатты құрт,
Айыр құйрық ашайрық,

Алақаннан аумай шық! [115] – деген жолдар магиялық экспрессияның көркемдік мысалы ретінде келтіріледі.

Ал үшінші бөлімге мынадай мысалдар айғақ бола алады:

Шатыр-бұтыр кілеңгер,
Шатырыңды бұзайын.
Танауыңды тілейін,
Тәңір ұрғандай қылайын,
Аққан суға салайын,

Тірі ғаріп қылайын,
Сеніменен болайын! [115,с. 307]

Енді төртінші бөлімде:

Абыр-абыр абырлама,
Мен тұрғанша жыбырлама,
Қой қорадан өрген жоқ,
Бала-шаға тұрған жоқ,
Мерт байладым, шарт байладым,
Тұра жыланның аузын байладым! [115,с. 176].

Бұл өлеңдерде прагматикалық мақсат емдеу, аластау, сақтандыру көркем тілдік форма арқылы жүзеге асады. Бекмұрат Уахатов оларды мәдени жадының архетиптік қабатына жатқызып, түркілік фольклорлық жүйенің бастапқы сатыларымен сабақтастырады.

Арбау мен бақсы сарындарының жалпы фольклорлық жүйедегі орны туралы Бекмұрат Уахатов «Бұлар халықтың дүние, өмір, өлім, табиғат құбылыстары туралы көне дәуірлік танымының көрінісі ғана емес, сондай-ақ көркем ойлаудың бастапқы формаларының бірі ретінде де бағалануы керек» деп тұжырымдайды [40,б. 177-185].

Қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерінің ішіндегі наным-сенімдерге қатысты дүниелер халықтың діни дүниетанымы мен рухани-этикалық құндылықтарының сабақтасқан көрінісі ретінде маңызды рөл атқарады. Осындай фольклорлық мәтіндер ғасырлар бойы қалыптасқан моральдық ұстанымдармен, тұрмыстық әдет-ғұрыптармен және ұлттық салт-дәстүрлермен органикалық байланыста дамып отырған. Наным-сенімге негізделген өлеңдер мен жырлар дін мен дәстүрдің тұтастығын көркем формада айшықтай отырып, рухани сабақтастықты қамтамасыз ететін поэтикалық құрылым ретінде қалыптасқан. Аталған поэтикалық туындылардың мазмұнында ислам дінінің принциптерімен қатар, дәстүрлі дүниетаным мен архаикалық нанымның элементтері де өзара үйлесе бейнеленеді. Мысалы, бәдік, арбау, аластау, бақсылық сарындар сынды жанрлар тек ем-домдық немесе магиялық қызмет атқарумен шектелмей, сол заманның сенім жүйесін, құдайшылық көзқарасын поэтикалық рәміздермен жеткізетін құрал ретінде көрінеді. Бұл өлеңдерде тіршілік пен өлім, адам мен табиғат, көзге көрінбейтін күштер мен күнделікті өмір арасындағы байланысты танымдық деңгейде түсіндіруге ұмтылыс бар.

Халық даналығының терең тамырынан бастау алатын бұл дүниелер мақал-мәтелдерде, аңыздар мен шешендік сөздерде, тұрмыс-салт өлеңдерінде кеңінен көрініс тапқан. Атап айтқанда, фольклорлық мәтіндердегі «иман», «құт», «киелі» секілді ұғымдар халықтың моральдық әлемін айқындайтын категориялар ретінде танылған. Дәл осы ерекшеліктерді ғылыми-теориялық деңгейде жүйелеген фольклортанушы ғалым Бекмұрат Уахатов болды. Ол халық өлеңдеріндегі діни-мистикалық мазмұнды талдай отырып, дін мен дәстүр бірлігінің қазақ мәдениетіндегі рөлін нақты ғылыми аргументтермен негіздеді. Ғалымның пайымдауынша, бұл поэтикалық туындылар тек діни сенімнің емес,

ұлттық өзіндік сананың да көрінісі. Сондықтан қазақ фольклорындағы наным-сенім өлеңдерін жалаң мистикалық сипатта қарастыру жеткіліксіз. Оларды халықтың дүниетанымын, болмысқа қатынасын және этикалық бағдарын танытатын күрделі әрі көпқабатты мәтіндер ретінде саралау қажет.

Бекмұрат Уахатовтың ғылыми зерттеуіндегі «Әдет-ғұрыппен байланысты туған өлеңдер» деп аталатын бөлім ерекше маңызға ие, себебі ол түгелдей отбасылық ғұрып фольклорының мазмұндық және жанрлық ерекшеліктерін қамтиды. Бұл бөлімде фольклорлық туындылардың адам өміріндегі үш негізгі кезеңін, дәлірек айтсақ, туу, ер жету және өлім циклін кешенді түрде қарастыру алғаш рет жүйеленген түрде жүзеге асады. Бұрын-соңды бала тәрбиесіне қатысты тек бесік жыры сияқты шектеулі формалар ғана зерттеу нысанына айналса, Бекмұрат Уахатов бұл мәселені кеңейте қарастырып, балалар фольклорының дербес жанрлық сипатын негіздейді.

Ғалым қазақ халқының балаларға арнаған өлеңдерін екі ірі топқа жіктейді. «Қазақта балаларға арналған өлеңдердің екі түрі бар. Бірі – балалардың атынан шығарылып, бірақ соны балалардың өзі орындайтын өлеңдер де, екіншісі – ата-аналар шығарып, ата-аналар орындайтын өлеңдер тобы», – деп Бекмұрат Уахатов өз зерттеуінде анықтайды [40,б. 170]. Осы тұжырымды негізге ала отырып, ғалым бірнеше фольклорлық үлгілерге талдау жасап, олардың мазмұндық және тәрбиелік аспектілерін кеңінен сипаттайды. Сонымен қатар өлең тақырыбы мен мазмұны, баланың жас ерекшелігі, ол өлеңді кім орындайды, қандай жағдайды орындайды деген көптеген сипаттарды ескеру керек. Мысалы, «әлди-әлди ақ бөпем» деп басталатын өлеңдер олар «Бесік жыры» болып табылады. Бесік жырын баланың анасы немесе әжесі орындаған, кейбір кезде есі білген балалар өз іні-бауырларына үлкенлерге еліктеп орындап жатқанын кездестіруге болады. Демек, бесік жырын орындаушы да, авторлары да үлкендер деген қорытындыға келеміз. Аталмыш топқа «Әлди бөпемнен» басқа «Қуыр-қуыр қуырмаш», «Көкем менің қайда екен», «Бірім-бірім», «Ақ білек», «Тәй-тәй балам» сияқты өлеңдер кіреді. Аталмыш шығармалардың мазмұны тақырыптас болғанымен, бұл өлеңдер балалардың жас ерекшеліктеріне, дүниетанымдық ерекшеліктеріне және ойлау қабілетіне қарай тәртіппен саралаған жөн. Бесікке бөленген баланы ұйықтату мақсатында немесе тыныштандыру үшін анасы оған әлдилеп өлең айтады. Ел ішінде де, фольклорда да мұны «Бесік жыры» деп атайды [116].

Бекмұрат Уахатов ғылыми зерттеуінде бесік жыры ананың ішкі монологі деп атап өтеді. Жалпы, ана үшін бала ол бауыр еті, баласынан тәтті де, қымбат ешнәрсе жоқ. Сол сезімнің барлығын жеткізу үшін ана өз әлди өлеңінде баланы барша жақсы кейіпкерлер мен заттарға, әртүрлі жақсы мінездерге теңейді:

Әлди, әлди, шырағым,
Көлге біткен құрағым,
Жапанға біткен терегім,
Айналайын, шырағым,
Жағамдағы құндызым,
Әуедегі жұлдызым,

Әлди, әлди, бөпешім,
Қозы жүні көрпешім,
Жұрт сүймесе сүймесін,
Өзім сүйген бөпешім [117].

Халық өлеңдерінде, әсіресе тұрмыс-салт жырларында ананың балаға деген шексіз махаббаты мен мейірімі айқын көрініс табады. Бұл – тек жеке ана мен бала арасындағы байланыс емес, сонымен қатар дәстүрлі қазақ қоғамындағы ананың тәрбиелік миссиясын бейнелейтін терең символ. Жоғарыда келтірілген өлең үлгілерінен ананың болашақ ұрпаққа арнаған үмітінің мазмұны мен формалық поэтикасы айқын сезіледі. Әрбір ата-ананың, соның ішінде ананың жүрегінде бір ғана асқақ арман бар: баласының бақытты, баянды болашағы. Бұл арман — дәстүрлі дүниетаным аясында ерекше бейнелік жүйемен өріледі. Анасы баласын тек биологиялық мұрагер ретінде ғана емес, болашақ ел қорғаны, қоғамның лайықты мүшесі ретінде елестетеді. Осы тұста балаға қатысты қолданылатын метафоралар мен теңеулер халықтық танымның терең пласттарын ашып береді. Мәселен, ана баласын бірде білегіне сенген батырға, бірде төрт түлікті түгел таныған малшыға, енді бірде он саусағынан өнер тамған шеберге теңейді. Мұндай теңеулердің әрқайсысы — баланың болашақтағы әлеуетін түрлі қырынан елестету арқылы жасалған семиотикалық модельдер. Сондай-ақ ана кейіпкері баласын аузы дуалы шешенмен салыстырып, сөз құдіретіне де мән береді. Бұл да бекер емес: сөз өнері – қазақ қоғамында басқару мен билік құралы болған. Ананың баласына қарата айтқан тілек-армандары – ұлттың идеалын бейнелейтін поэтикалық үлгілер. Олар фольклорда тілдік әрі мәдени код ретінде қызмет етеді. Аталмыш бейнелер мен символдар тек жеке поэтикалық құрылымдар ғана емес, сонымен қатар этноқұндылықтар жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде ұлттың тарихи жадын жаңғыртады. Сондықтан мұндай өлеңдер мен тілектерді тек эмоционалды-психологиялық мазмұнда ғана емес, құрылымдық-поэтикалық тұрғыда да қарастыру аса маңызды.

Балалар фольклорының құрылымдық тұрғыдан сараланатын ірі бөлімдерінің бірі – балалар шығармашылығы. Бұл бөлімге, ең алдымен, ойын-сауық үстінде балалардың өздері орындайтын поэтикалық туындылар кіреді. Мұндай өлеңдер мен мәтіндер баланың өзіндік тілдік тәжірибесі мен поэтикалық танымының жемісі болып табылады. Олар көбіне балалар ортасында туындап, халық ауыз әдебиетінің дербес саласы ретінде қалыптасқан. Осы ретте ғалым Бекмұрат Уахатов тарихи тұрғыдан алып қарағанда, қазақ балалары қоғамның дәстүрлі өмірлік цикліне ерте жастан араласқанын аңғарады. Олар отбасы мен қауымдастықтың ұйымдастырған түрлі ғұрыптық немесе мерекелік іс-шараларына тікелей қатысып отырған. Әсіресе, жыл басы саналатын Наурыз мейрамы сияқты көктемгі жаңару кезеңінде немесе үйлену тойларындағы «отыз күн ойын, қырық күн тойын» қамтитын салтанатты сәттерде балалардың қатысу белсенділігі ерекше болған. Осындай рәсімдерде балалар, бір жағынан, ойын-көңіл көтеру арқылы эмоционалды тәжірибе жинаса, екінші жағынан, ересектердің поэтикалық дәстүріне еліктеу арқылы тілдік үлгілерді бойына сіңіріп отырған. Олар тек

бақылаушы рөлін атқармай, поэтикалық әрекетке тікелей араласқан: үлкендердің айтқан өлең-жырларын қайталап айту, ән салу, диалогтық ойындарға қатысу бәрі де баланың фольклорлық танымын дамытатын маңызды құрал болған. Бұл — балалар фольклоры мен ересектер фольклорының арасындағы сабақтастықты айқындайтын маңызды мәдени-эстетикалық құбылыс. Мәселен, ересек ортада айтылатын «жар-жар», «беташар», «тойбастар» секілді өлеңдердің құрылымы мен образы балалар санасында тұрақталып, олардың өз тіліне ыңғайланып, бейімделіп қайта пайда болған үлгілерін туғызған. Демек, балалар шығармашылығы тек жас ерекшелігіне байланысты емес, сонымен қатар ұрпақтан-ұрпаққа ауысатын мәдени үлгілердің репродуктивті алаңы ретінде де қарастырылуы тиіс болып келеді. Мұнда халықтық поэтиканың элементтері ритм, ұйқас, бейнелілік балалар тілінде өзіндік жаңа формаларға еніп, әлеуметтік тәжірибе мен поэтикалық сезімді қалыптастыруға мүмкіндік берген. Бұл балалар шығармашылығының фольклортану ғылымындағы дербес зерттеу объектісі ретінде маңызын айқындайды. Балалардың өздері орындайтын жырлардан мысал келтірсек:

Ертең ауылым көшеді,
Уық бауын шешеді,
Қара қойым қашады,
Құмалағын шашады.
Ақ сандық,
Көк сандық,
Арқан тарт,
Кілем арт! [118].

Бұл тұста ерекше атап өтерлік жайт балаларға арналған поэзиялық үлгілердің тұңғыш рет отбасылық ғұрып фольклорының құрамдас бір бөлігі ретінде сарапқа салынуы. Бұрын-соңды мұндай жіктелім мен интерпретация жүйелі түрде жүргізілмегені белгілі. Сонымен қатар Бекмұрат Уахатов балалар фольклорын ішкі жанрлық түрлерге нақты тарамдамайды, алайда өлеңдердің тақырыптық бағытын, орындаушылар контингентін және мазмұндық-функционалдық сипатын айқындауға тырысады. Бұл ретте ол өлеңдердің баланың жас ерекшелігіне, дүниетанымына сай келетін қасиеттеріне ден қойып, фольклор үлгілерінің тәрбиелік, эмоциялық ықпалын сипаттайды.

Балаларға арналған өлең-жырлар тек ойын-сауық сипатымен шектелмейтін, керісінше, қазақ халқының көне дәуірлерден келе жатқан тәрбие жүйесінің негізін құрайтын фольклорлық мұраның бір тармағы ретінде қарастырылады. Бұл өлеңдер баланың танымдық, эмоционалдық және әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруда шешуші рөл атқаратын, халық педагогикасының көркемдік мазмұнмен үндескен тұтас жүйесі. Оларды фольклорлық мұраның ішкі құрылымынан ажыратуға болмайды, өйткені олар халықтың рухани әлемінің ажырамас бір бөлігі болып келеді.

Осы бағыттағы ғылыми пайымдаулардың алғашқы үлгісін фольклортанушы ғалым Бекмұрат Уахатов ұсынғанын ерекше атап өткен жөн. Ол балалар фольклорын дербес зерттеу нысаны ретінде қарастырып, оны отбасылық ғұрып фольклорының табиғи жалғасы және құрамдас бөлігі ретінде

жүйелеуге ден қойды. Ғалым бұл саладағы фольклорлық мәтіндердің тұтастану заңдылықтарын теориялық тұрғыда алғаш рет нақтылап, балалар поэзиясын құрылымдық-функционалдық аспектіде талдауға негіз қалады. Осылайша, Уахатовтың еңбектері қазақ балалар фольклорын тек мазмұндық тұрғыдан ғана емес, жанрлық және әлеуметтік-функционалдық тұрғыдан да қарастырудың ғылыми негізін қалыптастырды.

Ғалымның бұл қадамы қазақ фольклортануындағы отбасылық ғұрып поэзиясын тереңдетіп зерттеуге бағытталған тың бетбұрыс ретінде қарастырылады. Жай ғана мәтіндердің атын атап, олардың сипатын ашып көрсету ғылыми жүйелеуге жеткіліксіз көрінгенімен, дәстүрлі фольклорлық мұраны типологиялық тұрғыда жүйелеу жолындағы маңызды алғы шарттардың бірі болды. Осы тұрғыдан алғанда Бекмұрат Уахатовтың еңбегі отбасылық ғұрып жырларын жаңа ғылыми парадигма шеңберінде қарастыруға ұмтылған алғашқы іргелі талпыныс болды деп нық айтуға болады.

Қазақ халқының ғұрыптық фольклорындағы маңызды салалардың бірі – үйлену салттарына қатысты туындаған өлең-жырлар циклі. Бұл салада Бекмұрат Уахатовтың жүргізген зерттеулері жаңаша ғылыми пайыммен ерекшеленеді. Ғалым үйлену салт жырларын жанрлық негізде жіктей отырып, олардың фольклорлық табиғатын жан-жақты саралаған. Бұрын-соңды жиналып, фрагментарлы түрде сақталған этнографиялық және фольклорлық материалдарды бір арнаға тоғыстыра отырып, ғалым бұл жырлардың орындалу контексті мен мазмұндық-функционалдық сипатына терең талдау жасайды.

Бекмұрат Уахатовтың ғылыми еңбегіндегі жаңалық - үйлену салт жырларын ішкі жанрлық құрылымға бөліп, оларды «Тойбастар», «Тойтарқар», «Жар-жар», «Сыңсу», «Беташар» секілді түрлерге жіктейді. Үйлену салттарына қатысты фольклорлық поэзия – этномәдени жадты сақтайтын, дәстүрлік сана мен әлеуметтік қатынастар жүйесін көркемдік формалар арқылы танытатын ерекше феномен. Қазақ және түркі тілдес халықтарының мәдени контекстінде бұл поэзиялық мұра тек ритуалдық мәнге ие мәтіндер жиынтығы ғана емес, сонымен бірге халықтың дүниетанымдық модельдерін, моральдық қағидаларын және гендерлік рөлдер жүйесін айқындайтын символдық-мәдени құрылым ретінде де қызмет етеді. Ғалым әрбір жанрлық түрдің атқаратын әлеуметтік қызметіне, айтылу мезетіне, орындау формасына, поэтикалық ерекшелігіне қарай дараланып сипатталатынын дәлелдейді. Фольклорлық үйлену поэзиясы, бір жағынан, салттық нормаларды бекітіп, дәстүрдің тұрақтылығын қамтамасыз етсе, екінші жағынан, эстетикалық талғам мен ұжымдық сезімді қалыптастырушы тетік ретінде де маңызды. Өлең мәтіндерінің құрылымына зер салғанда, олардың ырғақтық, мелодиялық және синтаксистік ерекшеліктері эмоциялық көтеріңкілікке негізделгенін көруге болады. Бұл ерекшелік – олардың тек ақпарат жеткізу құралы емес, әсерлілік пен сахналықтық сипатқа ие екенінің дәлелі. Қазақ және түркі тілдер халықтарының үйлену салт жырлары өзара типологиялық үндестік таныта отырып, әр ұлттың мәдени менталитетін айқындауға мүмкіндік береді. Бұл жырлар – өткен мен бүгінді жалғайтын, рухани сабақтастықты сақтайтын, әрі болашақ ұрпаққа тарихи-поэтикалық білімді жеткізетін маңызды фольклорлық қабат.

Мысалы, «Тойбастар» — үйлену тойының ресми басталуын білдіретін символикалық өлең болса:

Домбыраны қолға алып,
Ырғала түсіп қозғалып,
Тойыңды бастап айтайын,
Алдыңызда оңдалып.
Тыңдасаң айта бастадым,
Толықсыған жорғадай.
Базар етіп кетелік
Тігілген мынау орданы-ай! [119]

«Тойтарқар» — тойдың аяқталу сәтін айшықтайтын, қоштасу сипатындағы жыр:

Оу, халайық, халайық!
Көп отырдық думанмен,
Үркер ауып кетіпті,
Той тарқарға салайық! [119,б. 14].

«Жар-жар» мен «Сыңсу» — қалыңдықтың туған үйімен қоштасуы мен жаңа ортаға бейімделу процесін бейнелейтін эмоционалдық жүк артылған лирикалық үлгілер ретінде қарастырылады:

Қыз да болсам сізге мен,
Перзент едім, жар-жар-ау!
Жалғыз басым сыймастай,
Неттім, әке, жар-жар-ау! [120]

Сыңсу:

Ішіңе сыйған, анам-ау,
Сыртыңа неге сыймадым.
Бермедің әке теңіме,
Кетіп барам зарланып,
Борышқа берген малдай боп.
Бермеймін деген аға-екем,
Ұстап та бердің қамалап [121]

немесе:

Айналайын, анамыз,
Кетіп бір барад балаңыз.
Тәңірінің ісі болған соң
Болмады-ау біздің шарамыз.
Аядан шекер жегізген,
Жан анам менің дегізген,
Түн ұйқысын төрт беліп,
Түнде бір тұрып емізген [104,б. 6].

Қазақтың дәстүрлі үйлену салттарының ішіндегі ең маңыздыларының бірі – келіннің бетін ашу рәсімімен тығыз байланысты «беташар» жыры. Бұл өлеңдік жанр өзінің функционалдық, эстетикалық және символдық сипатымен ерекше феномен ретінде танылып отыр. Беташар жырының орындалу сәті жас келіннің жаңа шаңыраққа қадам басқан алғашқы сәтімен байланысты болып келеді. Ол қалыңдық түскен үйге келген бойда басталып, бір мезгілде екі негізгі мақсатты көздейді: біріншісі – келін мен қайын жұрт арасында әлеуметтік және ритуалдық таныстықты қамтамасыз ету, яғни кімнің кім екенін атау арқылы туыстық иерархияны көрсету; екіншісі – жас келіннің бетін ашып, оның ажар-көркін ел алдына паш ету. Мұндай екіқабатты міндетті атқаратын жыр мазмұны да күрделі болып келеді. Оның ішкі құрылымында тек поэтикалық баяндау ғана емес, әлеуметтік-педагогикалық үлгі, моральдық нұсқау, тіпті кейде астарлы сын да орын алады. Беташар жыры, бір жағынан, әйелдің жаңа ортадағы рөлі мен міндетін танытса, екінші жағынан, оны қоғамдық тәртіпке икемдеудің вербалды құралы ретінде қолданылады. Өлең мәтінінде жиі кездесетін мотивтер үлкенге құрмет, кішіге ізет, ене мен қайын атаға сыйласым, туыстық тәртіптерге мойынсұну, келіннің әдептілігі мен инабаттылығы секілді әлеуметтік ұстанымдар болып табылады. Демек, бұл жыр тек әдет-ғұрыптық рәсімнің бөлігі ғана емес, сонымен бірге тәрбие құралы, моральдық код екенін айта кеткен жөн болады. Беташардың құрылымы мен семантикалық өрісі жағынан алып қарағанда, оның қазақ және қарақалпақ халықтарына ғана тән екендігі фольклортануда бірнеше зерттеулерде айтылып келеді. Бұл тұрғыда Бекмұрат Уахатовтың тұжырымдары ерекше маңызды, ол беташардың тек түркі тілдес халықтардың көбінде емес, тіпті славян немесе иран тілді ұлттардың да үйлену поэзиясында аталмайтынын, оның қазақ фольклорындағы сирек әрі дара құбылыс екенін дәлелдеген [40,б. 242-250].

Алайда бұл ерекшелік оның сыртқы формалық тұрпатына қатысты ғана. Ал ішкі мазмұнына келсек, келінге бағытталған өсиет, ақыл-кеңес, моральдық нұсқаулар жанрлық әркелкілікпен болса да, өзге халықтардың фольклорлық жүйесінде де кездесіп отырады. Бірақ бұл мазмұнды құрылым қазақ пен қарақалпақ мәдениетінде ғана тұтас, айқын рәсім ретінде беташар түрінде кристалданған. Беташар – келіннің әлеуметтік кеңістікке алғашқы ену сәтін рәсімдейтін және оны көркем формада заңдастыратын символикалық акт. Беташар жыры – бір мезгілде этикалық ұстанымдарды, тұрмыстық нормаларды, отбасылық қатынастарды, сондай-ақ ұлттық менталитетті бойына сіңірген кешенді фольклорлық туынды. Ол тек үйлену салтының көркемдік элементі ғана емес, сонымен қатар қазақ қоғамының тарихи-әлеуметтік құрылымындағы әйел рөлін түсіндіретін, оны қалыптастыратын ритуалды сөз өнерінің үлгісі болып табылады. Мысалы,

Айт, келін, енді, айт, келін!
Атыңның басын тарт келін!
Қыз көңілден қайт, келін!
Сауысқаннан сақ, келін!
Жұмыртқадан ақ, келін!
Күйеуіңе шақ, келін!

Ел-жұртыңа жақ, келін!
Өзің бір ақыл тап, келін!
Ата-ененді бақ, келін!
Кісі келсе үйіңе,
Киізінді қақ, келін!.. [122].

Ғалым тек осы жырлардың мазмұнын баяндап қана қоймайды, сонымен қатар олардың өлең өрнегін, поэтикалық құрылымын, стильдік, тілдік ерекшеліктерін де талдауға баса назар аударады. Ол ұйқас түрлері, тармақ саны, ырғақтық құрылым, метафоралық бейнелер мен тұрақты формулаларға қатысты нақты мысалдар келтіріп, үйлену жырларының фольклордағы эстетикалық орны мен маңызын аша түседі. Мұндай терең поэтикалық талдау үйлену салт өлеңдерін тек рәсімдік мәтін емес, сонымен қатар көркемдік әлемі бай, символдық мәнге ие мәдени феномен ретінде тануға мүмкіндік береді.

Бекмұрат Уахатовтың бұл бағыттағы зерттеуі қазақ фольклортануында алғаш рет үйлену ғұрпына қатысты өлең-жырларды құрылымдық, поэтикалық және функциялық тұрғыда біртұтас жүйеге келтірген іргелі еңбек болып табылады. Бұл жырлардың орындау ретін, қоғамдық маңызын, эстетикалық әлеуетін айқындауы оның ғалым ретіндегі кәсіби шеберлігін және фольклорлық мәтінге деген терең көзқарасын көрсетеді.

Бекмұрат Уахатов халықтың қайғылы жағдайларына байланысты туындаған фольклорлық үлгілерді «Мұң-шер өлеңдері» деп бір арнаға тоғыстыра отырып, осы саладағы алғаш жүйелі талдау жасауға талпынған зерттеушілердің бірі ретінде танылды. Ғалым бұл терминді М. Әуезовтің еңбектеріндегі «шер» өлеңдері ұғымына сүйене отырып енгізуі әбден мүмкін. Себебі қазақ фольклортануындағы өлімге қатысты поэтикалық мәтіндердің атауы мен құрылымын алғаш сарапқа салған М. Әуезов бұл топтағы туындыларды «Естірту», «Көңіл айту», «Жоқтау» және «Қоштасу» деп жіктеген болатын.

Естірту мен көңіл айту мазмұны мен орындау мезетіне қарай өзара сабақтасып жататын жанрлық формалар болып табылады. М. Әуезовтің бұл екеуін бір топқа енгізуі де, ең алдымен, осы екі әрекеттің орындалу тәртібінің өзара кірігуінен туындаса керек. Тарихи тұрғыда қарағанда, қазаны жеткізу мақсатында арнайы келген адамдар қайғыны естірте отырып, сөз соңында марқұмның туыстарына жұбату, тоқтау, басу айту рәсімін де бірге атқарған. Бұл синкретті сипат естіртудің тек ақпарат жеткізу емес, сонымен бірге көңіл жұбату функциясын да атқарғандығын көрсетеді. Мысалы:

Қайрат деген қыран бар,
Қайғыға тізгін бермейтін.
Қайғы деген жылан бар,
Өзекті шағып өртейтін.
Үміт деген тілеу бар,
Қуантып қуат алдырар.
Жылау деген азап бар,
Қуартып отқа жандырар.
Уа, ханым, басыңды көтер!

Мен сенің қайғыңды қозғағалы келгем жоқ
Қайратыңды қолдағалы келдім [123]

немесе:

Арғымақтың тұяғы,
Тасты басса кетілер,
Сазды басса жетілер.
Жақсы пенде басына,
Іс түскен күні бекінер.
Жаман пенде басына,
Іс түскенде өкінер.
Жетпесті қума,
Келмеске жылама! [123,б. 19]

Сонымен қатар көңіл айтудың дербес салт ретінде қалыптасқаны да белгілі. Әсіресе, қаза артынан әдейілеп келіп, қаралы үйге құрмет көрсету, рухына тағзым ету, жұбату сөзін айту қазақ этнографиясындағы әлеуметтік-этикалық нормалардың бір парасы болып келеді. Бекмұрат Уахатов осы жайтты ескере отырып, фольклорлық жанрларды бір-бірінен даралай қарау қажеттігін ұсынады. Ғалымның пікірінше, естірту мен көңіл айту әртүрлі жағдайларда, әртүрлі мақсатта қолданылатындықтан, оларды жеке жанрлық түрлер ретінде қарастыру ғылыми тұрғыдан негізді болмақ деп ойлайды.

Ғалымның тағы бір жаңалығы «қоштасу» өлеңдерін фольклордың жеке жанрлық түрі ретінде айқындауы болды. Бұрын бұл үлгілер «жоқтаудың» құрамында ғана қарастырылып келген болатын. Алайда Бекмұрат Уахатов «қоштасу» мәтіндерінің құрылымы, бейнелеу құралдары мен поэтикалық интонациясы тұрғысынан өзіндік дербестігі бар екенін дәлелдейді. Ол мұндай өлеңдердің көбінесе марқұмның аузымен айтылғандай болып келетінін, яғни диалогтық формада құрылып, алдағы өліммен саналы түрде қоштасуды білдіретін экспрессивті, эмоционалдық сипатқа ие екенін атап өтеді.

Кешегі менің көк жалым,
Аруақ қонған жасынан.
Мың сан кісі жау келсе,
Алдына салып айдаған,
Айтқаны хате болмаған.
Атының басын бұрмаған,
Айбынын оның көрген жау,
Алдында қарсы тұрмаған.
Әділдігі сонша еді,
Адамзаттың баласын
Өз ұлымен тең көрген.
Мырзалығы сонша еді,
Кәріп пенен қасырға
Барлық малын таратқан [124]

Шабуыл шапса шаршамас,
Шыны тұлпар мен едім.
Қасарысып келгенде
Қап түбіне сыймаған,
Таза болат мен едім.
Тегеуірінім теріс біткен,
Тепсем жілік сындырған,
Қыран бүркіт мен едім [14,б. 36-37].

Бұл жіктеулер қазақ халқының өлімге қатысты дүниетанымын, салт-дәстүрлік құрылымын, ритуалдық поэтикалық мәдениетін тереңірек тануға жол ашады. Мұң-шер өлеңдерінің құрылымы мен мазмұны тек эмоционалдық әсер құралы емес, сонымен қатар тарихи-мәдени код ретінде де бағалануы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда, Бекмұрат Уахатовтың «Мұң-шер өлеңдерін» жанрлық жағынан топтастырып, олардың функциясы мен поэтикасын талдауға арналған ізденісі қазақ фольклортану ғылымының теориялық дамуына қосылған маңызды үлес екендігі сөзсіз.

Фольклортанушы Бекмұрат Уахатов қазақ халық өлеңдерінің құрылымдық-жанрлық жіктелімінде ерекше бір поэтикалық бағыт ретінде «Лирикалық өлеңдер» ұғымын ұсынады. Ғалым бұл топтағы шығармаларды мазмұндық және стильдік ерекшеліктеріне қарай жүйелеп, оларды шартты түрде үш тармаққа, яғни қара өлең, ән өлең және тарихи өлеңдер деп саралап, әрқайсысының көркемдік табиғатына терең талдау жүргізеді.

Ғалым Бекмұрат Уахатовтың ең кең тоқталған және терең талдаған саласының бірі – лирикалық өлеңдер. Ғалым лирикалық өлеңдерді ерекше тип ретінде бөліп қарастырудың бірнеше себебін келтіреді. Біріншіден, бұл өлеңдерде адамның ішкі сезімі, жан дүниесі, күйзелісі мен үміті басты тақырып болады. Екіншіден, лирикалық өлеңдердің құрылымы шағын, бірақ поэтикалық мазмұны терең, бейнелеу құралдары айқын. Үшіншіден, бұл жанр көбінесе ойын-сауықтық сипатқа ие, бірақ соның ішінде терең психологиялық астарлар да бар.

Мысалы, қара өлең мен ән өлеңдерді Бекмұрат Уахатов шартты түрде лирикалық жанрға жатқызады. Ол бұл өлеңдердің құрылымдық ұқсастығынан бұрын, олардың мазмұндық және эмоциялық-поэтикалық табиғатына назар аударады. Ғалым былай дейді: «Қара өлеңнің де, ән өлеңінің де әр шумағында жеке бір идея беріледі, ол идеялар халықтың көңіл-күйінен, махаббаттан, мұңнан, қуаныштан нәр алады» [40,б. 275-276]. Мысалы:

Барады аулым көшіп даулы құмға,
Құрықтың мұз катады баулығына,
Бір жұмыс екі қолға қиын емес,
Денемнің қуаныштымын саулығына [125]

Мен өзім кішкенедең қаршадаймын,
Бастаған керуенді наршадаймын.
Несіне айтар сөздің кідірейін,
Келгенде қара өлеңге шаршамаймын [126]

Бұл өлеңде дәстүрлі көшпелі тіршіліктің бейнелері мен адам денсаулығы арасындағы терең рухани үндестік көркемдік тұрғыда шебер өрілген; мұнда тұрмыс-салт элементтері мен пейзаждық нақыш поэтикалық лиризммен ұштаса отырып, мәтіннің психологиялық реңкін айқындай түседі.

Тарихи өлеңдерді Бекмұрат Уахатов лиро-эпикалық жанр мен тарихи жадының тоғысқан формасы ретінде қарастырады. Ол бұл өлеңдердің тарихи дерек емес, халықтың тарихи оқиғаларға берген эмоционалды, символикалық жауабы екенін баса айтады. Бұл өлеңдерде нақты деректен бұрын ұлттық сана, ерлік идеясы мен ұрпаққа сабақ болар рухани код жатыр. Мысалы, «Қаратаудың басынан көш келеді» атты тарихи өлеңде Жоңғар шапқыншылығынан қашқан қазақ елінің басына түскен ауыр кезең бейнеленеді:

Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді,
Ел-жұртымның қамы үшін қоныс аудар,
Қара көздің мөлтілдеп жас келеді [40,б. 293]

Күн шығыстан ызғарлы жел келеді,
Азып-тозған, шұбырған ел келеді.

Немесе:

Мына заман, қай заман, қысқан заман,
Басымыздан бақ-дәулет ұшқан заман.
Шұбырғанда ізіңнен шаң борайды,
Қаңтардағы қар жауған қыстан жаман [40,б. 293-295]

Аталған өлең тек тарихи оқиғаның мазмұнын баяндап қана қоймай, сол оқиғаның халық жадында қандай формада сақталып, ұжымдық сананың сүзгісінен өтіп, поэтикалық құрылымда қалай өрілгенін де айқын аңғартады.

Бекмұрат Уахатовтың ерекше назар аударған тағы бір саласы — ән өлеңдер. Ол бұл жанрдың тек әдебиеттанушы емес, музыка зерттеушісімен бірлесе зерттелуі керектігін айтады. Өйткені ән өлеңдерде сөз бен әуен бөлінбес тұтастық құрайды. Ғалым Б.Ерзаковичтің еңбектеріне сүйене отырып, қазақ әндерінің тек поэтикалық емес, эстетикалық, ритуалдық және тарихи қызметі бар екенін дәлелдейді [127]. Мысал ретінде махаббат лирикасынан алынған жолдарға сүйенсек болады:

Сен кидің ақ көйлекті қос етектеп,
Мен келдім ақ боз атты бос жетектеп» [125,б. 5]

Аталған шумақтағы нәзік поэтикалық бейнелеу мен символикалық мазмұн шығарманың эмоционалдық әлеуетін арттыра түседі. Бұл, өз кезегінде, мәтін мен әуеннің семантикалық және экспрессивтік деңгейде тығыз байланыста өріліп, поэзия мен музыканың өзара синкреттік бірлігін айқындайды.

Фольклортанушы ғалым Бекмұрат Уахатов қазақ халқының өлеңдерін жанрлық тұрғыдан жүйелеу барысында бірнеше негізгі принциптерді қолданады. Олар мазмұндық, тақырыптық, функциялық және поэтикалық

ерекшеліктерге негізделген. Өлеңдерді жанрлық жіктеудің негізгі принциптерін төмендегідей топтастыруға болады:

1. Тақырыптық-мазмұндық принцип: өлеңдерді олардың мазмұны мен тақырыбына қарай топтастыру әдісі кең таралған. Мысалы, тұрмыс-салт өлеңдері, тарихи және лирикалық өлеңдер.

2. Функциялық принцип: өлеңдердің қоғамдық немесе салттық қызметін негізге ала отырып жіктеу. Мысалы, салттық өлеңдер, жоқтау жырлары, бата-тілек өлеңдері.

3. Поэтикалық принцип: өлеңдердің көркемдік құрылымы, ұйқасы, ырғақтық ерекшеліктері ескеріледі. Бұл тәсіл әсіресе лирикалық және эпикалық өлеңдерді саралау үшін тиімді.

4. Аймақтық-этнографиялық принцип: өлеңдердің белгілі бір географиялық аймақтағы ерекшеліктерін, олардың орындалу әдістерін зерттеу. Бұл тәсіл жергілікті ерекшеліктерді анықтау үшін маңызды.

Түйіндей келгенде, қазақ халық өлеңдерін классификациялау ісінде Бекмұрат Уахатов өзіндік теориялық ұстанымы мен ғылыми әдіснамасы бар фольклортанушы ретінде танылды. Оның зерттеулерінде халық өлеңдерін жанрлық жіктеу тек формалды сипатта ғана емес, мазмұндық, функциялық және тақырыптық өлшемдер тұрғысынан кешенді түрде жүзеге асырылды. Бұл тәсіл — фольклорлық мұраны тарихи-мәдени контексте қарастыруға мүмкіндік беретін маңызды ғылыми бағдар болды.

Бекмұрат Уахатов ұсынған классификациялық үлгі қазақ фольклортану ғылымының пәндік шекарасын кеңейтіп, өлең жанрларының құрылымдық, поэтикалық және әлеуметтік қызметін терең пайымдауға жол ашты. Ғалымның бұл саладағы еңбектері отандық фольклортанудың теориялық деңгейін жаңа сатыға көтеріп, өлең мәтіндерін зерттеудің тың бағыттарын айқындап берді. Оның әдістемелік қырлары — бүгінгі таңда да өзектілігін жоймаған, керісінше, заманауи ғылыми ізденістермен үндесіп, жаңаша интерпретацияға сұранып тұрған тұғырлы ғылыми негіз.

Өлеңдерді тек мәтіндік дерек ретінде емес, халықтың рухани әлемін бейнелейтін әлеуметтік-көркемдік феномен ретінде қарастыру — болашақ зерттеулердің басым бағытына айналуы тиіс. Осыған сәйкес, қазіргі ғылыми парадигмалар мен пәнаралық әдістерді қолдана отырып, халық өлеңдерінің жанрлық және функциялық ерекшеліктерін қайта қарастыру — қазақ фольклорын жаһандық мәдени-ғылыми кеңістік аясында зерделеудің өзекті жолы болмақ.

Үшінші бөлім бойынша тұжырым

Бекмұрат Уахатовтың халық өлеңдеріне арналған ғылыми еңбектері — қазақ фольклортану ғылымының дамуындағы жаңа парадигманың қалыптасуына негіз болған кешенді зерттеу үлгісі. Үшінші тарауда ғалымның халық өлеңдерінің жанрлық сипаты мен типологиялық құрылымына байланысты пайымдары жүйелі түрде сараланды, нәтижесінде бірнеше өзекті ғылыми тұжырымдар нақтыланды.

Ең алдымен, Б. Уахатов халық өлеңдерін төрт ірі топқа бөліп, олардың әрқайсысына тән поэтикалық, мазмұндық және функциялық белгілерін анықтады: еңбек кәсіппен байланысты өлеңдер, ескі наным-сенімдерден туған өлеңдер, әдет-ғұрыптық сипаттағы жырлар және лирикалық өлеңдер. Мұндай жіктеу тек формалдық тәсіл емес, терең мәдениеттанулық және семиотикалық негізге құрылған типология екенін атап өткен жөн. Сонымен бірге бұл жүйелеу қазақ ауыз әдебиетінің ішкі логикасын, көркемдік әлемін, ұлттық болмысқа тән символдық кодтарын түсінуге себеп болады.

Ғалым еңбекке байланысты туған өлеңдерді табиғи орта, шаруашылық салт және адамның күнкөріс әрекетімен сабақтастырып қарастырады. Бұл өлеңдердегі бейнелер мен символдар – халықтың дүниетаным кодтары. Мәселен, төрт түлік туралы жырлар арқылы қазақ халқының малға деген көзқарасы, табиғатпен үйлесімді өмір сүру ұстанымы көркем түрде бейнеленеді. Әр түліктің мифологиялық бейнесі ұлттық болмыс пен моральдық ұстанымдардың символына айналған. Сонымен қатар бұл өлеңдерде адам мен табиғат арасындағы байланысты поэтикалық деңгейде бейнелеп, қоғамның экологиялық танымын айқындап береді.

Фольклорда кездесетін архаикалық мотивтер мен діни-магиялық түсініктер – Бекмұрат Уахатов зерттеулерінің маңызды нысаны. Бақсы сарыны мен арбау өлеңдерінің құрылымдық, лексикалық және ритуалдық белгілерін зерттей отырып, ол бұл жанрлардың поэзия, музыка және театрдың синкреттік бірлігінен тұратынын көрсетеді. Бұл өлеңдердің көркем формасы мен мазмұны олардың ежелгі мәдениетпен, тотемдік таныммен тығыз байланыста екенін айғақтайды.

Мәселен, бақсы сарындарындағы тотемдік бейнелер, табиғат құбылыстарымен тілдесу, ерекше ырғақ пен қайталама формулалар — магиялық-синкреттік поэзияның сақталған үлгілері. Ғалым осы поэзиялық формаларда сөздің магиялық қуатының нақты көрінісі бар екенін негіздеп көрсетеді. Арбау өлеңдерінде кездесетін бұйрық мәнді сөз тіркестері, зеку мен жалбарыну құрылымдары олардың ритуалдық сипатынан хабар береді.

Әдет-ғұрыптық өлеңдер де – Бекмұрат Уахатов зерттеуіндегі басты назарда болған күрделі жүйе. Ол бұл өлеңдерді тек халық дәстүрінің көркем көрінісі емес, сонымен қатар қоғамдағы әлеуметтік институттардың бейнесі ретінде қарастырады. Жар-жар, беташар, сынсу, жоқтау сынды өлеңдер қазақ халқының отбасылық-рухани дүниетанымын, әйелдердің әлеуметтік рөлін, өмір цикліндегі өтпелі кезеңдердің мәнін поэтикалық тұрғыда бейнелейді. Бұл өлеңдердің құрылымы, интонациясы, орындалу мезеті мен тәсілі – барлығы да әлеуметтік мәдени ритуалмен байланысты болған.

Сынсу мен жоқтау өлеңдерінің мазмұнында әйел тағдыры, жан күйзелісі мен әлеуметтік шектеулерге бейімделу сипаттары көркем тіл арқылы беріледі. Бекмұрат Уахатов әйелдер поэзиясын фольклордағы фемининдік дискурстың көрінісі ретінде сипаттайды. Бұл поэзияда нәзіктік пен қарсылық, мойынсұну мен үміт қатар өріліп, әйел бейнесі көркемдік, символдық деңгейде бейнеленеді.

Музыка мен өлең біртұтас өнер формасы ретінде қарастырылып, қара өлеңдердің ырғақтық, интонациялық құрылымына лингвомузыкалық талдау жасалады. Ғалым ән құрылымындағы пауза, акцент, темп, ырғақ тәрізді элементтердің поэтикалық мәтінге қалай әсер ететінін мысалдармен түсіндіреді. Бұл – қазақ халық поэзиясының ерекше синкреттік сипатын ашатын маңызды аспект.

Бекмұрат Уахатов эпикалық жанрларды да фольклорлық поэзияның негізгі тіректерінің бірі ретінде сипаттайды. Тарихи өлеңдер мен батырлар жырлары – ұжымдық тарихи жад пен ұлттық сананың көркем айнасы. Бұл шығармаларда батырлық, елдік, намыс, ерлік секілді құндылықтар көркем бейнеленіп, халықтың моральдық кодексі қалыптасады. Ғалым эпостардың жанрлық құрылымындағы уақыт пен кеңістік өлшемінің нақтылығы, композициялық тұтастық, кейіпкерлерді типтендіру әдістеріне ерекше мән береді.

Фольклордың икемділігі мен жанрлар арасындағы ауысу мүмкіндігі де Бекмұрат Уахатов еңбегінде кеңінен ашылған. Лирикалық, тұрмыстық және эпикалық үлгілердің өзара әсері, жанрлық трансформациялар фольклордың тірі, өзгермелі жүйе екенін дәлелдейді. Бұл халық поэзиясының үнемі жаңарып отыратын, қоғамдық санаға икемделетін ерекше қабілетін көрсетеді.

Ғалым халық өлеңдерін типологиялық жағынан жіктеу арқылы олардың ішкі құрылымын, стилистикалық белгілерін, мазмұндық бағыттарын саралады. Қара өлеңді қазақ өлеңінің архетиптік үлгісі ретінде сипаттап, оның қарапайым құрылымының астарында терең философиялық мән жатқанын дәлелдеді. Метафора, эпитет, теңеу сияқты көркемдік құралдар ұлттық поэтикалық модельдердің мазмұндық кеңістігін аша түседі.

Осы тараудағы тағы бір өзекті бағыт – тарихи даму тұрғысынан өлең құрылымының өзгеру эволюциясы. Ғалым өлеңнің буын саны, ырғақтық жүйесі, тармақ пен шумақтың өзгеру үрдісін дәуірлерге байланысты талдайды. Мысалы, алғашқы кезеңдерде жеті-сегіз буынды өлеңдер басым болса, кейін он бір буынды құрылым үстемдік алған. Бұл құрылым халықтың сөйлеу интонациясына, ой ырғағына сәйкес келетін табиғи өлшем ретінде қалыптасқан.

Сонымен қатар, тарихи салыстырмалы әдіс арқылы Бекмұрат Уахатов қазақ өлеңдерін басқа түркі халықтарының фольклорымен салыстырып, ортақ тамырлар мен ұлттық ерекшеліктерді саралады. Бұл салыстырулар тек этнолингвистикалық емес, мәдени семиотикалық деңгейде де құнды нәтижелер берді. Түркі тілдеріндегі «өлең» ұғымының ұқсас атаулары – мәдени архетиптердің сабақтастығының дәлелі ретінде қарастырылады.

Осылайша, үшінші тарау аясында жасалған ғылыми байламдарды былайша жинақтауға болады: халық өлеңдері – ұлттық мәдениеттің, әлеуметтік құрылымның, эстетикалық ұстанымдардың көркем бейнесі; олар – поэтикалық мәтіннен бөлек, ритуалдық, музыкалық және әлеуметтік қызметтерді қатар атқарған көпқабатты фольклорлық жүйе; халық өлеңдері арқылы әйел дауысы, бала әлемі, тұрмыс пен еңбек, табиғат пен мифология барлығы да көркемдікпен бейнеленеді; өлең құрылымының тарихи эволюциясы – фольклордың тұрақты, бірақ икемді жүйе екенін дәлелдейді; Бекмұрат Уахатов қолданған ғылыми

әдістер – қазіргі фольклортанудың теориялық және методологиялық негізін қалыптастырған маңызды үлгі.

Қорыта айтқанда, Бекмұрат Уахатов зерттеулері қазақ халық өлеңдерінің жанрлық, поэтикалық, құрылымдық, типологиялық сипаттарын кешенді түрде зерделеп, осы поэзиялық үлгілерді тек эстетикалық феномен ғана емес, ұлттық дүниетанымның көркем жүйесі ретінде пайымдауға жол ашты. Бұл тарауда көтерілген мәселелер фольклорды жаңа ғылыми контекстте қарастырудың, мәдени мұраны тереңірек түсінудің нақты қадамы болып табылады.

Ғалымның еңбектері – теориялық тұжырым ғана емес, практикалық-методологиялық бағдар беретін интеллектуалдық ресурс. Бекмұрат Уахатовтың зерттеулері бүгінгі фольклортанушы ғалымдар үшін сенімді арқау, болашақ зерттеулер үшін жаңалықтың қайнар көзі болып табылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл диссертациялық жұмыс фольклортанушы, ғалым, ұстаз Бекмұрат Уахатовтың ғылыми-шығармашылық мұрасын кешенді тұрғыда зерттеуге арналды. Қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін жинау, жүйелеу және жариялау ісіндегі оның атқарған қызметі мен ұстанған ғылыми принциптері, фольклорды типологиялау мен поэтикалық құрылымын талдау тәсілдері бүгінгі фольклортану ғылымында өзекті мәселелердің бірі ретінде қарастырылды. Осы диссертация барысында Бекмұрат Уахатовтың фольклортанушы ретінде қалыптасуы мен кемелдену кезеңдері, ғылыми бағыттары, әдістемелік негіздері, ғылыми еңбектері мен фольклор үлгілерін жинау, жариялау, жүйелеу ісіндегі тәжірибелері жан-жақты зерделеніп, теориялық тұжырымдар жасалды.

Зерттеу барысында фольклорлық мұрамен жұмыс істеудің ғылыми негіздері, атап айтқанда мәтінтанулық, типологиялық, поэтикалық, аймақтық, құрылымдық және салыстырмалы-тарихи әдістерге сүйеніп, Бекмұрат Уахатов еңбектерінің маңызы анықталды. Ол қазақтың халық өлеңдерін тек мәтін ретінде ғана емес, орындаушылық, ритуалдық, семиотикалық кеңістікте қарастырып, оны көркемдік әрі рухани құбылыс ретінде бағалауға ерекше назар аударған.

«Б.Уахатов – қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы және жариялаушы» атты бірінші тарауда Бекмұрат Уахатовтың өмір жолы, ғылыми қызметі мен қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинау және жариялаудағы еңбегі жан-жақты зерттелді. Ғалымның экспедициялық сапарлары нәтижесінде жинақталған материалдары қазақтың халық мұрасын архивте сақтау ісіндегі бағалы дереккөздер ғана емес, сонымен қатар ғылымға қажетті текстологиялық негіз болды. Бұл еңбектердің нәтижесінде ауыз әдебиеті үлгілерінің бірқатар нұсқалары алғаш рет ғылыми айналымға енгізілді. Бекмұрат Уахатов фольклорлық мәтіндерді жинау кезінде мәтіннің түпнұсқалық сипатын, ауызша таралу ерекшеліктерін, синтаксистік құрылымын, поэтикалық формасын, ұйқас пен ырғақ жүйесін сақтап жазып алуға ерекше назар аударған. Ол халықтың сөздік қорындағы диалектілік айырмашылықтарды, жергілікті тілдік бояуларды, импровизациялық элементтерді толық күйінде қағазға түсіруге тырысқан. Бұл тәсіл фольклорлық мәтіндердің өміршеңдігін қамтамасыз етіп, олардың мәтіндік ауыспалылығы мен нұсқалық байлығын ғылыми тұрғыдан зерделеуге мүмкіндік берді.

Ғалымның еңбектерінің ерекшелігі – тек жинақтаумен шектелмей, оларды жүйелеу және типологиялық тұрғыдан талдау арқылы ғылыми әдістемелік негіз қалыптастыруында. Бекмұрат Уахатов фольклорлық мұраны ұлттық құндылық ретінде қарастырып, оны сақтау, баспаға дайындау және ғылыми айналымға енгізу ісінде озық әдіснамалар ұсынды. Әсіресе, фольклордың дереккөздерін қарастыру барысында ол тек мәтінге емес, оның айтушысына, контекстік жағдайына, орын мен уақыт ерекшелігіне де мән берген. Бекмұрат Уахатовтың ғылыми қызметіндегі маңызды бағыттардың бірі – фольклорлық материалдардың архивтік құндылығын арттыру. Ол М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында жинақталған қолжазбалар қорын жүйелеп,

фольклортану ғылымының дерек қорын байытты. Бұл еңбектері кейінгі зерттеушілер үшін методологиялық бағыт сілтеуші және ғылыми-теориялық негіз ретінде танылды. Сонымен қатар ғалымның жетекшілігімен жарық көрген көптомдық жинақтар – «Батырлар жыры», «Қазақ ертегілері» сынды еңбектер – фольклорлық мұраның ғылыми негізде баспаға дайындалған алғашқы жүйелі үлгілері болды. Бұл жинақтар тек дереккөз ретінде ғана емес, сондай-ақ қазақ әдебиетінің алтын қорына айналған ғылыми-мәдени ескерткіштер болып табылады. Оның жарияланған материалдары көркемдік тұрғыдан ғана емес, тарихи, этнографиялық және әлеуметтік-философиялық мазмұны жағынан да құнды. Себебі әрбір мәтіннің артында белгілі бір тарихи дәуір, әлеуметтік жағдай, салт-дәстүр, ұлттық дүниетаным мен танымдық модель жатыр. Осыны ескере отырып, Уахатов фольклорлық мәтіндерді контекстуалды талдауға негізделген кешенді тәсіл қолданған. Жалпы алғанда, Бекмұрат Уахатов – қазақ фольклортану ғылымында мәтін жинау, жариялау және типологиялық жүйелеу мәдениетін қалыптастырған тұлға десек болады. Оның еңбектері қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін архивтеу мен ғылыми айналымға енгізудің әдістемелік негізін салды. Бұл қызметі оның Мұхтар Әуезовтің ғылыми мектебінен нәр алып, оны жаңа деңгейге көтерген ірі фольклорист ғалым ретінде қалыптасуына негіз болды. Бекмұрат Уахатовтың фольклорға деген көзқарасы – оны халықтың рухани болмысының айнасы, тарихи-мәдени код ретінде қарастырумен ерекшеленеді.

2-тарау «Б.Уахатов зерттеулеріндегі қазақ тұрмыс-салт жырларының жіктелуі». Қазақ халқының рухани мұрасы сан ғасырлар бойы ауыздан-ауызға таралып, мәдени-әлеуметтік болмыстың бір бөлшегі ретінде қалыптасқан. Осы бай мұраның ішіндегі тұрмыс-салт жырлары – этнос әлемін, дүниетанымын, отбасылық дәстүр мен әлеуметтік институттар дамуын танытатын ерекше фольклорлық қабат. Осы бағытта Бекмұрат Уахатовтың ғылыми ізденістері жаңа белеске көтерілді. Ол қазақтың тұрмыс-салт жырларын алғаш рет типологиялық құрылымда саралап, оларды ғылыми негізде жүйелеу мәселесін жан-жақты зерттеді. Ғалым тұрмыс-салт жырларының тарихи-мәдени мәнін тереңнен түсініп, оларды мынадай негізгі топтарға бөлді: үйлену жырлары, балалар жырлары, еңбекпен, кәсіппен байланысты өлеңдер, жоқтау, сынсу, беташар, жар-жар, наурыз өлеңдері, бақсы сарындары, арбау-байлау өлеңдері және т.б. Бұл жіктеу тек формалды сипатта емес, мазмұндық және функциялық тұрғыда да негізделген болатын. Бекмұрат Уахатов ғылыми әдіснамасында тұрмыс-салт жырларын қарастыруда мынадай ұстанымдарды басшылыққа алды: жырдың туған әлеуметтік жағдайы мен функциясын есепке алу – әрбір өлеңнің өмірлік маңызы мен салт-дәстүрдегі қызметі ескерілді. Поэтикалық құрылым мен формалық ерекшеліктерін саралау – өлеңнің ырғақтық, метрикалық, ұйқастық сипаты, образдылық жүйесі зерттелді. Аймақтық нұсқалар мен тілдік өзгешеліктерді салыстыру – жырлардың географиялық таралу ерекшеліктері мен жергілікті қолданыстары анықталды.

Ғалымның бұл ұстанымдары «Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы» атты еңбегінде терең талданған. Онда әрбір жыр түріне нақты мысал келтіріліп, олардың мазмұндық жүйесі мен айтылу контекстері

сарапталған. Мысалы, беташар өлеңі – келіннің жаңа ортаға енуін рәсімдейтін поэтикалық форма ретінде қарастырылып, оның құрылымдық элементтері (арнау, амандасу, таныстыру, тілек айту) сипатталады. Сонымен қатар сыңсу – қыздың туған үйімен қоштасу сәтіндегі психологиялық күйін бейнелейтін жалғыздық лирикасы ретінде сипатталады. Бекмұрат Уахатов тұрмыс-салт жырларын басқа түркі халықтарының фольклорымен салыстыра отырып, қазақ жырларының өзіндік ерекшелігін ашуға тырысқан. Бұл салыстырмалы фольклортану әдісі, мысалы, татар, қырғыз, өзбек, башқұрт халықтарының үйлену жырларымен салыстырғанда, қазақ беташар, жар-жар, сыңсу үлгілерінің метафоралық құрылымының күрделілігімен ерекшеленетінін дәлелдейді. Осындай салыстыру арқылы қазақ фольклорының төлтума табиғаты мен терең символдық жүйесі анықталды.

Ғалым тұрмыс-салт жырларын жүйелеу барысында олардың поэтикасына да терең үңіледі. Ол жырлардағы тұрақты эпитеттер, қайталама құрылымдар, синтаксистік параллелизм мен поэтикалық формулаларды зерттеу арқылы фольклорлық поэтиканың ұлттық сипаттарын ашады. Бекмұрат Уахатов бұл жырлардың поэтикалық құрылымын талдау арқылы олардың ғасырлар бойы сұрыпталған, халықтың танымдық моделін, эстетикалық талғамын білдіретін көркем мәтіндер екенін дәлелдеді. Бекмұрат Уахатов қазақ тұрмыс-салт жырларын типологиялау мен жүйелеудің ғылыми әдіснамасын алғаш қалыптастырды. Ол жырлардың мазмұндық, құрылымдық және поэтикалық ерекшеліктерін кешенді түрде зерттей отырып, фольклорды құрылымдық-функционалдық тұрғыдан талдау үлгісін ұсынды. Ғалымның зерттеу әдісі тек фольклорлық материалдарды сұрыптау мен жариялауға емес, оларды интерпретациялау мен этнофилософиялық мазмұнын ашуға бағытталды. Бекмұрат Уахатовтың типологиясы – фольклорды тек жанр бойынша бөлу емес, оның мазмұндық мәнін, халық өміріндегі орнын ашу болып табылады.

3-тарау «Б.Уахатовтың халық өлеңдерін зерттеудегі әдіснамалық принциптері». Қазақ фольклорының кең ауқымды жанрларының бірі – халық өлеңдері. Бұл өлеңдер халықтың дүниетанымы, тұрмыс-тіршілігі, наным-сенімі мен өмірлік философиясының көрінісі ретінде фольклорлық поэзияның биік формасы болып табылады. Осы дәстүрлі мұраны ғылыми тұрғыда зерттеп, жанрлық жіктеу мен көркемдік ерекшеліктерін айқындауда Бекмұрат Уахатовтың еңбегі айрықша бағалауға лайық. Ғалым халық өлеңдерін алғаш рет кешенді түрде төртке бөліп жіктейді: еңбек, кәсіппен байланысты туған өлеңдер; халықтың ескі наным-сенімдеріне қатысты туған өлеңдер; әдет-ғұрып, тұрмыспен байланысты туған өлеңдер; лирикалық өлеңдер.

Бұл жүйелеу – қазақ халық өлеңдерін жанрлық-типологиялық жағынан түсіндірудің алғашқы кешенді ғылыми қадамы болды. Бұрын зерттелмеген немесе бытыраңқы сипатта қарастырылып келген халық өлеңдері алғаш рет Бекмұрат Уахатовтың еңбектерінде нақты ғылыми негізде жүйеленіп, мәтіндік, функциялық, поэтикалық тұрғыда сараланды.

Еңбекпен, кәсіппен байланысты туған өлеңдер негізінен мал шаруашылығына, аңшылық кәсіпке, егіншілікке байланысты туған. Бекмұрат Уахатов осы өлеңдердің халық тіршілігінің көрінісі ретінде өмірге келгенін

айта отырып, олардың символикалық сипатына назар аударады. Мәселен, төрт түлік туралы өлеңдерде малдың қасиеті, мінез-құлқы мен адамдар арасындағы қатынастағы орны көркем тілмен сипатталады. «Жылқы – ер қанаты», «Түйе – көштің көлігі» секілді тұрақты формулалар арқылы халықтың кәсіби лексикасы мен дүниетаным бейнесі берілген. Бекмұрат Уахатов осы өлеңдердің құрылымын талдай отырып, олардың синтаксистік параллелизмге, ұйқас үйлесіміне, метафоралық өрнектерге негізделетінін көрсетеді. Бұл өлеңдерде малды дәріптеу ғана емес, оларға адам сипаттарын телу арқылы поэтикалық образ жасау үрдісі орын алған. Бұған дәлел ретінде Уахатов «Қазақтың халық өлеңдері» еңбегінде келтірген төрт түлікке арналған бірнеше нұсқалық өлеңдерді мысалға алады.

Бекмұрат Уахатовтың ерекше назар аударған саласы – Ескі наным-сенімдерге қатысты өлеңдер. Бұған бақсы сарыны, арбау-байлау өлеңдері, жын куу, тәуіптік рәсімдер сияқты элементтер жатады. Ғалым бұл жырлардың мифопоэтикалық табиғатын, сакралды функцияларын және олардың ритуалдық контексте айтылуын зерттеді. Бақсы сарыны – жынмен тілдесу, емшілік және шамандық элементтерді қамтитын ерекше поэтикалық форма. Бекмұрат Уахатов бұл сарындарды магиялық формулалар, мифтік кейіпкерлер мен поэтикалық параллелизм арқылы түсіндіреді. Ол бұл өлеңдердің көркемдік құрылымы мен интонациялық сипатын музыкалық аспап – қобыз арқылы айтылатын фольклорлық текст ретінде сипаттайды. Сол сияқты арбау-байлау өлеңдері де халықтық ем-дом тәжірибесінің бір бөлшегі ретінде қарастырылып, ондағы сөз формулалары мен бұйрық райдағы стильдің магиялық мәнін ашып көрсетеді. Бұл өлеңдерде бұйрық, қарғыс, жалыныш, қорқыту сынды амалдардың көркемдік тәсілмен тоғысуы ерекше байқалады.

Әдет-ғұрыппен байланысты өлеңдер тобына ғалым Бекмұрат Уахатов жоқтау, беташар, жар-жар, сыңсу, наурыз өлеңдері сияқты салттық поэзияны жатқызады. Ол әрқайсысының әлеуметтік функциясын ашып, құрылымдық бөлімдерге бөліп, типологиялық модель ретінде сипаттайды. Әсіресе, жоқтау өлеңдері – қайғыны, қасіретті көркем образ арқылы беретін фольклорлық поэзияның терең формасы ретінде қарастырылған. Бекмұрат Уахатов бұл өлеңдердің синтаксистік құрылымын, метафоралық кеңістігін, эмоционалдық деңгейін зерттеу арқылы қазақ жоқтауларының көркемдік қуатын дәлелдейді.

Лирикалық өлеңдер – жеке бастың күйі мен ішкі сезімін бейнелейтін фольклорлық поэзияның көркем шыңы. Бекмұрат Уахатов бұл жырларды поэтикалық тереңдігімен, образдық кестесімен, құрылымдық шеберлігімен ерекшеленетін өлеңдер ретінде сипаттайды. Ол әсіресе қара өлең түрінің қазақ поэзиясындағы орнына ерекше мән береді. Қара өлеңнің төрт тармақты құрылымы, 11 буынды өлшемі, қарапайым лексикасы мен терең мағынасы оның фольклордағы әмбебап формасы екенін көрсетеді.

Бекмұрат Уахатов халық өлеңдерінің әрбір жанрын, тақырыптық бағытын, құрылымдық ерекшелігін тереңнен зерттеп, фольклорды поэтикалық код ретінде қарастырды. Ол халық өлеңдерін көркем сөз өнерінің биік формасы ретінде талдап, олардың поэтикасын, типологиясын және тарихи-мәдени контекстін кең көлемде ашып көрсетті. Сонымен бірге ғалым бұл өлеңдерді

қазіргі мәдениетте қолданудың жолдарын да қарастырды. Бекмұрат Уахатов халық өлеңдерін жүйелі ғылыми сараптаудан өткізіп, оларды жанрлық тұрғыда алғаш рет толық жіктеді. Ғалым фольклорлық поэзияның көркемдік құрылымын, ұйқас жүйесін, образдық әлемін талдай отырып, қазақ халқының дүниетанымдық моделін сипаттады. Ғалымның фольклорға деген көзқарасы – оны тек мәдени мұра емес, ұлттық идеяны, ойлау жүйесін бейнелейтін символдық кеңістік ретінде қарастыруда жатыр.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Радлов В. Образцы народной литературы северных тюркских племен. Киргизское наречие. – Спб., 1870. – Т. 3. – 760 с.
- 2 Потанин Г. Казак-киргизские и алтайские предания, легенды и сказки. — Петроград: Типография В.Д. Смирнова, 1917. - 151 с.
- 3 Васильев А. Образцы киргизской народной словесности. Двенадцать молитвенных благожеланий «Бата сөз». – Оренбург, 1905. – 22 с.
- 4 Алекторов А. Указатель книг, журнальных и газетных статей и заметок о киргизах. – Казань, 1900. – 970 с.
- 5 Диваев А. Казахская народная поэзия. Из образцов сбор. и зап. А. / сост: Н. Смирнова, М. Гумарова, М. Сильченко, Т.Сыдыков. – Алматы, 1964. – 256 с.
- 6 Ильминский Н. Материалы к изучению киргизского наречия. - Казань: Казанский университет, 1860. – 578 с.
- 7 Мелиоранский П. Краткая грамматика казак-киргизского языка. – Спб., 1894. – 72 с.
- 8 Бертельс Е. История персидско-таджикской литературы. – М., 1960. – 556 с.
- 9 Пропп В. Я. Русский героический эпос. – Изд. 2-е., испр. – М.: Гос. изд-во худож. лит., 1958. - 603 с.
- 10 Ярми Х. Татар халқының поэзиясы жинағы. – Қазан, 1967. – Б. 184-245.
- 11 Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 569 б.
- 12 Байтұрсынов А. Шығармалары. Өлеңдер, аударғандар, зерттеулер. – Алматы, 1989. – 320 б.
- 13 Досмұхамедов Х. Аламан. – Ташкент, 1924. – 176 б.
- 14 Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы, 1991. – 240 б.
- 15 Сейфуллин С. Шығармалар. Қазақ әдебиеті. – Алматы, 1964. – Т. 6. – 455 б.
- 16 Кенжебаев Б. Салт өлеңдері. Қазақ әдебиетінің тарихы. Фольклор. – Алматы, 1948. – Т. 1. – Б. 41-44.
- 17 Сильченко М. Тұрмыс-салт жырлары. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1960. – Б. 91-143.
- 18 Абылқасымов Б. Телқоңыр. Қазақтың көне наным-сенімдеріне қатысты ғұрыптық фольклоры. – Алматы, 1993. – 160 б.
- 19 Қасқабасов С. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ фольклористикасы. Қазақ фольклористикасының тарихы. – Алматы: Ғылым, 1988. – 138 б.
- 20 Матыжанов К. Қазақтың отбасы фольклоры. – Алматы: Арыс баспасы, 2007. – 332 б.
- 21 Жүсіпов Н. Қазақ фольклорын зерттеу мәселелері: XX ғасырдың біріншісі жартысы. – Алматы: Тіл-оқу әдістемелік орталығы, 2011. – 206 б.
- 22 Уахатов Б. Алтын бастау. Әдеби зерттеу: тұрмыс-салт, өлең жырлар туралы мектепке арналған методикалық құрал. – Алматы: Рауан, 1993. – 158 б.

- 23 Сағындықұлы Б., Жүсіпов Н.Қ., Қузембаев Ч. Б. Уақатов еңбектеріндегі контактология мәселелері <https://textbook.tou.edu.kz/books/004/11.html#> 17.01.2024.
- 24 Ыдырысов Ә. Шығармалары: Біртуарлар болмысы. – Алматы: Алатау баспасы, 2009. – Т. 3. – 432 б.
- 25 Уахатов Б. «Абай жолы» романының көркемдік ерекшелігі жайында // Қазақ ССР ҒА хабарлары. Филология және өнертану сериясы. - 1960. - №1(14). – Б. 66-75.
- 26 Уахатов Б. Характер жасау шеберлігі // Қазақ әдебиетінің мәселелері. – Алматы, 1960. – Т. 2. – Б. 174-190.
- 27 Уахатов Б. Портрет жасау шеберлігі // Қазақстан мектебі. - 1961. - №10. – Б. 55-60.
- 28 Уахатов Б. Роман. Характер: қазіргі қазақ прозасына көзқарас // Жұлдыз. – 1965. - №6. - Б. 126-131.
- 29 Уахатов Б. Лирические песни. История казахской литературы. Казахский фольклор. – Алматы, 1968. – С. 377-389.
- 30 Уахатов Б. «Абай жолы» - шеберлік жолы // Қазақ әдебиетіндегі шеберлік проблемасы. - Алматы, 1968. – Б. 268-314.
- 31 Ысмайылов Е. Уахатов Б. Қазіргі халық ақындарының өнер жолы. Ақындар жыры. Кітап-жинақ. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1963. – Б. 157-164
- 32 Ыдырысов Ә. Әуезовке іңкәрлік немесе ұлылықтан үзік сыр. Естелік-эсселер. – Алматы: Жазушы, 1997. – 185 б.
- 33 Уахатов Б. Кенжебаев Б. Краткая литературная энциклопедия. – М., 1966. – Т. 3. - 490 с.
- 34 Уахатов Б. К. Азербайбаев // Қазақ әдебиеті тарихы. – Алматы: «Ғылым» баспасы, 1964. - Кітап 2, т. 1. – Б. 558-581.
- 35 Уахатов Б., Тлеков Ж. Краткая литературная энциклопедия. – М., 1973. – Т. 7. – 525 с.
- 36 Уахатов Б., Бабур З.М. Сөз зергері. – Алматы, 1966. – 177 б.
- 37 Уахатов Б. Жамбыл мен Мұхтар // Жамбыл және қазіргі халық поэзиясы. - Алматы, 1975. – Б. 235-242.
- 38 Уахатов Б. Таланттар, туындылар: (сын мақалалар жинағы). - Алматы: Жазушы, 1969. - 169 б.
- 39 Уахатов Б. Асыл азамат: ғылыми-зерттеу жинағы. – Павлодар: «Toraighyrov University» баспасы, 2022. – 287 б.
- 40 Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. – Алматы: Ғылым, 1974. – 386 б.
- 41 Ақындар жыры. Қазіргі халық поэзиясы / редакциялық коллегия: М. Базарбаев, А. Жұбанов, М. Қаратаев, Е. Ысмайылов, О. Нұрмағамбетова, Б. Уахатов. – Қазақ ССР Ғылым академиясы; М.О. Әуезов ат. әдебиет және өнер институты; Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1963. – 234 б.
- 42 Пернедегі термелер: Қазақ совет халық ақындарының шығармалары / жалпы ред. басқ. С. Мұқанов; ред. алқасы: Б. Адамбаев, Б. Уахатов және т.б. – Алматы: Жазушы, 1965. – 396 б.

- 43 Казахский фольклор / под ред. Н.С. Смирнова – Алматы: Наука, 1968. – 445 с.
- 44 Қазақ фольклористикасы / редакциясын басқарған М. Ғабдуллин, жауапты шығарушы: К. Сейдаханов, Б. Уахатов. – Алматы: Ғылым, 1972. – 298 б.
- 45 «Жар-жар» той кітабы / құраст. Б. Уахатов, Ж. Кыдыров. – Алматы, 1978. – 216 б.
- 46 Қазақ тарихи жырларының мәселелері / жауапты ред. Р. Бердібаев; жауапты шығарушы Б. Уахатов. – Алматы: Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1979. – 310 б.
- 47 Қазақтың салт өлеңдерінің типологиясы. Қазақ фольклорының типологиясы. – Алматы: Ғылым, 1983. – 160 б.
- 48 Батырлар жыры Қазақ ССР Ғылым акад / құраст. М.Ғ. Ғұмарова, О.А. Нұрмағамбетова, Б. Уахатов, Е. Сидоркин. – Алматы: Қазақтың мем. көркем әдебиет баспасы; М.О. Әуезов атын. әдебиет және өнер институты, 1961. – 404 б.
- 49 Қазақ ертегілері / жалпы ред. басқ. Е.С. Ысмайлов; құраст. Б. Адамбаев, Б. Уахатов және т.б. Қазақ ССР Ғылым акад. М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты. – Алматы: Жазушы, 1964. – 494 б.
- 50 Уахатов Б. Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы. – Алматы, 1983. – 158 б.
- 51 М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбы қоры. Бекмұрат Уахатовтың материалдары. 1978 жылы 18 наурыз жазылып алынған.
- 52 М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбы қоры. Бекмұрат Уахатовтың материалдары. 116-папка, 1-дәптер. Ертегілер айтушы Боранбай Ғаббасов.
- 53 М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбы қоры. Бекмұрат Уахатовтың материалдары. 145-папка, 1-дәптер.
- 54 Уахатов Б. Көркемдік ізденістер / әдеби сын мақалалар жинағы. – Алматы, 1991. – 208 б.
- 55 Жүсіпов Н.Қ. Қазақ фольклортану ғылыми: XX ғасырдың бірінші жартысы. – Павлодар, 2007. – 381 б.
- 56 Жүсіпов Н.Қ. Қазақ фольклорын жинау мәселелері: XX ғасырдың бірінші жартысы: оқу құралы. – Павлодар: Brand Print баспасы, 2012. – 181 б.
- 57 М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбы қоры. Бекмұрат Уахатовтың материалдары. 150-папка, 8-дәптер (2).
- 58 М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбы қоры. Бекмұрат Уахатовтың материалдары. 71-папка, 9-дәптер.
- 59 М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбы қоры. Бекмұрат Уахатовтың материалдары. 201-папка, 4-дәптер.
- 60 М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбы қоры. Бекмұрат Уахатовтың материалдары. 201-папка, 2-дәптер.
- 61 М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбы қоры. Бекмұрат Уахатовтың материалдары. 350-папка, 26-дәптер.

- 62 Бабалар сөзі // Жүз томдық. Хикаялық дастандар. – Астана: Фолиант баспасы, 2004. – Т. 1. – 360 б.
- 63 Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd» ЖШС баспасы, 2005. – 576 б.
- 64 Қазақ әдебиетінің тарихы. Қазақ халқының ауыз әдебиеті / жалпы ред. басқ. М.О. Әуезов; жауап. шығ. О.А. Нұрмағамбетова. Қазақ ССР Ғылым академиясы. Тіл мен әдебиет институты. – Алматы: Қаз. ССР Ғылым академия баспасы, 1960. – Кітап 1, т. 1. – 740 б.
- 65 Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. Қазақтың батырлық жырларының поэтикасы. – Алматы: Ғылым, 1993. – 296 б.
- 66 Қазақ әдеби тілінің сөздігі // Он бес томдық / құраст. Ғ. Қалиев, С. Бизақов, О. Нақысбеков және т.б. – Алматы, 2011. – Т. 2. – 744 б.
- 67 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
- 68 Тұғыры биік тұлға: (Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, жаратылыстанушы, дәрігер Халел Досмұхамедұлына арналады) / құраст. В.Қ. Күзембаева, филол. ғыл. канд. Р. Әлмұханова, жауапты ред. К.К. Әбуғалиева, ред. алқасының мүшелері Л.Д. Әбенова, Ж. Нұрғожина, тех.ред. К.С. Бейбітова, А.О.Қошымова, техн. ред. О.П. Бравач, Н. Қосаева. – Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2008. – 265 б.
- 69 Уахатов Б. Типологическое и особенное в казахской обрядовой поэзии // Известия АН КазССР. Серия филологическая. – 1981. – №1. – С. 1-7.
- 70 Қарақалпақ халық қосықтары. – Нөкіс, 1965. – 60 б.
- 71 Татар халық ижаты. – Қазан, 1976. – 197 б.
- 72 Башкөрт халқының әзәби мирасы. – Өфө, 1965. – Б. 125-133.
- 73 Аймбетов Қ. Халық даналығы. – Нөкіс, 1968. – 64 б.
- 74 Жирмунский В. Народный героический эпос: Сравнительно-исторические очерки. – М.; Ленинград: Государственное издательство художественной литературы, 1962. – С. 75.
- 75 Кыргыз эл ырлары. – Фрунзе, 1967. – Б. 308-310.
- 76 Tasheкова A., Zhussupov N., Zeinulina A. et al. Artistic and Linguistic Features of Turmys-Salt Jyrlary in the Works of Bekmurat Uakhatov // Forum for Linguistic Studies. – 2025. – №7(2). – P. 477–486.
- 77 Уахатов Б. Қазақтың тұрмыс-салт өлеңдерінің типологиясы // Қазақ фольклорының типология. – Түркістан: Тұран баспасы, 2009. – 379 б.
- 78 Габдулла Тукай. Чыганақ: Әсәрләр // 6 томдық. Академик басма. шигъри әсәрләр (1904–1908) / төз., текст., иск. һәм аңл. әзерл. Р.М. Кадыров, З.Г. Мөхәммәтшин; кереш сүз авт. Н.Ш. Хисамов, З.З. Рәмиев. – Казан: Татар. кит. нәшр., 2011. – Т. 1. – 407 б.
- 79 Веселовский А. Собрание сочинений. – Спб., 1913. – Т. 1. – 270 с.
- 80 Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалар. – Алматы, 1955. – Б. 251-252.
- 81 Мүсірепов Г. Суреттер парызы. – Алматы, 1970. – 413 б.
- 82 Алавия М. Узбек халқ кушиқлари. – Ташкент, 1959. – 291 б.
- 83 Надиров И. Татар халық ижаты. Қысқа жырлар. – Қазан, 1976. – 125 б.

- 84 Ибраева А.Т., Минһажева Л.И. Казакъ әдәбияты һәм Шәрык әдәби багланышлары // Фәнни Татарстан. Татарстан. Қазан. – 2019. - №2. – Б. 124-133.
- 85 Әдебиеттану. Терминдер сөздігі / құраст. З. Ахметов, Т. Шоңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.
- 86 М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбы қоры. Бекмұрат Уахатовтың материалдары. 1082, 1-папка.
- 87 Гродеков Н.И. Киргизы и кара-киргизы Сырдарьинской области. – Ташкент, 1989. – С. 7.
- 88 М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбы қоры. Қазақтың халық өлеңдері. – 2000.
- 89 Валиханов Ч. Собрание сочинений. – Алма-Ата, 1972. – Т. 1. – 480 с.
- 90 Каташ С. Алтайская литература: учебник для 8 класса. – Горно-Алтайск, 1971 – 156 с.
- 91 Къарачай халкъ джырла. – М., 1969. – 51 б.
- 92 Эргис У. Очерки по якутскому фольклору. – М., 1974. – 340 с.
- 93 Ахметова З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы, 1973. – 335 б.
- 94 Қазақ халық әдебиеті: екі томдық хрестоматия / құраст. С. Садырбайұлы; жалпы ред. басқ. Қ. Әбдешұлы. – Өңд., толықт. екінші бас. Стер. бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – Т. 1. – 275 б.
- 95 Курышжанов А. Исследование по лексике «Тюркско-арабского словаря». – Алма-Ата, 1970. – 209 с.
- 96 М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбы қоры. Бекмұрат Уахатовтың материалдары. 145-папка, 2-дәптер. - 148 б.
- 97 Әуезов М. Шығармалар. – Алматы, 1969. – Т. 11. – 236 б.
- 98 Ауезов М.О. Сборник статей к его 60-летию. – Алматы, 1959. – 78 с.
- 99 Жұбанов А. Замана бұлбұлдары. – Алматы, 1963. – Б. 9.
- 100 М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбы қоры. Бекмұрат Уахатовтың материалдары. Ф. 859, 1-папка, 29-бет
- 101 М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбы қоры. Бекмұрат Уахатовтың материалдары. Ф. 859, 30-папка, 125-бет
- 102 М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбы қоры. Бекмұрат Уахатовтың материалдары. 145-папка, 1-дәптер, 13-бет
- 103 «Ғылым ордасы» ШЖҚ РМК Орталық ғылыми кітапханасы. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің қолжазбалары. I том. 1170-папка, 38 бет.
- 104 1964 жылы Қостанай-Орынбор экспедициясынан Бекмұрат Уахатовтың жазып алған материалдарынан.
- 105 1964 жылы Семей экспедициясынан Бекмұрат Уахатовтың жазып алған материалдарынан.
- 106 М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбы қоры. Бекмұрат Уахатовтың материалдары. 144-папка.
- 107 М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбы қоры. Бекмұрат Уахатовтың материалдары. 144-папка, 8-тізім.
- 108 Қазақ әндері / құраст. Н. Шәкенов. – Алматы, 1961. – 196 б.
- 109 Ғылым ордасы» ШЖҚ РМК Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қоры, 102-папка.

- 110 «Таң» журналы. – 1925. - №4. – Б. 120.
- 111 Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы, 1958. – Б. 255-256.
- 112 Марғұлан Ә. Ежелгі жыр аңыздар: Ғылыми-зерттеу мақалалар / құраст. Р. Бердібаев. – Алматы: Жазушы, 1985. – 368 б.
- 113 «Ғылым ордасы» ШЖҚ РМК Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қоры, 1081-папка, 6-дәптер.
- 114 Мұқанов С. Шығармалар. – Алматы, 1971. – Т. 1. – Б. 174-175.
- 115 Диваев А.А. Из области киргизских верований. Баксы как лекарь и колдун: Этнографический очерк // Известия Общества археологии, истории и этнографии при Императорском Казанском университете. – Казань, 1899. - Т. 15, вып. 3. – С. 307-341.
- 116 Ташекова А. Бекмұрат Уахатовтың фольклорлық зерттеулеріндегі балалар фольклорының поэтикасы // Торайғыров университетінің хабаршысы. Филологиялық серия. – 2024. - №3. – Б. 376-389.
- 117 Казахская народная поэзия. – Алматы, 1964. – Б. 94-97
- 118 Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалар. – Алматы, 1955. – 256 б.
- 119 1962 жылғы Қарақалпақ экспедициясынан Бекмұрат Уахатовтың жазып алған материалдарынан.
- 120 Марғұлан Ә. Шоқан және «Манас». – Алматы, 1971. – 98 б.
- 121 1963 жылғы Семей, Шығыс Қазақстан экспедициясынан Бекмұрат Уахатовтың жазып алған материалдарынан.
- 122 «Ғылым ордасы» ШЖҚ РМК Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қоры. 642-папка.
- 123 Қ. Нығмановтың жинастырған фольклорлық материалдарынан.
- 124 Диваев А. Киргизские причитания по покойнику // Известия общества археологии, истории и этнографии при Казанском университете». – Казань, 1898. – Т. 16, вып. 5. – С. 558-571.
- 125 М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбы қоры. Бекмұрат Уахатовтың материалдары. 144-папка, 8 тізім.
- 126 М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбы қоры. Бекмұрат Уахатовтың материалдары. 364-папка, 2-дәптер.
- 127 Ерзакович Б. Песенная культура казахского народа. – Алматы, 1966. – 40 с.

ҚОСЫМША А

«Бекмұрат Уахатов зерттеулеріндегі фольклорлық әдеби байланыс үрдісі» атты оқулықтың оқу үрдісіне енгізу туралы акт

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
«ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ**

КЕЛІСІЛДІ
Академиялық қызмет
департаментінің директоры
 А. Касенов
« 04 » 02 2025 ж.

БЕКІТЕМІН
«Торайғыров университеті» КеАҚ
Басқарма - Төраға ректорының м.а.
 Н. Ержанов
« 04 » 02 2025 ж.

АКТ

Филологиялық-гуманитарлық бағыттағы және журналистика мамандығы бойынша оқитын студенттер, магистранттар және докторанттарға арналған постдокторант А.Т.Ташекованың авторлығымен жазылған «Бекмұрат Уахатов зерттеулеріндегі фольклорлық әдеби байланыс үрдісі» атты оқулықты Фольклортану», «Халық ауыз әдебиеті» пәндері бойынша оқу үрдісіне енгізу туралы.

Гуманитарлық-әлеуметтік ғылымдар факультетінің оқу-әдістемелік кеңесі құрамына төрағасы – деканның оқу ісі жөніндегі орынбасары, ф.ғ.к., қауым. профессор (доцент) Карипжанова А.О. және мүшелері: ГжӘҒФ деканы, PhD Аубакирова С.С., «Үштіұғырлы тіл» кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., профессор А.Ф.Зейнулина., «Филология және журналистика» кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.д., профессор Н.К. Жусупов., «Философия және әлеуметтік ғылымдар» кафедрасының меңгерушісі, филос.ғ.к., профессор Қожамжарова М.Ж., «Орындаушылық өнер» кафедрасының меңгерушісі PhD Попандопуло М.П., «Тұлғалық даму және білім беру» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.д., РФ профессоры Р.Ж.Аубакирова 2024-2025 оқу жылында гуманитарлық-әлеуметтік ғылымдар факультетінің «Филология және журналистика» кафедрасында пед.ғыл.магистрі, постдокторант А.Т.Ташекованың «Бекмұрат Уахатов зерттеулеріндегі фольклорлық әдеби байланыс үрдісі» атты оқулығы әзірленгені туралы осы акт жасады.

Орындау нысаны (жаңа курстың атауы, арнайы курс, лекция бөлімі, зертханалық жұмыс, инсталляция, оқулық, бағдарламалық қамтамасыз ету және т.б.)	Орындалу көлемі (жұмыстар саны, дәріс сағаты)	Іске асыру атауы (жарияланымдар, өтінімдер, конференциялардағы баяндамалар көрсетілген орындалған жұмыстың қысқаша мазмұны)
«Бекмұрат Уахатов зерттеулеріндегі фольклорлық әдеби байланыс үрдісі» атты оқулық. Оқулық «Фольклортану», «Халық ауыз әдебиеті»	15 сағат дәріс 15 сағат практикалық	Оқулық халық мұрасын жинап жарыққа шығару ісі, екіншісі - фольклор мен мен қазіргі әдебиетті зерттеуші ретінде танылған белгілі фольклорист ғалым – Бекмұрат Уахатовтың зерттеушілік еңбегі

пәндері бойынша силлабусқа бакалавриат, магистратура деңгейіне енгізілген		оқулық мазмұнына негіз болған. Бекмұрат Уахатовтың ғылыми- зерттеу еңбектері қазақ фольклорының теориясы мен тарихына, әдебиет пен өнер мәселелеріне, этнография мен ауыз әдебиеті мұраларының текстологиясына арналған. Ғалымның халық өлеңдері мен прозалық фольклордың шығу тегі мен даму жолдары, фольклордағы әр заман болмысының сипатталу ерекшеліктері, фольклордың көркемдік әдісі туралы теориялық ой- пікірлері мен тұжырымдары фольклорлық білімді тереңдету үшін қажетті.
---	--	--

Бұл акт А.Т.Ташекова әзірлеген және «Торайғыров университеті» КЕАҚ оқу үдерісіне енгізілген филологиялық-гуманитарлық бағыттағы және журналистика мамандығы бойынша оқитын студенттер, магистранттар және докторанттарға арналған «Бекмұрат Уахатов зерттеулеріндегі фольклорлық әдеби байланыс үрдісі» атты оқулықтың тиімділігін растайды.

«Бекмұрат Уахатов зерттеулеріндегі фольклорлық әдеби байланыс үрдісі» атты оқулығы «Фольклортану», «Халық ауыз әдебиеті» пәндері бойынша сабақтарда пайдалануға ұсынылады.

Актіңге тіркелген құжат: кафедра шешімі;

Жұмыс бағдарламасына ҒЗЖ нәтижесінде жұмыс бағдарламасына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы хаттама.

Осы акт бойынша материалдар факультеттің ОӘК отырысында қаралды.

(хаттама № 3 «25» қазан 2024 ж.).

Комиссия төрайымы
Комиссия мүшелері








А. О. Карипжанова
А. Ф. Зейнулина
Н. К. Жусупов
М. Ж. Кожамжарова
М. П. Попандопуло
Р. Ж. Аубакирова

Факультет деканы
« 04 » 02 2025 ж.



С. С. Аубакирова

НИ НУВ директор м.а




М. Крыкбаева

ҚОСЫМША Б

Шығыс Қазақстанның кейбір аудандарындағы көркемөнерпаздар үйірмелері жөніндегі материалдар мен мәліметтер

1958 жылғы Шығыс Қазақстан экспедициясы
жинаған Бекмұрат Уахатов
201-папка, 1-дәптер



ауыстарманың аты.	кім талпыртқан	бег.
1. Шығыс Қазақстан аудан-ж-і мүшесі дарысның көркем өнерпаз-б. Жахашов. дарыс өнері іс-шарасында.		1-38.
2. Лебятілік досыра. ж.	сөз. Ырзабаевтікі; муз. Құмалтаевтікі.	48.
3. Сүбеккер жасар сахна- да.	газ. "Қызыл ту". 22 февраль 1959 ж.	58.
4. Қорықтардың концерті.	Қызыл ту 22 февраль	
5. Өнерлі өрнек негізді.	1959 ж. №39, 25 ақп-ль	68.
6. Өрнегі өскен өнер.	"— 1-март 1959 ж.	78.
7. Қызыл дағды білес, таланттар көп.		88.
8. Көркем өнерпаздың шы- дамына берейік.	17 март 1959 ж. Қызыл ту газеті.	10.
9. Көркем өнерпаздар кол- лективінің байқауы.		118.
10. Көркем өнерпаздың шы- дамына берейік.	Қызыл ту газеті: 24 ақпаль 1959 ж. №82.	128.

^{аудандарында жеткен}
[Байқауда Май, Лебәті, Баянбаев аудандарында жеткен Майканыңда эңі, биі, күйі, көңі сәт өкпіндерден көп екенін көрсетті. Май ауданында тұраған халық ақын Нурлыбек Баймуратов көркемөнерпаздардың байқауына өзін сұрап салма өлеңімен ашты. Ауданының көркемөнерпаздары әртүрлі жанрыдан өздері көрсетуге тырысқан. Май өңірі мектебінің оқушысы Бөрәтәлі Бөрәбаев сөзін тазып, сол мектептің мұғалімі Қожахмет Құлайбаев музыкасына шығарған "Лебәтілік досыра" деген ән хормен айтылды. ~~Май ауданының~~ Май ауданының өнерпаздары "Қыс тілек" операһымен үнді қойды.

[Лебәтлік тас көркемөнерпаздармен бірге байқауға Тоқпай эңі де келірі. Мұматұлов Тоқпай қарты №23 совхозда тұрады, пенсиягер. Ән мен күйге бала жасынан беріген ол, қартайтан шығанда да қол үзген жоқ. Эңі Тоқпай балалық кезінен Абайдың, Бөксенің әндерін де құлақ қорышып қандыра тартты.

[Махаббат Балбейі шығарған жаман арындағы совхоздың сауыншысы Бекмешев Мұрамет, "Мен тұрарын үй" кинотілімімен ән айған Лебәт совхозының оқушысы Қозықасым Нұрлыбаев өнеріне пұрты сүйесті.

[Қысқа өнер" ұста мектебінің жанынан өткізілген үйірмасынан драма үйірмесінің коллективі "Қыс Қозықасым - бала суы" повесімен үнді қойып берді. Байқау комиссиясы бұл коллективке грамота берді. Абылай мектебі басқармасының грамотасымен Май ауданының мектебі үйірмесі музыка драма пәніне қазақ халық коллективі, домбыра оркестрі, қалай совхозының халық коллективі, Киров атындағы совхозының биілік коллективі де айды.

Сонымен арындағы коллектив (Үрлітін ауданы) сауыншысы Нина Лобанкова "Надвалың мен не қасиеті", "Құдырбаев рәкима" әндерін үн берді. Сол коллективтің трактористі Юрий Кругов "В далонем реке", "Полебай поға" әндерін нақсыста келтіре шығарды.

Үрлітін орман шаруашылығының жұмыс кезі Бәйішев Қасым домбырамен ауданының мол ғымысын тырлады.

Қанабек Бопанов секілді әуесқас адамдарға үйірмеде көбейіп келеді. Қазір қотамда соғысқа барған драма үйірмесінің өкілісі Д. Ахмедов: «Қаламның пұртынан-
ның арасында балай дама таландар бар. Соларды
тапты үйірмедегіміз, аума мәдениетінің бір саласын
көкемәлдеріміздің қаламына баламын өз ішкі
белгімен көріп отырмыз» - дейді.

Сөзі: Ырзабаевтікі-

Музыкасы: Құлатаевтікі.

ЛЕБЯЖІЛІК ДОСТАРҒА.

1. Біз сіздермен көрші ауыл,
Тілекте бір қосқанда,
Ниетіміз ең тәуір,
Лебязжілік достарға.

Қ А Ы Р М А С Ы : Болмас ешбір кедергі,
Тарт ілгері қыяға,
Бастап бізді келеді,
Коммунистік - партия.

2. Жарыста жоқ даңқымыз,
Жүрсін шалқып аспанда,
Бризамыз жалпы біз,
Лебязжілік достарға.

Қ А Ы Р М А С Ы :

3. Еңбекте жоқ тосқауыл,
Қалар бұрып асқанда,
Түрегінді тос тәуір,
Лебязжілік достарға.

Қ А Ы Р М А С Ы :

4. Көпір болып қалсын із,
Жеті жылдық жоспарда,
Соны айтады халқымыз,
Лебязжілік достарға.

Бұл әлемді шырардың Ырзабаев пен Құлатаевтер
Қабалдар облысындағы Май ауданында тұрып. Аудан
орталығындағы онжылдық мектепте мұғалім. Әлемді көрші
ауданының әуелік әріне арнаған. Біркені Лебязжілік
мен Май ауданы соң. теңісқа түскен боламын. Әлемді Май
ауданының көркемөнерпаздар үйірмесі мен Лебязжілік
ауданы халық театрының жасалған адамдары ауында.

КӨРШІЛЕРДІҢ КОНЦЕРТІ

Ермак ауданы көркемөнерпаздарының коллективі жуырда өздерімен жарысушы баянауылдықтарға келіп, өз өнерлері мен таланттарын көрсетті. Седонның сауықшыл еңбекшілері концертке жиналды. Олар бірер сағат бұрын келіп, көршілер концертінің басталуын асыра күтті.

Концерт басталар алдында Ермак көркемөнерпаздарын басқарып алып келген А. Жунаев жолда жарысушы екі ауданның табыс көрсеткіштерін, шаруашылық, мәдени жетістіктерін салыстырып, сөз сөйледі. Өткен шаруашылық жылында екі аудан да социалистік міндеттемелерін аброймен орындады. Делегация басшысы мұны атап көрсетіп, ермактықтардың жалынды сәлемін тапсырды.

Сахна ашылып, түрлі-түсті көрік-

ті киінген хор коллективінің салтанаты көрушілердің көңілін бөлді. Орыс және қазақ жастарынан құралған хор коллективі «Бейбітшілік туы берік қолда», «Совет патриоттарының маршы» атты әндерін орындағанда көрушілер үлкен көшемет білдіріп отырды. Әсіресе, сүйсінерлік бір нәрсе, қазақша қосетекті кең көйлек, жеңсіз қималы қамзол, үгілі тақия киген орыс қыздары хорға қосылды. Оларды түрінен болмаса, даусы мен сөзінен айыра алар емес. Міне, бұл туысқан орыс-қазақ халқының бірі-бірінің ұлттық мәдениетін, өнер-талантын қадірлейтіндігінің және оны жете білуге ұмтылатындығының белгісі.

Көркемөнерпаздар коллективінің репертуарында орыстың халық ән-

дері, частушканы, күлдіргі әндері мен тақпақтары, билері бар. Мұны орындайтын коллектив мүшелері: трактористер мен комбайнерлер, малшылар және мәдениет қызметкерлері. Концерттің барысында Ермак ауданында талай тамаша талант иелері бар екендігі байқалды. Мысалы, Жолкұдық орта мектебінің мұғалімі С. Махметов жолдас композитор Құрманғазының «Балбырауын» күйін нақысына келтіріп орындады. Чудинова мен Зайкованың орындауындағы чехтың халық әні «Яничек» те өте тартымды, әсерлі шықты.

Баяншы М. Тыныбеков көрушілерді қатты сүйсіндірді. Міне, сахнада орта бойлы, толықша, қараторы қыз — Р. Әйтимова.

Ол «Саулсмай» әнін иррацияға келтіре тамаша орындады. Әншінің қасиеті тыңдаушыға ән сөзін анық естіртуде ғой. Әйтимова да осы қасиет бірден байқалды. Ол өз даусының таза үнділігімен тыңдаушысын бірден ұйытып әкетті. Сол сияқты Иванов, Тыныбеков, Седаковтар қосылып орындаған «Теңізші әні» бірсыдырғы тәуір шықты. Ал, әнші Семенова «Қыздар әнін» тыңдаушыларды сүйсіндіре орындады. Композитор С. Кәрімбаевтың «Жетісу» әнін 9 кластың оқушысы Ағыбаева, Испан халқының «Қорғансыз қыз» әнін аудандық мәдениет үйінің қызметкерлері Пенёкова аса шеберлікпен орындады.

Б. ӘБІЛҚАСОВ,
Қ. ТЕМІРБЕКОВ.

Қызыл ту 22 сәуір 1959 № 39

"Қыздар ту"
28 ақпан 1959
№ 42

8

4:3074,1

КӨРКЕМӨНЕРПАЗДАРДЫҢ ОБЛЫСТЫҚ БАЙҚАУЫНАН



СУРЕТТЕГІ: облыстық байқауға қатысқан Баянауыл ауданының өнерпаздары (солдан оңға қарай) — Еркін Жетібасва, Орынтай Мұхаме-ва, Гайнигул Кауменова, Майдаш Наурызбекова, Зоя Бірқанова, Қа-лимаш Жанкелдина.

Суретті түсірген Қ. Нұртазин.

Ұйымдастыра білсе, таланттар көп

Облыстық драма театрының сах-насында бірнеше күн бойы қарапай-ым еңбек адамдары өнер сайысына түсті. Цюрупта ауданы байқауға 32 номер, бесқарағайлықтар 29 номер ескеліпті. Екі аудан бойынша қойыл-ған концерттің жиырма шақты номе-рі байқау қорытындысында екінші рет сахнаға шықты.

Жүздері тотыққан еңбекшіл ау-ыл-село өнерпаздары бұл байқауда өнерлерін салып бақты. Мүмкіндігіне қарай, әртүрлі көркемөнер жанрлары қамтылған. Сөзімге жылы, ойнақы лирикалық әндер шыркалып, қуатты хор театр үшін жаңғырды. Ауыл жастарының билері қандай ек-пінді! Тал шыбықтай бұралған қыз-дар музыка ырғағымен шайдала жорғалап жөнелгенде қатты сүйсіне-сін.

Аудан көркемөнерпаздары байыр-ғы әндердің музыкасымен айтылатын жергілікті материалға құрылған күл-діргі таппақтарды да ұмытпапты. Бәзіргі таңда тұрмысымыздағы өмір-даты жағымсыз қылықтардың өткір, күшті дауасы сынын сахнаға шы-ғуы қуанаарлық жәй. Бюрократ бас-тық, жалдау, кертартпа кісілер кез келген колхоз бен совхозда не меке-меде кездесіп қалады. Халық сыны осыларды отты сатирамен шарпып, достық ақыл айтып, дұрыс жолға са-лады.

Алайда әр нәрсенің бір көлеңкесі болатыны секілді, өнер салыстыру-

шы екі аудан талапкерлерінің кеміс-тіңтері де жоқ емес. Біріншіден, екі коллективтің байқауға шала-шарпы дайындалғаны көрініп тұрды. Байқау жергілікті мәдениет қызметкерлері-нің творчестволық есебі ғой. Цюру-палықтар да, бесқарағайлықтар да байқауға аудандағы бұқараны кең қатыстыра алмаған. Тек аудан орта-лығындағы белгілі адамдармен кел-ген. Байқауға біржарым, екі ай бұ-рын дайындық жасалған болса, қо-рытынды бұдан да жемісті болатын еді.

Өнер салыстырушы екі ауданның репертуарларында да бірқатар кем-шіліктер бар. Мәселен кәзіргі тақы-рыптар аз да, ескі тақырыпқа көп орын берілген. Кейбір жеке әншілер-дің дауыстары тәртіпке келтірілме-ген. Бесқарағайлықтардың драма кол-лективі қойған «Қыз Жібек» опера-сының төртінші актысынан үзінді музыкасыз жүдеп, нашар шықты.

Театр сахнасында өнер салыстыр-ған тек осы екі аудан өнерпаздарын естіп, көріп беріп бір тоқтамға келуге болады. Жергілікті жерлерде ұйым-дастыра білсе, халық таланттары көп екенін көрсетті.

Екі ауданның сарапқа түскен көр-кемөнерпаздары байқаудан тиісті ба-ғаларын алды. Байқау комиссиясы үздік коллективтер мен жеке өнер-паздарға грамота, түрлі бағалы сый-лықтар берді.

М. ДӘУРЕНБЕКОВ.

шілеріне сөз берілген. Ішінде Сүлейменов өзін сөзін ет тыңы игеруші маған жазу керектігіне арнаған. Өзі тұратын Қызыл құлама совхозының үшінші бөлімшесінде Зейнеп Мырзақұлова, Тілектес Болатов секілді толып жатқан еңбек ардагерлері бар екенін, олар өз-

фермадағы 60 бұзауды күтуге кіріс-
кен. Аса төлді құтқарды. Үй-
дің ісіміне ферма коллективі аса ри-
за болуда», делінген хабарда.

«Ильич жолы» газетінің қызмет-
керлері ет өндіруді ұлғайту мәселе-
сін оған сайын кең жазып, ұлы іске
үлкен үлес қоса берулері керек.

Көркемөнерпаздар коллективінің байқауы

Цюруп аудандық комсомол коми-
теті мен мәдениет бөлімінің инициа-
тивасымен жақында қазақ көркем-
өнерпаздары коллективінің байқауы
болып өтті. Оған бірқатар дарынды
әнші, күйші, биші, көркемсөз оқушы
жігіттер мен қыздар қатысты. Бұ-
лардың көбі маңғаз малшылар.

«30 лет Каз.ССР» колхозының
көркемөнерпаздары бұған жақсы да-
йындалған. Шарбақты селосының
мәдениет үйіне жиналғандар Ашан
Әділовтың өнеріне өте мәте сүйсінді.
Оның шырқаған «Ақ көгершін» әні,
домбырада тартқан «Балбырауын»
күйі әсерлі естілді. Шопан Физзат
Рақымжанов «Жайық қызы», «Кер-
без сұлу», «Алтай» өндерін нақысы-
на келтіріп орындады. Сауыншы
Орынбасар Нығматулина да «Біз-
дің өнді» асқақтата салып, өзінің
таланты әнші екенін байқатты. Қамар
Рақымжанова қазақтың бірнеше биін
жап-жақсы билеп берді.

Тельман атындағы колхоздың хор
капелласы «Қамажай», «Ақ тамақ»
өндерін орындағанда тыңдаушылар
қайта-қайта қол шапалақтап, риза-

лық білдірді. Осы колхоздың талап-
керлері ағайынды Уәс пен Батыр-
хан Қапаровтың Абайдың «Сегіз
аяқ», Біржанның «Жонып алды»,
қазақтың «Молдабай», «Арынғазы»
өндерін нақысына келтіріп шырғады.

Октябрьдің 40 жылдығы атында-
ғы ауылшаруашылық артелінде дра-
ма үйірмесі осыдан біраз уақыт бұ-
рын ғана ұйымдастырылған бола-
тын. Сонда да жас коллектив бай-
қауда Мұқтар Әуезовтың «Еңлік Ке-
бек» пьесасын бірсыдырғы тәуір
қойып берді.

Байқау комиссиясы «30 лет
Каз.ССР» колхозының көркемөнер-
паздар коллективіне бірінші орынды
берді. Екінші, үшінші орынды Тельман
атындағы, Октябрьдің 40 жылдығы
атындағы ауылшаруашылық артель-
дерінің коллективтері жеңіп алды.
Әнші, биші, күйші, көркемсөз оқушы
он екі адамға бағалы сыйлық беріл-
ді. Байқауға қатысқандардың бәрі
аудандық комсомол комитетінің гра-
мотасымен наградталды.

П. ШИШКИН.